|   |                                                                                     |   |                                                                                       |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------|---|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 |    | А |    |
| 2 |    | Б |    |
| 3 |   | В |   |
| 4 |  | Г |  |
| 5 |  | Д |  |

**II-турды бағалау критерийі:** әрбір дұрыс жауап үшін ойыншылар командасына 1 балл қойылады.

III турға өту үшін үстел үстіндегі конвертке салынған тапсырмаларды орындау қажет. Тапсырмалар мысалы:

1. Сіздерге хош иісті эфир майлар экстракты беріледі. Иісі арқылы қандай өсімдік немесе ағаштан алынғанын табыңыз: 1) Дәрілік сәлбен (*Salvia officinalis*); 2) Лавр (*Laurus nobilis*); 3) Дәрілік мелисса (*Melissa officinalis*); 4) Киікоты (*Thymus serpyllium*); 5) Лимон (*Citrus limon*); 6) Жалбыз (*Mentha arvensis*).

2. Артығын табыңыз және жауабыңызға түсініктеме беріңіз:



1) Тұқымша; 2) Дәнек; 3) Бұршаққын; 4) Жидек; 5) Дәнек; 6) Бұршаққап.

Жауабы: жидек.

### III-тур: «АНАГРАММАНЫ ШЕШ»

III-тур ойыншылар командаларына жазбаша түрде өз бетінше жұмыс істеуге және талқылауға беріледі.

*Тапсырма:* түсініксіз сөздерде өсімдіктің атын алу үшін әріптерді ретке келтіріңіз. Әр түсініксіз сөзбен қатар өсімдіктің дұрыс жауабын (атауын) жазыңыз.


- 1) F A Ш A
- 2) Ы A Й Ң Қ
- 3) К Т К Е К Ө Р Е
- 4) Л A Г Л A Y Л
- 5) A F Қ Р A Й A
- 6) К Ө Е Ж
- 7) Ш A H A К Т
- 8) M E H E
- 9) A Қ Л Қ A Й A
- 10) Л A T
- 11) T A P A Қ A Қ
- 12) Ш A P A F A Қ A
- 13) Y Ж Г Р E I
- 14) H Y Б K A Ы F C
- 15) M A X З A H T E P И

III-турды бағалау критерийі: әр дұрыс жауап үшін (өсімдік атауы) ойыншылар тобына 1 балл қойылады.

IV турға өту үшін үстел үстіндегі конвертке салынған тапсырмаларды орындау қажет. Тапсырмалар мысалы:

1) Берілген өсімдіктердің ішінде қайсысы күрделігүлділер тұқымдасына жатпайды: А) мақсыр; В) түймедағы; С) бақбақ; Д) күнбағыс; Е) жоңышқа;

2) Суретте көрсетілген гүл шоғырларының атын кестеге жазыңыз.



| № | Гүл шоғырының аты |
|---|-------------------|
| 1 |                   |
| 2 |                   |
| 3 |                   |
| 4 |                   |
| 5 |                   |

#### IV-тур: «ӨСІМДІКТЕР – ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЫНЫҢ ИНДИКАТОРЫ»

IV тур ойыншылар командаларына жазбаша түрде беріледі – тәуелсіз жұмыс және талқылау үшін.

**Тапсырма:** Дала аймағында жиналған өсімдіктер сипаттамасы бойынша екі учаскеге сипаттама беріңіз. Өсімдіктердің проективті жабыны 5 баллдық көрсеткіш бойынша берілген. Учаскелердің экологиялық жағдайын анықтаңыз.

| Өсімдіктер           | Орысша аты                                  | 1-учаске | 2-учаске |
|----------------------|---------------------------------------------|----------|----------|
| Сібір еркекшөбі      | <i>Agropyron fragile (Roth) P. Candargy</i> |          | 2        |
| Сары түйежоңышқа     | <i>Melilotus officinalis (L.) Pall.</i>     |          | 1        |
| Шалғындық беде       | <i>Trifolium pratense L.</i>                | 1        |          |
| Шалғын түлкіқұйрық   | <i>Alopecurus pratensis L.</i>              | 3        | 1        |
| Сегье сүттігені      | <i>Euphorbia seguieriana Neck.</i>          |          | 1        |
| Қара масақты өлеңшөп | <i>Carex melanostachya Bieb. ex Willd.</i>  | 2        |          |

**IV-турды бағалау критерийі:** дұрыс жауап үшін ойыншылар командасына 5 балл қойылады.

Ү турға өту үшін үстел үстіндегі конвертке салынған тапсырмаларды орындау қажет. Тапсырмалар мысалы:

1. Су жаңғағы (*Trapa natans L.*) өсімдігінің жемістерісу астында түзіледі. Дегенмен өсімдік батпайды. Неліктен?

**Жауабы:** Өсімдіктің жүзгін жапырақтарының сағақтарында ауа толтырылған қуыстары болады. Бұл өсімдіктің батып кетпеуіне ықпал етеді.

#### V-тур: «БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ»

V-тур ойыншылар командаларына шығармашылық тапсырма жазбаша түрде – өз бетінше жұмыс істеуге және талқылауға беріледі.

**Тапсырма.** XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазіргі уақытқа дейін планетада климаттың біртіндеп өзгеруі байқалады. Өсімдіктер үшін осы жаһандық мәселелердің салдарларын және оларға түсіндірмелерді ұсыныңыз. Презентация жасаңыз.

V-турды бағалау критерийі: жұмыстың шығармашылық ерекшелігі және орындалу сапасы, микротоп құрамында жұмыс жасау дағдылары, презентация мазмұны мен стилі, баяндаудың логикалық бірізділігі, сұрақтарға жауап беру мәдениеті тәрізді өлшемдер қолданылады. Толық дұрыс орындалған, түсіндірмелері бар тапсырма үшін ойыншылар командасына 5 балл қойылады. Егер жауаптардың барлығы ұсынылмаса, кез-келген нұсқаға түсініктеме жоқ болса не толық берілмесе, онда 2-3 баллға дейін төмендетуі мүмкін. Тур аралық кедергі тапсырмалар үшін 1 балл беріледі. Жұмыстың күрделілігі, тақырыптың ашылу деңгейі және дәлелдеме бірегейлігі үшін қосымша 2 балл қосуға болады. Қорытынды бағалар кестеге қойылады.

#### 1-Кесте – Квест ойынның қорытындысы

| Топ нөмірі | I-Тур<br>(0 – 15<br>балл) | II-Тур<br>(0 – 4<br>балл) | III-Тур<br>(0 – 15<br>балл) | IV-Тур<br>(0 – 5<br>балл) | V-Тур<br>(0 – 5<br>балл) | Кедергі<br>лер (0-6<br>балл) | Балл<br>жиыны<br>(0-50) | Орын |
|------------|---------------------------|---------------------------|-----------------------------|---------------------------|--------------------------|------------------------------|-------------------------|------|
|            |                           |                           |                             |                           |                          |                              |                         |      |
|            |                           |                           |                             |                           |                          |                              |                         |      |
|            |                           |                           |                             |                           |                          |                              |                         |      |

Қазылар алқасы (комиссия) ойыншылар командаларына олар жинаған ең жоғары жалпы балл санына сәйкес жүлделі орындарды береді. Ойын соңында жеңімпаз командаларды марапаттау өткізіледі, оларға ойын өту барысы, жеңіске жету себептері т. б. бағытта өз пікірін айту құқығы беріледі.

### ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Жүргізуші (мұғалім) ойынды өлеңмен аяқтайды:

Бүгінгі сабағымыз тек ойын екенін білеміз,

Ал біз оған уақыт бөлеміз.

Күлімсіреп еске аласыз

Ұпайларды көп алуға тырысасыз.

Бірақ нәтиже маңызды емес,

Достық жеңеді – бұл дәлелді қажет етпейді.

Өмірге тапқырлық жетелейді,

Білгірлерге әрқашан да сәттілік!

Содан кейін қазылар алқасының бірі ойынды қорытындылап, жүлделі орындарды жариялайды.

Жетекші мұғалім командалар тобы, жанкүйерлер мен қазылар алқасына алғыс айтып: «Біз қоштаспаймыз, келесі кездескенше» дейді.

Квест ойын өткізілгеннен кейін биологиялық білім деңгейін анықтауға арналған тест тапсырмалары бойынша бақылау және экспериментальды топтар деректеріне талдау жасалды.

Сауалнама сұрақтары:

1. Квест тапсырмаларын шешу сіздерге қиындық туғызады ма: а) ия; ә) жоқ; б) кейде.

2. Сіз үшін қандай тапсырма қиын болды?

3. Ұйымдастырылған квест нәтижесінен ұнады (кем дегенде 3 себебін атаңыз).

4. Егер ұнамаса, нәтижесінен (кем дегенде 3 себебін атаңыз).

5. Келесі биология сабақтарында квест ойынның жалғасын тапқанын қалайсыз ба: а) ия; ә) жоқ; б) өз пікіріңіз \_\_\_\_\_.

Қатысушылардың 25%-ы квест тапсырмаларын шешу қиындық келтірмегенін, 41,7%-ы кейбір тапсырмаларды орындауда қиналғанын, ал 25%-ы қиындық келтірмегенін және тапсырмаларды үлкен қызығушылықпен орындағанын атап өтті.

Оқушылар үшін орындауы қиын тапсырмаларға гүл диаграммасын сәйкестендіру, өсімдіктердің индикаторлық ролі мен хош иісті эфир майларын бөлетін өсімдіктерді және сәйкесті гүл шоғырларын табу жатты.

Квест ойынының оқушыларға ұнауының басты себептері ретінде басты себептері ретінде сұрақтардың қызықтығы мен тартымдылығын, топтық жұмыстану, теориялық білімдерін практикада пайдалана алуын, қосымша білім алғанын мәлімдеген. Яғни бұл оқушылар білімінің қосымша назар аударатын тұстарын көрсетеді.

Сұраушылардың барлығы да квест ойынында өздерін қызықтыратын сұрақтарын болғанын және көтеріңкі көңіл-күймен қатыс қатысқанын айта келе ұнамаған тұстары жоқ деп атап өтті. «Келесі биология сабақтарында квест ойынның жалғасын тапқанын қалайсыз ба» деген сұраққа барлығы дерлік оң жауап берген және болашақта маршруттық және веб-квестке қатысқысы келетіні туралы пікір білдірген.

Сыныптан тыс ұйымдастырылған биологиялық квест-ойын – бұл сабақта басталған оқу-тәрбие процесінің логикалық жалғасы болып саналады. Оның әртүрлі формалары мен түрлері оқушылардың білімін толықтырады және тереңдетеді, сонымен қатар сабақты ұйымдастырудың үйреншікті стереотиптерін өзгерту арқылы биологияны оқуға деген тұрақты қызығушылықты сақтауға көмектеседі.

### Қорытынды

Квест-технологияны білім берудегі жаңа ақпараттық технология ретінде пайдалану мынадай педагогикалық мақсаттарды жүзеге асыра отырып, оқыту процесін жетілдіре алады, оның тиімділігі мен сапасын арттыра алады: білім алушының тұлғалық ерекшеліктерін, логикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту, күрделі жағдайда оңтайлы шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік-зерттеулерді жүзеге асыру дағдыларын дамыту, ақпаратты өңдеу дағдыларын жетілдіру. б. Осы технологияны қолдану арқылы білім алушылар материалды өз бетінше таңдап құрылымдауға, алынған ақпаратты талдауға, тақырып таңдауда және сабақта талқылау үшін оны ұсынуда өз бетінше шешім қабылдауға үйренуге мүмкіндік алады.

Зерттеу қорытындысы биология сабағында квест ойын өткізу арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болатынын дәлелдеді. Оқушылардың жаңа материалды игеріп, қосымша білім алуына, оны практикалық пайдалана білуіне квест ойындарды пайдаланудың тиімділігі байқалды.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Государственные общеобязательные стандарты образования всех уровней образования. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года №604. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 1 ноября 2018 года №17669. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>.
- [2] Панфилова А.П. Взаимодействие участников образовательного процесса: учебник и практикум для академического бакалавриата / А.П.Панфилова, А.В.Долматов. – М.: Изд-во Юрайт, 2017. – 487 с.
- [3] Осяк С.А. Образовательный квест – современная интерактивная технология [Электронный ресурс] / С.А.Осяк, С.С.Султанбекова, Т.В.Захарова, Е.Н.Яковлева, О.Б.Лобанова, Е.М.Плеханова // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – №1-2. – Режим доступа: <https://science-education.ru/pdf/2015/1-2/302.pdf>.
- [4] Dodge B. Some Thoughts about WebQuests.[Электронный ресурс]. – 1995. – Режим доступа: [http://edweb.sdsu.edu/courses/edtec596/about\\_webquests.html](http://edweb.sdsu.edu/courses/edtec596/about_webquests.html).
- [5] March, T. What's on the Web? Sorting Strands of the World Wide Web for Educators. – 1995. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.ozline.com/learning/webtypes.html>.
- [6] Игумнова Е.А. Квест-технологии в образовании: учеб.пособие / Е.А.Игумнова, И.В.Радецкая. – Чита: Забайкальский гос. университет, 2016. – 164 с.
- [7] Афанасьева Л.О. Использование квест-технологии при проведении уроков в начальной школе / Л.О.Афанасьева, Е.А.Поречная // Школьные технологии. 2012. – №6. – С. 149-159.
- [8] Zhou, Q., Ma, L., Huang, N., Liang, Q., Yue, H. &Peng, T. (2012). Integrating Webquest into Chemistry Classroom Teaching to Promote Students' Critical Thinking.CreativeEducation, 3, 369-374. doi: 10.4236/ce.2012.33058.
- [9] Жиженина Л.М. Использование образовательного Web-квеста на уроках биологии / Л.М. Жиженина, Н.В. Бусарова, Т.К. Решетина // Модернизация естественнонаучного образования: методика преподавания и практическое применение: материалы IX международной научно-практической конференции (30 марта 2019 года). – Самара, СГСПУ, 2019. – С. 82-90.
- [10] Кувырталова М.А. Применение инновационных технологий в преподавании биологии / М.А. Кувырталова, З.В. Фадеева // Инновационные педагогические технологии: материалы IV международной научной конф. (май 2016 года). – Казань: Изд-во «Бук», 2016. – Ч. 2. –С. 165-167.
- [11] Никулина Т.Д. Образовательный квест как интерактивная форма обучения биологии / Т.Д. Никулина // Образование. Наука. Карьера: сборник статей Международной научно-методической конференции (24 января 2018 года). – Курск: ЗАО «Университетская книга», 2018. – т.2. – С. 289-292.
- [12] Максимова А.И. Квест как метод школьного образовательного туризма / А.И. Максимова, О.Н. Морозова // Экологическое равновесие: геоэкология, краеведение, туризм: материалы VIII

международной научно-практической конференции, 10 ноября 2017 г. – СПб.: ЛГУ им. А.С. Пушкина. 2017. – С.281-285.

## REFERENCES

- [1] Gosudarstvennye obshheobjazatel'nye standarty obrazovaniya vseh urovnej obrazovaniya. Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 31 oktjabrja 2018 goda №604. Zaregistririvan v Ministerstve justicii Respubliki Kazahstan 1 nojabrja 2018 goda №17669 [On approval of state compulsory educational standards for all levels of education. Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2018 № 604. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on November 1, 2018 №17669]. – Retrieved from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669> [in Russian].
- [2] Panfilova, A.P., & Dolmatov, A.V. (2017). Vzaimodejstvie uchastnikov obrazovatel'nogo processa [Interaction of participants in the educational process: textbook and workshop for academic baccalaureate]. M.: Izd-vo Jurajt [in Russian].
- [3] Osjak, S.A., Sultanbekova, S.S., Zaharova, T.V., Jakovleva, E.N., Lobanova, O.B., & Plehanova, E.M. (2015). Obrazovatel'nyj kvest – sovremennaja interaktivnaja tehnologija [Educational quest – modern interactiv technologies]. Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – Modern problems of science and education. – №1-2. – Retrieved from: <https://science-education.ru/pdf/2015/1-2/302.pdf>. [in Russian].
- [4] Dodge, B. (1995). Some Thoughts about WebQuests. Retrieved from: [http://edweb.sdsu.edu/courses/edtec596/about\\_webquests.html](http://edweb.sdsu.edu/courses/edtec596/about_webquests.html) [in English].
- [5] March, T. (1995). What's on the Web? Sorting Strands of the World Wide Web for Educators. – Retrieved from: <http://www.ozline.com/learning/webtypes.html> [in English].
- [6] Igumnova, E.A., & Radeckaja, I.V. (2016). Kvest-tehnologii v obrazovanii: ucheb. posobie [Quest-technologies in education] – Chita: Zabajkal'skij gos universitet [in Russian].
- [7] Afanas'eva, L.O., & Porechnaja, E.A. (2012). Ispol'zovanie kvest-tehnologii pri provedenii urokov v nachal'noj shkole [The use of quest technology in conducting lessons in primary school]. Shkol'nye tehnologii – School of technology, 6, 149-159 [in Russian].
- [8] Zhou, Q., Ma, L., Huang, N., Liang, Q., Yue, H. & Peng, T. (2012). Integrating Webquest into Chemistry Classroom Teaching to Promote Students' Critical Thinking. Creative Education, 3, 369-374. doi: 10.4236/ce.2012.33058 [in English].
- [9] Zhizhenina, L.M., Busarova, N.V., & Reshetina, T.K. (2019). Ispol'zovanie obrazovatel'nogo Web-kvesta na urokah biologii [The use of educational web quest for biology]. Preceedings from The Modernization of natural science education: teaching methods and practical application '19: IX mezhdunarodnaja nauchno-prakticheskaja konferencija (30 marta 2019 goda) – IX International Scientific and Practical Conference. (pp.82-90). Samara, SGSPU [in Russian].
- [10] Kuvyrtalova, M. A., & Fadeeva, Z. V. (2016). Primenenie innovacionnyh tehnologij v prepodavanii biologii [Application of innovative technologies in teaching biology]. Materials of The Innovative pedagogical technologies'16: IV mezhdunarodnaja nauchaja konferencija (maj 2016 goda) – IV International Scientific Conference. (2, pp. 165-167). Kazan, Publishing House «Buk» [in Russian].
- [11] Nikulina, T.D. (2018). Obrazovatel'nyj kvest kak interaktivnaja forma obuchenija biologii. [Educational quest as an interactive form of teaching biology]. Collection of articles: Education. The science. Career'18: Mezhdunarodnaja nauchno-metodicheskaja konferencija (24 janvarja 2018 goda) – International Scientific and Methodological Conference (Vol. 2, pp. 289-292). Kursk: ZAO «Universitetskaja kniga» [in Russian].
- [12] Maksimova, A.I., & Morozova, O.N. (2017). Kvest kak metod shkol'nogo obrazovatel'nogo turizma [Quest as a method of school educational tourism]. Materials of the Ecological balance: Geoecology, Local History, tourism'17: VIII mezhdunarodnaja nauchno-prakticheskaja konferencija, 10 nojabrja 2017 goda – VIII International Scientific and Practical Conference (pp. 281-285). SPb.: LGU im. A.S. Pushkina. [in Russian].

**Альжанова Б.С., Өтегенова А.А.**

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КВЕСТ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

**Аннотация.** В условиях модернизации системы современного российского образования знания, умения и навыки все больше рассматриваются не столько как основная цель обучения, сколько как инструментальная основа формирования компетенций обучающегося. В рамках новой



образовательной парадигмы системно-деятельностного обучения в приоритете находится целостное развитие личности обучающегося, его способность к рефлексии и самостоятельности в принятии решений. В этих условиях познавательный интерес становится мощным средством активизации образовательного процесса, использование же новых инновационных образовательных технологий в обучении становится важнейшим инструментом. К числу инноваций в организации учебно-воспитательного процесса сегодня можно смело отнести набирающую популярность квест-технологию.

Внедрение данной технологии в учебный процесс помогает студентам совершенствовать навыки поиска необходимой информации и ее дальнейшего систематического анализа, умение профессионально решать задачи, формирование базовых компетенций. Методика квест-урока тесно связана с инновационными направлениями образования, где информационно-коммуникационные технологии выступают исследовательской базой урока.

Основная цель технологии квест-урока - изменить привычные стереотипы организации урока. Используя эту технологию, студенты имеют возможность научиться самостоятельно выбирать и структурировать материал, анализировать полученную информацию, принимать самостоятельные решения при выборе темы и вынесении ее на обсуждение в классе. В статье описывается история квест-технологии, ее значение как одного из факторов модернизации образования и способы ее применения.

**Ключевые слова:** образовательные технологии; информационные технологии; квест; веб-квест; ролевые игры; проблемное обучение; познавательный интерес; логическое мышление; предметные компетенции; креативность.

**Alzhanova Bagdagul, Otegenova Aidana**  
**USE OF QUEST TECHNOLOGY IN BIOLOGY LESSONS**

**Annotation.** In the context of the modernization of the system of modern Russian education, knowledge, skills and abilities are increasingly considered not so much as the main goal of learning, but as an instrumental basis for the formation of the student's competencies. Within the framework of the new educational paradigm of system-activity learning, the priority is the integral development of the student's personality, his ability to reflect and be independent in making decisions. Under these conditions, cognitive interest becomes a powerful means of enhancing the educational process, while the use of new innovative educational technologies in teaching becomes an important tool. Quest technology, which is gaining popularity, can be safely attributed to innovations in the organization of the educational process today.

The introduction of this technology into the educational process helps students improve the skills of finding the necessary information and its further systematic analysis, the ability to professionally solve problems, and the formation of basic competencies. The quest lesson methodology is closely related to innovative areas of education, where information and communication technologies are the research base of the lesson.

The main goal of the quest-lesson technology is to change the usual stereotypes of lesson organization. Using this technology, students have the opportunity to learn how to independently choose and structure the material, analyze the information received, make independent decisions when choosing a topic and bringing it up for discussion in class. The article describes the history of quest technology, its significance as one of the factors in the modernization of education and the ways of its application.

**Keywords:** educational technologies; Information Technology; quest; web quest, role-playing games; problem learning; cognitive interest; logical thinking; subject competence; creativity.

ӘОЖ 372.854

ГТАХР 14.25.07

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).7

**Сдикова Г.Ж., Мақсот Қ.М.***М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан***E-mail:** sdikova.guliya@mail.ru, kalimamaksot@mail.ru**ХИМИЯ ПӘНІН БИЛИНГВАЛДЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
ОҚУ- ТАНЫМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада химия пәнін билингвалды оқыту үдерісінде оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін қалыптастыру ерекшеліктері зерттелді. Сонымен қатар, химияны екі тілде оқытудың принциптері, ұйымдастыру түрлері, тапсырма мысалдары көрсетілген. Қазақ, орыс, шетел мұғалімдерінің ғылыми зерттеулеріндегі химия пәнін екі тілде (билингвалды) білім беруде оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін қалыптастырудың өзекті мәселелері, формалары мен дидактикалық шарттары, химияны шет тілдермен интеграциялау арқылы оқушылардың оқу- танымдық және тілдік мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылды. Химиялық құзіреттілікті қалыптастыруға, оқушылардың өзіндік білімдерін екі тілде де кеңейтіп, тереңдетуге, оқушының жалпы оқу- қабілетін қалыптастырып, логикалық ой- өрісін дамытуға мүмкіндік беретін әдістер мен жаттығулар келтірілді. Екі тілді білім жүйесінің қалыптасуы – оқушылардың жеке тұлғасының қалыптасуына, яғни интеллектуалдық белсенділікті дамытуға, терең білімді теориялық, практикалық негізде қолдануға, шығармашылыққа жетелеуге негіз болады.

**Кілт сөздер:** билингвалды оқыту; химия; оқу- танымдық іс- әрекеті; химияны оқыту әдістері; әдістемелік зерттеулер; әдіснама; қалыптастыру; ағылшын тілі; глоссарий; жаңаша көзқарас; химиялық ұғымдар.

*Kipicne*

Оқыту мен тәрбиелеу- бір-біріне байланысты екі үрдіс. Сондықтан, аса маңызды химиялық әрекеттерді меңгеруді- оқу- танымдық қызмет көздейді. Мәселен, химиялық сынақ тәжірибелерді орындай білу, заттарды талдауды, синтездеуді меңгеру, химиялық әр түрлі сарамандық іскерліктерді, дағдыларды игеру жатады [1, б. 25].

Егер оқушылардың қызығушылықтарын дамытпаса, олар күрт төмендейтінін педагогикалық теория мен практика және әдістемелік зерттеулер көрсетеді. Оқушыларының оқу- танымдық қызығушылықтарын ынталандыру құралдары ретінде келесідей әдістері қолдануға болады- химияны эксперименталды және теориялық зерделеуді кезектестіру, теория мен практиканың байланысын күшейту, химия тарихын, қызықты элементтерді, ойын жағдайларын белсенді пайдалану, дидактикалық ойындарды қолдану, пәнаралық және пәнішілік байланыстарды, химиялық зерттеу элементтерін күшейту, яғни оқытудың бағытын күшейту, оқушылардың химияға деген оқу- танымдық қызығушылықтарын үнемі анықтау және дамыту [2, б. 20]. Ойлаудың белсенді сипаты оқылатын материалға, тақырыпқа тұрақты қызығушылығы, проблемалық мақсат қоя білу, синтез бен талдаудың салыстыруы мен қарама- қарсы қою белсенділікті арттырудың деңгейін көрсетеді.

1. Репродуктивті- еліктеушілік белсенділігі [3, б. 121]. Мысалы, мұғалім бейтараптану реакциясын негізгі реагенттер мен өнімдерді екі тілде атай отырып, тәжірибе жүзінде көрсетеді. Оқушылар ізінше оны екі тілде қайталап, осы тәжірибені өздігінен орындайды. Яғни, біреудің тәжірибесі екіншісіне әсер етеді.



2. Ізденушілік- орындаушылық белсенділігі Мысалы, түрлі деңгейдегі есептер немесе тәжірибелік тапсырмалар орындауда оқушы өзіне қойылған мақсат пен міндетті сезініп, оны шешу жолдарын іздестіреді.

3. Шығармашылық белсенділік- жоғары деңгейдегі іс- әрекетті, мақсатты оқушының өзі қойып, оны шешудің жолдарын анықтайды. [3, б. 122]. Мұғалімнің басты міндеті- қойылған тапсырманы (проблеманы) шешуде ақпарат беру, түсіндіру, диалог, демонстрациялық тәжірибелерді көрсете отырып, дұрыс шешімге келуге оқушыларды бағыттап отыру.

Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытудың екі тілдік білім жүйесін (билингвалды) пайдалана отырып, оқушылардың оқу - танымдық іс- әрекетін белсендірудің шығармашылық деңгейін көтерудің маңызы зор. Химияны оқытуда терең білімге негізделген екі тілді білім жүйесінің қалыптасуы оқушылардың білімді тек теориялық емес, практикалық негізде жетілдіріп, қорыта алуға мүмкіндік беріп, интеллектуалдық белсенділігін жандандырып, шығармашылыққа жетелейді, нәтижесінде, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына негіз болады.

Химияны оқытудың алғашқы кезеңдерінде (7-8 сынып) келесідей принциптер оқу- танымдық іс- әрекетті қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді:

1. Қол жетімділік принципі- оқытудың мақсаттарына, сондай-ақ балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне негізделген оқытудың ұтымды әдістерін қолдану; мұғалімнің кәсібилігі.

2. Жүйелілік принципі- дидактика принциптерін сақтау; оқу процесінің мазмұны мен мақсаттарын ұтымды таңдау;

3. Ғылымилық принципі- оқу процесінде қазіргі және заманауи жүйелерді қолдану [3, б. 28];

4. Көрнекілік принципі - дидактикадағы ең көне және маңыздылардың бірі - оқытудың тиімділігі оқу материалын қабылдау мен өңдеуге сезім мүшелерінің тиісті түрде қатысуына байланысты. Көрнекіліктің қолданылуы білім мен біліктің қалыптасуына, ойлаудың дамуына ықпал ететін көлемде болуы керек.

5. Саналылық және белсенділік принципі- қазіргі дидактикалық жүйенің негізгі қағидаларының бірі, яғни оқушылар танымдық тұрғыдан белсенді болған кезде оқыту тиімді болады. Себебі, олар- іс- әрекет субъектілері болып табылады.

Химияны билингвалды оқыту процесінде бес негізгі кезеңнен тұратын жүйе ретінде қарастыру қажет: дайындық, танысу, аналитикалық, қолданбалы және қорытынды [4, б. 22-23].

Дайындық кезеңі оқушылардың тапсырманы орындауға ынталандыруды және алдын- ала жалпы түсініктерді қалыптастырып, оқушы іс-әрекетінің сатылы көрінісін ашуды қамтиды.

Екінші- танысу кезеңі ретінде сипатталады. Ол- оқушының мұғалімнің көмегімен немесе жеке түрде химиялық ақпараттарды ана тілінде немесе ағылшын тілінде түрлі ақпарат көздерінен іздеуі және зерделеп, ұғынуы.

Келесі сипатталатын аналитикалық кезең- алынған ақпаратты талдап, өңдеуді қарастырады. Бұл- оқушының мәтіндегі оған түсінікті немесе керісінше таңсық болған сөздердің лексикалық және грамматикалық құрылымын түсініп, сөздікпен жұмыс жасауы және қазақшадан ағылшынға немесе керісінше аудармаларды жүргізуі.

Оқушы алынған химиялық ақпаратты билингвалды қарым-қатынас үшін, сонымен қатар жазбаша (тест, диктант, жаттығулар, есептер шығару және т.б.) немесе практикалық тапсырмалар (химиялық тәжірибе, құрылыс, модельдеу) қолданады. Бұл- оқушылардың оқу- танымдылық іс- әрекетін дамытады және ол төртінші қолданылу кезеңін сипаттайды.

Соңғы кезең екі тілді әңгіме (студенттерді қарым-қатынас, жазбаша және тексеру жұмыстарының нәтижелерін ана және шет тілдерінде талқылауға тарту) және өзіндік рефлексияны қамтиды.

### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Химия сабағында түрлі оқыту формалары мен әдістерін тиімді пайдалану, екі тілді дидактикалық материалдар, әр тақырыптың дұрыс таңдалып, түрлі технологияларды қолдану оқушылардың химия пәнін билингвалды үдерісін қалыптастырып, оқу- танымдық іс-әрекетін жоғарылатып, біліктіліктерін арттырады.

Химияны билингвалды оқыту барысында оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың келесі формаларын ажыратуға болады: фронтальдық, топтық, жұптық және жеке [5, б. 143].

1) Тәрбиелік жұмыстың фронтальды формасы - әңгімелесу, талқылау, дидактикалық материалдармен жұмыс барысында, жаттығуларды орындау және химиялық мәселелерді шешуде, рөлдік ойындар мен дидактикалық ойындарды екі тілде: қазақ және ағылшын тілінде жүргізуде жақсы қолданылады. Фронтальдық оқыту формасының кемшілігі-оқушылардың тілдік дайындықтары, яғни ағылшын тілін меңгеруінің әртүрлі деңгейде екені ескерілмейді, сәйкесінше берілген тапсырмаларды деңгей бойынша саралау мүмкін емес.

2) Тәрбие жұмысының топтық формасы- жаттығуларды, тапсырмаларды орындау, рөлдік ойындарды өткізу, дебаттар, конференциялар, жобалар жұмысын жүргізу кезінде жүзеге асырылуы мүмкін. Топтар оқушылардың тілдік деңгейі бойынша топтастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда тапсырмаларды дифференциялау керек: «А» - ағылшын тілін өте жақсы меңгерген, еркін сөйлейтін, «В» - ағылшын тілін жақсы меңгерген оқушылар үшін, «С» - ағылшын тілін әлсіз меңгерген оқушылар үшін. Бұл жағдайда бір топқа ағылшын тілін меңгеру деңгейі тәр түрлі, бірақ химиялық білім мен сауаттылық деңгейі бірдей оқушылар немесе топта химияны әртүрлі деңгейде оқитын оқушылар болуы мүмкін. Сондықтан барлық топтарға арналған тапсырмалардың химиялық мазмұны бірдей болуы керек. Бұл жұмысты пайдаланған кезде оқушылар химия ғылымын ағылшын тілімен ұштастыра оқи отырып, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырады.

3) Тәрбие жұмысының жұптық формасы- екі оқушының жұмысын қамтиды және олардың ағылшын тілін меңгеру деңгейлері бірдей немесе әр түрлі болуы мүмкін. Жұмыстың жұптық түрі әсіресе химиялық эксперименттер жүргізу үшін өте ыңғайлы (практикалық жұмыс, зертханалық эксперименттер және т.б.).

4) Жеке жұмыс формасы- оқушылардың тілдік және химиялық дайындықтарын ескеру қажет. Бұл жағдайда берілетін тапсырмаларды міндеттерді екі критерий бойынша саралауға болады: химия білімі мен ағылшын тілін меңгеру деңгейі. Жеке жұмыс-тапсырма, жаттығулар, тест жұмыстарын орындау, әртүрлі әдебиеттермен жұмыс жасау, екітілді химиялық сөздіктерді толтыру және т.б. жағдайларда қолдану тиімді [6, б. 316].

Оқушылардың оқу- танымдылық белсенділігін арттыру мақсатында күнделікті сабақ беруде мынадай факторлар әсер етеді:

- Сабақ мазмұны
- Сабақ өткізу әдістері мен тәсілдерін таңдау.
- Оқушыларды өз бетінше жұмыс істеу түрлерін белсенді қолдану, өздік бақылау, бірін бірі бағалау
- Мұғалімнің құзіреттілігі
- Оқушылармен қатынаста мұғалім өнері/ әр түрлі рольде, позицияларды қолдану
- Қолайлы психологиялық климат жасау.

Сонымен қатар практикалық нұсқаулар сабақты мазмұны мен түрін түрлендіріп қызықты өткізуге көмектеседі:

Химия пәнін екі тілде (билингвалды) білім беруде оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін қалыптастырудың өзекті мәселелері орыс және шетел мұғалімдерінің ғылыми зерттеулерінде қарастырылған (Н.Г. Соколова, Н.Е. Сорочкина, А. Тюрман, Дж.Фишман, А.Г. Ширин және басқалар). Көптеген химик-әдіскерлердің (Е.Я.Аршанский, Н.Кузнецова, Е.М. Минченков, П.А. Оржековский, Г.М.Чернобельская, С.Г.Шаповаленко, М. Шаталов және басқалар) жұмыстарында химияны оқытудың теориясы мен әдістемесінің түрлі мәселелері зерттелді. Химиялық білім саласында, химия сабақтарында бастапқы, орта және жоғары мектепте шет тілдерін қолданудың белгілі бір аспектілері көрсетіледі: химияны шет тілдермен интеграциялау арқылы оқушылардың оқу- танымдық және тілдік мәдениетін қалыптастыру (М.М. Котляр, М.С. Пак); химия пәнінен екі тілден тыс сабақ жұмысы арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (А.Л.Зелесинский, М. Пак); химия сабақтарында шет тілін қолдану бойынша ұсынымдар (Габриелян О.Г., Сладков С.А.); химия сабақтарында химия және ағылшын тілін біріктіре отырып оқушылардың оқу- танымдық белсенділігін арттыруды жүзеге асырудың дидактикалық шарттары, әдістері мен формалары (Е.Борунова, Н.В Перевозчикова); тілдік қатынастар негізі (Хасанұлы Б.), химия отандық және шетелдік ғалымдардың іс- тәжірибесінен (Жетпісбаева Б. А.) [7, б. 316].

#### *Зерттеу нәтижелері*

Оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін қалыптастырып, екі тілде білім- білік дағдысын дамытуда жаттығулар мен есептер шығарудың маңызы зор. Олар: химиялық құзіреттілікті қалыптастыруға, өзіндік білімдерін екі тілде де кеңейтіп, тереңдетуге, оқушының жалпы оқу- қабілетін қалыптастырып, логикалық ой- өрісін дамытуға мүмкіндік береді [8, б. 236]. Химия пәнін билингвалды оқытудың тиімділігін арттыру үшін және сыныптағы оқушылардың тілдік дайындықтарын ескере отырып берілетін тапсырмалар түгел ағылшын тілінде немесе тапсырманың бір элементі (шарты не шешімі) ағылшын тілінде, екінші бөлігі- қазақ тілінде болуы мүмкін.

Бұл - оқушылардың ғылымилық принципі бойынша оқу- танымдық іс- әрекетін дамытады. Мысалы, «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» тақырыбы бойынша қолдануға болатын тапсырмалар мысалы:

№ 1 тапсырма. Қажетті сөздерді пайдалана отырып, мәтінді толықтыр. (натрий оксиді, оттегі, күкірт, негіздік, қышқылдық,; sulfur, basic, oxygen, sodium oxide, acidic)

Оксидтер- біреуі \_\_\_\_\_ болатын екі элементтен тұратын бинарлы күрделі қосылыс. \_\_\_\_\_ оксидтер- металл мен оттектен тұратын бинарлы күрделі заттар.  $\text{Na}_2\text{O}$ - \_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_ оксидтер- бейметалл мен оттектен тұратын күрделі заттар және оларға қышқылдар сәйкес келеді.  $\text{SO}_2$ - \_\_\_\_\_ оксиді.

Oxide is a chemical compound that contains at least one \_\_\_\_\_ atom and one other element. \_\_\_\_\_ oxides- chemical compound that contains metal atom and oxygen.

$\text{Na}_2\text{O}$ - \_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_ oxides - are substances that exhibit acidic properties and form oxygen-containing acids.  $\text{SO}_2$ - \_\_\_\_\_ oxide.

№ 2 тапсырма. Write the formula and name of the salts.

Тұздардың формуласын және ағылшынша атауларын жазып, кестені толтыр.

#### **Кесте - Тұздардың және қышқылдардың ағылшынша атауы**

| Metals \ Acids          | Ag(I) | Zn(II) | Al(III) | Fe(II) | Fe(III) |
|-------------------------|-------|--------|---------|--------|---------|
| $\text{H}_2\text{SO}_4$ |       |        |         |        |         |
| Name of salt            |       |        |         |        |         |
| HCl                     |       |        |         |        |         |



|                                |  |  |  |  |  |
|--------------------------------|--|--|--|--|--|
| Name of salt                   |  |  |  |  |  |
| H <sub>3</sub> PO <sub>4</sub> |  |  |  |  |  |
| Name of salt                   |  |  |  |  |  |
| HNO <sub>3</sub>               |  |  |  |  |  |
| Name of salt                   |  |  |  |  |  |

### № 3. Сабақ барысында глоссариймен жұмыс жүргізу

Химия пәні бойынша әр сабақта тақырып бойынша глоссарий қолдануға болады. Глоссарий ағылшын тілі сөзінен алынған glossary сөздікпен жұмыс деген мағына береді. Әр өткен сабақта оқушылардың тарау бойынша алған білімдерін жүйелеу, іскерлік дағдыларын қалыптастыру және ойлау жүйесін тереңдету, химия сабағында ағылшын тілінде сөйлеуге үйрету мақсатында глоссарийді қолдануға болады [9, б. 24]. Негізгі химиялық ұғымдарды алдымен ағылшын тіліндегі аудармасын беріп, содан соң қазақ тілінде түсіндірмесімен беруге болады. Мысалы «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары. Генетикалық байланыс» тарауын өту барысында оқушыларға оксидтер, қышқылдар, негіздер, тұздардың жіктелуі, аталуы, құрамы, физикалық және химиялық қасиеттері, алынуы туралы түсіндіріледі. Бейорганикалық қосылыстардың адам өміріндегі маңызы, күнделікті тұрмыста қоланылу аясы айтылсады.

Мына химиялық ұғымдарды ағылшын тілінде үйрен:

Oxide- Оксид- екі элементтен тұратын, оның біреуі оттегі болып келетін күрделі заттар.

Acid- Қышқыл- құрамында металл атомдарымен алмаса алатын бір немесе бірнеше сутек атомдарынан және қышқыл қалдықтарынан тұратын күрделі заттар.

Hydroxide- Негіз- молекула құрамында металл атомдарымен байланысқан бір немесе бірнеше гидроксид (ОН) бар күрделі қосылыстар.

Salt- Тұздар- қышқылдардағы сутек атомдары біртіндеп металл атомдарына немесе негіздердің құрамындағы гидроксидтер біртіндеп қышқыл қалдықтарына ауысқанда түзілетін қосылыстар.

Acidic oxide- Қышқылдық оксид- бейметалл оксидтері,

Basic oxide- Негіздік оксид- типтік металдардың оксидтері.

Қышқыл- құрамына қарай оттекті- oxygen-containing (HNO<sub>3</sub>, H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>), оттегісіз- oxygen-free (H<sub>2</sub>S, HCl) болып, сутек атомдарының санына байланысты бір негізді-monobasic (HNO<sub>3</sub>), екінегізді- dibasic (H<sub>2</sub>SiO<sub>3</sub>), үшнегізді- tribasic (H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub>) болып бөлінеді.

Бейтараптану реакциясы- күшті қышқылдар мен күшті негіздер арасындағы реакциялар [10, б. 216].

CuO- copper oxide- мыс оксиді, NaOH- sodium hydroxide- натрий гидроксиді, H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>- sulfuric acid- күкірт қышқылы, KNO<sub>3</sub>- potassium nitrate- калий нитраты және т.б.

Бұл әдістер- оқушының теориялық білімдерін практикада пысықтауға, екі тілде химиялық тілін қалыптастыруға, логикалық және шығармашылық ойлау жүйесін, оқу- танымдық белсенділіктерін дамытуға көмектеседі

### Қорытынды

Химияны билингвалды оқыту- мұғалімдерге барлық оқушыларды қамти отырып химия ғылымына қызығушылығын арттыруға, оқушылардың сабақ үстінде еркін сөйлесуіне, ойлау қабілетін, шапшаңдығын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін шыңдай отырып, оқу- танымдық ізденістерін арттыруға, химияны ағылшын тілімен ұштастыра меңгеруге мүмкіндік береді. Мұғалімнің басқаруымен олар- жеке және ортақ тапсырмалар орындайды,

есептер шығарады, химия ғылымын ағылшын тілінде жетік меңгеру үшін ойын сабақтары өткізіледі, алған білімді қорытындылау мақсатында зертханалық тәжірибелер және бақылау жұмыстары орындалады.

Бұл - оқушылардың екі тілде де білім мен білік дағдыларын арттырып қоймай, олардың ғылымилық, жүйелілік, қол жетімділік т.б. принциптері бойынша оқу- танымдық іс-әрекеттерін, белсенділіктерін қалыптастырып дамытуға мүмкіндік береді.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Нұғыманұлы И. Химияны оқыту әдістемесі / И.Нұғыманұлы, З.О. Өнербаева, Ж.Ә. Шоқыбаев - Алматы: Print-S, 2005 . – 9 б.
- [2] Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері / А. Мырзабайұлы – Алматы: Атамұра, 2016. – 25 б.
- [3] Кузнецова Н. Е. Методика преподавания химии: учеб. пос. / Н.Е. Кузнецова– М.: Просвещение, 1984. – 415 с.
- [4] Чернобельская Г. М. Методика обучения химии в средней школе / Г. М. Чернобельская – М.: Гуманит. изд. Центр Владос, 2000. - 28 б.
- [5] Омаров Т.Т. Бейорганикалық химия: таңдамалы тараулары / Т.Т. Омаров, М.Р. Танашева – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2008. – 420 б.
- [6] Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялармен оқыту құралдар / К. Өстеміров - Алматы: КАЗПРОФТЕХ, 2007. - 143 б.
- [7] Баура Р.С. Билингвальное обучение: опыт, проблемы, перспективы / Р.С. Баура; под ред. А.Я. Минора, 2004. – 236 б.
- [8] Ланина И.Я. Развитие интереса школьника к предмету / И.Я. Ланина // М.: Просвещение. - 2011. - № 2. – С. 24-26.
- [9] Асан Г. Химияны оқытуда жаңаша көзқарас / Г. Асан // Химия мектепте. – 2010. - № 5. – Б. 22-23.
- [10] Кулагина Л.С. Активизация учения: сущность и содержание / Л.С. Кулагина // Педагогика. – 1994. - № 1. – С. 7-11.

### REFERENCES

- [1] Nugymanuly, I., Onerbayeva, Z. O., Shokybayev, Zh. A. (2005). Himiany oqytu adistemesi [Methods of teaching chemistry]. Almaty: Print-S [in Kazakh].
- [2] Myrzabaiuly, A. (2016). Himiyany oqytu adistemesinde pedagogikalyq negizderi [Pedagogical bases of methods of teaching chemistry]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- [3] Kuznetsova, N. E. (1984). Metodika prepodavaniya himii [Methods of teaching chemistry]. M: Prosveshenie [in Russian].
- [4] Chernobelskaya, G.M. (2000). Metodika obucheniya himii v srednei shkole [Methods of teaching chemistry in secondary school]. M.: Gumanite. - Vlados Center [in Russian].
- [5] Omarov, T.T., & Tanasheva, M. R. (2008). Beiorganikalyk himiya: tandamaly taraulary [Inorganic chemistry: selected chapters] Almaty: LLP RPBK "Dauir" [in Kazakh].
- [6] Ustemirov, K. (2007). Qazirgi pedagogikalyq tekhnologiyalarmen oqytu quraldary [Teaching aids with modern pedagogical technologies]. Almaty: KAZPROFTEX [in Kazakh].
- [7] Baura, R.S. (2004). Bilingvalnoe obuchenie: opyt, problemy, perspektivy [Bilingual training: experience, problems, perspectives]. A.Ya. Minora (Ed.). [in Russian].
- [8] Lanina, I.Ya. (2011). Razvitie interesa shkolnika k predmetu [Developing a student's interest in the subject]. M: Prosveshenie [in Russian].
- [9] Asan, G. (2010). Himiyany oqytuda zhanasha kozqaras [A new approach to teaching chemistry]. Himiya mektepte - Chemistry at school, 5, 22- 23 [in Kazakh].
- [10] Kulagina, L.S. (1994). Aktivaciya ucheniya: sushnost i sodержanie [Activation of teachings: essence and content]. Pedagogika – Pedagogy, 1, 7- 11 [in Russian].

**Сдикова Г. Ж., Максот К. М.**  
**ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ УЧЕБНО- ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ**  
**ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧЕНИКОВ ПРИ БИЛИНГВАЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ ХИМИИ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности формирования учебно-познавательной деятельности учеников в процессе билингвального обучения химии. Кроме того, показаны принципы обучения химии на двух языках, типы организации, примеры заданий. Рассмотрены актуальные проблемы, формы и дидактические условия формирования учебно-познавательной деятельности учащихся в двуязычном (билингвальном) образовании химии в научных исследованиях учителей казахского, русского, иностранного языков, особенности формирования учебно - познавательной и языковой культуры учащихся через интеграцию химии с иностранными языками. Приведены методы и упражнения, позволяющие формировать химическую компетентность, расширять и углублять самостоятельные знания учащихся на обоих языках, формировать у учащихся общие учебные способности, развивать логическое мышление. Формирование системы двуязычного образования-основа формирования личности учащихся, т.е. развития интеллектуальной активности, использования глубоких знаний на теоретической, практической основе, мотивации к творчеству.

**Ключевые слова:** билингвальное обучение; химия; учебно-познавательная деятельность; методы обучения химии; методические исследования; методология; формирование; английский язык; глоссарий; новый взгляд; химические понятия.

**Sdikova Guliya, Maksot Kalima**  
**FEATURES OF FORMATION OF EDUCATIONAL AND COGNITIVE ACTIVITY OF**  
**STUDENTS IN BILINGUAL TEACHING OF CHEMISTRY**

**Annotation.** The article deals with the features of the formation of educational and cognitive activity of students in the process of bilingual teaching of chemistry. In addition, the principles of teaching chemistry in two languages, types of organization, and examples of tasks are shown. Examines current issues, forms and didactic conditions of formation of educational - cognitive activity of students in bilingual (bilingual) education of chemistry in scientific researches of teachers of Kazakh, Russian, foreign languages, peculiarities of formation of educational - cognitive and linguistic culture of students through the integration of chemistry with foreign languages. The methods and exercises that allow to form chemical competence, expand and deepen students' independent knowledge in both languages, form students' general learning abilities, and develop logical thinking are presented. The formation of a bilingual education system is the basis for the formation of the personality of students, i.e. the development of intellectual activity, the use of deep knowledge on a theoretical and practical basis, and motivation for creativity.

**Keywords:** bilingual education; chemistry; educational and cognitive activity; methods of teaching chemistry; methodological research; methodology; education; English; new approach; chemical concepts.

ӘОЖ 377.5

ГТАХР 15.21.45

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).8

<sup>1</sup>Иргалиев А.С., <sup>2</sup>Нұрбекқызы Г.<sup>1</sup>Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан<sup>2</sup>М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

E-mail: asylbek\_78@mail.ru, goha95\_0-48@mail.ru

## МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУ

**Аңдатпа.** Мақалада мектеп-гимназиясының өзекті мәселелердің бірі - креативті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету, шығармашылық негізінде креативті ойлау қабілетін дамыту мәселесінің ғылыми-әдіснамалық негіздері, ғылымда шығармашылықты дамыту механизмі, тұлғаның креативті білім алуда шығармашылық іске асырушылығы, тұлға бойындағы шығармашылық бастаманы дамыту, креативтілік туралы шетелдік ғалымдардың пікірлері (Дж. Гилфорд, К.Тейлор, Дж.Рензулли және т.б.), креативтіліктің түрлі анықтамалары (гештальтистік; инновациялық, креативтілікті; эстетикалық немесе экспрессивті; психоаналитикалық немесе динамикалық) талданады. Креативтілік шығармашылықтың субъективті анықтаушысы, жүйелі психикалық білімі, шығармашылық тұлға - өз креативтілігін инновациялық жетістіктерде іске асыратын тұлға, ал шығармашылық қабілеттер (зияткерлік, эстетикалық, коммуникативті және т.б.) креативтіліктің құрылымдық құрамдастары ретінде анықталады. Мақалада жүргізілген психологиялық диагностика нәтижелері («Вербалды креативтілік тестісі», Е.Торранстың креативтілік тестісі, Дж.Брунердің «Креативтілік деңгейін анықтау тестісі», Ф.Вильямстың «Дивергентті ойлаудың тестісі»), мектеп-гимназия оқушыларының ойлау креативтілігінің дамуына бағытталған психологиялық тренингтер бағдарламасының қысқаша мазмұны талданады.

**Кілт сөздер:** креативтілік; шығармашылық; зияткерлік; инновациялық түрлендіру; жасампаздық; креативті үрдіс; креативті өнім; креативті тұлға; креативті орта; дивергентті ойлау; стереотипті ойлау; ойлау тездігі; ойлау дербестігі.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасының мектеп-гимназиясының өзекті мәселелердің бірі - өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті болшақ маманды қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты болашақ мектеп бітірушілерге қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой өрісінің кеңдігі, жоғары кәсіби деңгейлік сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығымен байланысты.

Гимназиялық білім беру жүйесі осы үдерістегі аса маңызды элемент болып табылады. Мектеп-гимназиясының негізгі міндеттері - бала мен жасөспірімнің шығармашылық қабілеттерін ашу, әртүрлі өмірлік жағдайларға шебер жауап беретін жоғары технологиялық, өзгермелі әлемде өмір сүруге дайын шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу. Мектеп-гимназияда құрылған орта креативті тұлғаның қалыптасуына ықпал етуі тиіс. Тұлғаға деген бағыт, оның әртүрлі білім беру мүдделерін қанағаттандыруға ұмтылу, білім беру қажеттіліктері - қазіргі заманғы білім беру жүйесіне тән ерекшелік. Бұл жағдайда, қазіргі заманғы білім алушының кәсіптік білімге деген талпынысын іске асыру





мақсатында, жеңіске жетелейтін бірден-бір факторы - шығармашылық негізінде креативті ойлау қабілетін дамыту [1, б. 57-64].

Гимназиялық білім берудің қазіргі заманғы бағдарламалары шығармашылық ойлауды, дербестікті, бастамашылдықты дамытуға бағытталған, алайда практика жүзінде берілген дағдылардың дамуы мен жетілдірілуі толық емес деңгейде. Бұл мәселені мектеп-гимназия оқушысының тұлға ретінде қалыптасуына себеп құралы болатын психологиялық қызметтің әлеуетін қолдана отырып, әр түрлі шығармашылық және танымдық қызметін қамтамасыз ете отырып шешуге болады.

Мектеп-гимназия жағдайларында білім алушылардың жасампаздығын қарқынды дамуына келесінің есебінен қол жеткізуге болады: шығармашылық қызметін таңдау еркіндігі (көптеген жасөспірімдер көбінесе санасыз түрде өз сезімдері мен эмоцияларын шығармашылық көмегімен білдіруге тырысады, оның көмегімен жасөспірімдер сезімдік ширығуды шеше отырып өзін білдіреді, өмір қуанышын түсінеді); білім беру траекториясы мен білім беру бағдарламасын үйрену уақыты (үйірмелерде, жарыстарда, ғылыми жобаларда және т.б. шығармашылықты дамыту үшін жеке оқу бағдарламаларын құру); білім алушы тұлғасының жеке ерекшеліктерін ескеру (мүдделер, еске сақтау қабілеті, назар мен ойлау ерекшеліктері және т.б.).

Тұлғаның шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуының теориялық негіздері және педагогикалық технологиялары бірнеше рет философиялық, әлеуметтік-экономикалық және психология-педагогикалық тұрғыдан қарастырылды. Оларды зерттеу барысында, «шығармашылық тұлға» түсінігінің әр түрлі анықтамалары бар екендігі анықталды, ол - стереотипті ойлау тәсілдерінен бас тартуға дайын, түйсігі дамыған (Дж.Гилфлорд, О.К.Тихомиров), мәселеге деген жаңа тәсілдерін дамытатын, білім жетіспеушілігін жоғары деңгейде қабылдайтын (П.Р.Атутов, Дж.Рензулли, Е.Торренс), ескіні қайта жаңарту мақсатында элементтерді қайта жаңарту немесе жаңасын құратын тұлға (С.А.Медник).

Қазіргі заманғы ғылымда шығармашылықты даму механизмі түрінде қарастыру ойы негізделген (С.С.Гольдентрихт, Т.В.Кудрявцев, Я.А. Пономарев, А.П.Тряпицына), тұлғаның даму сұрақтары, оның креативті білім алуда шығармашылық іске асырушылығы қарастырылды (М.М.Зиновкина, Е.П.Ильин, А.В.Морозов, В.Г.Рындак, А.В.Хуторской, Д.В.Чернилевский).

Тұлға бойындағы шығармашылық бастаманың дамуының теориялық және әдістемелік негіздері В.И.Андреева, В.И.Загвязинский, И.Г.Калошина, В.В.Краевской, Л.Ф.Спирин, С.Н.Чистяков жұмыстарында; мәселенің аксиологиялық аспектісі В.И.Геницинский, А.В.Киьяков, В.А.Сластенин жұмыстарында қарастырылған. Шығармашылық әлеуеттің кешенді құрылымдық-функционалды талдаудан бөлек, шығармашылық дамудың психологиялық-педагогикалық негіздері зерттелген болатын (В.И.Андреев, А.В.Брушлинский, И.С.Кон, И.Н.Семенов, С.Ю.Степанов); субъектті іс-қимыл және өнімді байланыс (А.А.Бодалев, Л.С.Выготский, А.Г.Ковалев, Б.Ф.Ломов); жасампаздықтың тұлғалық корреляты (Л.Б.Ермолаева-Томина, А.Н.Лук, Р.В.Рескин); шығармашылық әлеуеттің дамуы және коммуникативті құзыреттілік пен коммуникативті мәдениетті оқыту (Эд.Де Боно, М.С.Каган, Р. Крачфилд, А.М. Матюшкин, А.Л. Петровская, Е. Торранс, М. Уоллах); жасампаздық диагностикасы (Д.Б. Богоявленская, Дж. Гилфорд, Л.Б. Ермолаева-Томина, Е. Торранс, Н.Б. Шумакова, Е.И. Щебланова) [26].

Өз зерттеулерімізде біз шетелдік авторлардың жұмыстарында жарық көрген креативтіліктің, шығармашылық ойлаудың теориялық аспектілеріне сүйенген болатынбыз - Г.Ю. Айзенк, Ф.Баррон, Д. Векслер, М. Вертгеймер, Дж.Гилфорд, Х.Грубер, Р.Крачфилд, А. Маслоу, С. Медник, Р. Стенберг, Р.Е.Тафель, Е.Торранс, М. Уоллах, Дж.Хеслруд, Э.Шехтель; жасампаздық психологиясы мәселесі бойынша орыс ғалымдарының -

Д.Б.Богоявленская, Ч.К. Борисов, А.В. Брушлинский, М.С. Каган, А.Г. Ковалев, А.Н. Лук, А.М. Матюшкин, Я.А. Пономарев, И.Э. Стрелкова және т.б.

Қазақстанда креативтілік мәселесін зерттеумен айналысқан келесі ғалымдарды атап өтуге болады: Б.А. Оспанова, К.М. Нағымжанова, Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Радченко, А.С. Досумова, Т.С. Нуркешова және т.б.

### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Кезінде сирек кездесетін, тек ғылым мен өнер ғұламаларына тән деп саналған креативтілік, қазіргі жылдам өзгеретін заманда тұлғаның оқуы мен тұлға кәсіби өсуі үшін өмірлік маңыздылығы бар деп есептеледі. Қазіргі кезеңде, оқыту өмір бойы созылуы мүмкін, сондықтан жаңаша, креативті және дивергентті түрде ойлап үйрену қажет.

Креативтілік (латынша creatio - жаратылыс) - тұлғаның ерекше идеяларды тудыру, ерекше шешімдер табу, дәстүрлі ойлау схемаларынан бас тарту қабілеті. Креативтілікті зерттеу барысында теориялық та, практикалық та тұрғыдан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген үлкен және мазмұнды материал жинақталғанына қарамастан, креативтіліктің бірегей және нақты теориясы да, берілген қабілетті диагностикалайтын анықтамалары мен бәрімен қабылданатын тәсілдері де әлі күнге дейін жоқ.

К. Тейлордің пікірінше, XX ғасырдың 60-шы жылдары креативтіліктің көптеген анықтамасы берілген. Олар 6 түрге бөлінген:

- 1) гештальтистік, сол кездегі гештальтты бұзып, жаңасын құру мақсатында, креативті үрдісті сипаттау;
- 2) инновациялық, креативтілікті соңғы өнімнің жаңашылдығы бойынша бағалауға бағытталған;
- 3) эстетикалық немесе экспрессивті, тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне бағытталған;
- 4) психоаналитикалық немесе динамикалық, креативтілікті байланыс терминдерімен сипаттайтын;
- 5) күрделі, креативті тапсырмаларды шешудің бірқатар үрдістері есебінен анықтайтын, бұл типке Дж. Гилфордтың креативтілікті дивергентті ойлау ретіндегі анықтамасы жатады;
- 6) жоғарыда аталып өткен ешбір типке түспеген, оған қоса өте бұлдыр анықтамалар [2, б. 99-126].

Креативтілік тар және кең мағынада қарастырылады. Тар мағынадағы креативтілік - дивергентті ойлау (нақтырақ айтқанда, дивергентті өнімділік үрдістері, Дж. Гилфорд бойынша), оның ерекшелігі болып бір объектке байланысты бір деңгейде дұрыс ойларды айтуға дайын болу. Кең мағынадағы креативтілік - шығармашылық зияткерлік қабілеттер, соның ішінде жаңа тәжірибе алу мүмкіндігі (Ф. Баррон), жаңа мәселелерді шешу кезінде ерекше идеяларды тудыру қабілеті (М. Валлах), кемшіліктер мен қайшылықтарды тану қабілеттері, сонымен қатар жағдайдың жеткіліксіз элементтеріне байланысты болжамдар тұжырымдау (Е. Торренс), стереотипті ойлау әдісінен бас тарту қабілеті (Дж. Гилфорд).

Заңшылдарға шетелдік психологтардың бұл мәселеге көзқарасын мойындау керек, олар креативтілік мәселесінде 4 аспектіні оқшаулап алған: креативті үрдіс (қабілеттілік түрінде), креативті өнім, креативті тұлға және креативті орта. Сонғысын шығармашылық өніміне деген талаптарды қалыптастыратын сала, құрылым, әлеуметтік контекст деп түсінеді.

Кеңінен пайдалануына қарамастан, креативтілік түсінігі біртекті анықтмаға ие емес. Креативтілік - жаңалықтар мен инновациялар негізі. Креативтілік екі қасиетті сипаттайды деп саналады: жаңашылдық және пайдалылық. Анықтамалар зерттеушілердің креативті тұлғаға, креативті үрдіске, креативті өнімге немесе креативті ортаға байланысты болуына

қарай ерекшеленеді, сонымен қатар зерттеушілердің теориялық болашағына байланысты. Түрлі парадигмаларға сәйкес креативтілік әр түрлі түсіндіріледі. Бұл:

- мәселе, шығармашылық шешімді талап етеді;
- үрдіс, мәселеден өнімге, оның сипаттамаларына, фазаларына апарады;
- өнім, креативтілікті көрсету;
- жасап шығарушының жеке қабілеттері, оның қасиеттері, мінез-құлқы және т.б. [3, б. 252-253].

Р. Симпсон креативтілікті адамның стереотипті ойлаудан бас тарту қабілеті ретінде қарастырады. Дж. Гилфордтың ойынша, шығармашылыққа деген қабілет көп қырлы және өзіне келесіні қосады: тәуекел ету қабілеті, дивергентті ойлау, ойлау икемділігі, ойлау жылдамдығы, бай қиял, бірегей емес заттарды қабылдау, жоғары эстетикалық құндылықтар, дамыған түйсік [4, б. 444-454].

Дж. Гилфорд өзінің келесі жұмыстарында ұқсастықтар және қайшылықтар тездігі, экрессивті тездік (сөз тіркестерін тез құру қабілеті), кенеттен икемділік (шығармашылық тұлғаның бір объект класынан екіншісіне жылдам ауысуы), бейімдік икемділігі (ерекшелік), аудиовизуалды икемділік (вербалды және визуалды түрде ойластырылған сұлбасын беру қабілеті) секілді қабілеттерді бөлек факторлар ретінде бөліп қамтыған [5, б. 433-457].

Креативтілік түсінігіне деген тәсілдеме Дж.Рензуллиде де сондай. Оның түсінігі бойынша, креативтілік тұлғаның өзін-өзі ұстау ерекшеліктері, мәселені шешуге қол жеткізу, мәселеге деген жаңа тәсілдемелер Креативтіліктің құрылымдық құрамдасына жатады:

- оғаштыққа қызығушылық;
- күмән үрдісі;
- жаңашылдық сезімі;
- ой өткірлігі;
- шығармашылық қиял;
- түйсік;
- сұлулық эстетикалық сезімі;
- тапқырлық;
- үйлестіктер ашу мүмкіндігі;
- пайымдау батылдығы және дербестігі;
- өзіне сын көзбен қараушылық;
- логикалық қаталдық;
- дәлелдердің түрлі нысандарын қолдану мүмкіндігі және т.б. [6, б. 53-92].

Креативтілік - жүйелі (көп деңгейлі, көп өлшемді) психикалық білім, оған тек зияткерлік әлеуеті ғана жатпайды, және уәжбен, эмоциямен, эстетикалық даму деңгейімен, экзистенциалды, коммуникативті параметрлермен, біліктілікпен және т.б. байланысты [7; 8, б. 298-311]. Байқағанымыздай, авторлар бір феномен туралы айтып отырғанымен, креативтілік анықтамасына жаңа өзгешеліктер қосып жатыр. Креативтілік туралы түрлі авторлардың түсінігі:

- шығармашылық қабілеті;
- зияткерлік шығармашылық;
- жаңа бір нәрсе, ерекше;
- қашық бірлестіктер ;
- біртұтас жүйені қайта құру ылымдау;
- ақпаратты ерекше кодтау;
- дивергентті ойлау;
- ішкі тұлғалық түсініспеушіліктер нәтижесі (немесе жоқтығы);
- бар білім шектерінен шығу;

- мәселен і жылдам шешуге мүмкіндік беретін, дәстүрлі емес ойлау және т.б. [9, б. 220-232; 10].

Шығармашылықты ақпаратты құрылымдық қайта өңдеу үрдісі және инновациялық, субъективті және объективті маңызды нәтижелерді құру арқылы, біз креативтілікті шығармашылықтың субъективті анықтаушысы, жүйелі (көп өлшемді, көп деңгейлі) психикалық білімі екенін анықтаймыз. Креативтілік адам өмірінің барлық салаларының (тануда, ойлауда, қарым-қатынаста, кәсіби қызметінде, өзін-өзі кемелдендіруде және т.б.) инновациялық түрлендіруінде байқалады, келесі деңгейлерде: тұлға (потенциал) - үрдіс - нәтиже. Шығармашылық үрдісі екі тең бағытталған беталыстан - жасампаздықтан және стереотиптерді құру мен жоюдан (қайта құру) тұратынын ескере отырып, жеке тұлғаның креативті жүріс-тұрысын «жасампаз қирату» ретінде қарастыруға болады.

Креативтілік феноменінде әлеуетті және ағымдағы нысаны болғандықтан, бұл түсініктің мағына өрісі шығармашылық әлеуеттен ауқымдырақ. Ағымдағы нысаны - іске асырылған (көрсетілген) креативтілік. Шығармашылық тұлға - өз креативтілігін инновациялық жетістіктерде іске асыратын тұлға. Шығармашылық қабілеттер (зияткерлік, эстетикалық, коммуникативті және т.б.) - креативтіліктің құрылымдық құрамдастары.

Қойылған зерттеушілік тапсырмаларын шешу және тұжырымдаманы растау үшін, біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргіздік. Эксперимент 4 кезеңмен өткізілді:

1 кезең - констатациялық кезең - 7-8 сынып оқушыларымен креативтілік дамуы деңгейінің бірінші диагностикасы өткізілді;

2 кезең - қалыптастырушы кезең - 7-8 сынып оқушыларының ойлау креативтілігі көрсеткіштерін жоғарылатуға бағытталған психологиялық дамытатын жаттығулар кешенін жүргізу;

3 кезең - бақылау кезеңі - екінші диагностика мен психологиялық жұмыстардан соң, ойлау креативтілігі дамуы көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы өткізілді;

4 кезең - әдістемелік кезең - эксперименттің қорытындылары жасақталып, 7-8 сынып оқушыларына ойлау креативтілігін дамытуға арналған ұсыныстар дайындалды.

Эксперименттің констатациялық кезеңінде арнайы әдістемелер ретінде 4 валидті әдістеме таңдап алынды. Олар - С.Медниктің «Вербалды креативтілік тестісі» (RAT) (А.Н.Воронинаның бейімдеуімен), «Суретті аяқта» атты Е.Торранстың креативтілік тестісі, Дж.Брунердің «Ойлау түрін мен креативтілік деңгейін анықтау тестісі», Ф.Вильямстың «Дивергентті (шығармашылық) ойлаудың тестісі» (Е.Е.Туниктың бейімдеуімен).

Эксперименттің қалыптастыру кезеңінде, біз анықталған кезеңнің диагностикасы нәтижелерін есепке ала отырып, мектеп-гимназиясының 7-8 сынып оқушыларының ойлау креативтілігі дамуына бағытталған психологиялық тренингтер бағдарламасы құрылып, жүзеге асырылған болатын. Дамыту құралдары ретінде жаттығулар, тренингтер, өзін-өзі таныстыру, әңгімелесу, сұхбат әдісі қолданылды.

Бағдарламаның мақсаты - өз бойындағы креативтілікті ұғыну, қатысушылардың жаңа, стандартты емес (креативті) тапсырма шешімдерін табу қабілеттерін дамыту және топ ішінде коммуникативті байланыстарын қалыптастыру.

Бағдарлама міндеттері:

- ерекшелікті, икемділікті және ойлау тездігін дамыту;
- пайда болған ойларды дамытуды үйрету;
- вербалды креативтілікті дамыту;
- жетістіктерге деген мотивацияны жоғарылату.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында, келесі қағидалар қолданылды:

1. Белсенділік қағидасы. Тренингтік топ қатысушыларының белсенділігі ерекше сипатқа ие. Тренинг барысында, қатысушылар арнайы құрылған әрекеттерге тартылады.

Тренинг мақсаттарына сананың, әдістерді апробациялау мен жетілдіруде, мінез-құлық ерекшеліктерінің, жүргізуші ұсынған ойлардың ерекше тиімділігі болып барлық топ мүшелерінің белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

2. Зерттеушілік (шығармашылық) позициясының қағидасы. Бұл қағиданың түпкі мағынасы - тренинг барысында, топ мүшелері ойлар мен заңдылықтарды ұғынып, анықтап, ашады, сонымен қатар, өзінің жеке ресурстарын, мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін. Тренингтік топта креативті орта қалыптасады, оның негізгі сипаттамалары болып қиындық, анықсыздық, қабылдау, бағаламаушылық табылады.


3. Тұрақты кері байланыс қағидасы. Топта тиімді тұрақты кері байланыс орнату үшін арнайы шарттар қалыптастыру қажет. Жүргізуші құратын және ұстап тұратын топтағы кері байланыс - тосыннан, өздігінен.

4. Серіктестік қарым-қатынас (субъект-субъектті) қағидасы. Бұл қағиданың жүзеге асырылуы, топ ішінде қатысушылардың қателіктерден қорықпай, тәжірибе жасауға мүмкіндік беретін, қауіпсіздік, сенімділік, ашықтық ауасын қалыптастырады.


5. Ерікті қатысу қағидасы. Әр қатысушы өзінің бтолықтай тренингке немесе оның бөлек жаттығуларына қатысу жөнінде дербес шешім қабылдайды.

Эксперименттің қорытынды кезеңінде, екінші диагностика нәтижесінде, креативтілік ойлау деңгейінің динамикасы туралы мәліметтер алынды (1-4 суреттерде).

1-ші суретте берілген мәлімет бойынша, эксперименталды топта, вербалды креативтіліктің даму деңгейі көрсеткіштерінде бірқатар өзгерістер пайда болды. Осылайша, бақылау кезеңінде вербалды креативтіліктің жоғары даму деңгейін 22% оқушы көрсетіп отыр. Сонымен қатар, вербалды креативтіліктің дамудың төмен деңгейі сәйкес келетін оқушылар саны 66%-дан 34%-ға төмендеді. Эксперименттің бақылау кезеңінде, эксперименталды топтағы оқушылардың басым бөлігін немесе 66% - ойлаудың икемділік пен ерекшеліктерінің жеткілікті деңгейіне тән, ойлау барысындағы стереотиптілікке сүйенбеу, сөздік шығармашылығын байқататын, еркін толғану қабілеттеріне тән, ауызша сөйлеу алуандығы мен көрнекілігі, сонымен қатар, креативтіліктің одан да жоғары деңгейін ұғыну мен оған жетуге деген мотивациясы жоғары деп сипаттауға болады.




**1- Сурет** - С. Медниктің «Вербалды креативтілік тестісі» (RAT) негізінде мектеп-гимназиясының 7-8 сынып оқушыларының бірінші және екінші диагностикасының нәтижелері (%)



**2 - Сурет** - Е. Торранстың «Суретті аяқта» креативтілік тестісінің негізінде мектеп-гимназиясының 7-8 сынып оқушыларының бірінші және екінші диагностикасының нәтижелері (%)

2-ші сурет мәліметтерінен көріп тұрғандай, эксперименталды топ ішінде креативтілік көрсеткіші біршама өскен. Бұл, эксперименталдық топ оқушыларын басым бөлігін :

- ойлау икемділігі жеткілікті деңгейге жеткен (пластикалық, ақпараттанудың жеткілікті деңгейі, интеллектуалды әлеуеттің жаңа даму мүмкіндіктері, мотивацияның қалыптасуы);
- ойлау икемділігі жоғарлаған (жоғары интеллектуалды белсенділік, толғанулардағы тәуелсіздік, ерекше, шығармашылық және қызықты жауаптарға деген талпыныс);
- суреттің ұйымдастырылуы жеткілікті деңгейде жоғарылады және көрсеткіштері орташадан жоғары (шығармашылық және құрастырмалық қызметтің бастапқы негіздемелерінің жүзеге асырылды, іс-әрекеттердің тәртіптілігі мен ойластырушылығы пайда болды) деп сипаттауға болады.




**3- Сурет** - Дж. Брунердің «Ойлау түрін мен креативтілік (шығармашылық қабілеттері) деңгейін анықтау тестісі» негізінде мектеп-гимназиясының 7-8 сынып оқушыларының бірінші және екінші диагностикалаудың нәтижелері (%)

3-ші суретке сәйкес көретініміз, бірінші диагностика кезінде мектеп-гимназиясының 7-8 сынып оқушыларында ойлаудың пәндік және белгілік типтерінің жиірек кездесуі, эксперименттің бақылау кезеңінде онша айқын емес. Сонымен қатар, белгілік және бейнелік ойлау қабілеттері деңгейі жоғары оқушылар пайда болды. Креативті ойлау дамуының төменгі деңгейі 66,5%-дан 25%-ға дейін төмендеді.

Эксперименттің бақылау кезеңінде, эксперименталды топ оқушылары қабылданған ақпаратты түрлендіру үрдісін тек заттық іс-әрекеттер, кезекпен орындалған операциялар, жаңа құрылымдар түрінде ұсынылған ережелер көмегімен емес, сонымен қатар, ақпараттарды ойланып-толғану нәтижесінде келген ойлар, заттан кеңістікте және уақыт аралығында жеңіл алыстатылатын жаңа ойлар мен идеяларды құрастыру, жаңа бейнелерді өмірге келтіру жолымен де жүзеге асырады. Бұл, эксперименталды топ оқушыларының 75%-да, ойлау креативтілігінің жалпы деңгейінің жоғарылау көрсеткіші болып табылады.

4-ші суреттен көрініп тұрғандай, ойлау шығармашылығының дамуының деңгейі, барлық топ бойынша алғанда (мұның алдыңғы әдістемелер бойынша да) орташа-жоғары болып табылады. Эксперименттік топтың қатысушылары, эксперименттің бақылау кезеңінде, мәселені түсінуге қатысты жеңіл қабылдағыш және өте сезімтал, синтезге қабілетті, толық бейнелер құру мақсатында жеткіліксіз детальдарды қайта жаңарту қабілеті бар, ойлау дивергенттілігі, ойлау тездігі (сөйлеу тездігі) бар болып сипатталады, және бұл қасиеттер жеткілікті жоғары деңгейге дейін өсті, әдетте бір-бірінен ажыратылған болып қабылданатын заттар мен құбылыстарды логикалық түрде байланыстыру қабілеттері жоғарылады, ерекшелік деңгейі (өзінің ерекше ойлау тәсілдерін ұсыну қабілеті) жеткілікті деңгейде дамыды.



**4 - Сурет - Ф. Вильямстың «Дивергентті (шығармашылық) ойлаудың тестісі» негізінде мектеп-гимназиясының 7-8 сынып оқушыларының бірінші және екінші диагностикалаудың нәтижелері (%)**

#### Қорытынды

Креативтіліктің даму мәселесі әр түрлі шетелдік және отандық ғалымдармен кеңінен зерттеледі. Креативтіліктің теориялық аспектілері көптеген шетелдік авторлармен қарастырылады (Г.Ю.Айзенк, Ф.Баррон, Д.Векслер, М.Вертгеймер, Дж.Гилфорд, Х.Грубер, Р.Крачфилд, А.Маслоу, С.Медник, Р.Стенберг, Р.Е.Тафель, Е.Торранс, М.Уоллах, Дж.Хеслруд, Э.Шехтель). Шығармашылық әлеуеттің кешенді құрылымдық-функционалды

талдауынан басқа, шығармашылықтың, дамудың психологиялық-педагогикалық негіздері зерттелген (В.И.Андреев, А.В.Брушлинский, И.С.Кон, И.Н.Семенов, С.Ю.Степанов); субъект-субъекттік қарым-қатынас пен өнімді қатынас (А.А.Бодалев, Л.С.Выготский, А.Г.Ковалев, Б.Ф.Ломов); креативтіліктің тұлғалық ұқсастықтары (Л.Б.Ермолаева-Томина, А.Н.Лук, Р.В.Рескин ); шығармашылық әлеуеттің дамуы мен коммуникативті біліктілік пен коммуникативті мәдениеттің дамуы (Э. де Боно, М.С.Каган , Р.Крачфилд, А.М.Матюшкин, А.Л.Петровская, Е.Торранс, М.Уоллах); креативтілік диагностикасы (Д.Б.Богоявленская, Дж.Гилфорд, Л.Б.Ермолаева-Томина, Е.Торранс, Н.Б.Шумакова, Е.И.Щебланова).

«Креативтілік» сөзінің анықтамасы әр түрлі екеніне қарамастан, олар екі басты талаптарға жауап береді - жаңашылдық пен орындылық. Шығармашылықты зерттеген шетелдіктердің тәжірибесін ортақтай келе, креативтілік әр түрлі мүмкіндіктердің жинағы ретінде қарастырылады және оның келесі көрсеткіштерін ажыратады:

- 1) тәжірибеге дайын болу - жаңа мәселелерге деген сезімталдық;
- 2) санаттау ендігі - біріктірулер қашықтығы, біріктіру қатарының ендігі;
- 3) ойлау тездігі - бір санаттан екінші санатқа жылдам ауысу мүмкіндігі, бір шешу тәсілінен екіншісіне;
- 4) ойлау ерекшелігі - дербестік, төтендік, шешімнің тапқырлығы.

Біз креативтілікті шығармашылықтың субъективті детерминантасы, жүйелі (көп өлшемді, көп деңгейлі) психологиялық білімі ретінде анықтаймыз. Креативтілік адам өмірінің барлық салаларының (тануда, ойлауда, қарым-қатынаста, кәсіби қызметінде, өзін-өзі кемелдендіруде және т.б.) инновациялық түрлендіруінде байқалады, келесі деңгейлерде: тұлға (потенциал) - үрдіс - нәтиже. Шығармашылық үрдісі екі тең бағытталған беталыстан - жасампаздықтан және стереотиптерді құру мен жоюдан (қайта құру) тұратынын ескере отырып, жеке тұлғаның креативті жүріс-тұрысын «жасампаз қирату» ретінде қарастыруға болады.

Біздің ойымызша, «креативтілік» сөзінің анықтамасы «шығармашылық әлеует» сөзінің анықтамасынан кең мағыналы болып келеді, себебі креативтілік феномені әлеуетті және өзекті пішінге ие. Креативтілік феноменінде әлеуетті және ағымдағы нысаны болғандықтан, бұл түсініктің мағына өрісі шығармашылық әлеуеттен ауқымдырақ. Ағымдағы нысаны - іске асырылған (көрсетілген) креативтілік. Шығармашылық тұлға - өз креативтілігін инновациялық жетістіктерде іске асыратын тұлға. Шығармашылық қабілеттер (зияткерлік, эстетикалық, коммуникативті және т.б.) - креативтіліктің құрылымдық құрамдастары.

Біз креативтілік дамуының 6 көрсеткішін ұстанамыз:

- мәселені анықтау мен оны шешу мүмкіндігі;
- «ойлау тездігі» (бірлік уақыт ішінде пайда болатын ойлар саны);
- ерекшелік (ортақ қабылданған көзқарастардан айырмашылығы бар, ойларды тудыру қабілеті);
- икемділігі - әр түрлі ойларды өндіру қабілеті;
- мәліметтерді қоса отырып, объекті жетілдіру қабілеті;
- мәселелерді шешу қабілеті, яғни, саралау мен синтез қабілеті.

Мектеп-гимназия оқушыларында креативтілік дамуының негізгі критерийлері деп келесіні санаймыз:

- жаңа тәжірибеге дайын болу;
- шығармашылық әлеуеттің өсуі;
- зейін қою қабілеті;
- эмпатия;
- оқыту үрдісіне деген қызығушылық.



Мектеп-гимназия оқушыларында ойлау креативтіліктің дамыту бойынша өткізілетін психологиялық жұмыстар ретінде, біз ерекшелік, икемділік пен ойлау тездігінің дамуына бағытталған психологиялық тренингтер мен жаттығуларды қолдану тиімді деп еспетейміз.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Нагымжанова К.М. Формирование креативного стиля мышления будущих педагогов в образовательной среде высшего учебного заведения / К.М.Нагымжанова, Ш.Т.Таубаева // Вестник АПН Казахстана. - 2015. - №4. - Б. 57-64.
- [2] Taylor C.W. Various approaches to and definitions of creativity / C.W.Taylor, R.Sternberg, T.Tardif. - Cambridge: Cambridge University Press, 1988. - P. 99-126.
- [3] Фор М.В. Динамика интеллекта и креативности в период взрослости/ Научно-практическая конференция «Ананьевские чтения». - СПб., 2007. - Б. 252-253.
- [4] Guilford J.P. Creativity / J.P. Guilford // American Psychologist. - 1950. - №5. - P. 444-454.
- [5] Guilford J.P. . The nature of human intelligence / J.P. Guilford. - N.Y., 1967. - 538 p .
- [6] Renzulli J.S. The tree-ring conception of giftedness: A developmental model for creative productivity / J.S. Renzulli, R.I. Sternberg, J.E. Davidson. - Cambridge: Cambridge University Press, 1986. - P. 53-92.
- [7] Amabile T.M. The social psychology of creativity / T.M.Amabile. - New York: Springer, 1983. - 390 p .
- [8] Torrance E.P. Creativity and futurism in education: Retooling / E.P.Torrance // Education. - 1980 (b). - V. 100. - P. 298-311.
- [9] Mednick S.A. The associative basis of the creative process / S.A.Mednick // Psychological Review. - 1962. - V. 69. - № 2. - P. 220-232.
- [10] Гейвин Х. Когнитивная психология / Х.Гейвин . - СПб., 2013. - 256 б.

## REFERENCES

- [1] Nagymzhanova, K.M. & Taubaeva, Sh.T. (2015). Formirovanie kreativnogo stilya myshleniya budushchih pedagogov v obrazovatel'noj srede vysshego uchebnogo zavedeniya [Formation of a creative style of thinking of future teachers in the educational environment of a higher educational institution]. Vestnik APN Kazakhstan - Bulletin of the APS of Kazakhstan, 4, 57-64 [in Russian].
- [2] Taylor, C.W., Sternberg, R. & Tardif, T. (1988). Various approaches to and definitions of creativity. Cambridge: Cambridge University Press [in English].
- [3] For, M.V. (2007) Dinamika intellekta i kreativnosti v period vzroslosti [The dynamics of intelligence and creativity in the period of maturity]. Nauchno-prakticheskaya konferenciya «Anan'evskie chteniya» - Scientific and practical conference «Ananiev Readings» (p p . 252-253). Saint-Petersburg [in Russian].
- [4] Guilford, J.P. (1950). Creativity. American Psychologist, 5, 444-454 [in English].
- [5] Guilford, J.P. . (1967). The nature of human intelligence. N.Y. [in English].
- [6] Renzulli, J.S., Sternberg, R.I., & Davidson J.E. (1986) The tree-ring conception of giftedness: A developmental model for creative productivity. Cambridge: Cambridge University Press [in English].
- [7] Amabile, T.M. (1983). The social psychology of creativity. New York: Springer [in English].
- [8] Torrance, E.P. (1980). Creativity and futurism in education: Retooling. Education, Vol. 100, 298-311. [in English].
- [9] Mednick, S.A. (1962). The associative basis of the creative process. Psychological Review, V. 69, 2, 220-232 [in English].
- [10] Gejvin, H. (2013). Kognitivnaya psihologiya [Cognitive Psychology]. Saint-Petersburg [in Russian].

Иргалиев А.С., Нұрбекқызы Г.

**РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ ПОДРОСТКОВ В УСЛОВИЯХ ШКОЛЫ-ГИМНАЗИИ**

**Аннотация.** В статье рассмотрены научно-методологические основы проблемы развития креативного мышления на основе творчества, механизмы развития креативности в науке, творческая реализация личности в получении креативных знаний, развитие творческой инициативы в личности, мнения зарубежных ученых о креативности (Дж.Гилфорд, К.Тейлор, Дж.Рензулли и др.), различные определения креативности (гештальтистское; инновационное, креативное; эстетическое или экспрессивное; психоаналитическое или динамическое). Креативность определяется как субъективный детерминант творчества, системное психическое образование, творческая личность - личность, реализующая свою креативность в инновационных достижениях, а творческие способности (интеллектуальные, эстетические, коммуникативные и др.) как структурные составляющие креативности. В статье приведен анализ результатов психологической диагностики («Тест вербальной креативности», тест креативности Е.Торранса, «Тест на определение уровня креативности» Дж.Брунера, «Тест дивергентности мышления» Ф.Вильямса), анализируется краткое содержание программы психологических тренингов, направленных на развитие креативности мышления у учащихся школы-гимназии.

**Ключевые слова:** креативность; творчество; интеллект; инновационное разнообразие; креативность; креативный процесс; креативный продукт; креативная личность; креативная среда; дивергентное мышление; стереотипное мышление; скорость мышления; самостоятельность мышления.

Irgaliyev Assylbek, Nurbekkyzy Gauhar

**DEVELOPMENT OF CREATIVE THINKING OF TEENAGERS IN THE CONDITIONS OF A SCHOOL-GYMNASIUM**

**Annotation.** The article considers the scientific and methodological foundations of the problem of developing creative thinking based on creativity, the mechanisms of creativity development in science, the creative realization of the individual in obtaining creative knowledge, the development of creative initiative in the individual, the opinions of foreign scientists about creativity (J. Gilford, K. Taylor, J. Renzulli, etc.), various definitions of creativity (gestaltic; innovative, creative; aesthetic or expressive; psychoanalytic or dynamic).

Creativity is defined as a subjective determinant of creativity, systemic mental education, creative personality-a person who realizes his creativity in innovative achievements, and creative abilities (intellectual, aesthetic, communicative, etc.) as structural components of creativity. The article analyzes the results of psychological diagnostics («Test of verbal creativity», test of creativity by E. Torrance, «Test for determining the level of creativity» by J. Bruner, «Test of divergence of thinking» by F. Williams), analyzes the summary of the program of psychological trainings aimed at developing creative thinking in high school students.

**Keywords:** creativity; creativity; intelligence; innovative diversity; creativity; creative process; creative product; creative personality; creative environment; divergent thinking; stereotypical thinking; speed of thinking; independent thinking.

ӘОЖ 796.83

ҒТАХР 77.29.10

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).9

**Байтлесова Н. Қ., Тлебалиев А. А.***М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан***E-mail:** Asiljan.t.a@mail.ru**ЖАСӨСПІРІМ БОКСШЫЛАРДЫҢ ҚУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ  
ҚАБІЛЕТІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

**Аңдатпа.** Мақалада жасөспірім боксшылардың жылдамдық қабілетін дамытуға арналған әдіс тәсілдер көрсетіледі. Спортшыларға жоғары қуаттылықты дамытудың жолдары қандай жағдайда жүзеге асырылатындығы жөнінде айтылады. Боксшының арнайы жылдамдығы реакцияның латентті уақыты, жоғары қарқында бір соққы орындау уақыты көрініс табады. Арнайы күш қолдану арқылы жекпе жекте бұлшық еттің қатаюы азайса нәтижені бағалауға болады. Жасөспірім боксшыларды жалпы күш дайындығы әдістер ішінде оқу жаттықтыру процесінде металл таяқшаны кеудеден итеру қолданылады (салмағы 5-10 кг). Отырып тұру жаттығуларынан кейін аяқты түзеу мен тіректен тартылу жылдам жүзеге асады. Аяқ пен қолды түзеу уақыты баспен тік соққы жасау уақытқа сай болуы керек. Күш дайындығының құралы мен әдісін таңдауда динамикалық сәйкестілік принципін басшылыққа алу керек. Бұл процесстер спортшыларды күш дайындығында жаттықтыру жаттығуларын, кинематикалық және динамикалық құрылымына сәйкес жаттығулар таңдау керек.

**Кілт сөздер:** жылдамдық реакциясы; жаттықтыру процессі; аралық координациялар; қимылдар сериясы; динамикалық күш; реактивті қабілет.

*Кіріспе*

Боксшының арнайы жылдамдығы реакцияның латентті уақыты, жоғары қарқында бір соққы орындау уақыты көрініс табады. Арнайы күш қолдану арқылы жекпе жекте бұлшық еттің қатаюы азайса нәтижені бағалауға болады.

Спортшыларда жоғары қуаттылықты екі жол арқылы жүзеге асыруға болады:

а) бұлшық ет массасын ұлғайту;

б) бұлшық ет іші мен бұлшық ет арасы координациясын жетілдіру есебінен.

Қуаттылық бұлшық ет массасы бой өсімімен қатар ұлғайса ұзақ сақталса, бұлшық ет массасы ұлғаймаса күш жылдам жоғалады. Егер спортшы бұлшық ет қатаюын талап ететін жаттығуларды жүйелі түрде қолданбаса бұлшық ет күш төмендей береді.

Жасөспірім боксшыларды жалпы күш дайындығы әдістер ішінде оқу жаттықтыру процесінде металл таяқшаны кеудеден итеру қолданылады (салмағы 5-10 кг). Отырып тұру жаттығуларынан кейін аяқты түзеу мен тіректен тартылу жылдам жүзеге асады. Аяқ пен қолды түзеу уақыты баспен тік соққы жасау уақытқа сай болуы керек [1].

Боксшыларда бұлшық ет аралық координацияларды жақсартудың жалпы дайындық құралы ядро лақтыру мен соққы техникасын сақтай отырып тас лақтыру болып табылады (салмағы 3-5 кг).

Аталған жаттығулар 8-15 есе сериямен орындалады, осыдан кейін 10-15 секунд ішінде жедел қарқынмен тартылыссыз соққы қимылдары орындалады, осыдан кейін босаңсуға арналған жаттығулар мен бұлшық еттің қайта қалыпқа келуіне дейін бұлшық еттің уқалау жаттығулары жасалады. Бір сабақта 5 серияға дейін әрбір жаттығу жасалады.

Жылдам күшті жетілдіру үшін сыртқы тартылыс жаттығулары қолданылады. Қол үшін 200 ден 500 г дейін, аяқ үшін - 1,5 кг жаттығулар қолданылады. Қимыл сериясын және қимыл жаттығуларын аяқ астынан орындауға айрықша назар аудару керек.

Жалпы дамытушылық жаттығулары арасында теннис добы мен тасты алысқа лақтыру, нысанаға дәл тигізу жаттығулары ұсынылады.

Бұлшық еттің жарылыс күшке қабілетін көрсетудің айрықша формасы жүйке бұлшық ет аппаратының реактивті қабілеті болып табылады. Ол бұлшық еттің басым режимінен қалыс қалған режиміне ауысу қимылында көрініс табады. Бұлшық еттің механикалық созылуынан кейін жедел қысқаруы жүзеге асып, динамикалық күш қатар көрініс табады.

Бокста белгілі бір үйлесім қол, аяқ, дененің қимылының соққы күшінің ұлғабында үлкен рөл атқарады.

Боксшының соққы қимылы мынадай келісім элементтерінен тұрады:

- а) аяқтың бүгілу қимылы;
- б) дененің бұрылуы;
- в) қолдың қимылы.

Күш дайындығының құралы мен әдісін таңдауда динамикалық сәйкестілік принципін басшылыққа алу керек. Бұл процесстер спортшыларды күш дайындығында жаттықтыру жаттығуларын, кинематикалық және динамикалық құрылымына сәйкес жаттығулар таңдау керек [2].

Динамикалық сәйкестілік принципін сақтау – боксшыларға қажетті бұлшық етті жаттықтыруда дамыту керек.

#### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Боксшыға керекті күш – жылдам әрі жарылыс күші болып табылады. Бұл күштің түрлерінің дамуы боксшылардың динамикалық сәйкестілік принциптерінің талаптарына жауап беретін жаттығуларын келесі әдістерді қолдануына ықпал етеді:

- 1) динамикалық күш әдісі (жоғары жылдамдықпен салмақ тартылысын ауыстыру бойынша жаттығулар);
- 2) соққы әдісі (бұлшық етті снаряд немесе спортшының денесінің кинетикалық энергиясын жұмсау арқылы күшейту).

Бұлшық ет топтарының жылдам және жарылыс күштерін тәрбиелеу үшін жаттығулары қатары дайындалады. Келесі жаттығулар тәжірибеде қолданылатын және бокста күш дайындығының әдісінің талаптарына сәйкес болады.

Аяқтың бүгілуі мен жазылуы.

- 1) Секіргішпен жұмыс.
- 2) Жедел жоғары секіру.
- 3) Алға жедел секіру сериясы.

Бұл жаттығулар соққы әдісімен аяқ бұлшық етінің жарылыс күшінің дамуына ықпал етеді. Олардың әрқайсысында қосымша тартылыс қолдану қарастырылады. Тартылыс салмағы мен тапсырманы орындау уақыты айналысушылардың күштілік мүмкіндіктерімен реттеледі. Жылдамдықтың төмендеуінің бірінші белгісіне дейін жаттығуды жалғастыруға болады. 2 және 3 тапсырмаларда жерге отырған уақытта және секірген уақытта аяқтың жұмысының әртүрлі үйлесімі мүмкін. Сол аяқпен бір секіріс, екінші жаттығу екі аяқпен тартыла секіру.

- 4) Аяқпен әртүрлі снарядтарды лақтыру немесе қозғау.
- 5) Аз амплитудалы отыру 20-30 % дейін салмақпен тартылу арқылы.

Бұл жаттығулар динамикалық күш әдісінің аяқ бұлшық еттерінің жылдам күшін дамытуда қолданылады. Жаттығуда снаряд ретінде ядро, үрмелі доптар, тастар

қолданылады. Жаттығулар аяқтың жазылуы мен дененің бұрылуы, қолдың жазылуы есебінен орындалуы керек.

Бұл жаттығулардың әрқайсысын орындау барысында оның жылдамдығының төмендеуі байқалады.

Денені бұруды жүзеге асыратын бұлшық еттер.

6) Инерция сәтін уақыттағы жаттығулар.

Ол жаттығулар мысалы иыққа таяқша қою арқылы дененің бұрылуы. Нүктелер арасында ара қашықтық инерция көлемін айқындайды, ара қашықтық үлкен болса инерция уақыты да үлкен болады.

7) Эспандер қарсылығын бағындыру жаттығулары.

Екі жаттығу да жылдамдық жоғары болған уақытқа дейін орындалады. Жылдамдық төмендеген уақытта (индикатор болып табылатын дененің бұрылу жиілігін азайту) бұл жұмысты тоқтату керек болады.

Денені бүгетін және жазатын бұлшық еттер, және олардың антагонистері.

8) Азамплитудалы еңкею мен дененің бүгілуі 10-15 % дейінгі тартылыс күшінің сақталуы.

Иық белдеуі мен қол бұлшық еттері.

Бұл бағыттағы жасөспірім боксшылардың күш дайындығының жаттығулары айрықша сақтықпен таңдау керек. Бұлшық ет топтары боксшы соққысының соңғы фазасы болып табылады. Жаттығуда жүйелі түрде қолданса, тартылысты жоғары қолданса, жаттығуларды ұзақ қолданса, бұлшық еттің қысқарылымының жылдамдығының төмендеуіне әкеледі және айналысушының соққысының баяндауына әкеледі. Сондықтан, динамикалық сәйкестік принципі сақталуы маңызды.

Иық белдеуі мен қолдың бұлшық еттерінің күш дайындығының әдісі динамикалық күш барысында спортшының өз салмағының 0,5-1 % салмақтан көп емес тартылыс қолдану керек.

Жаттығулар бұл уақытта соққылар немесе қимылдар болып табылады. Тартылулар гантелдер, тастар болады.

9) Гантелмен жасалатын жаттығулар.

10) Алынатын жүктер арқылы жасалатын жаттығулар.

Тәжірибеде боксшының салмағынан 0,5-1 пайыз шамасында тартылу салмағын айқындау керек. Сондықтан жеңіл тартылыс қолдану ұсынылады, бастапқы тартылыс орындалатын қимылдың жылдамдығын төмендету керек. Бұл салмақтың кемшілігі жұмыстың ұзақтығы мен қарқындылығын қалыпқа келтіру болады.

11) Таспен жасалатын жаттығулар (жаттықтыруда).

12) Үрмелі доппен жасалатын жаттығулар.

1-3 кг салмақтағы үрмелі доптармен жасалатын жаттығулар айрықша назар аудартады. Жаттығуларда боксшы жоғары күшпен және жылдамдықпен үрмелі доппен жасалатын тек қимыл ғана емес, сонымен бірге тік соққы жасалады (динамикалық күш әдісі), бұлшық етте қарсыластың лақтырған снарядтың кинетикалық энергиясын сақтайды [3].

#### *Зерттеу нәтижелері*

Әдістемелік ұсыныстар.

1. Күштілік дайындығының жаттығуларын таңдауда жаңадан бокспен айналысушылар динамикалық сәйкестік принципін ұстану керек.

Жасөспірім спортшының күштілік дайындығы оның ағзасына жан жақты әсер етуі мүмкін деген пікір бар. Жас адамның бұлшық ет аппаратының қабілетін жетілдіру керек. Осындай жан жақты күшті жүктеме бұлшық ет қызметінің ерекшелігінде боксшылар үшін екінші дәрежелі гипертрофия пайда болуы мүмкін. Сондықтан жасөспірім боксшылардың

күштілік дайындығында бокстан бас тартуға болмайды: боксшының күштілік қабілеті жылдам қимыл барысында көрініс табуы керек (бұл белгілі бір дәрежеде бұлшық ет топтарының кейбір гипертрофиясына ықпал етеді, жаттықтыру барысында тартылыс көлемінен артпауы керек) арнайы бокс әдістері (бұлшық еттің боксшыға керекті жаттығуларының тартылуы).

2. Жасөспірім боксшылардың күш дайындығы 13-17 жас аралығында тиімді болады.

Бұл адамның күш қабілетінің сынамалы кезеңі жылдам және жарылыс қимылында көрініс табады.

3. Күштілік дайындығы барысында спортшы жаттықтыру сабағының негізгі бөлігінде жүзеге асыру керек.

Бұлшық ет күші мынаған байланысты:

а) физиологиялық кереғарлық пен бұлшық еттің жағдайына;

б) орталық жүйке жүйесінің қызметіне байланысты. Сондықтан, күштілік жаттығулары орталық жүйке жүйесінің тыныш жағдайына байланысты, сонда бұлшық ет күшінің өсіміне ықпал ететін жүйке координациялық жетілуі жүзеге асады. Сабақ соңында күш жүктемесін қолдану тиімділігі азаяды.

Осыған байланысты тағы бір ұсыныс: интервалды әдіспен күш жаттығуларын орындаған уақытта толық қайта қалыпқа келтіруге дейін қайталаулар арасында демалыс міндетті. Сабақ тығыздығы жұмыссыздық интервалына байланысты төмендемеу үшін әртүрлі бұлшық ет топтарына жүктемелерді ауыстыру олардың арасында 1-1,5 минутты демалыс арқылы жүргізілуі керек [4].

4. Жасөспірім боксшының күш дайындығы 15-20 минутты сабаққа арналады. Күш жүктемесін ауыстыру бағыты мен әдісі дұрыс бағытталса тиімділігі жоғары болады [5].

#### *Қорытынды*

Жаттығуларды орындаған уақытта айналысушылардың тіректен итеру мен жоғары қарқынмен секіруге назарын аударуға тиіс. Соққы әдісінің арнайы варианты сол және оң қапталмен секіру, негізгі бокстық тірек жағдайында отыру (дененің 60-80 % салмағы атқа қойған аяқта болады). Отырғаннан кейін артқа қойған аяқтың бүгілуін тез орындау керек және артта ұстаған қолдың тік соққысын жасау керек. Қимыл ассиметриясын тегістеу үшін және атлеттің техникалық мүмкіндігін кеңейту үшін сол жаққа және оң жаққа тірекке отырып аталмыш жаттығуды орындау керек.

#### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Ланда Б.Х. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности / Б.Х.Ланда. – М.: Физическая культура и спорт, 2004. – 234с.
- [2] Зациорский В.М. Теоретические и метрологические основы отбора в спорте / В.М.Зациорский Учебное пособие для слушателей УСО и ВВП / ГЦОЛИФК – М. 2005. – 41с.
- [3] Матвеев Л.П. Основы общей теории спорта и системы подготовки спортсменов / Л.П. Матвеев. – Киев: Олимпийская литература, 1999. – 318 с.
- [4] Платонов В.Н. Выносливость спортсмена и методика ее совершенствования. Ч. 1: учеб.-метод. пособие / В.Н. Платонов, М.М.Булатова. Киев.: КГИФК, 1992. - 51 с.
- [5] Никифоров Ю.Б. Построение и планирование тренировки в боксе / Ю.Б.Никифоров, И.Б.Викторов - М.: Физкультура и спорт, 1978. – 146 с.

#### **REFERENCES**

- [1] Landa, B.H. (2004). Metodika kompleksnoj ocenki fizicheskogo razvitiya i fizicheskoy podgotovlennosti [Methods of complex assessment of physical development and physical fitness]. – М.: Fizicheskaya kul'tura i sport [in Russian].
- [2] Zatsiorsky, V. (2005). Teoreticheskie i metrologicheskie osnovy otbora v sporte [Theoretical and metrological bases of selection in sports]. Uchebnoe posobie dlya slushatelej USO i VNP / GCOLIFK - Textbook for students of USO and GNP / GTSOLIFK-M. [in Russian].

[3] Matveev L.P. (1999). Osnovy obshchej teorii sporta i sistemy podgotovki sportsmenov [Fundamentals of the general theory of sports and the system of training athletes]. – Kiev: Olimpijskaya literatura [in Russian].

[4] Platonov, V. N. (1992). Vynoslivost' sportsmena i metodika ee sovershenstvovaniya [Endurance of the athlete and the methodology of its improvement]. CH.1: ucheb.-metod. posobie - Ch. 1: textbook.-method. manual. Kiev.: KGIFK [in Russian].

[5] Nikiforov, YU.B. (1978). Postroenie i planirovanie trenirovki v bokse [Construction and planning of training in boxing]. Fizkul'tura i sport - Physical Culture and Sport, - M. [in Russian].

**Байтлесова Н. К., Тлебалиев А. А.**

### **МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА РАЗВИТИЕ СИЛОВЫХ И СКОРОСТНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ЮНЫХ БОКСЕРОВ**

**Аннотация.** В статье будет показана методика, предназначенная для развития скоростных способностей юных боксеров. Спортсменам расскажут, в каких условиях реализуются пути развития высокой мощности. Специальная скорость боксера выражается в латентном времени реакции, время выполнения одного удара в высоком темпе. Оценить результат можно, если в бою с применением специальной силы снижается мышечная напряженность. Общая силовая подготовка боксеров-подростков в процессе учебной тренировки используется отжимание металлической палочки от груди (вес 5-10 кг). После упражнений с сидя быстро осуществляется выпрямление ног и подтягивание на перекладине. Время выпрямления ног и рук должно соответствовать времени выполнения вертикального удара головой. При выборе средства и метода силовой подготовки следует руководствоваться принципом динамической идентичности. Эти процессы должны включать в себя тренировочные упражнения в силовой подготовке спортсменов, подбор упражнений в соответствии с их кинематической и динамической структурой.

**Ключевые слова:** скоростная реакция; тренировочный процесс; промежуточные координаты; серия жестов; динамическая сила; реактивная способность.

**Baytelesova Nursulu, Tlebayev Asilzhan**

### **METHODS AND TECHNIQUES AIMED AT THE DEVELOPMENT OF POWER AND SPEED ABILITIES OF YOUNG BOXERS**

**Annotation.** The article will show a technique designed to develop the speed abilities of young boxers. Athletes will be told in what conditions ways of development of high power are realized. The special speed of a boxer is expressed in latent reaction time, the time to perform a single punch at a high pace. You can evaluate the result if the muscle tension is reduced in combat with the use of special force. General strength training of teenage boxers in the course of training, a push-up of a metal stick from the chest (weight 5-10 kg) is used. After the sitting exercises, the legs are quickly straightened and pulled up on the crossbar. The time of straightening the legs and arms should correspond to the time of performing a vertical headbutt. When choosing a means and method of strength training, you should be guided by the principle of dynamic identity. These processes should include training exercises in the strength training of athletes, the selection of exercises in accordance with their kinematic and dynamic structure.

**Keywords:** rapid reaction; training process; intermediate coordinates; series of gestures; dynamic force; reactivity.

ӘОЖ 377.5.02

ГТАХР 14.07.09; 06.81.23

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).10

<sup>1</sup>Кульбаева Б.С., <sup>2</sup>Есенғұлова М.Н.<sup>1</sup>Баишев университеті, Ақтөбе, Қазақстан<sup>2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: Kulbaeva\_1972@mail.ru, ms.miko77@mail.ru

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі таңдағы пандемия кезіндегі қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін арттыру туралы идея алынған. Жазу жұмысы – бастауыш сыныптағы жалпы, оқу процесіндегі аса маңызды салаларының бірі, ол үздіксіз әрі ырғақпен жазу жаттығуларын орындап отыруды, көркем жазуға баулу барысында жүйелі жұмыс істеуді қажет етеді. Сонымен қатар, мақалада мектептерде жаңартылған білім мазмұнына көшу және пандемия жағдайындағы қашықтықтан оқыту жүйесіне ауысу бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің қажеттілігін және оның өзектілігі айтылған. Бастауыш сыныпта жазу дағдысын қалыптастыру барысында баланың жас ерекшелігін ескеру негізінде әдістемелерді оқыту жолдары көрсетілген және жазуға үйрету процесі баланың психологиялық, физиологиялық дамуына және сенсорлық дағдының қалыптасуына тигізетін ықпалдары зерттелген. Қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың жаңа формалары қарастырылып, оқытушыларға ұсынылған.

**Кілт сөздер:** Бастауыш сынып; қашықтықтан оқыту; көркем жазу; дағды; көркем жазу әдістемесі; сенсорлық дағды; функционалдық сауаттылық; жазу әдістемесі; психофизиологиялық даму; жас ерекшеліктері; графикалық дағды; көркем жазу курсы.

### *Kіpіcнe*

XXI ғасыр әлем жұртшылығы адам мен оның мәдениетіне ерекше мән беруді алға тартып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстанның мәдени мұраға тиісті дәрежеде көңіл бөле бастауы әлемдік үрдіске әбден сай келеді.

Қазіргі заманның тарих, археология, этнография, тіл біліміне маманданушы білімдер жас буын мәдени мұраның қайнар бұлағынан нәр алса ғана рухани уызына жарып, бәсекеге дайын болып өседі.

Адамзат мәдениетінің зор табыстарының бірегейі жазу болады. Қазақтың байырғы өркениетінің биік шыңы да оның атадан балаға мирас болып келе жатқан жазулары екені белгілі.

Көркем жазу әдістемесінің дамуы жазудың шығу тарихымен байланысты. Ертеректе көркем жазу өнер пәндерінің циклінде оқытылды. Бұл пәннен сурет, сызу пәндерінің мұғалімдері дәріс берді. Олар әріпті таңбалай білуге ғана үйретті, тек әдемі әрі жылдам жазу міндетін қойды. XIX ғасырдың ортасында көркем жазуға байланысты бірнеше әдістемелер шыға бастады: В.Половцев «Шапшаң жазу курстары», И.Е.Евсеев «Көркем жазуды үйретудің әдістемесі», В.Ходоровский «Шапшаң жазу курстары», П.Е.Баранцевич «Шапшаң жазуға жетелеу», П.Е.Градовоев «Қызмет іс-қағаздары: тізімдеме, есепшот, қолхат, вексельдердің әдемі жазу үлгісін» шығарды. Соның ішінде И.Е.Евсеевтің «Көркем жазуды үйретудің әдістемесі» еңбегінің маңызы ерекше болды. Онда автор барлық қолданыста



болған жазу әдістеріне, жалпы көркем жазудың даму тарихына шолу жасай келе, жазуға үйретудің жаңа әдіс-тәсілдерін ұсынды, ол әріптерді топтастырып үйретуді және оларды қандай ретпен үйрету қажеттігін айқындап көрсетті, құралдың қосымша бөлігінде шрифт пен көркем жазудың үлгілерін ұсынды. Бұл әдістемелік құрал сұранысқа ие болып, бірнеше рет қайта басылды [1].

К.Д.Ушинский 1824-1870 жылдары көркем жазудың толыққанды жаңа әдістемесін жасады, бұрынғыша сылдыр көшіріп жазу емес, ойланып, түсініп жазуды ұсынды. Сөйтіп, сауат ашудың дыбыстық талдау-жинақтау әдісін енгізді [2].

Кейінгі ғасырларда кітап басу ісінің өркендеуіне байланысты көркем жазу өнері графика, көркемдеу салаларында ғана шектеліп қалды. Кейіннен бастауыш мектепте пән ретінде қалыптасты. Көркем жазу қағидалары, әсіресе, грамматика мен емлені оқытуда басшылыққа алынады. Жазудың графикалық жақтарын үйретудегі мақсат дыбысты әріппен белгілей білу, жазудың сыртқы түрін, әріптердің әдемілігі мен тіркесу жолдарын игеру, әріп элементтерін сақтай жазу, шапшаң жазу, көшіріп жазу, естіп жазу, санаумен жазу, сөйлемді, тұтас мәтінді дұрыс, анық, таза жаза білу, ойын бірте-бірте жазба түрде баяндай білу секілді дағдыларды меңгеру болып табылады. Бұл жазу дағдыларын көркем жазу әдістемесінде қарастырады. Аталмыш ғылымда басқа ғылымдар сияқты қалыптасып, дамуда. Бұл мәселені зерттеуге атсалысқан көрнекті орыс педагогтары, психологтары мен әдіскерлері: Л.С.Выготский, А.Р.Лурия, К.Д.Ушинский, И.Г.Агаркова, В.А.Илюхина және т.б. өз еңбектерінде «каллиграфия» терминін әдемі жазу өнері, дұрыс мәнерлі жаза білу деп түсіндірді [3]. Осы кезекте, жазуға үйретудің жүйесі мен дәстүрлі оқыту бағдарламаларын ұсынған И.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтардың еңбектерін айта кетуге болады. Олардың барлығы келесі міндеттерді шешуге бағытталады:

- әріптердің кескін үйлесімін (конфигурациясын) дұрыс қабылдауы, таңбалардың өзара ұқсастығы мен айырмашылықтарын ажырата білуі, жазудағы қол қимылдарының дұрыс болуы үшін бірінші сынып оқушыларының көрнекі-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеру;
- әр түрлі пішіндерді көзбен көріп қабылдау дағдыларын жетілдіру;
- дәптер беті, жол сызықтары кеңістігінде дұрыс бағдар жасап, жазу элементтерінің арасындағы кеңістік қарым-қатынасын тез анықтау қабілетін қалыптастыру;
- қолды нығайту, оның қозғалыс координациясын жақсарту, жалпы жазу қызметіндегі қолдың барлық күрделі жүйесін өзбетімен басқару дағдыларын жақсарту.

Сонымен жазуға үйретудің Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов ұсынған жүйесінің жазу-сызу үшін пайдасы – дыбысталған сөзді жазарман қалай әріп таңбаларына айналдырады деген мәселені қамтитынында. Олар каллиграфиялық дағдыны қалыптастырудың орфографиялық дағдыны қалыптастырумен байланыстылығын ескертеді. Сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын модельдеу, жазу жұмысына дайындық жаттығулары, дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды тәжірибеде қолдану, сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру мәселелері оқу қызметін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік береді.

Кез келген адам үшін қарым-қатынастың жазу тәсілін қолдана алуы анағұрлым маңызға ие болып табылады. Жазу өте күрделі процесс. Егер де жазу анық, мүмкіндігі бойынша әдемі жазылып, ыңғайлы оқылатын болса, жазушының өзінің де мәдениеті аңғарылады және жағымды қарым-қатынасы байқалады. Сонымен қатар, жазу адамның миының іс-әрекетімен және адамның анатомиялық, физиологиялық, психологиялық даму құрылымымен байланысты. Ми қыртысының бұзылуы болған жағдайда адамның сөйлеу және жазу дағдысының қалыптасуына кері әсерін тигізетіні Р.Е.Левина, Ж.И.Шиф, С.М.Блинков, А.Р.Лурия т.б. еңбектерінде қарастырылған. Жазудың барлық түрлері, яғни диктант, мазмұндама, шығарма, эссе жазу мидың анатомиялық-физиологиялық құрылымымен

байланысты. Физиолог Е.В.Гурьяновтың айтуынша - мектеп жасына дейін бала түрлі қимыл-әрекеттерге дағдыланады. Ал, мектепке келердеқаламсаппен, қаламмен жұмыстар (ұстау, түрлі формаларды сызу, ауада жазу, көзбен дәптер арақашықтығын сақтау т.б.) жиынтығы қосылады. Жазбаша сөйлеудің қабылдаушыға әсер ететіндей қосымша құралдары жоқ; ол бүкіл оқушы қауымға арналады; онда автордың эмоциясы мен сезімі, толқуы мен мұңаюы, қуанышы реніші т.б.с.с. бәрі сөз арқылы жеткізіледі; жазу тілін қабылдау қиялдың жұмысын қажет етеді. Ол адамның ми іс – әрекетімен тығыз байланысты. Адам өмірде кездесетін әр түрлі деректі, ақпаратты басқа біреуге жеткізу қажеттілігінен жазғысы келеді; бірдеңені айтуды, жазуды қалайды, сол арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынастардың алғы шарттары байқала бастайды. Екінші кезеңде жаңағы өмірден туған қажеттілік, яғни белгілі бір хабар миға ауысады, адамның санасында бейнеленеді, ой туғызады. Үшінші кезеңде адам санасындағы қалыптасқан ой сөзге, сөйлемге айналады. Сол ойды дұрыс жеткізу үшін тіл үйренуші тиімді сөздерді іздейді, айтқысы келетін хабардың ең басты мәнін дәл, нақты жеткізуді қалап, сөздердің мағынасын ойластырады. Төртінші кезеңде ойда жинақталған сөздер графикалық таңбалар арқылы тізбектеліп, белгілі бір ережелер заңдылығымен қағазға түсіп, жазуға айналады. Ол жазудың үлгісімен ғана емес, білдіретін мазмұндық сипатымен де ерекшеленеді [1].

Жазу баланың сенсорлық дағдысын қалыптастырумен байланысты бола отырып, оқу қызметінде жазылым процесін, айтылым мен оқылыммен біріктіре басқарады.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы әдіскерлердің айтуынша, көркем жазуға үйретуде әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстар оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Таза, әдемі жазуға баулу оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді [1].

Қазіргі заманғы қоғамда, ғылыми-техникалық прогресс және ақпарат ағымының күрделенген кезеңінде адамға білім алумен және білімін жетілдірумен көбірек айналысуға, дәрістерді жазбаша түсіруге, хабарламалар, конспектілер, тезистер жазуға тура келеді, сондай-ақ ғылыми-ақпараттық хаттардың үлесі де арта түседі: қатынасхаттар, хаттамалар, құжаттар, есеп жазу, мақалалар әзірлеу және тәжірибені, бақылауды, зерттеуді сипаттау және т.б. Барлық жағдайларда тек анық етіп жазу қажеттілігі туындап қана қоймай, сонымен қатар тез жазу да қажет етіледі. Компьютерлік графиканың қарыштап дамыған қазіргі қоғамында да көркем жазу өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ және «леттеринг» атауымен дамып келе жатырған жаңа бағыттың негізіне айналды.

Дүние жүзінде болып жатырған ғаламдық мәселелер, қазақстандық білім беру жүйесінің тиімділігіне бағыттала отырып, оның өзгеруіне себеп болды. Оған коронавирустық пандемия және соның салдарынан білім беру жүйесінің қашықтықтан оқыту жүйесіне ауысуын, компьютерлік және ақпараттық технологияларының дамуын және PISA халықаралық емтиханының нәтижелерін жатқызуға болады.

Соңғы PISA халықаралық емтиханының нәтижелері бойынша Қазақстан оқушыларының көрсеткіштері алдыңғы жылдардың көрсеткіштерінен төмен екендігі анықталды. Білім беру нәтижесін көрсету деңгейінің бірі – функционалдық сауаттылық, ол тұлғаның білім, білік және дағдылар негізінде әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты қызмет ету, нақты мәдени ортаға барынша жылдам бейімделу қабілеті ретінде анықталады. Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді: оқу, жазу сауаттылығынан; жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан; математикалық сауаттылығынан; компьютерлік сауаттылықтан; денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан; құқықтық сауаттылығынан. Осы қатардағы сауаттылықтардың алдыңғы шебіндегі оқу, жазу сауаттылығының алғашқы баспалдағы бастауыш сыныптағы сауат ашу пәні болып табылады. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбы

үшін «Сауат ашу» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында (ҚР БЖҒМ 2016ж 8 сәуір, №266 бұйрық) «Сауат ашу» пәнін оқытудың мақсат, міндеттері, соның ішінде *жазылым* дағдысын қалыптастыру барысы қарастырылған [4].

Әлемдік пандемия кезінде қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларын көркем жазуға үйрету, жылдам, қатесіз және әдемі жазуға төселдіру мәселелері қалыс қалып қойды. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін көптеген мүмкіндіктер жасалғанымен, көркем жазуға үйрету және сол дағдыларды жетілдіру мүмкіндіктері қарастырылмаған. Бұл жағдайда, біздің ойымызша, мынадай қызмет түрлері: көркем жазу онлайн-мектептерін ұйымдастыру, қашықтықтан оқыту жағдайында көркем жазуға үйрету әдістемелерін әзірлеу, жинақтау, көркем жазуға үйрету жұмыстарын мұғалім-оқушы-ата-ана үштігінде бірлесіп атқару жұмыстары ұйымдастырылуы қажет. Сондай-ақ, педагогтердің мұндай қызметке дайын емес екенін де ескеру қажет, көптеген мұғалімдер оларды іс жүзінде қолдануға дайын емес.

Оқу материалын қашықтан үйренуді қолайлы ету – ұстаз бен ата-ана алдындағы үлкен жауапкершілік. Бірақ, көп жағдайда каллиграфиялық сауаттылықты жетілдіру жолда қалып жатады немесе үстіртін қадағаланады. Егер, ұстаз нұсқаулығымен, ата-ананың немесе оның орнын алмастырушы өзге де жауапты тұлғаның қолдауымен басты назарға алынса зор нәтиже берері сөзсіз. Қазіргі оқушылар өте ақылды әрі дарынды, сондықтан еш қиналмастан кез келген бағдарламаны үйіріп алып кете алады.

Пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу үшін барлық білім беру ұйымдарында 2019-2020 оқу жылының 4 тоқсаны қашықтықтан оқыту форматында ұйымдастырылды. Қиын кезең кемел адамдарды қалыптастырады демекші, педагогтар қауымының шеберліктері мен біліктіліктерінің арқасында біраз психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары жүргізілді, қашықтықтан оқытудың қыр-сырын меңгеріп, төселді. Білім және ғылым министрлігімен бекітілген барлық бұйрықтар мен әдістемелік ұсыныс-нұсқаулықтар бойынша оқу үрдісін мүмкіндігінше жалғастырды. Мектептерде оқыту телесабақтар, Google classRoom, Zoom, «Bilimland», «Daryn» платформасында, WhatsApp чаттарда ұйымдастырылды, күнделікті сабақтарды теледидардан - «Балапан» арнасынан көрді.

Сабақ – қашанда жетіліп отыратын шығармашылық сипаттағы үрдіс, ал мұғалім – сабақтағы басты тұлға, өйткені ол оқушылардың жүйелі түрде білім алу дағдысын, іскерлігін қалыптастырады. Қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімнің негізгі міндеттерін жүзеге асыруда қиыншылықтар кездескені жасырын емес. Себебі, қазақ тілді сауат ашу мен көркем жазуға дағдыландыратын онлайн ресурстар жоқтың қасы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» мақаласында: «Кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше ойлауға, қалыптасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастайды. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға, сергек өмір салтын қалыптастыруға алып келеді» дегенді. Осы жағдай қарастырылып отырған мәселенің негізін қазіргі қолданыстағы оқыту технологиясымен байланыстыруымызға түрткі болды [5].

Қазіргі кезде білім беру саласы толық цифрландыруды қажет етіп отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану - келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына жол ашады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Ал, сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт. Бұл цифрлық жүйелер оқушыларға өткен сабақты немесе бұрын талқыланған тақырыпты қайта қарауға, сондай-ақ онлайн сабақ өткізуге,

кері байланыс орнатуға, жеке дара оқыту мен тапсырмаларды геймификациялауға зор мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту – оқушыдан қашықтықта болу деген сөз емес, оқушыға бұрынғыдан да қатты жақындау, тығыз байланыста болу.

### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Қазіргі тандағы пандемия кезіндегі бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыруды қашықтықтан оқыту жағдайында ұйымдастыру мәселесіне кешенді ғылыми талдау жасау және жүзеге асыру жолдарын қарастыру барысында төмендегідей мақсат - міндеттер негізге алынады:

1. Қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-теориялық, лингвистикалық және психологиялық негіздеріне талдау жасау.

2. Қазақстанда бастауыш білім беруде қашықтықтан оқыту мәселесін тиімді ұйымдастыру бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелерін талдау.

3. Қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыруда басшылыққа алынатын принциптер мен талаптарды ескеру.

4. Қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың тиімділігіне ықпал ететін факторларды анықтау.

5. Қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыруда қолданылатын құралдар мен формаларды анықтау.

Негізге алынған мақсат-міндеттерді орындау барысында оқушылардың жазу жұмыстарына қызығушылығын арттыру үшін қашықтықтан оқытуда мұғалімдерге видео-теле, онлайн жобаларды арнайы іске асыруға арналған әдістемелік нұсқаулар мен үйретуші контенттер әзірлеу қажеттігі туындайды.

Бұдан шығатын гипотеза: егер қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың жаңа тәсілдерінің тиімділігін тәжірибе жүзінде жүзеге асырып және ол толық зерттелген жағдайда бастауыш сынып оқушыларының потенциалдарын арттыру сәтті жүзеге асады:

- бастауыш сынып оқушыларын қашықтықтан оқытуда балаға арналған әдістемелік нұсқаулар мен үйретуші контенттер әзірлеу арқылы оқушылардың жазу жұмыстарына қызығушылығын арттыру;

- қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларын көркем жазуға үйретуге негізделген арнайы видео-теле, онлайн жобаларды іске асыруға арналған әдістемелік құралдар әзірлеу;

- жалпы білім беру мектептерінің бастауыш сатысымен академиялық серіктестік апробациясын жүзеге асыру.

Қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыру бағытында эксперимент жұмыстары жалпы білім беру мектептерінің бастауыш сыныптарында жүргізіледі. Эксперимент барысында офлайн форматтағы оқушылармен көркем жазу бағытында жүргізілген жұмыстар мен оқушылардың жетістіктері талданады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында көркем жазу жұмыстарына қажетті жағдайлар әзірленіп, оқушылардың оқу мүмкіндіктері сараланып, қашықтықтан оқыту жағдайында балаға арналған әдістемелік нұсқаулар әзірлеу және үйретуші контенттер құруға арналған әдістемелік құралдар жасалады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыру мәселелерін кешенді ғылыми талдау жасауда және жүзеге асыру жолдарын қарастыруда біршама қиындықтар туындайды, зерттеу теориялық және эмпирикалық деңгейде жүзеге асады.


Эмпирикалық жолмен қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыру мәселесін сипаттайтын нақты материалдар жинау жоспарланады: бастауыш сыныптың оқу процесі мен қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелерінің арасындағы объективті байланысты анықтау, зерттеу проблемасына байланысты кез келген ақпаратты және құбылысты жан-жақты зерттеу. Нақты материалдарды жинақтауға сондай-ақ қосымша әдістер жинағы да қолданылады: әдебиет көздерін қолдану, бақылау, сөйлесу, «педагогикалық консилиум», тәжірибені қорыту және зерттеу, балалардың қызмет түрлерін зерттеу, құжаттарды зерттеу, тәжірибелік жұмыс және т.б.

Алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және зерттеу жұмысының міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың шынайылығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз етіледі. Ақпаратты жинақтау және өңдеу үшін талдау, жинақтау, салыстыру әдістері мен математикалық әдістер (шкалалау және ранжирлеу) қолданылады. Жиналған сандық ақпарат негізінде өлшемдік нәтижелер жасалады.

Ақтөбе қаласындағы №33 қазақ жалпы орта білім беру мектебінің 1а- сыныбы оқушыларының жазу жұмыстарын талдаған жағдайда жазу жұмысын жүргізу барысында төмендегідей қателердің кездесетіні анықталды.

Қазіргі мектеп тәжірибесін зерттеу нәтижесіне қарағанда, бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиясы айтарлықтай дәрежеде жақсартылып, түбегейлі жетілдіруді керек ететінін байқауымызға болады. Көптеген оқушылар көркем, сұлу жазуға машықтанбаған. Каллиграфиялық кемшіліктермен қатар жазу тазалығы да талапқа сай емес. Сондай-ақ, бір қалыпты ритмикалық және жедел жазу икемділігі қалыптаспаған. Кейбір оқушылар әріптеп, сөзді бөлшектеп, үзіп, баяу, жазуға әдеттеніп алған.

Бірінші сынып оқушыларының жазу жұмыстарында байқалатын тұрақты кемшіліктердің бірі – әріп элементтерін бұзып жазу, тастап кету, бірімен-бірін ауыстыру немесе таза жазу ережесін сақтамау. Осының салдарынан әріптер де, әріптерден құралатын сөздер де бұрмаланып, түсініксіз қалады. Екінші сынып оқушыларының жазуындағы басты кемшіліктерге көлбеу жазуды сақтамауы, әріптердің біркелкі биіктікте жазылмауы, әріп көлемі мен олардың ара қашықтығының әртүрлі жазылуы сияқты қателерді жатқызуға болады.



Жазу барысында қолдың дұрыс бағытта қозғалмауына байланысты жоғарыдағыдай қателер жіберіледі. Бұл жағдайда оқушыға нақты нұсқау бере отырып, мұғалім қолды дұрыс бағытта қозғалтуын көрсетуі қажет. Орыс педагогы М.Р.Львов жазу қателерінің түрлерін және олардың болу себептерін анықтады:

1. **Алфавиттік-графикалық қателер:** әріп элементтерін толық жазбау немесе артық элемент қосып жазу. Себебі – дұрыс көңіл бөлмеу және әріптің жазылуын есте сақтамау.

2. **Каллиграфиялық қателер:**

- Жазу жолын сақтамау;
- Әріптердің байланысуын сақтамау;

- «Дірілдеп жазу»;
- Ірі немесе ұсақ жазу, әріп элементтерін бұзып, ара қашықтығының сақтамай, алшақ не жақын жазуға байланысты жіберілетін қателер;
- Әріп элементтерін дұрыс жазбауға байланысты жіберілетін қателер;
- Жазу көлемі мен біріктірілуін сақтамауға, биіктігін бірдей етіп жазбауға байланысты жіберілетін қателер;

Бұл қателер жеке балаға қатысты және қосымша сабақтарда жөндеу жұмыстарын жүргізуге болады.

### 3. Дисграфиялық қателер:

- Ерекше **фонетикалық** алмастырулар. Бұл қателер сөйлеу мүшелерінің және әуезінің нәзік белгілерімен ғана айыруға болатын бір топқа жататын дыбыстарды айыруының жеткіліксіздігін көрсетеді.

- Сөздің буындық құрылысының бұзылуы.

Балалар мектепке келгенде сөйлеу мүшелері (аппараттары) жетілген, есту мүшелері дамыған, яғни сөздердің мағынасын ажырата алатын деңгейде болады және практикада пайдалана алады. Дегенмен ғалымдар балалардың сөйлеу тіліне зерттеу жүргізулері барысында оқушылардың тіл дыбыстарына байланысты кемшіліктерінің барлығын байқаған. Оқушылар арасында кітап оқу кезінде дыбыстардың (о, ә, ү, у, ұ) екінші-үшінші буында жазылмауына байланысты сол буындарда келетін езулік дыбыстарды еріндік қылып айту кездеседі. Мысалы,

|                |                |
|----------------|----------------|
| <i>жазылуы</i> | <i>айтылуы</i> |
| домбыра        | домбұра        |
| жорық          | жорұқ          |

4. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін бақылау барысында, жазба жұмыстарында оқушылардың басым көпшілігі **лексикалық қателер** жіберетіні байқалады. Ол қателерді төмендегідей топтастыруға болады:

- *Сөздің мағынасына байланысты туатын қателер.* Оқушылар өз ойын жеткізуде, сөйлем құрауда кейбір сөздердің мағынасын түсінбей қолданады. Мысалы: «Қанат» сөзі – құстың қанаты, киіз үйдің қанатын білдіретін сөз.

- *Негізгі ойға қатыссыз артық сөздерді қолдануда жіберілетін қателер.* Оқушылар кейде өз ойын, пікірін жеткізуде қажетсіз, басы артық сөздерді және сөз тіркестерін көп қолданып, әңгіменің көркемдігіне нұқсан келтіреді, ойын шашыратып жібереді.

**Грамматикалық қателер.** Грамматикадағы «сөз құрамы» тақырыбы бойынша тілдік ережелер мен қағидаларды тиімді жолдармен тиянақты түсіндірмеу салдарынан туынды түбір, түбір сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер, көмекші сөздердің, септік жалғауларының түсіп қалуы немесе дұрыс қолданылмауы, қосымшалар (жұрнақ, жалғау) мен шылауды да ажырата алмағандықтан қателер жібереді. Әдетте мұндай қателерді грамматикалық ережелерді құрғақ жаттап алған, саналы меңгермеген, нақты сөздерге қандай ереже бойынша, қандай қосымша жалғанатынын жете түсінбеген оқушылар жіберіп отырады. Мұндай қателердің болуы мұғалім тарапынан грамматикалық ережелерге сәйкес қажетті жаттығулар мен бақылау жұмыстары атүсті жүргізіліп, оларды оқулықтардан құр көшіріп жазғызумен ғана шектелген жағдайда болады. Мұғалім баламен бірлесе отырып, материалды саналы меңгеріп қана қоймай, шығармашылықпен пайдалана алған жағдайда ғана бұл кемшілік жойылатыны белгілі.

Қателерді болғызбас үшін қатемен жұмыс түрлерін үнемі, мақсатты, жүйелі жүргізіп отыру қажет. Әрбір жазба жұмыстарынан кейін қатемен жұмысқа мән беріп, оны орындап отыру жөн болады.



Қателерді болдырмаудың алдын алу үшін үнемі жазба жұмыстарына талдау жүргізіліп және өздігінен жұмыс істеу дағдысын дамытып отырған жағдайда белгілі бір нәтижеге жетуге болады.

Қате жазулар сараптамасы. Бұл – өзін-өзі бақылау сезімін, қырағылығын, ұқыптылығын, әріп формасын жадында сақтау қабілетін дамытушы тиімді тәсіл. Әдетте үлгіден көшіру барысында қолданылады.

Көркем жазуды қалыптастыру процесі баланың психофизиологиялық дамуына және сенсорлық дағдысының қалыптасуына бірден-бір септігін тигізеді анық.

Графикалық дағдылар адамның сенсомоторлық дағдысына жатады. *Дағды* – қайталау арқылы қалыптасатын іс-әрекет. Алайда көптеген сенсомоторлық дағдылардан ерекшелігі, оның еңбектік қызметтен тұратындығында (тігу, мүсіндеу дағдылары, қандай да бір құралмен жұмыс) немесе бір спорттық іс-әрекет (коньки тебу, билеу, доппен ойнау және т.б.) хаттың графикалық дағдылары адамның оқу қызметімен байланысты және жазу тілінің процесін қамтамасыз етеді. Олардың қалыптасуының ерекшелігі мен күрделілігі де осында. Олар оқумен, орфографиямен, жазу тілінің дамуымен тығыз байланысты. Жазу процесі қалыптасуының ең жоғарғы деңгейінде орфографиялық және каллиграфиялық қырлары сезілмейді немесе оларға аз көңіл бөлінеді. Адамның негізгі назары ойды сөзбен қалай жеткізуіне бағытталады. Сонымен қатар, жазу процесінде баланың назары қолының қимылына ауысуы мүмкін, алайда жазу барысында қолдың қимылын бақылаудың қажеті жоқ. Оқушы дағдылана келе сөзді жазуды жеңіл және тез жүзеге асырады [1].

Кіші жастағы мектеп оқушыларын көркем жазуға үйретудің негізгі мақсаты қарапайым *графикалық дағдыларын* қалыптастырудан басталады. Ол кеңістікте бағдарлау, яғни жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі, көлбеу, тік сызықтарын дұрыс жазу дағдысын қалыптастыру, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, қозғалысты ритмикалық, бір қалыпты жетілдіру жұмыстарымен байланысты. Бұл әдістеме балалардың графикалық дағдыларын: талдау-жинақтау, салыстыру, қорыту және жүйелеу сияқты ойлау операцияларын дамытуға бағытталады. Жазу барысында баланың ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттері және тұрақты зейіні дамиды.

Оқушыларды дұрыс әрі көркем жазуға үйрету үшін оның қалыптастыру жолдарын білу керек. Яғни психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Жазу дағдыларын қалыптастыру және оны дамытып отырудағы негізгі шарттардың бірі әрі бастысы оқушылардың жазба жұмыстарын орындау кезіндегі психологиялық ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Сынып оқушыларының біреуінде немесе әрбір оқушыда жазба жұмыстарын орындау барысында әр түрлі психологиялық өзгерістер болып отыруы мүмкін. Ондай психологиялық өзгерістерді байқамау салдарынан орындалған жазба жұмыстарының нәтижесі де әр деңгейде болады.

Жазу жұмысы – оқу процесінің аса бір қиын саласы. Ол үздіксіз көп жазып жаттығуды, жүйелі жұмыс істеуді керек етеді.

Жазуға үйрету барысында кішкентай оқушылардың жас ерекшелігімен тікелей санасудың үлкен мәні бар. Мұғалім жазу процесінің кішкентай жазушы үшін аса қиын да күрделі жұмыс екенін естен шығармауы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне байланысты қолы, саусақтары тез шаршап қалады. Әрі жазу барысында оқушы бір мезгілде партада дұрыс отыруды, дәптерді ұстауды, қаламды пайдалануды талапқа сай орындауы тиіс. Бірнеше ережені бір уақытта орындау балаға қиын. Сондықтан жұмыс барысында жазу мен дем алу сәті алмасып отыруы тиіс және жұмыс тақтасы, «Дұрыс отыр» ережесі, алфавит – үлгі жазу болуы керек.

Көркем жазуға оқытудың табыстылығы көбінесе *гигиеналық талаптардың* орындауымен де анықталады: мектеп жиһаздарының дұрыс іріктелуі және дұрыс орналасуы, партаның

(үстелдің) оқушының бойына сәйкес келуі, жазу үшін оның құрылымының ыңғайлылығы, жұмыс орнының қажетінше жарықтандырылуы. Гигиеналық талапты орындау баланың физиологиялық тұрғыда дене бітімінің дұрыс қалыптасуына да септігін тигізеді [1].

Қашықтықтан оқытуды тиімді жүзеге асыруда, оқушының көркем жазу дағдысы да шеттелмеуі тиіс. Ондаған жылдар бойы қолмен әдемілеп жазу әлемге ортақ ереже болатын. Қазіргі компьютер көркем жазуды ұмыттырып барады деген стереотипті бұзып, керісінше тиімді жағына қарай оңтайландыру, ықпалдастыру керек. Біздің негізгі мәселені қозғаудағы мақсаты да ресурстарды жасау, сараптау, тарату бойынша озық тәжірибелерді республика көлемінде жүзеге асыру болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің қашықтықтан оқыту жағдайында тиімді стратегияларын ұсыну бұл зерттеудің ғылыми қажеттіліктері болып табылады. Қашықтықтан оқыту жағдайында көркем жазуға үйрету жұмыстарының бала денсаулығы мен психологиясына теріс әсерінің болмауы және негізгі оқу пәндерімен тығыз байланыстылығы мен тиімділігіне назар аударылады.

Қазіргі таңда мемлекеттік стандартта көркем жазуға көп уақыт бөлінбегендіктен **«Көркем жазу» курсы**н бастауыш сыныптың оқу бағдарламасына таңдау пәні ретінде енгізетін болса мақсатты тұтынушы аудитория үшін де, білім беруші тарап үшін де сапалы нәтиже беретіні анық. Оқушы көркем жазуға дағдыланып қана қоймайды, эстетикалық сезімін оятып, талғамын қалыптастырады, мінез-құлқын тәрбиелейді, жоғары этикалық нормаларды бойына сіңіреді. Оқушының «Көркем жазудың» бастапқы негіздерімен танысу арқылы жазу тәртібін меңгеру, графикалық белгілерді есте сақтау, жазу нормативтеріне бағыну, қатесіз және жатқа жазу, сондай-ақ уақытты дұрыс үнемдей білу секілді білім-білігі қалыптасады. Оған қоса, графикалық қателерді көру және жөндеу жолдарын табу, әріптер мен сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақтау, сөздер арасындағы қашықтықты сақтау, әріп элементтерінің жазылу алгоритмін, әріптер мен әріптердің байланыстырып жазу, жазу жылдамдық нормаларын орындау, баспа мәтінінен көшіріп жазу және жай сөздерді жатқа жазу сияқты дағдыларды меңгереді. Мұғалім де осындай әдістерді қолдану арқылы оқушыларда ой қозғап, білімдерін бекітеді. Курс соңында оқушылар жазуды алгоритм реттілігімен орындауға, көркем жазу техникаларын қолдауды саналы және нақты орындауды меңгереді.

#### *Зерттеу нәтижелері*

Зерттеу барысында атқарылған жұмыстардың нәтижесіне тоқталсақ:

- әлемдік пандемия кезіндегі қашықтықтан оқыту және бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыру мәселелері бойынша халықаралық және отандық ғылыми-теориялық жұмыстарға талдау жүргізу міндетін жүзеге асыру үшін жалпы білім беру мектептеріндегі қашықтықтан оқыту жүйесінің тиімді сипаттамаларын анықтаудағы әлемдік және отандық зерттеулерді, бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыру және қашықтықтан оқыту жүйесі туралы озық педагогикалық тәжірибені жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Отандық және шетелдік авторлардың еңбектерін іріктеу және зерттеу, ғылыми-теориялық әдебиеттер мен зерттеу нәтижелеріне талдамалық шолу жасалып, тиімді тұстары анықталды.

- қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың мүмкіндіктерін қарастыру міндетін жүзеге асыруда бастауыш сынып оқушыларымен қашықтықтан жұмыс жүргізу формаларына және көркем жазуға үйрету бойынша мектеп құжаттарына талдау жасалды.

- қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың тиімді жүйесін әзірлеу міндетін жүзеге асыру үшін зерттеу базасын таңдап және көркем жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу бағдарламасы, әдістемелік нұсқаулар, әдістемелік-дидактикалық құралдар дайындалды.



Зерттеу нәтижелері қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларында көркем жазу дағдыларын қалыптастыруға арналған практикалық ұсыныстар әзірлеуге қызмет етеді. Көркем жазу дағдыларын қалыптастыру құралдарын, әдіс-тәсілдерін, практикалық жұмыстарын әзірлеу және жұмыс нәтижесінде дайындалған қорытындылар мен ұсыныстарды жалпы орта білім беру мектептерінде 1-4 сыныптар негізінде «Көркем жазу» таңдау курсы бойынша пайдалануы мүмкін.

### Қорытынды

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының жазу дағдыларын қалыптастыру әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып атқарылатын жұмыстарды жүйелеу барысында балаға психологиялық және физиологиялық тұрғыдан әсер ететін факторларды анализ жасау арқылы анықтай келе, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру мәселесіне қоғамдық назар аударуға мүмкіндік берді.

№33 қазақ жалпы орта білім беру мектебінің 1а- сыныбы оқушыларымен көркем жазу дағдысын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді жүйелі пайдалану барысында оң нәтиже көрсетті.

«Көркем жазу» таңдау курсына қарастырылатын мәселелерді этика, эстетика, психология және физиология ғылымдарының теориялық негіздерімен біріктіру және үйлестіру маңызды болып табылады.

Қорытындылай келе, қашықтықтан оқыту жағдайында бастауышта көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың жаңа тәсілдерінің тиімділігі толық зерттелген және тәжірибе жүзінде пайдаланған жағдайда бастауыш сынып оқушыларының потенциалдарын арттыру сәтті жүзеге асады.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Кульбаева Б.С. Каллиграфия: Оқу құралы / Б.С.Кульбаева. – Ақтөбе, 2018. – 175 б.
- [2] Әуелбаева Ш. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың әдістемесі / Ш. Әуелбаева. Алматы, 1987ж.
- [3] Тұрдалиева Г.Ж. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік құралы / Тұрдалиева Г.Ж.- Астана: Фолиант, -2012ж., 292б.
- [4] Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <http://adilet.zan.kz> (22.04.2016).
- [5] Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ресми сайты <https://elbasy.kz> (08.04.2020)
- [6] Шиф Ж.И. Развитие научных понятий у школьников / Ж.И.Шиф - М. - Л., 1935.
- [7] Блинков С.М. Мозг человека в цифрах и таблицах / С.М. Блинков, И.И. Глезер. - Л., «Медицина», 1964.
- [8] Гурьянов Е.В. Развитие навыка письма у школьника / Е.В. Гурьянов.- М., Учпедгиз, 1940.
- [9] Левина Р.Е. Недостатки чтения и письма у детей / Р.Е. Левина.- М., Учпедгиз, 1940.
- [10] Лурия А.Р. Мозг человека и психические процессы / А.Р. Лурия.- М, Изд-во АПН РСФСР, 1963.

### REFERENCES

- [1] Kulbaeva, B.S. (2018). Kalligraphy: Oqy quraly [Calligraphy: Textbook]. – Aktobe [in Kazakh].
- [2] Auelbaeva, Sh. (1987). Bastyysh mektepte qazaq tilin oqytıdyń adistemesi [Methods of teaching the Kazakh language in primary school]. Almaty [in Kazakh].
- [3] Turdalieva, G.Zh. (2012). Bastyysh synyptarda qazaq tilin oqytı adistemesi. Oqy adistemelik quraly [Methods of teaching the Kazakh language in primary school. Textbook]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- [4] Qazaqstan Respýblıkasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júiesi [Legal information system of Regulatory Legal Actsof the Republic of Kazakhstan] <http://adilet.zan.kz> (22.04.2016).
- [5] Qazaqstan Respýblıkasynyń tuǵysh prezidenti – Elbasy Nursultan Nazarbaevtyń resmı saıty [Official website of the first president of the republic of Kazakhstan - Elbasy Nursultan Nazarbayev] <https://elbasy.kz> (08.04.2020)
- [6] Shif, Zh.I. (1935). Razvitie nauchnyh ponyatij u shkol'nikov [Development of scientific concepts in school children]. – M. L. [in Russian].

- [7] Blinkov, S.M., Glazer, I.I. (1964). *Mozg cheloveka v cifrah i tablicah* [The human brain in numbers and tables]. L., «Medicine» [in Russian].
- [8] Guryanov, E.V. (1940). *Razvitie navyka pis'ma u shkol'nika* [Development of writing skills in schoolchildren]. M., Uchpedgiz [in Russian].
- [9] Levina, R.E. (1940). *Nedostatki chteniya i pis'ma u detej* [Disadvantages of reading and writing in children]. M., Uchpedgiz [in Russian].
- [10] Luria, A.R. (1963). *Mozg cheloveka i psichicheskie processy* [The human brain and mental processes]. M., APNRSFSP [in Russian].

**Кульбаева Б.С., Есенгулова М.Н.**

## **РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПИСЬМА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ**

**Аннотация.** В статье раскрывается идея расширения возможностей дистанционного обучения в условиях пандемии в развитии навыков художественного письма учащихся начальной школы. Письмо - одно из важнейших направлений учебного процесса в начальной школе, которое требует непрерывной и постоянной, систематической работы при выполнении письменных упражнений в процессе обучения художественному письму. Кроме того, в статье подчёркивается необходимость и актуальность формирования навыков художественного письма у младших школьников в условиях обновлённого содержания образования в школах и перехода на дистанционную систему обучения в период пандемии. Показаны методы обучения с учетом возраста ребенка при формировании навыков письма в начальной школе и изучено влияние процесса обучения письму на психологическое, физиологическое развитие ребенка и формирование сенсорных навыков. Рассмотрены и представлены учителям новые формы формирования навыков художественного письма у младших школьников в условиях дистанционного обучения.

**Ключевые слова:** начальный класс; дистанционное обучение; художественное письмо; навыки; методы художественного письма; сенсорные навыки; функциональная грамотность; техника письма; психофизиологическое развитие; возрастные особенности; графические навыки; курс художественного письма.

**Kul'baeva Bakit, Esengulova Meiramgul**

## **IMPROVING STUDENTS' ART WRITING SKILLS IN DISTANCE LEARNING**

**Annotation.** The article reveals the idea of expanding the possibilities of distance learning in the context of a pandemic in the development of artistic writing skills of primary school pupils. Writing is one of the most important areas of the educational process in primary school. This requires continuous and constant, systematic work when performing written exercises in the process of teaching art writing. Today, the transition to the updated content of education and the transition to a distance learning system in the context of a pandemic has shown the need to increase the relevance of the issue of the formation of artistic writing skills in younger pupils. For this purpose, the work will consider new forms of the formation of artistic writing skills in younger pupils in the context of distance learning.

In addition, the article emphasizes the need and relevance of the formation of artistic writing skills in younger pupils in the context of the updated content of education in schools and the transition to a distance learning system during a pandemic. The teaching methods are shown taking into account the child's age in the formation of writing skills in elementary school and the influence of the process of teaching writing on the psychological, physiological development of the child and the formation of sensory skills is studied. Considered and presented to teachers new forms of formation of skills in artistic writing among younger pupils in conditions of distance learning.

**Keywords:** primary grade; distance learning; art writing; skills; methods of artistic writing; sensory skills; functional literacy; writing technique; psycho-physiological development; age features; graphic skills; art writing course.

УДК 519.87

МРНТИ 27.35.33

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).11

**Махмудова Ш.Д., Уразгалиева А.Н.***Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана,  
Уральск, Казахстан***E-mail:** cmb-zko@mail.ru, urazgalieva.akmaral@mail.ru**ДЕЙСТВИЕ ПО ГАМИЛЬТОНУ И НЕОБХОДИМЫЕ УСЛОВИЯ В ФОРМЕ  
УРАВНЕНИЙ ЭЙЛЕРА - ЛАГРАНЖА**

**Аннотация.** В процессе изучения математики важно показать применение ее результатов в других дисциплинах. Применение математики при изучении специальных дисциплин, можно осуществить в процессе междисциплинарных связей, а также при решении прикладных задач.

В различных приложениях, в частности в аналитической механике возможно применение отдельных положений теории дифференциальных игр, а именно условий существования равновесных ситуаций в бескоалиционных дифференциальных играх нескольких лиц.

В данной статье приведены исследования необходимых и достаточных условий существования ситуации равновесия, с использованием некоторых понятий и принципов аналитической механики. Так определяя действие по Гамильтону, получены необходимые условия в форме уравнений Эйлера-Лагранжа. Такая форма необходимых условий в дифференциальных играх  $N$  лиц представляет интерес для студентов естественно-технических направлений.

Основной целью этой статьи является – доступность и ясность, для того, чтобы ею могли воспользоваться студенты различных специальностей. Предлагаемая работа может быть использована в качестве руководства к изучению данного направления аналитической механики, как студентами ВУЗов, так и молодыми учеными.

**Ключевые слова:** Дифференциальная игра; динамические системы; стратегии игроков; ситуация равновесия; равновесная траектория; функция выигрыша; функция Лагранжа; функция Гамильтона; уравнений Эйлера-Лагранжа; условия Вейерштрасса-Эрдмана.

*Введение*

Удобными математическими моделями динамических систем, управляемых в условиях конфликта или неопределенности, являются дифференциальные игры нескольких лиц, пока еще далекой от своего окончательного завершения. Изучение вопросов моделирования и исследования конфликтных ситуаций является актуальным.

Так как невозможно получить достаточно общие теоремы существования ситуаций равновесия в программных стратегиях, а частые классы, имеющие равновесие, практически необозримы, большую помощь в решении вопроса о существовании равновесия в конкретной игре, не входящей ни в один из классов, для которых известны теоремы существования, могут оказать необходимые и достаточные условия существования решения для как можно более общих по постановке задач. Отметим, что необходимые условия более развиты и выполняют двойную роль: или критерия отсутствия решения, или средства для его нахождения[1]. Теория же достаточных условий менее развита. В данной статье приведем некоторые принципы получения необходимых и достаточных условий существования

ситуаций равновесия в дифференциальных играх на основе понятий, аналогичных фундаментальным понятиям аналитической механики, а также применяя и другие.

Рассмотрим дифференциальную игру  $N$  лиц, состояние которой характеризуется в каждый момент времени  $t$  фазовым вектором  $x(t) = (x^{(1)}(t), \dots, x^{(n)}(t))$  пространства  $R^n$  ( $R^n$  –  $n$  – мерное евклидово пространство с нормой  $\|x\|_{R^n} = (\sum_{j=1}^n x_j^2)^{\frac{1}{2}}$ ), изменяющимся в соответствии с дифференциальным уравнением (связями) в векторной форме:

$$\dot{x}(t) = f(t, x(t), u_1(t), \dots, u_i(t), \dots, u_N(t)), t \in [t_0, t_f] \quad (1)$$

При заданных начальных условиях

$$x(t_0) = x_0 \quad (2)$$

Программная стратегия  $u_i(t)$ ,  $t \in [t_0, t_f]$   $i$  – го участника называется допустимой, если  $u_i(t)$  – кусочно-непрерывная функция, а значения стратегии  $u_i(t)$  в каждый момент времени  $t$  принадлежит некоторому заданному компактному множеству  $U_i(t)$  в евклидовом пространстве  $R^{r_i}$  (удовлетворяет «геометрическому» ограничению):

$$u_i(t) \in U_i(t), t \in [t_0, t_f], i = \overline{1, N}. \quad (3)$$

Определим множество

$$D = \{u_i(\cdot) / u_i(t) \in U_i(t), i = \overline{1, N}, t \in T, u(\cdot) \mapsto x(\cdot)\}, \quad (4)$$

На множестве  $D$  зададим функционал

$$I_i(u(\cdot)) = g_i(x(t_f)) + \int_{t_0}^{t_f} h_i(t, x(t), u_1(t), \dots, u_i(t), \dots, u_N(t)) dt, \quad (5)$$

который примем за функцию выигрыша  $i$  – го игрока.

Определим множество

$$D_i(u^p(\cdot)/u_i(\cdot)) = \{u^p(\cdot) \parallel u_i(\cdot) \in D\}, i = \overline{1, N}.$$

Ситуация  $u^p(\cdot)$  определяет ситуацию равновесия на множестве  $D$  в игре (1) – (5), если справедливо отношение

$$J_i(u^p(\cdot)) = \max_{u_i(\cdot) \in D_i(u^p(\cdot)/u_i(\cdot))} J_i(u^p(\cdot) \parallel u_i(\cdot)), i = \overline{1, N}. \quad (6)$$

Условие (6) означает, что ни один из игроков не заинтересован в отклонении от ситуации равновесия  $u^p(\cdot)$ , если остальные игроки ее придерживаются. (Другими словами, выбирая стратегию, отличную от равновесной, ни один из игроков не может увеличить свой выигрыш при условии, что остальные игроки придерживаются своих равновесных стратегий).

#### Материалы и методы исследования

Для каждого игрока определим функцию Гамильтона  $H_i(t)$ :

$$\begin{aligned} H_i(t) &= \max_{u_i(t) \in U_i(t)} \prod_i (t, x(t), u_1(t), \dots, u_i(t), \dots, u_N(t), \psi_i(t)) = \\ &= \psi_i(t) f(t, x(t), u(t) \parallel u_i^p(t)) + h_i(t, x(t), u(t) \parallel u_i^p(t)), i = \overline{1, N}. \end{aligned} \quad (7)$$

Впервые определение функции Гамильтона в форме (1) приведено в работах [2;3;4] для задач оптимального управления.

Отметим, что функция Гамильтона  $i$  – го игрока не зависит от программной стратегии  $u_i(t)$  этого игрока и является непрерывной функцией времени. Действительно, во всех точках  $t$  отрезка  $[t_0, t_f]$ , где непрерывны  $u_i(t)$  функции Понтрягина  $i$  – ого игрока (функция Гамильтона) непрерывна в силу непрерывности функции  $f(\cdot)$ ,  $h_i(\cdot)$ ,  $\psi_i(t)$ .

Из условия (7), очевидно, что

$$\prod_i (t, x(t), u(t) \parallel u_i(t), \psi_i(t)) \leq \prod_i (t, x(t), u(t) \parallel u_i^p(t), \psi_i(t)) = H_i(t), \quad (8)$$

где

$$u_i(t) \in U_i(t), t \in [t_0, t_f], i = \overline{1, N}.$$

По постановке задачи (1) – (6) функция  $u_i(t)$  имеет конечное число точек разрыва. Пусть  $\tau$  – одна из них.

В неравенстве (8) перейдем к пределам:

$$\lim_{t \rightarrow \tau-0} \prod_i (t, x(t), u(t) \parallel u_i(t), \psi_i(t)) \leq \lim_{t \rightarrow \tau-0} \prod_i (t, x(t), u(t) \parallel u_i^p(t), \psi_i(t)) = \\ = \lim_{t \rightarrow \tau-0} H_i(t), i = \overline{1, N}.$$

Откуда получим

$$\prod_i (\tau, x(\tau), u(\tau) \parallel u_i(\tau - 0), \psi_i(\tau)) \leq H_i(\tau - 0), i = \overline{1, N}.$$

Из условия (7) и последнего неравенства имеем:

$$H_i(\tau) = \max_{u_i(\tau-0) \in U_i(\tau)} \prod_i (\tau, x(\tau), u(\tau) \parallel u_i^p(\tau - 0), \psi_i(\tau)) \leq H_i(\tau - 0).$$

С другой стороны, используя условие (8), имеем:

$$H_i(\tau - 0) = \lim_{t \rightarrow \tau-0} \prod_i (t, x(t), u(t) \parallel u_i^p(t), \psi_i(t)) = \\ = \prod_i (\tau, x(\tau), u(\tau) \parallel u_i^p(\tau - 0), \psi_i(\tau)) = \lim_{u_i \rightarrow u_i(\tau-0)} \prod_i (\tau, x(\tau), u(\tau) \parallel u_i(\tau - 0), \psi_i(\tau)) \leq \\ \leq \prod_i (\tau, x(\tau), u(\tau) \parallel u_i^p(\tau), \psi_i(\tau)) = H_i(\tau), i = \overline{1, N}.$$

Таким образом, мы получаем следующие неравенства:

$$H_i(\tau - 0) \leq H_i(\tau) \text{ и } H_i(\tau - 0) \geq H_i(\tau), i = \overline{1, N},$$

из которых получим, что

$$H_i(\tau - 0) = H_i(\tau), i = \overline{1, N},$$

т.е. функция  $H_i(\tau)$  – непрерывна слева в точке  $\tau$ .

Если повторить все рассуждения, начиная с неравенства (8), но при условии, что  $t \rightarrow \tau + 0$ , то получим непрерывность функции Гамильтона  $H_i(\tau)$  в точке  $\tau$  справа.

Итак, мы получим, что если  $t \in [t_0, t_f]$  – некоторая точка разрыва стратегии  $u_i(t)$   $i$ -ого игрока (при условии, что стратегии остальных игроков фиксированы), то функция  $H_i(t)$  непрерывна в этой точке как слева, так и справа, т.е.  $H_i(t)$  непрерывна во всех точках отрезка  $[t_0, t_f]$ .

Дальнейшие рассуждения будем проводить в предположении гладкости функции Гамильтона  $H_i(t)$ ,  $i = \overline{1, N}$ .

Условия непрерывности функций  $\psi_i(t)$  и  $H_i(t)$  в точках разрыва программных стратегий игроков, т.е. в точках излома  $\dot{x}$  носят название условий Вейерштрасса-Эрдмана [5] и имеют вид:

$$H_i(\tau + 0) = H_i(\tau - 0), i = \overline{1, N}, \\ \psi_i(\tau + 0) = \psi_i(\tau - 0), i = \overline{1, N}.$$

Вывод этих условий можно провести по схеме аналогичной [5].

Теперь для каждого игрока, имея функцию Гамильтона (7), рассмотрим функционал вида

$$S_i(x(\cdot), u(\cdot)/u_i(\cdot), \psi_i(\cdot)) = g_i(x(t_f)) + \int_{t_0}^{t_f} [H_i(t, x(t), u(t)/u_i(t), \psi_i(t)) - \psi_i(t)x'(t)] dt, \\ i = \overline{1, N}. \quad (9)$$

Последний отличается от функционала  $S_i^{u_i(\cdot)}(*)$  из

$$S_i^{u_i(\cdot)}(x(\cdot), u_1(\cdot), \dots, u_N(\cdot), \psi_i(\cdot)) = g_i(x(t_f)) + \\ + \int_{t_0}^{t_f} [\psi_i(t)(f(t, x(t), u_1(t), \dots, u_N(t)) - x'(t)) + h_i(t, x(t), u_1(t), \dots, u_N(t))] dt, i = \overline{1, N} \quad (10)$$

тем, что в определении (9) выполнена операция максимизации по допустимому управлению  $u_i(t)$   $i$ -го игрока подынтегральной функции. Функционал  $S_i(*)$  из (9) будем называть действием по Гамильтону [3]  $i$ -го игрока.

Из условий

$$\begin{aligned} \Pi_i(t, x(t), u_1(t), \dots, u_N(t), \psi_i(t)) &= h_i(t, x(t), u_1(t), \dots, u_N(t)) + \\ &+ \psi_i(t)f(t, x(t), u_1(t), \dots, u_N(t)), i = \overline{1, N}; \end{aligned} \quad (11)$$

$$\prod_i(t, x^p(t), u^p(t), \psi_i(t)) = \max_{u_i(t) \in U_i(t)} \prod_i(t, x^p(t), u^p(t) \parallel u_i(t), \psi_i(t))$$

и (7) следует, что на ситуации равновесия  $u^p(\cdot)$  и соответствующей равновесной траектории  $x^p(\cdot)$  существуют такие функции  $\psi_i(\cdot)$ ,  $i = \overline{1, N}$  для которых имеет место соотношение

$$S_i^{u_i(\cdot)}(u^p(\cdot), x^p(\cdot), \psi_i(\cdot)) = S_i(x^p(\cdot), u^p(\cdot) / u_i(\cdot), \psi_i(\cdot)), i = \overline{1, N}.$$

С учетом последнего равенства вариация действия  $S_i(*)$  из (9) в ситуации равновесия по фазовой переменной  $x(t)$  и вариация по сопряженным переменным  $w_i(t)$ ,  $i = \overline{1, N}$  приводят к системе уравнений Гамильтона

$$\begin{cases} \dot{w}_i(t) = - \frac{\partial H_i(t, x^p(t), u^p(t) \parallel u_i(t), w_i(t))}{\partial x}, i = \overline{1, N} \\ \dot{x}(t) = - \frac{\partial H_i(t, x^p(t), u^p(t) \parallel u_i(t), w_i(t))}{\partial w_i}, i = \overline{1, N} \end{cases} \quad (12)$$

$$\text{Здесь} \quad \frac{\partial H_i(*)}{\partial x} = \frac{\partial H_i}{\partial x^{(1)}}, \dots, \frac{\partial H_i}{\partial x^{(n)}}, \quad \frac{\partial H_i(*)}{\partial w_i} = \frac{\partial H_i}{\partial w_i^{(1)}}, \dots, \frac{\partial H_i}{\partial w_i^{(n)}}.$$

Система уравнений (12) не содержит управления  $i$ -го игрока  $u_i(t)$  и является аналогом Гамильтоновых систем в механике [6;7].

Введем обозначение

$$L_i(t, x(t), \dot{x}(t), u(t) / u_i(t), w_i(t)) = H_i(t, x(t), u(t) / u_i(t), w_i(t)) - w_i(t)\dot{x}(t), i = \overline{1, N}. \quad (13)$$

Здесь функция  $L_i(*)$  - аналог функции Лагранжа (лагранжиан)  $i$ -го игрока, которая фигурирует в известных принципах аналитической механики [6;7]. Из определения (13) функции Лагранжа, определим функцию Гамильтона в виде:

$$H_i(*) = L_i(*) + w_i(t)\dot{x}(t), i = \overline{1, N},$$

которую в аналитической механике называют внутренней энергией [6;7;8]  $i$ -ой подсистемы ( $i$ -го игрока).

Если подынтегральное выражение в (10) обозначить через

$$L_i^{u_i(\cdot)}(t, x(t), \dot{x}(t), u(t), w_i(t)) = H_i(t, x(t), u(t)) + w_i(t)(f(x(t), u(t), t) - \dot{x}(t)), i = \overline{1, N},$$

то из (11) и (7) следует, что функции  $L_i(*)$  из (13) можно представить в виде:

$$L_i(*) = \max_{u_i(t) \in U_i(t)} L_i^{u_i(\cdot)}(*), i = \overline{1, N}.$$

Иногда, например, при выводе уравнений Эйлера-Лагранжа, в выражениях для  $L_i(*)$ ,  $L_i^{u_i(\cdot)}(*)$  функция  $\psi_i(t)$  фиксирована и в этом случае, как и в механике [6;7;8], будем считать функции  $L_i(*)$ ,  $L_i^{u_i(\cdot)}(*)$  зависящими только от  $(t, x(t), \dot{x}(t), u(t) / u_i(t))$  и  $(t, x(t), \dot{x}(t), u(t))$  соответственно.

Из определения  $L_i(*)$  (13) имеем, что

$$\begin{aligned} \frac{\partial L_i(*)}{\partial x} &= \frac{\partial H_i}{\partial x}, \quad \frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}} = -w_i(t), i = \overline{1, N}, \\ \frac{\partial L_i(*)}{\partial x} &= \left( \frac{\partial L_i}{\partial x^{(1)}}, \dots, \frac{\partial L_i}{\partial x^{(n)}} \right), \quad \frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}} = \frac{\partial L_i}{\partial \dot{x}^{(1)}}, \dots, \frac{\partial L_i}{\partial \dot{x}^{(n)}}. \end{aligned}$$

Откуда из (12) следует, что для ситуации равновесия и соответствующей равновесной траектории имеет место система управлений:

$$\frac{d}{dt} \frac{\partial L_i(t, x^p(t), \dot{x}^p(t), u^p(t) / u_i(t))}{\partial \dot{x}} - \frac{\partial L_i(t, x^p(t), \dot{x}^p(t), u^p(t) / u_i(t))}{\partial x} = 0, i = \overline{1, N} \quad (14)$$

т.е. на ситуации равновесия и соответствующей равновесной траектории для каждого игрока справедливы уравнения Эйлера-Лагранжа (в точках разрыва управлений (излома  $\frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}}$ ) понимаются производные справа, производные слева также существуют).

В точках  $\phi, k = \overline{1, s}$  излома экстремалей функции  $L_i(*)$  удовлетворяют условиям Вейерштрасса-Эрдмана[5], которые принимают вид:

$$\left. \frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}} \right|_{t=\phi_k-0} - \left. \frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}} \right|_{t=\phi_k+0} = 0, k = \overline{1, s}, \quad (15)$$

$$\left( L_i(*) - \frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}} \dot{x} \right) \Big|_{t=\phi_k-0} - \left( L_i(*) - \frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}} \dot{x} \right) \Big|_{t=\phi_k+0} = 0, k = \overline{1, s} \quad (16)$$

и которым можно дать геометрическую интерпретацию следующим образом. Если фиксировать переменные  $t$  и  $x$  и откладывать на одной из координатных осей  $\dot{x}$ , а на другой – значение функции  $L_i(*)$ , то мы получим некоторую кривую, изображающую  $L_i(*)$  как функцию от  $\dot{x}$ . Тогда условие (15) означает, что касательные к этой кривой в точках  $\dot{x}(\phi_k - 0)$  и  $\dot{x}(\phi_k + 0), k = \overline{1, s}$  параллельны между собой. Условие (16) перепишем в виде:

$$L_i(*)|_{\phi_k-0} - L_i(*)|_{\phi_k+0} = \left. \frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}} \right|_{\phi_k+0}^{\phi_k-0}, k = \overline{1, s},$$

которое показывает, что эти касательные в точках  $\dot{x}(\phi_k - 0)$  и  $\dot{x}(\phi_k + 0), k = \overline{1, s}$  не только параллельны, но даже совпадают.

Для канонических переменных [6;7;8;9]

$$w_i(t) = -\frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}}, \quad H_i(*) = L_i(*) - \frac{\partial L_i(*)}{\partial \dot{x}} \dot{x}, \quad i = \overline{1, N}.$$

Условия Вейерштрасса-Эрдмана просто означают, что канонические переменные непрерывны в точках излома экстремалей.

#### Результаты исследования

Итак, получили следующее необходимое условие существования ситуации равновесия в дифференциальной игре (1) – (5).

Теорема: При сделанных выше предположениях о свойствах функции  $f(t, x(t), u_1(t), \dots, u_N(t)), H_i(t, x(t), u_1(t), \dots, u_N(t)), g_i(x(t_f)), H_i(t, x(t), u(t)/u_i(t), w_i(t)), i = \overline{1, N}$  в ситуации равновесия  $u^p(\cdot) = u_1^p(\cdot), \dots, u_N^p(\cdot), u^p(\cdot) \mapsto x^p(\cdot)$  в игре (1) – (5) для каждого игрока справедливы уравнения Эйлера-Лагранжа (12).

#### Заключение

Результаты статьи позволяют сделать вывод о том, что методы аналитической механики являются общими, едиными для изучения движения и равновесия, применимы для различных материальных систем. В частности, действие принципов аналитической механики позволили выразить условия существования ситуации равновесия в бескоалиционной дифференциальной игре лиц через уравнения движения в форме Эйлера – Лагранжа.

#### ЛИТЕРАТУРА

- [1] Розоноэр Л.И. Обмен и распределение ресурсов (обобщенный термодинамический подход) / Л.И. Розоноэр // Автоматика и телемеханика. - 1973. - №№5,6,8. - С. 115-132, 65-79, 82-103.
- [2] Иванилов Ю.П. Применимость методов аналитической механики в оптимальном управлении / Ю.П. Иванилов // Изв.АН СССР. Техническая кибернетика. - 1983. - №2. С. 61-71.
- [3] Иванилов Ю.П. Принцип освобождения от связей в форме штрафных функций / Ю.П. Иванилов // Изв.АН СССР. Техническая кибернетика. - 1985. - №3. – С. 170-178.

- [4] Иванилов Ю.П. Главная функция Гамильтона и условия оптимальности / Ю.П. Иванилов // Автоматика и телемеханика. - 1988. - №5. – С. 51-61.
- [5] Гельфанд И.М. Вариационное исчисление/ И.М.Гельфанд, С.В. Фомин. - М.: Физматгиз, 1961. - 228 с.
- [6] Бухгольц Н.Н. Основной курс теоретической механики в 2-х т. Т.2./ Н.Н. Бухгольц. - М.: Наука, 1969. - 332 с.
- [7] Голдстейн Г. Классическая механика / Г.Голдстейн. – М.: Наука, 1975. - 408 с.
- [8] Авдеев Н.Ф. Теоретическая механика / Н.Ф. Авдеев. - М.: МГИУ, 2010. - 119 с.
- [9] Алексеев В. М. Оптимальное управление / В.М. Алексеев, В.М. Тихомиров, С.В. Фомин. - М.: ФИЗМАТЛИТ, 2005. - 408 с.

## REFERENCES

- [1] Rozonojer, L.I. (1973). Obmen i raspredelenie resursov (obobshhennyj termodinamicheskij podhod) [Resource exchange and allocation (generalized thermodynamic approach)]. Avtomatika i telemehanika [in Russian].
- [2] Ivanilov, Ju.P. (1983). Primenimost' metodov analiticheskoy mehaniki v optimal'nom upravlenii [Applicability of analytical mechanics methods in optimal control]. Izv.AN SSSR. Tehnicheskaja kibernetika[in Russian].
- [3] Ivanilov, Ju.P. (1985). Princip osvobozhdenija ot svyazej v forme shtrafnih funkcij [The principle of freeing from bonds in the form of penalty functions]. Izv.AN SSSR. Tehnicheskaja kibernetika [in Russian].
- [4] Ivanilov, Ju.P. (1988). Glavnaja funkcija Gamil'tona i uslovija optimal'nosti [The main Hamilton function and optimality conditions]. Avtomatika i telemehanika. [in Russian].
- [5] Gel'fand, I.M., & Fomin, S.V. (1961). Variacionnoe ischislenie [Calculus of variation]. M.: Fizmatgiz [in Russian].
- [6] Buhgol'c, N.N. (1969). Osnovnoj kurs teoreticheskoy mehaniki [Basic Course in Theoretical Mechanics]. V.2. (Vols. 1-2). M.:Nauka [in Russian].
- [7] Goldstejn, G. (1975). Klassicheskaja mehanika [Classic mechanics]. M.: Nauka [in Russian].
- [8] Avdeev, N.F. (2010). Teoreticheskaja mehanika [Theoretical mechanics]. M.: MGIU [in Russian].
- [9] Alekseev, V. M. (2005). Optimal'noe upravlenie [Optimal control]. M.: FIZMATLIT [in Russian].

**Махмудова Ш. Д., Уразгалиева А. Н.**

## **ГАМИЛЬТОН БОЙЫНША АМАЛДАУ ЖӘНЕ ЭЙЛЕР-ЛАГРАНЖ ТЕНДЕУЛЕРІ ФОРМАСЫНДАҒЫ ҚАЖЕТТІ ШАРТТАР**

**Аңдатпа.** Математиканы оқу процесінде оның нәтижелерінің басқа пәндерде қолданылуын көрсету маңызды. Математиканы арнайы пәндерді оқуда қолдану пәнаралық байланыс процесінде, сонымен қатар қолданбалы есептерді шешуде жүзеге асырылуы мүмкін.

Әр түрлі қолданылуларда, атап айтқанда, аналитикалық механикада дифференциалды ойындар теориясының кейбір ережелерін, нақты айтқанда, бірнеше ойыншылардың коалициялық емес дифференциалды ойындарындағы тепе-теңдік жағдайларының болу шарттарын қолдануға болады.

Бұл мақалада аналитикалық механиканың кейбір тұжырымдамалары мен принциптерін қолдана отырып, тепе-теңдік жағдайының болуы үшін қажетті және жеткілікті шарттарды зерттеу қарастырылған. Осылайша, Гамильтон бойынша әрекетті анықтай отырып, Эйлер-Лагранж теңдеулері түрінде қажетті шарттар алынды. N тұлғалардың дифференциалды ойындарындағы қажетті жағдайлардың бұл формасы жаратылыстану және техникалық мамандықтарының студенттерін қызықтырады.

Бұл мақаланың басты мақсаты - қол жетімділік пен айқындылық, сондықтан оны әр түрлі мамандық студенттері пайдалана алады. Ұсынылып отырған жұмысты университет студенттері де, жас ғалымдар да аналитикалық механиканың осы саласын зерттеуге нұсқау ретінде пайдалануға болады.





**Кілт сөздер:** Дифференциалды ойын; динамикалық жүйелер; ойыншылардың стратегиялары; тепе-теңдік жағдайы; тепе-теңдік траекториясы; төлем функциясы; Лагранж функциясы; Гамильтон функциясы; Эйлер-Лагранж теңдеулері; Вейерштрас-Эрдман шарттары.

а) «Решетка»  $\text{Tors}$  кручений булева, т.е. для любого кручения  $r$  существует такое кручение  $\hat{r}$ , что  $r \wedge \hat{r} = 0$ ,  $r \vee \hat{r} = \varepsilon$ .

б) Все кручения  $\text{Tors}$ - двойственны, т.е.  $r = r^{\circ\circ}$  для любого кручения  $r$ .

в) Если  $r$ - кручениеи  $r^\circ = 0$ .  $\text{tor} = \varepsilon$ .

г)  $l\mathcal{U} = \varepsilon$ .

### Заклучение

Действительно из теоремы 2.3.3 легко вытекает, что если  $r \wedge \hat{r} = 0$  и, одновременно,  $r \vee \hat{r} = \varepsilon$ , то  $\hat{r}$  – наибольшее среди всех таких кручений  $r$ , что  $r \wedge \hat{r} = 0$ . Но тогда в силу теоремы 4  $\hat{r} = r^\circ$ . Следовательно, если верно а), то

$r = \hat{r} = r^{\circ\circ}$  и потому верно б). Если верно б) то для любого

кручения  $r$  из  $r^\circ = 0$  вытекает  $r = r^{\circ\circ} = 0^\circ = \varepsilon$ , т.е. верно в).

Пусть верно в). Из следствия 1 вытекает, что для любого ненулевого кручения  $\varepsilon$  кручение  $I_\varepsilon = \varepsilon$ , т.е. верно г).

Остается заметить, что г)  $\Rightarrow$  а) в силу следствия 3.

### ЛИТЕРАТУРА

- [1] Андрунакиевич В.А. Радикалы В.К.Н.: Итоги науки. Алгебра / В.А. Андрунакиевич.- Топология 1982, 114-207.
- [2] Андрунакиевич В.А. Радикалы алгебр и структурная теория / В.А. Андрунакиевич, Ю.М.Рябухин.- М., Наука, 1979, 168-171.
- [3] Шеврин Л.Н. У.М.Н / Л.Н.Шеврин, 1978. 23, №1. 3-20.
- [4] J.WEISSGLASS, Semigroup rings and semilattice sums of rings, Proc. Amer. Math.Soc., 39 N 2(1973), 471-431.
- [5] Значение РАДИКАЛЫ в математической энциклопедии: [http://lib.repetitors.eu/encmathematics/?dictid=1568&dic\\_tid=4584](http://lib.repetitors.eu/encmathematics/?dictid=1568&dic_tid=4584).  
<http://www.mathnet.ru/links/1e7c0d2e95d3beb05381a3672ca10456/inta106.pdf>
- [6] Андрунакиевич В. А. К определению радикала кольца / В.А.Андрунакиевич // Изв. АН СССР. Сер. Мат. - 1952. - 16. - С. 217–224.
- [7] Peng C.Turovskii Yu. Topological radicals, VI. Scattered elements in Banach, Jordan, and associative algebras// Stud. Math. - 2016. - 235. - С. 171–208.

### REFERENCES

- [1] Andrunakievich, V. A., (1982). Radicals.- V. K. N.: Results of science. Algebra Topology, 114-207 [in Russian].
- [2] Andrunakievich, V. A. and Ryabukhin, Yu. M. (1979). Radikaly algebra i strukturnaya teoriya [Radicals of Algebras and Structural Theory], Nauka, Moscow [in Russian].
- [3] Shevrin, L. N. (1978). U. M. N, 23, 1. 3-20 [in Russian].
- [4] WEISSGLASS, J. (1973). Semigroup rings and semilattice sums of rings, Proc. Amer. Math.Soc., 39, 2, 471-431 [in English].
- [5] Znachenije RADIKALY v matematicheskoy entsiklopedii [The meaning of RADICALS in the mathematical Encyclopedia]: [http://lib.repetitors.eu/encmathematics/?dictid=1568&dic\\_tid=4584](http://lib.repetitors.eu/encmathematics/?dictid=1568&dic_tid=4584).  
<http://www.mathnet.ru/links/1e7c0d2e95d3beb05381a3672ca10456/inta106.pdf>
- [6] Andrunakievich, V. A. (1952). K opredeleniyu radikala kol'tsa [To the definition of a radical of a ring]. Izv. AN SSSR. Ser. Mat. - Bull. Acad. Sci. USSR. Ser. Math, 16, 217–224 [in Russian].
- [7] Peng, C., Turovskii Yu. (2016). Topological radicals, VI. Scattered elements in Banach, Jordan, and associative algebras. Stud. Math, 235, 171–208 [in English].

### Қауысқалиев А.А., Мулдағалиев В.С. АТОМДЫҚ ЖӘНЕ БУЛЕВТІК БҰРАЛУ ТОРЫ

**Аңдатпа.** Радикал ұғымы сақиналар мен алгебралардың құрылымдық теориясының маңызды құралдарының бірі болып табылады. Бұл радикал қарастырылып отырған барлық алгебралардың класында екі қарама – қарсы субкласс-жартылай өсу класы мен радикалды алгебралар класын бөлуге мүмкіндік беретіндігі мен түсіндіріледі, ал кейбір жағдайларда бұл сыныптардың әрқайсысы аз немесе аз



қанағаттанарлық сипатталады. Тиісті сыныптан алгебра туралы көбірек ақпарат алу үшін қарастырылып отырған алгебраларға ғана емес, радикалдарға да қосымша шарттар қою керек.

Осы тарауда біз ассоциативті алгебралардың тұқым қуалайтын радикалдарының әр түрлі кластарын құру және зерттеу үшін радикалдардың жалпы теориясын қолданамыз. Осыған байланысты төменде  $\mathcal{U}$  алгебраларының негізгі класы тек ассоциативті алгебралардан тұрады деп санаймыз. Сондықтан, қарастырылып отырған барлық алгебралар ассоциативті болып табылады, егер қарама-қайшылық ерекше айтылмаса. Барлық қарастырылған алгебра сыныптары нөлдік алгебрадан тұратын абстрактілі  $\mathcal{U}$  қосалқы сыныптары болып табылады.

**Кілт сөздер:** радикал; сақина теориясы; бұрылыстар; ассоциативті сипат; теорема; алгебралық идеал.

**Kauyskaliev Akzhol, Muldagaliev Vali**  
**ATOMIC AND BOOLEAN TORSIONAL LATTICE**

**Annotation.** The concept of the radical is one of the important tools of the structural theory of rings and algebras. This is due to the fact that the radical makes it possible to distinguish two opposite subclasses in the class of all the considered algebras – the class of semisimple and the class of radical algebras, and in some cases each of these classes is described more or less satisfactorily. But in order to get more information about the algebras from the corresponding class, it is necessary to impose additional conditions not only on the considered algebras, but also on the radicals.

In this chapter, we will apply the general theory of radicals to the construction and study of various classes of hereditary radicals of associative algebras. In this connection, we assume everywhere below that the main class of  $\mathcal{U}$  algebras consists only of associative algebras. Therefore, all the considered algebras are associative, unless the opposite is specifically stated. All the classes of algebras under consideration are abstract subclasses of  $\mathcal{U}$  containing the null algebra.

**Keywords:** radical; ring theory; rotations; associative character; theorem; algebraic ideal.

УДК 811.111

МРНТИ 31.04.45

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).17

**Сдикова Г.Ж., Мендалиева К.К.***Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан***E-mail:** moon619@mail.ru**ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ МЕТОДИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ  
СТУДЕНТОВ ОБЩЕЙ ХИМИИ В УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИИ  
С АНГЛИЙСКИМ ЯЗЫКОМ**

**Аннотация.** В статье рассмотрена теоретическая модель методической системы обучения студентов по дисциплине «Общая химия» в условиях интеграции с английским языком. В основу модели положена технология модульно - интегративного обучения, способствующая формированию предметной, профессиональной и языковой компетентности обучающихся. Рассмотрены такие методы и методические приёмы, как последовательный перевод, визуальная поддержка, билингвальная контекстная замена, билингвальное дополнение и др. Предложена модульная структура курса общей химии, состоящая из 6 модулей. В каждом модуле выделяются учебные элементы изучаемого материала, с определением его содержания. Учебные элементы нацелены на формирование базовых терминов, понятий, определений, фундаментальных законов, которые студенты должны усвоить на двуязычной основе (язык обучения и иностранный язык). На примере вводного модуля 1 представлены инвариативная и вариативная части, содержащие приёмы расчётов, подтверждающие основные положения.

**Ключевые слова:** билингвальное обучение; полиязычие; технология модульно – интегративного обучения; общая химия; английский язык; методы; компетентность.

*Введение*

Изменения, происходящие во всех сферах жизнедеятельности общества, определяют необходимость знания как можно большего числа языков, что требует разработки педагогических условий, способствующих развитию полиязычного образования, особенно для такого многонационального государства, как Казахстан. Основной задачей создателей образовательных программ является изменение содержания форм и методов обучения, направленности профессиональной подготовке будущих учителей химии.

Необходимость билингвального и полиязычного обучения определяется и возросшим требованием к выпускникам химико - педагогического направления, одним из которых является билингвальная компетенция. Билингвальная компетенция, наряду с предметной, методической компетентностью, составляет одну из структурных единиц профессиональной компетенции и данному вопросу в настоящее время многими исследователями [1, 2] уделяется достаточно большое внимание.

*Материалы и методы исследования*

По мнению автора работы [2, с.18] билингвальное обучение – это взаимная деятельность преподавателя и обучающегося в процессе изучения отдельных предметов или предметных областей посредством родного и иностранного языков, которые способствуют более глубокому освоению содержания изучаемого предмета и овладению иностранным языком.

Автор работы, анализируя российский опыт билингвального образования, выделяет дублирующую или сопровождающую модель билингвального обучения, которая

«предполагает предъявление одной и той же единицы содержания на родном и иностранном языках. В процессе использования этой модели у обучающихся устанавливается устойчивая ассоциативная связь между содержательной единицей и набором языковых средств».

В работе [3] автор в вопросе о билингвальном обучении исходит из принципов обучения, которые сформулированы следующим образом:

- принципы параллельного представления материала на двух языках;
- принцип дополнительности, где основное содержание излагается на иностранном языке;
- принцип полной замены языка обучения на иностранный язык;
- принцип интеграции содержания и языковой подготовки, который, по мнению автора [3] считается более рациональным.

По мнению автора [4, с. 261] перспективным направлением в образовательной системе является интегративно – модульное обучение. Особенности технологии интегративно – модульного обучения обуславливаются интеграционной дидактической целью.

Целью данного исследования является освоение предметного содержания дисциплины «Общая химия» и формирование языковой компетентности на основе понятийно - терминологического аппарата, т.к. понятийно – терминологический аппарат является основополагающим в любой области знаний.

Выбор интегративно – модульной технологии обусловлен ещё и тем, что эта технология позволяет интегрировать английский язык в предметное обучение, и способствует формированию предметно – языковой компетентности в методической подготовке учителя – химии.

Необходимость интегрирования иностранного языка в процесс изучения разделов «Общей химии» определяется тем, что понятийно – терминологический аппарат, необходимый при изучении химии в школьном курсе, формируется при изучении общей и неорганической химии, которые изучаются в образовательной программе на начальном этапе химико - педагогического направления. Решение данной задачи возможно при разработке методической модели обучения химии, в частности общей химии, на основе полиязычного образования, где язык обучения является основным средством приобретения предметных компетенций.

Основой методической модели является профессиональная компетентность будущего учителя. Профессиональный подход к построению методической модели обеспечивает правильный отбор содержания, изучаемого материала, правильно использовать методы, формы обучения, отбирать средства обучения и современные технологии. Всё это в совокупности позволит сформировать комплекс компетенций, необходимых будущему учителю химии.

Для разработки теоретической модели использована технология интегративно – модульного обучения. Особенностью технологии интегративно – модульного обучения химии является то, что она реализуется путём взаимосвязи, объединения, интеграции и синтеза информационно - функциональных узлов, обусловленных интегративной дидактической целью [4, с. 78]. Конструктивность интегративно – модульной технологии заключается в том, что она позволяет в каждом модуле выделять системообразующие структурные единицы, выделять фундаментальную часть образовательной системы и дидактический материал, способствующие формированию профессиональной компетенции [4, с. 261].

Модульный подход к отбору и структурированию содержания общей химии осуществляется на основе системного подхода [5, 6]. Дидактической целью интегративно – модульного обучения дисциплины «Общая химия» является реализация предметно – ориентированного подхода, суть которой состоит в соблюдении схемы обучения [7, с. 108]

при освоении основного содержания дисциплины на основе двуязычия (на языке обучения и иностранного).

Для структурирования учебного содержания курса и каждого модуля в отдельности выбран системный подход, согласно которому структура содержания дисциплины строится с учётом анализа образовательных программ для общеобразовательной школы с использованием понятийно – терминологического аппарата, которые необходимы выпускнику, обучающемуся по химико – педагогическому направлению. Такое построение модуля способствует концентрировать внимание обучающего на основных терминах, понятиях, определениях и позволяет легче осваивать изучаемый материал.

Структурирование каждого модуля должно осуществляться с учётом основных дидактических принципов:

- научность;
- системность;
- доступность,
- действенность;
- принцип развивающего обучения;
- профессиональная направленность;
- принцип интеграции.

Конструирование методической модели ориентировано на осуществление педагогического процесса с учётом личностного - ориентированного обучения, основной задачей которого является использование субъектного опыта обучающегося в образовательных целях. Личностно – ориентированное обучение позволяет обучающимся самостоятельно приобретать и творчески использовать полученные знания [8, с. 29-30].

Для успешной реализации билингвального обучения в учебном процессе авторами работ [9-10] предлагаются различные методы и методические приёмы. Это последовательный перевод, визуальная поддержка, билингвальная контекстная замена, билингвальное дополнение и др. Модульное структурирование содержания общей химии предполагает чёткое определение цели и задач обучения. Разработанная модульная структура курса общая химия на основе модульно – интегративной концентрации содержит инвариативную, фундаментальную часть образовательной программы, и вариативную часть, содержащую приёмы расчётов, подтверждающие основные положения и состоит из следующих структурных единиц.

Модуль 1. Основные понятия и определения. Основные законы количественных расчётов в химии.

Модуль 2. Строение атома. Периодический закон и периодическая система. Химическая связь.

Основным системообразующим фактором является знание теории строения атома, взаимосвязь периодичности изменения свойств элементов и их соединений со строением атома и периодическим законом; взаимосвязь строения атома и образования химической связи, её типов и особенностей.

Модуль 3. Основные понятия химической термодинамики. Термохимия. В данном модуле рассматриваются первоначальные понятия химической термодинамики, использование термохимических и термодинамических расчётов, позволяющих установить возможность протекания химических реакций.

Модуль 4. Растворы. Растворимость. Молекулярные растворы и электролиты. Ионное произведение воды, водородный показатель. Кислоты, основания и соли, гидролиз солей, точки зрения теории электролитической диссоциации и протолитической теории.



Системообразующей основой служит описание состояния растворов, физико – химического процесса растворения; свойства молекулярных разбавленных растворов и растворов электролитов. Протекание химических реакций в водных растворах и объяснение их с точки зрения теории электролитической диссоциации и протолитической теории.

Модуль 5. Окислительно – восстановительные реакции. Степень окисления и валентность. Составление уравнений реакций. Электродный потенциал, уравнение Нернста. Количественные характеристики окислительно – восстановительных свойств веществ и реакций. Гальванические элементы, электролиз, коррозия.

Модуль 6. Химическая кинетика. Скорость химической реакции. Катализ. Химическое равновесие.

В каждом модуле выделяются учебные элементы изучаемого материала, с определением его содержания. Учебные элементы нацелены на формирование базовых терминов, понятий, определений, фундаментальных законов, которые студенты должны усвоить на двуязычной основе.

Важное место в методической системе подготовки будущих учителей химии занимает дидактика – методическое обеспечение процесса обучения. Дидактический материал позволяет овладеть основами содержания материала. С целью повышения эффективности усвоения изучаемого материала в содержание модуля включены примеры выполнения задач и упражнений, а также задания для самостоятельной работы. Самостоятельная работа активизирует познавательную деятельность обучающегося, позволяет упорядочить, углубить и превратить знания в навыки, что реализуется на практических и лабораторных занятиях, СРСР, СРС.

Реализацию методической модели обучения курса общей химии можно рассмотреть на примере модуля 1, который является вводным модулем. Вводный модуль вводится с целью актуализации содержания, корректировки довузовских знаний по понятийно – терминологическому аппарату и формирования знаний терминов, понятий, определений на английском языке. Инвариантное содержание определяется следующими вопросами:

1. Основные понятия и определения.
2. Основные законы количественных расчётов в химии.
3. Основные законы газового состояния.

Вариантная часть включает в себя: расчёты на вычисления относительной молекулярной и молярной массы веществ, определение формул веществ, вычисления с использованием числа Авогадро и закона эквивалентов, молярный объём расчёты с использованием газовых законов и др.

Интегративная часть направлена на формирование знаний на английском языке понятий, терминов, определений веществ, простое и сложное вещество, смеси, аллотропия, химический элемент, относительная атомная и молекулярная масса и др.

#### *Результаты исследования*

При изучении иностранного языка очень важно постоянно пополнять свой лексический запас, с помощью методов, которые помогут эффективно запоминать новые слова. Например: глоссарий, запоминать фразы (словосочетания), ассоциативные сети, запоминание противоположности и однокоренные слова и другие.

*Глоссарий* представляет собой словарь узкоспециализированных терминов в какой-либо сфере, пример которого представлен в таблице 1.





**Таблица 1 – Глоссарий**

|        |             |                |
|--------|-------------|----------------|
| Химия  | chemistry   | ['kɛmɪstri]    |
| Состав | composition | [,kɒmpə'zɪʃən] |

|                      |                        |                            |
|----------------------|------------------------|----------------------------|
| Растворимость        | solubility             | [,sɒljʊ'bɪlɪti]            |
| Агрегатное состояние | state of aggregation   | [steɪt ɒv ,ægrɪ'geɪʃ(ə)n]  |
| Смеси веществ        | mixtures of substances | [ 'mɪksʃəz ɒv 'sʌbstənsɪz] |
| Свойство             | property               | [ 'prɒpəti]                |

В таблице 2 представлена визуальная поддержка, которая предполагает написание иностранного названия на натуральных объектах или их изображениях во время работы с билингвальными текстами или в процессе билингвальной - коммуникации.

**Таблица 2 – Визуальная поддержка**

| Кристаллические решётки                                                             | Наименование на языке обучения        | Наименование на иностранном языке |
|-------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-----------------------------------|
|    | Ионная кристаллическая решётка        | Ionic crystal lattice             |
|   | Атомная кристаллическая решётка       | Atomic crystal lattice            |
|  | Металлическая кристаллическая решётка | Metal crystal lattice             |
|  | Молекулярная кристаллическая решётка  | Molecular crystal lattice         |

По мнению авторов [11-13] универсальным методическим примером является последовательный перевод, который позволяет обеспечивать полное понимание обучающимся изложенной информации. Последовательный перевод может осуществляется, как с языка обучения, так и наоборот.

Например: *A chemical element* is a type of atom with a certain positive charge of the nucleus, which does not decompose during chemical reactions.

*Химический элемент* - это вид атома с определённым положительным зарядом ядра, который при химических реакциях не разлагается.

Dalton, believing that the absolute atomic masses are very small, proposed to determine *the relative atomic masses*.

Дальтон, считая, что абсолютные атомные массы очень малы, предложил определить *относительные атомные массы*.

Для проверки усвоения знаний по использованию уравнения Клайперона – Менделеева студенту необходимо помнить, что величина  $R$  - универсальной газовой постоянной зависит от единицы измерения давления и объёма. Дается задание на английском языке.

Determine the volume occupied by 1,2 mol of nitrogen at a temperature of 27°C and pressure:

- 1) 151987,5 Pa;
- 2) 1,5 atm;
- 3) 1140 mm Hg st;
- 4) 151,987 kPa;
- 5) 1,5 bar

*Билингвальная контекстная замена* – это методический приём, который предполагает переход от названия химического элемента, вещества, термина или оборудования на одном языке к его названию на другом языке согласно контексту, некоторые примеры билингвальной контекстной замены приведены в таблице 3.

**Таблица 3 – Билингвальная контекстная замена**

| Уравнения реакций                                         | Реакция на иностранном языке                                             | Реакция на языке обучения                                            |
|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|
| $\text{CaCO}_3 \xrightarrow{t} \text{CaO} + \text{CO}_2$  | Calcium carbonate $\xrightarrow{t}$<br>calcium oxide + carbon<br>dioxide | Карбонат кальция $\xrightarrow{t}$ оксид<br>кальция + углекислый газ |
| $\text{H}_2 + \text{Cl}_2 \rightleftharpoons 2\text{HCl}$ | Hydrogen +<br>Chlorine $\rightarrow$<br>Hydrochloric acid                | Водород + хлор $\rightarrow$ соляная<br>кислота                      |

### Заключение

При переходе процесса обучения от одного модуля к другому понятийно – терминологический аппарат обучающегося на основе двуязычия будет пополняться, совершенствоваться, что в конечном итоге будет способствовать формированию профессиональных компетенций, как по изучаемому предмету, так и возможности преподавать на иностранном языке.

Взаимное изучение предмета и языка является развивающим и стимулирующим фактором формирования профессионально – значимых знаний, умений, направлено на достижение предметной и языковой компетентности и совершенствования методической компетентности обучающегося будущего учителя химии.

### ЛИТЕРАТУРА

- [1] Хабарова Л.П. Билингвальное образование в высшей школе: зарубежный и отечественный опыт / Л.П. Хабарова // Известия пензенского гос. пед. университета. - 2011. - №24. - С. 846-852.
- [2] Ширин А.Г. Билингвальное образование в отечественной и зарубежной педагогике: автореф. дис. на соискание уч. степени д-ра пед. наук: 13.00.01 «Общая педагогика, история педагогики и образования» / А.Г. Ширин. - Великий Новгород, 2007. - 54 с.

- [3] Москoвская Н.А. Билингвальное образование в высшей школе: проблемы и решения / Н.А.Московская // Наука, образование, культура. - 2018. - С.66-72.
- [4] Пак М.С. Теория и методика обучения химии. – СПб: РГПУ им. А.И. Герцена, 2015. - 306 с.
- [5] Мифтахова Н.Ш. Адаптация студентов факультета химии и нефтехимии к обучению в вузе в двуязычной среде / Н.Ш. Мифтахова // Вестник Казанского технологического университета. - 2011. - №1. - С. 254-265.
- [6] Мифтахова Н.Ш. Адаптационное обучение билингвальных студентов в высшей школе / Мифтахова Н.Ш., Иванов В.Г. // Высшее образование в России. – 2013. - №3. - С. 94-97.
- [7] Касаткина Н.Э. Современные образовательные технологии в учебном процессе вуза. – Кемерово: КРИПО, 2011. – 237 с.
- [8] Мезенцова О.И. Современные педагогические технологии. – Новосибирск: Немо Пресс, 2018. – 140 с.
- [9] Певзнер М.Н. Билингвальное обучение: цели, проблемы, перспективы / М.Н. Певзнер // Мир образования. – 1997. - №2 - С. 12-13.
- [10] Котляр М.М. Как использовать знания иностранного языка: при обучении химии / М.М. Котляр // Химия в школе. - 2001. - №3. - С. 46-48.
- [11] Борунов Е.Б., Перевозчикова Н.В. О реакции межпредметных связей химии с английским языком / Е.Б. Борунов, Н.В. Перевозчикова // Химия в школе. - 2010 - №1.- С. 26-32.
- [12] Салехова Л.Л. Интеграция предметного и языкового компонентов содержания при обучении на билингвальной основе / Л.Л. Салехова // Интеграция образования. - 2004. - №2. - С.87-93.

## REFERENCES

- [1] Khabarova, L.P. (2011). Bilingual'noe obrazovanie v vysshej shkole: zarubezhnyj i otechestvennyj opyt [Bilingual education in higher education: foreign and domestic experience]. Izvestija penzenskogo gos. ped. universiteta [in Russian].
- [2] Shirin, A.G. (2007). Bilingual'noe obrazovanie v otechestvennoj i zarubezhnoj pedagogike. Avtoreferat diss. na soisk. uch. st. dokt. ped. nauk. [Bilingual education in domestic and foreign pedagogy author's]. Extended abstract of Doctor's thesis. Velikij Novgorod [in Russian].
- [3] Moscow, N.A. (2018). Bilingual'noe obrazovanie v vysshej shkole: problemy i reshenija [Bilingual education in the higher school: problems and solutions]. Nauka, obrazovanie, kul'tura - Science, education, culture, 66-72 [in Russian].
- [4] Pak, M.S. (2015). Teorija i metodika obuchenija himii: uchebnik dlja vuzov. [Theory and methods of teaching chemistry: textbook for universities]. SPb: RGPU im. A.I. Gercena [in Russian].
- [5] Miftakhova, N.Sh. (2011). Adaptacija studentov fakul'teta himii i neftehimii k obucheniju v vuze v dvujazyčnoj srede [Adaptation of students of the Faculty of Chemistry and Petrochemistry to study at a university in a bilingual environment]. Vestnik Kazanskogo tehnologičeskogo universiteta [in Russian].
- [6] Miftakhova, N.Sh. & Ivanov, V.G. (2013). Adaptacionnoe obuchenie bilingval'nyh studentov v vysshej shkole [Adaptational training of bilingual students in higher school]. Vysshee obrazovanie v Rossii - Higher education in Russia, 3, 94-97 [in Russian].
- [7] Kasatkina, N.E. (2011). Sovremennye obrazovatel'nye tehnologii v uchebnom processe vuza [Modern educational technologies in the educational process of the university]. Kemerovo: KRIRPO [in Russian].
- [8] Mezentsova, O.I. (2018). Sovremennye pedagogičeskie tehnologii [Modern pedagogical technologies]. Novosibirsk: Nemo Press [in Russian].
- [9] Pevsner, M.N. (1997). Bilingual'noe obuchenie: celi, problemy, perspektivy [Bilingual education: goals, problems, prospects]. Mir obrazovanija - The world of education, 2, 12-13 [in Russian].
- [10] Kotlyar, M.M. (2001). Kak ispol'zovat' znanija inostrannogo jazyka: pri obuchenii himii [How to use the knowledge of a foreign language: when teaching chemistry]. Himija v shkole - Chemistry in school, 3, 46-48 [in Russian].
- [11] Borunov, E.B. & Perevozchikova, N.V. (2010). O reakcii mezhpredmetnyh svjazej himii s anglijskim jazykom [On the reaction of intersubject connections of chemistry with the English language]. Himija v shkole - Chemistry in school, 1, 26-32 [in Russian].

[12] Salekhova, L.L. (2004). Integracija predmetnogo i jazykovogo komponentov sodержaniya pri obuchenii na bilingval'noj osnove [Integration of subject and language content components in bilingual education]. Integracija obrazovaniya - Integration of education, 2, 87-93 [in Russian].

Сдикова Г.Ж., Мендалиева К.К.

### СТУДЕНТТЕРДІ ЖАЛПЫ ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІН КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ

**Аңдатпа.** Мақалада «Жалпы химия» пәні бойынша студенттерді ағылшын тілін кіріктіріп оқытудың әдістемелік жүйесінің теориялық моделі ұсынылған. Теориялық модель білімалушылардың пәндік, кәсіби және тілдік құзреттіліктерін қалыптастыру мақсатында модульді - интегративті технологияға негізделіп жасақталған. Тізбектелген аударма, көрнекі қолдау, екі тілді контексттік ауыстыру, билингвалды қосымша және т.б сияқты әдістер мен әдістемелік әдістер қарастырылған. Жалпы химия курсы бойынша 6 модульден тұратын модульдік құрылымы ұсынылған. Әр модульде оның мазмұнын анықтай отырып, оқытылатын материалдың білім беру элементтері көрсетілген. Оқу элементтері негізгі терминдерді, ұғымдарды, анықтамаларды, заңдарды екі тілде (оқыту тілі және шет тілі) меңгеру үшін бағытталған. 1 кіріспе модуль мысалында негізгі ережелерді растайтын вариантты және инвариантты бөлімдер ұсынылған.

**Кілт сөздер:** билингвалды оқыту; көптілділік; модульді - интегративті оқыту технологиясы; жалпы химия; ағылшын тілі; әдістер; құзыреттілік.

Sdikova Guliya, Mendaliyeva Kamila

### A THEORETICAL MODEL OF A METHODOLOGICAL SYSTEM FOR TEACHING STUDENTS OF GENERAL CHEMISTRY IN THE CONTEXT OF INTEGRATION WITH THE ENGLISH LANGUAGE

**Annotation.** The article considers the theoretical model of the methodological system of teaching students in the discipline "General Chemistry" in terms of integration with the English language. The model is based on the technology of modular-integrative learning, which contributes to the formation of subject, professional and language competence of students. Such methods and methodological techniques as sequential translation, visual support, bilingual contextual substitution, bilingual addition, etc. are considered. A modular structure of the general chemistry course consisting of 6 modules is proposed. In each module, the educational elements of the studied material are highlighted, with the definition of its content. The training elements are aimed at forming basic terms, concepts, definitions, and fundamental laws that students must learn on a bilingual basis (the language of instruction and a foreign language). On the example of the introductory module 1, the invariant and variable parts are presented, which contain calculation techniques that confirm the main provisions.

**Keywords:** bilingual education; multilingualism; technology of modular-integrative education; general chemistry; English; methods; competence.

# ФИЛОЛОГИЯ – PHILOLOGY

ӘОЖ 398

ГТАХР 17.71.07

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).18

<sup>1</sup>Пангереев А.Ш., <sup>2</sup>Пыхтина Ю.Г.<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан<sup>2</sup>Орынбор мемлекеттік университеті Федералды мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі, Орынбор, Ресей

E-mail: pan.abat@mail.ru, pyxtina-2008@mail.ru

## ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада фольклор мен топонимиканың тығыз байланысты екендігі дәлелденеді. Фольклор сюжеттерінен орын алған топонимдік атаулардың танымдық, деректілік, ақпараттық сипаты зерделеніп топонимдік фольклор жанрының қалыптасуы негізделеді. Сонымен бірге топонимдік фольклордың жанрлық түрлері сараланып көрсетіледі.

Әрине, топонимика фольклортанудың қасында кенже дамыған сала. Жиналу, зерттелу жұмыстары кенжелеу болғанымен халық санасымен бірге туып, бірге жасасып келе жатырған фольклордың сюжеттерінен о бастан-ақ тұрақты орын алып, алайда ол ерекшелігі еленбей келе жатырған жер-су атауларының да тарихы әріде. Бұл жағынан алғанда ол фольклор құрамында қарастырылуы тиіс. Фольклорлық туындыларда топонимдік атаулардың мол кезігіп отыратындығы, олардың сюжетке әсері, қолданылу ерекшеліктері, кейіпкерлерге қатысы еріксіз назар аудартып, зерттеу нысанына алуға сұранып тұрған факторлардың бірі болып табылады. Осылайша фольклор үлгілерінің бойынан табылып, өзі де халықтың шығармашылық өнімі түрінде поэтикалық сипатқа, танымдық мәнге ие жер-су атаулары топонимдік фольклор жанрының туып, қалыптасуына негіз бола алады.

**Кілт сөздер:** фольклор; топоним; жанр; сюжет; таным; поэтика; функция.

### *Kipicne*

Қазақ фольклортану мәселелері зерттелуі жағынан осы кезге дейін көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Фольклор үлгілері жиналып, жүйеленді, жанрлары айқындалып, сараланды. Алайда халықтың ғасырлар бойы жинақталған төл мәдениетінің үлгісі, ой санасының жемісі саналатын фольклор атты құлашы кең шығармашылық өнер түгелімен зерттелініп болды деп айта алмаймыз. Себебі қазіргі жаһандану заманында қазақ фольклорының алдында ұлтымыздың мәдени өресін, шығармашылық зердесін әлемдік әдебиет, мәдениет айдынында танытатын жаңа міндеттер, әлі де шешімін табар мәселелер тұр. Сол мәселелердің бірі – фольклордың басқа ғылым салаларымен байланыстылығы негізінде туындайтын қазақ фольклорын өзгеше қырынан танытатын жанрлар жөніндегі мәселе.

Топонимдік фольклор – жалпы ұлттық фольклордың бір саласы ретінде қарастырылуы тиіс. Оның ұлттық ерекшелігі бірнеше белгілерден байқалады. Алдымен ол фольклордың жанрларымен тығыз байланыста. Фольклордың үш сипаты [1, б. 9] болса, ол сол үшеуімен де қатысты дамып отырады. Атап айтқанда, ежелгі дүниетаным түрінде, немесе көне мәдениет мағынасында көріне алады, оған фольклорда қолданысқа түсетін жер-су ұғымдары алғашында мифтік ұғым бойынша аталып, танылғандығын, эпсана, хикаяттарға арқау

болғандығын жатқызуға болады. Ал ертегілерде топонимдік атаулар нақты аталмайды, олар жалпылама тау, су, дария түрінде келеді. Сондықтан біз ертегіден тыс халық прозасы жанрларын назарға аламыз, ежелгі мәдени мұралардың жер-су атаулары арқылы танылатын ерекшелігін ашуды басты нысана етеміз.

Сонымен бірге топонимдік фольклор утилитарлық та қызмет атқарады. Оның танымдық мәнімен бірге эстетикалық, мағлұматтық, қоғамдық қызметтері өмірлік қажеттіліктер болып табылады. Сайын далада бағыттан таймай жүріп-тұру үшін де топонимдік атаулардың ролі қандай екендігі белгілі. Осыдан топонимдік фольклордың қолданбалылық сипаты да көрінеді.

Топонимдік фольклор бұрын өз алдына жеке зерттеу объектісі болған жоқ. Ал, енді бұл зерттеуге алынып отырған ертегіден тыс халық прозасының түрлері бұрыннан қарастырылып келе жатырған жанрлар екендігі аян. Алайда біз олардың жер-суға қатысты түрлерін дербес алып зерттеуді көздейміз. Себебі халықтың өз танымы тұрғысынан табаны тиген жерлерге өшпестей белгі қалдырып отыруы, яғни ол жердің, немесе өлкенің кескін келбетіне, сыр сипатына қарай ат қойып, айдар таға білуі ұлттық шығармашылық өнердің қандай мөлшерде өзіндік қасиетке ие екендігін көрсетеді. Сондықтан қазақ фольклорының жанрлық түрлерінде үнемі қолданысқа түсіп отыратын топонимдік атаулар фольклор сюжеттерінің құрамында танымдық, мағлұматтық, образдық сипатқа барынша ие, себебі олар ежелден қалыптасқан халық танымының, қоршаған ортаға берген бағасының, ой зердесінің, поэтикалық тілінің көрінісі. Бұл екеуі, яғни фольклор мен топонимика, өз алдына жеке ғылым салалары ретінде теориялық тұрғыда дербес қарастырылғандарымен этникалық мәдениетімізді таныту жолында практикалық тұрғыда мәндес келіп жатады. Бұны табиғи құбылыс деп те айтуға болады. Себебі фольклор сюжеттерінің бірқыдыру бөлігі жер-су атаулары жөнінде болып келеді, ал тіпті сюжет басқа мағынада болғанның өзінде көтерілген мәселенің айқындық табуы (оқиғаның болған жері, мезгілі, мекені) топонимдердің қатысы арқылы жүзеге асып отырады.

Фольклордың көп қырлы сипаты, дүниенің, болмыстың, заттың, яғни айнала қоршаған ортаның мәнін түсіндіріп, мағынасын ашып көрсетудегі қуаты оның жанрлық жүйеде үздіксіз даму тенденциясын дәлелдеп бере алады. Фольклордың осындай мүмкіндіктерінің қатарына оның топонимикамен байланысы, сол байланыс-бірлік арқылы туындайтын топонимдік фольклордың жанрлық түрлері айқындалады. Және де бұл ғылыми пәндердің байланыстылығы өзінен-өзі көрініп тұр деп те айта аламыз. Өйткені фольклор сюжеттерінде сипатталатын жер-су атауларын алып тастар болсақ, не болмаса оларға мән бермей өте шығар болсақ, онда ол сюжеттер жалпылай абстракцияға ұшырап оқиға тарихи тұрғыда баяндалғанымен әйтеуір нақтылы мазмұндалу жағы жетімсіздеу болар еді. Сонымен бірге фольклор мәтіндерінде көрініс табатын бағзы замандардан келе жатырған халықтың танымы мен эстетикалық мұраты да айқындық таппас еді деп білеміз. Өйткені қазақ фольклорының негізгі ерекшеліктерінің бірі – осы жер-су атаулары арқылы көрінетін халықтық танымға негізделеді. Фольклор ұлттың тарихи жадының куәсі, ұлт тарихының айнасы деп білсек, онда бұл екеуі ажырамас бірлікте екені аян. Сондықтан фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшелігінен туындайтын құбылыс деп білеміз.

Әлемдегі қандай ұлттың болса да озық мәдениетінің бір айғағы оның фольклорынан орын алған жер-су атаулары болмақ. Өйткені, жер-суға ат қою арқылы халықтың қоршаған ортаға қатынасы, эстетикалық ой-танымы, зердесі, ұлттық болмысы аңғарылып отырады.

Жер-су туралы ежелгі халықтық түсінік-пайымдаулар ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге жасалған, тіпті адам санасының қалыптасып, қоршаған ортаны





тануына негіз болған факторлардың бірі деп қарау керек. Қазіргі отан ұғымы, немесе атамекен, туған жер, кір жуып кіндік кескен мекен деп жүргеніміз түптеп келгенде байырғы көне түркілік «жер-су» деген түсініктен шығады.

Жер-судың ежелгі мәні мен маңызы, әлеумет өмірінде атқарған қызметі туралы сөз қозғағанда ең алдымен адам есіне ғаламның жаратылуы, қоршаған әлем, табиғат жөніндегі қадым заманнан бері келе жатқан адамзат түсінігі, наным-сенімі қатар түседі. Ол – заңды құбылыс. Өйткені жер-су адамның саналы тіршілік иесі болуына жағдай жасаған қойнау, кеңістік, табиғаттың өзі. Сондықтан да адам өміріндегі ең маңызды орын – жер-суға тиесілі болмақ.

Адамзаттың өзін қоршаған табиғат объектілері, яғни жер-сулар жөніндегі алғашқы таным-түсініктері қазіргі ғылымда миф ұғымында қарастырылады. Философиялық мағынада миф – дүниетану. Алайда, бұл жерде дүние (жаратылыс) мен жер-су туралы ұғымның арасын алшақтатуға болмас, көп ретте бұл екеуі бір мағынадағы түсінікті береді.

Әрине, белгілі бір құбылыс пен мифтің арасы алшақтаған сайын оның бұрынғы табиғи мәні солғынданып, өше бастайтыны, оның тұрақты белгісі тек фольклор мәтіндерінде сақталып, символдық өң алатындығы ұғымға қонатын түсінік.

Әрбір топонимнің белгілі межеде символ екендігі рас, бірақ, біздің бұл жерде айтпағымыз байырғы (тарихи) топонимдер, солардың бойында бұйып, бұйығып тұрған символдық мән. Сонымен, фольклорда айтылатын топонимдік атау сол фольклор мәтінінің ішінде символдық мәнге ие болып, бағзы бір кезеңдерде шындық деп қабылданған құбылыс, не оқиғаның нақты, деректі баяндалуына, сенімді суреттелуіне арқау бола алады. Ал, егер тарихи топонимдерді жеке алып, төркінін ізерлеп таныр болсақ, онда керісінше, сол топоним төңірегінде көне мифтік болмысқа бастайтын соқпаққа кезігіп, оны баян ететін мол фольклор үлгілеріне келіп түсеміз. Міне, осы екіжақты процесс фольклор мен топонимика ғылымының бір-бірімен тығыз байланысты екендігін бір жағынан дәлелдеп бере алады.

Осы дүниетаным адамдарға (түркі жұртына) өзі өмір сүріп отырған кеңістік шегін (ауқымын) жер-су (иер – су, иер – суб) деп атауға негіз болған сияқты.

Осы ойларды салмақтай келе біз топонимияға қатысты сюжеттердің фольклор жүйесіне жанр аралық қосылыстар негізінде трансформациялану үрдісін творчестволық процестің даму заңдылығы деп қабылдай аламыз. Сонымен бірге жер-судың мағынасын, оның халықтың жасампаз өнері – фольклорға қаншалықты деңгейде қатыстылығын бағамдай аламыз.

#### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Қандай да болмасын ғылымда белгілі бір жанрды жіктеп тану, теориялық қисынын жасау, мақсат, міндеттерін белгілеу оңай еместігі, ол үшін ортақ негізді табу керек екендігі белгілі. Біздің зерттеуіміздегі ол негіз – фольклордағы жер-су атаулары.

Бұл жөнінде В.Я.Пропп айтқан мына бір пікір уәжді деп білеміз: «Точное определение того, что понимается под жанром, невозможно вне рамок классификации жанров; жанры должны быть определены каждый как сам по себе, так и в их отношении к другим жанрам, от которых их нужно отличать. Оба эти вопроса – вопрос об определении жанров и о их классификации, по существу составляют две стороны одного большого вопроса» [2, б. 36].

Осы айтқандай біз жер-суды зерттейтін ғылым – топонимиканы, жер-суды халық шығармашылығының өзегіне айналдырған фольклорды бір жүйеде қарастырып, ортақ жанрлық принциптерін белгілеуді мақсат етеміз.

Әрбір ғылым саласының өзалдына томаға-тұйық күйінде дамымайтындығы, көкжиегі кеңу үшін басқа да ғылым, білім салаларымен өзектесе дамып отыратындығы белгілі.

Сол сияқты негізінен географияның объектісі болса да топонимика бірнеше ғылым салаларымен байланысты болып келеді. Топонимиканың әдебиет пен фольклордан басқа да ғылымдармен байланысты екендігі жөнінде еңбектерінде В.А.Никонов [3], А.А.Реформатский [4], Р.А.Агеева [5], Э.М.Мурзаев [6], А.Әбдірахманов [7] және т.б.



ғалымдар атап көрсетті. Бұл ғалымдардың еңбектерін салыстыра қарастырғанда олардың топонимиканы басқа ғылымдармен еншілестіру жөніндегі пікірлері әртүрлі. Мәселен, өз зерттеуінде Э.М.Мурзаевтопонимдер адрестік қызмет атқаратындығымен бірге оның ғасырлар бойғы жасаған халық шығармашылығы екендігін айта келіп, былай дейді: «...Но не слудет думать, что значение топонимов ограничивается только этой функцией. Такое одностороннее представление не вскрывает богатства их содержания и большого информационного потенциала. Ведь географические названия, их совокупность суть народное творчество, создаваемое веками. Истоки его уходят в далекое прошлое и нередко теряются в истории человечества»[6,б. 4]. А.А.Реформатский топонимдерді қолдану жөніндегі географиялық, лингвистикалық және тарихи әдістерді схема түрінде дәлелдей сызып көрсетеді де: «Но так как топонимика законно интересует и географов, и историков, а не только лингвистов, то надо здесь предусмотреть интересы всех заинтересованных и наметить разделение труда в этой области » [4, б. 31-34] деп қорытады. Бұл айтылған пікірлердің қай-қайсысы да дұрыс. Себебі әңгіме топонимиканы «қай мағынада тану ғана емес, қай мағынада жұмсауға» байланысты болып отыр. Лингвисттің лингвистикаға, географтың географияға, тарихшының тарихқа тартатыны, өз пәнін жаңаша пайымдау үшін топонимиканы мақсатты «жұмсауға» бейімдейтіні сондықтан.

Топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы ретінде қарастырғанда біз алдымен фольклор мен топонимиканың ара қатынасын анықтап, олардың ортақ негіздерін табуды мақсат еттік. Ол үшін алдымен фольклор сюжеттерінде көрініс беретін жер-су атауларының ілкі мотивтерін іздестіру қажеттілігі туды. Оны таппай салған жерден топонимдердің аңызда бейнелетіндігін, эпосқа арқау болатындығын айта жөнелу мәселенің мәнін ашпас еді. Сондықтан зерттеу барысында алдымен фольклорға да, топонимикаға да ортақ келетін мифтік ұғымдарды, оның жер-су туралы халықтық шығармашылық түрлерінің туындауына қатысы қандай екендігін анықтау басты талаптың бірі деп білеміз. Сайып келгенде фольклор секілді жер-су туралы шығармашылықтың да авторы халықтың өзі екендігі белгілі. Осы себепті біз халық танымы негізінде туып қалыптасқан топонимдік фольклордың табиғатын тану үшін алдымен оған әсер еткен мифтік мотивтерді саралап қарастырдық.

Екінші кезекте жер-су туралы фольклор түрлеріне қиялдың қатысы қандай дәрежеде екендігіне тоқталып, оның өзекті буындарын ашып көрсетуді нысанаға алдық. Топонимдік фольклорда қиялдың қатысы жайдан-жай айтыла салатын нәрсе емес, ол өсіп - өнген жеріне, жалпы табиғатқа, оның жер-суына деген халықтың перзенттік сезімін білдіреді. Туған жер төсіндегі топонимдік атауларды танып білуге деген ыстық ықылас шығармашылықтың бұндай түрлерін көптеп тудыруға әсер ететіндігі айқын. Сондықтан жер-су туралы фольклорлық сюжеттер халықтың өзі таныған объектілеріне қатысты толассыз туындай беруі заңды құбылыс. Сондай-ақ ел қиялы аспан денелеріне, жұлдыздарға байланысты неше түрлі сюжеттер шығарған. Аспан шырақтарын тану көшпелілер үшін рухани құндылық қана емес, сонымен бірге тұрмыстық, өмірлік қажеттілік екендігі аян. Түн мезгілінде жол тауып жүру үшін көшпелі елдің баласына ай, жұлдыздарды білу шарт, әйтпесе сайын далада адасатыны айқын. Бұл топонимдік фольклордың утилитарлық қызметін танытатын фактордың бірі. Дегенмен топонимдік фольклордың сюжеттерінің бәрі қиялдан тұрмайтыны белгілі. Ілкі мотивтері мифтік негізде, қиял дәрежесінде келгенімен, уақыт өте келе адамның болмысты тануы, табиғатты игеруі, одан бертін келе қоғамдық қатынастардың орнауы сияқты негіздер әлеумет өмірінің шындықты тұстарын бейнелеп көрсететін жер-су атауларының тарихи дамуына да әсер етті. Себебі топонимдік атаулар адам санасымен бірге, қоғамдық дамуға орай, елдің танымына сәйкес жаңаша өң алып отыруы түсінікті нәрсе. Біз оның осындай диалектикалық даму жолымен көрінетін ерекшелігін де атап өткіміз келеді. Өйткені топонимдік фольклордың танымдық мәні мен қатар қоғамдық маңызы да келелі



мәселенің бірі. Оның осы қырлары яғни топонимдік фольклордың алдымен танымдық мәні, қоғамдық қызметі және эстетикалық функциясы өзіндік ерекшелігі болып табылады. Топонимдік фольклордың табиғатының осындай ерекшеліктері, яғни оның қиялға қатысы, тарихи шындықты бейнелеудегі деректілік сипаты, танымдық, эстетикалық қызметі сайып келгенде топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін саралауға, олардың функциясын айқындауға негіз болады. Біз осыған көз жеткізе келіп топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін халық прозасы жанрларына сәйкестендіре танып топонимдік аңыз, топонимдік эпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме деп төрт түрге бөліп жіктедік. Бұлай жіктеу олардың өзіндік белгілері мен атқаратын қызметтеріне байланысты жүзеге асырылды.

Бұл жерде ерекше мән беріп айта кететін бір жәйт бар. Ол – ертегіден тыс халық прозасының өз алдына жанр ретінде бұрыннан қалыптасқандығы, ғылыми айналымда бар екендігі. Алайда бұл жанрлардың сюжеттерінен байқалатын басты ерекшелік олардың басым бөлігінің жер-суға қатысты болып келетіндігі. Біз осы ерекшеліктеріне байланысты орныққан жанрлардың ішінен топонимдерге байланысты түрлерін бөлектей алып оларды жанрлық түр ретінде зерттеу қажет деп ойлаймыз. Оған толық негіз бар деп есептейміз, өйткені олардың бойында көрініс табатын топонимдер шоғыры мол. Мәселен аңыз жанрының өзінің тарихи аңыздар және топонимикалық аңыздар деп шартты түрде екіге бөліне қарастырылғанының өзі осыны айғақтайды.

Жер-суға байланысты айтылатын аңыздардың астарына үңілсек тарихи аңыздардың топонимдік сипатта болып келетін, ал топонимдік аңыздардың тарихи негізде келетін өзгешеліктері бар екені байқалады. Аңыздардың туып, қалыптасуына халықтың кір жуып кіндік кескен туған жерінің тарихын білуге деген құштарлық сезімі себеп болған деп айтуға болады. Өйткені үлкен танымдық мәнге ие топонимдік аңыздардың жер атауына байланысты белгілі бір тарихи оқиғаны баяндауы арқылы сол өлкенің тарихын, ол кезеңде өмір сүрген адамдар тағдырын қоса білдіріп отыратын ерекшелігі бар. Сондай-ақ топонимдік аңыздар іштей бірнеше түрлерге бөлінеді және олардың туындауына себеп болатын факторлар әр түрлі болып келеді. Яғни кейде белгілі бір аймақта болған тарихи оқиға топонимдік аңыздың туындауына себеп болса, кейде елге (аймаққа) белгілі тарихи тұлға төңірегінде айтылатын әңгімелер себеп болады. Енді бірде бағзы бір жер атауының этимологиясы, немесе белгілі бір заттық белгісіне байланысты да сюжеттер туындап отырады.

Топонимдік аңыздың осындай ерекшеліктері болса, топонимдік эпсананың құрылымы да өзгеше. Эпсана да фольклордың жанры түрінде қалыптасқан, ғылыми ортаға танылған ұғым. Біз топонимдік эпсана деп атағанда оның жер-суға байланысты түрлерін бөлектей алып, топонимдік фольклордың ішкі жанрлық түрі ретінде қарастырдық. Себебі эпсана да аңыз секілді жанрлық түрлерге бөліне алатын ерекшелікке ие.

Бұл олардың ұқсас келетін тұсы болса, ал топонимдік сипаты жағынан айырмашылықтары үлкен. Ол айырмашылық алдымен уақыт пен кеңістікке байланысты білінеді. Мәселен аңызда бейнеленетін оқиғалар өткенді баяндаса, эпсанада уақытқа шек қойылмайды. Атқаратын функциясы жағынан да эпсана аңыздан өзгеше, яғни эпсана аңыздағыдай жартылай шындықты әңгімелеп, танымдық функция атқармайды, баяғыда болған бір кереметке толы оқиғаны баяндап, ғибрат беруді көздейді.

Бұл жерде мынадай байлам жасауға болады деп ойлаймыз: егер жер-су атаулары белгілі бір мекенде, аймақта болып өткен тарихи оқиғаны растайтын дерек ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың атауының шығу себебі көркемделе, қиял арқылы баяндалса, немесе белгілі бір жәйтті, оқиғаны суреттеп айтқанда тарихи дерегі болмай ғибраттық сипатта келсе – эпсана болады.

Тақырыптық және сюжеттік мазмұнына қарай топонимдік эпсаналарды тарихи-мекендік және утопиялық деп екіге бөлуге болады. Алайда жер-суға байланысты туындаған тарихи-мекендік эпсаналар утопиялық эпсаналарға қарағанда молырақ.

Сонымен жер-суға байланысты тарихи-мекендік және утопиялық сипатта келетін эпсаналарды топонимдік эпсаналарға жатқызсақ, ал сюжеті діни мағынада келетін, белгілі бір жер-судың, өлкенің атының пайда болу себептерін баяндайтын шығармаларды топонимдік хикаят түрінде қарастырдық.

Одним из центральных образов практически всех произведений Ж. Жабаева является народ. Поэт постоянно упоминает о нем. При этом Ж. Жабаев нередко использует притяжательное местоимение «мой». Тем самым поэт подчеркивает, с одной стороны, единство своей судьбы и судьбы народа, с другой – неразрывную взаимосвязь всего сущего на земле – человека, общества, природы.

Данный образ соединяется в стихотворениях с образом весны. Их взаимодействие происходит на нескольких уровнях. Во-первых, описывая весну, восхищаясь преображением природы, поэт обращается к народу. Он как бы вступает в диалог с людьми. Во-вторых, в произведениях получили отражение социальные ритмы жителей аула. Весна вызывает подъем в душе людей, побуждая народ к активности, к труду. В-третьих, поэт характеризует настроение жителей аула. Он описывает радость и вдохновение, охватывающие народ под влиянием весны.

В стихотворениях наблюдается противопоставление. Описывая весну, поэт сравнивает прошлое и настоящее. Он отмечает, что впервые данное время года приносит людям радость. Весна наполняет их сердца счастьем, побуждая верить в светлое и прекрасное будущее. Тем самым поэт противопоставляет две разные исторические эпохи. В его понимании весна ассоциируется с новым общественным укладом, преобразованиями, происходящими в стране в первой половине XX века.

Для произведений художественной литературы характерна категоризация. Она обуславливается особенностями мышления человека. В процессе восприятия действительности, описания и обсуждения происходящих событий, объяснения наблюдаемых явлений люди используют категории, на основании которых складываются их представления и формируются знания. Тем самым создаются когнитивные модели. Будучи формой организации знаний, они делятся на пять типов. Вслед за Дж. Лакоффом исследователи выделяют пропозициональные, образно-схематические, метафорические, метонимические, символические идеализированные когнитивные модели. Они неразрывно связаны с психическими конструктами [9].

Когнитивные модели получили отражение в произведениях художественной литературы. Их анализ позволяет глубже постичь принципы мышления автора, его восприятие и понимание явлений действительности. В этом плане интерес представляют стихотворения А. Кунанбаева и Ж. Жабаева, в которых описывается старость. На уровне данной категории четко раскрываются мировосприятие поэтов, их понимание особенностей данного возрастного периода.

В стихотворениях А. Кунанбаева «Вот и старость. Скорбны думы, чуток сон...», «Вот и старость. Свершиться мечтам не дано!» раскрывается философское содержание понятия «старость». По мысли поэта, она представляет собой тот временной период, когда человек подводит итоги своей жизни.

В процессе описания старости А. Кунанбаев использует несколько когнитивных моделей. Они раскрывают прежде всего его понимание данного возрастного периода. Более того, в произведениях получили воплощение особенности мироощущения поэта и ассоциации, вызванные в его сознании наступлением старости.

Пропозициональная идеализированная когнитивная модель данной категории содержит такие онтологические элементы, как изменение душевного и физиологического состояния человека, понимание необратимости и скоротечности времени, стремление оценить минувшее и подвести итоги прожитым годам. Она неразрывно связана с общественными представлениями.

Основу стихотворений А. Кунанбаева составляют размышления. Отмечая происходящие с лирическим героем изменения, автор делает акцент прежде всего на его внутреннем мире. Как указывает поэт, в старости сон человека становится чутким, думы

печальными и скорбными. В этот период люди ощущают свое одиночество, обусловленное непониманием окружающих.

Старость замыкает границы частного хронотопа человека. В силу возрастных изменений человек отдаляется от более молодого поколения. Он погружается в воспоминания, пытается дать оценку своей прожитой жизни. Отсюда наличие восклицаний, выражающих сожаление о недостигнутом, о несбывшихся мечтах, досаду, горечь.

Старость в произведениях поэта становится своеобразным импульсом для назидания. Поэт обращается к нынешним и будущим поколениям. Он разъясняет им подлинный смысл бытия, описывает качества, которыми должен обладать человек.

Категория старости осмысляется А. Кунанбаевым в единстве с категорией времени. В процессе рассуждений автор подчеркивает невозможность вернуть прошлое, относительный и преходящий характер всего сущего на земле:

«Дней минувших не вернуть из тишины,  
Радость где-то остается позади,  
Всё проходит, все деянья непрочны» [7, с. 77].

В стихотворении затрагивается тема жизни и смерти. «Всем рождение и кончина суждены», – говорит поэт [7, с. 77]. Тем самым он рассматривает старость как период, предшествующий смерти. Этим обуславливается особенность душевного состояния человека и его пространственно-временной позиции. Он как бы становится созерцателем, который со стороны, с высоты своих прожитых лет смотрит на окружающий мир.

Когнитивная модель категории «старость» в поэзии А. Кунанбаева содержит в себе несколько психологических установок и представлений, обусловленных мировоззрением и мироощущением поэта, его жизненным опытом, состоянием его внутреннего мира. Во-первых, данная категория обозначает возрастной период, вносящий определенные изменения в жизнь человека. В этом плане отражаются традиционные представления, сложившиеся в обществе. Во-вторых, старость осмысляется как своеобразная граница между двумя мирами – жизнью и смертью, преходящим и вечным. На этом уровне четко проявляются философские основы воззрений А. Кунанбаева. В-третьих, старость – особое состояние внутреннего мира человека, его пространства души и сознания. В этом плане раскрываются психологические установки поэта, его мысли и переживания.

Категория «старость» осмысляется в стихотворениях Ж. Жабаева «В горах», «Старость», «Достиг я, шагая, вершины горы». В данных произведениях четко прослеживаются отличительные особенности и признаки конкретного возрастного периода, отношение поэта к возрастным изменениям.

В процессе описания старости автор оперирует несколькими когнитивными моделями. Они с одной стороны, отражают его знания о данном возрастном периоде. С другой – показывают личное восприятие поэта и ассоциации, связанные в его сознании с понятием «старость».

Пропозициональная идеализированная когнитивная модель данной категории включает несколько онтологических элементов. Основными из них являются противопоставление молодости, изменение внешности и физических возможностей человека, приближение к завершению жизненного пути.

Старость как возрастной период приобретает в стихотворениях Ж. Жабаева негативную окраску. Она лишает поэта многих возможностей, которые он имел в молодости. Ему не нравятся перемены, происходящие в нем.

Старость материализуется в произведениях поэта. По словам автора, она толкает его, садится на него, отнимает его силы, «укрывает его глаза холодной краснотой», «съедает его мясо».

В этом плане содержание данной категории существенно расширяется и выходит за рамки традиционного понимания. Понятие «старость» приобретает дополнительные

признаки, обусловленные особенностями мышления и психического состояния поэта. Данная категория получает эмоциональную окраску и выступает некой силой, довлеющей над человеком, неизбежно побеждающей его в определенный временной период жизни.

В стихотворении «Достиг я, шагая, вершины горы» автор соотносит старость с болезнью. Он обращается к врачу с вопросом и в итоге констатирует, что вылечить ее невозможно. На этом уровне категория «старость» соединяется с категорией времени. Сопоставляя два понятия, автор фактически подчеркивает наличие в бытии человека двух начал – неизбежного и преходящего. Ибо старость наступает независимо от воли и желания человека. Болезнь – временное состояние, которое можно исправить с помощью лечения.

Стихотворение «Старость» содержит обращение поэта к старости. Рассуждая о своем состоянии, автор задает ей вопросы и восклицает. Тем самым он одушевляет данную категорию. Происходит сокращение пространственно-временной дистанции между миром автора и его возрастным периодом.

Когнитивная модель категории «старость» в поэзии Ж. Жабаева включает в себя несколько психологических установок и представлений, обусловленных мировоззрением поэта, его жизненным опытом, душевным состоянием, философско-эстетическими идеалами и ценностями. Во-первых, данное понятие выступает обозначением возрастного периода, неизбежно наступающего в жизни каждого человека. В этом плане отражаются традиционные общественные представления. Во-вторых, старость предстает как зло, некая сила, которая, подобно року, довлеет над людьми. На этом уровне раскрывается отношение поэта к данному возрастному периоду. В-третьих, старость предстает как нечто одушевленное, материальное, способное оказывать воздействие на человека. Такое представление обуславливается эмоциональным, психическим состоянием поэта, его нежеланием принять перемены, произошедшие с ним. В-четвертых, старость соотносится с болезнью. На этом уровне данная категория соединяется с категорией времени. Сопоставление старости и болезни позволяет глубже постичь душевное состояние поэта, охватывающие его сомнения, противоречия, переживания. В-пятых, старость ассоциируется с завершением жизненного пути человека. В этом плане она соединяется с вечной проблемой жизни и смерти, и ее значение раздвигается до глубоких философских обобщений.

На страницах своих произведений Жамбыл Жабаев создал свой особый неповторимый мир. Его уникальность обуславливается своеобразием подхода поэта к изображению действительности. Для творчества Ж. Жабаева характерны правдивые, реалистичные картины жизни. Объектом внимания поэта становятся исторические события, социальные явления, бытовой уклад казахского народа.

Огромную роль в поэзии Ж. Жабаева играет категория хронотопа. Она обуславливает особенности построения индивидуально-авторской картины мира. На уровне хронотопа раскрываются философские и эстетические взгляды поэта, его отношение к действительности.

В поэзии Ж. Жабаева получили отражение реальное (внешнее) и ментальное (внутреннее) пространства. Первое служит показателем места развития событий, описываемых автором. Второе отражает особенности мышления поэта, его мироощущение и мировосприятие.

Ментальное пространство представляет собой динамическую форму когнитивного опыта человека, которая актуализируется в процессе его взаимодействия с окружающим миром [10, с. 96]. Его отличительными особенностями являются субъективность, условность, недоступность для внешнего наблюдателя, фрагментарность.

Ментальные пространства, согласно точке зрения исследователей, способны заменять возможные существующие миры. Они отражают понимание гипотетических и вымышленных ситуаций [11].

Специфика ментальных пространств обуславливается тем, что они неразрывно связаны с психическими процессами, происходящими на двух уровнях внутреннего мира личности – сознательном и бессознательном [12, с. 20]. Первый охватывает мысли, чувства, ощущения, воображение. Второй связан со сновидениями, грезами, воспоминаниями, ассоциациями.

В творчестве Жамбыла Жабаева прослеживаются несколько видов ментальных пространств. Они определяют особенности хронотопа его произведений. Так, в стихотворении «На джайляу» раскрывается чувственное восприятие мира. Автор описывает звуки, запахи, ощущения. По его словам, он слышит, как «растут голоса в тишине, катятся вдаль волной». Он сравнивает дуновение ветра с прикосновением шелка. Сердца жителей аула пьяны от запаха трав. Бегущая с гор вода прозрачна и холодна.

Стихотворение содержит диалог, который разворачивается на уровне ментального пространства поэта. Автор дословно передает просьбу жителей аула, обращенную к нему, и свой ответ. При этом он детально описывает чувства, охватывающие его и окружающих людей.

Изображаемое в стихотворении ментальное пространство связано с сознательным уровнем личности. Поэт создает чувственные образы – зрительные, слуховые, осязательные, обонятельные. Они образуют единую и целостную картину бытия. Благодаря им складывается впечатление об изображаемых поэтом событиях и его отношении к ним. Реальность осмысливается через ментальное пространство автора.

Размышляя о поездке на джайляу, поэт отмечает, что он найдет пастбище, даже если сомкнет веки, и наступит мгла. При этом он акцентирует внимание читателя на том, что смотрит на горы Алатау.

На этом уровне автор создает воображаемое пространство. Мысленно он представляет себя в ином, не существующем в данный момент измерении. Звеном, соединяющим два мира – реальный и воображаемый, – выступают горы Алатау.

При построении гипотетической модели действительности поэт использует многоочие. Тем самым он показывает неопределенность, незавершенность ситуации и возможность ее развития в различных направлениях.

В стихотворении «К портрету Абая» представлены интеллектуальное пространство и пространство воображения. Ж. Жабаев, с одной стороны, описывает силу и могущество мысли великого казахского поэта и философа, с другой – выражает свои предположения и идеи.

Характеризуя Абая, автор указывает основные качества, которыми он обладал. Согласно точке зрения Ж. Жабаева, А. Кунанбаев имел незаурядный ум и отвагу. Течением мысли он был глубок, как море.

Слова Абая автор сравнивает с яркостью звезд. Тем самым Ж. Жабаев, с одной стороны, подчеркивает содержательность высказываний и произведений А. Кунанбаева, с другой – придает наглядность создаваемым им образам.

Характеризуя интеллектуальное пространство великого казахского поэта и философа, автор ставит многоочие. Тем самым он подчеркивает безграничность внутреннего мира, масштабность, емкость мыслей Абая.

В произведении описывается отношение людей к А. Кунанбаеву. По словам автора, «аргын и найман удивлялись ему».

Такое отношение народа подчеркивает особенность пространственно-временной позиции великого казахского поэта и философа. Своим талантом он возвышается над всеми, вызывая их восхищение. Свидетельство тому – риторический вопрос Ж. Жабаева: «Какой же с Абаем сравнится поэт?» [8, с. 315].

На этом уровне раскрывается личная позиция автора. Для него Абай – недостижимая вершина, мастер слова, пример для нынешних и грядущих поколений.

Пространство воображения отражает авторские идеи относительно личности А. Кунанбаева. Восхищаясь Абаем, Ж. Жабаев указывает: «А сердце мне шепчет: «Он был одинок...» / Без радости, но с душой непреклонной, / С досадою гений из мира ушел»[8, с. 315].

Пространство воображения соединяется в стихотворении с миром чувств. Связующим звеном между ними выступает образ сердца. Оно порождает переживания поэта относительно судьбы Абая. Чувства ложатся в основу идеи Ж. Жабаева об одиночестве А. Кунанбаева и его неудовлетворенности жизнью, мирозданием.

Различные ментальные пространства получили воплощение в стихотворении «Песня о счастье». Автор раскрывает свои мысли, чувства, идеи. Духовное пространство соединяется с миром мечты.

Описывая слова старика о его несчастной судьбе, поэт сопровождает их собственными комментариями (смотрите: «Слова, в которых сердца крик»). Тем самым он пытается раскрыть душевное состояние своего собеседника, его чувства, переживания, разочарования. В данном случае ментальное пространство выстраивается на основе личных впечатлений и наблюдений автора. Оно отражает его предположения относительно чувственного мира собеседника.

В стихотворении раскрывается пространство грез. Поэт описывает свои мечты о счастливой жизни в краю, где медовое море. В этом плане происходит соединение ментальных пространств сознательного и бессознательного уровней.

Внутренний мир поэта переплетается в произведении с внешним миром. Поведав о своей мечте, поэт рассказывает о своей жизни. При этом хронотопы внутреннего и внешнего миров пересекаются на уровне образа мёда, ибо песнь Жамбыла «сладка, как мёд пчелиных сот», Жамбыл приглашает народ, чтобы угостить мёдом. Тем самым автор показывает красоту своей жизни, которая, в отличие от жизни его собеседника, сложилась удачно и счастливо. Его мечта претворилась и стала реальностью.

Стихотворение содержит множество метафор (например: «Дрофой от жажды я страдал», «В пыли я жемчугом лежал», «В хрусталь воды не нагляжусь»). Они, с одной стороны, придают красочность изображаемому автором миру, с другой – порождают различные ассоциации в сознании читателя.

### *Заключение*

Таким образом, исследование литературного наследия Ж. Жабаева с точки зрения когнитивного подхода является недостаточно изученной проблемой в современном литературоведении. Между тем, данный метод позволяет глубже постичь содержание произведений поэта и особенностей построения индивидуально-авторской картины мира.

В процессе когнитивного анализа раскрываются творческий замысел поэта, специфика его национального менталитета, жизненный опыт, душевное состояние. Ибо авторские размышления, переживания, идеи, отношение к явлениям действительности получают отражение на уровне содержания, системы образов, языка художественных произведений. Они обуславливают особенности построения когнитивных моделей.

Ментальные пространства способствуют раздвижению границ изображаемого в произведении мира. Их анализ дает представление об особенностях мышления, воображении поэта, его переживаниях, мечтах. Они позволяют проследить причины, вызвавшие воспоминания лирических героев, навевшие их сновидения и грезы.

Применение когнитивного подхода в процессе сопоставительного анализа творчества двух и более национальных поэтов способствует постижению особенностей их мировоззрения и мироощущения, влияния национальной культуры, исторической эпохи, общественных идеалов и ценностей, жизненного опыта, системы знаний.

Изучение когнитивных аспектов поэтических произведений Жамбыла Жабаева способствовало пониманию принципов мышления, своеобразия мировосприятия и мироощущения классика казахской литературы. В его стихотворениях представлены различные ментальные пространства. Созданные им образы характеризуются сложностью и многогранностью. В произведениях Ж. Жабаева широко используются сравнения, метафоры, которые отражают чувства поэта, его отношение к описываемым событиям, явлениям.

Индивидуально-авторская картина мира поэта характеризуется самобытностью. Изображая явления действительности, поэт передает собственное их видение и восприятие.

В стихотворениях Ж. Жабаева четко прослеживаются когнитивные модели категорий, связанных с бытием и внутренним миром личности. Они раскрывают психологические установки и представления поэта. На уровне когнитивных моделей получают отражение общественные стереотипы, идеалы и ценности.

### ЛИТЕРАТУРА

- [1] Жолдасбеков М. Жамбыл и его поэтические традиции: автореф. дис. На соискание уч. степени доктора филолог. наук: спец. 10.01.02 «Казахская литература» / М. Жолдасбеков. – Бишкек: КГУ, 1993. – 39 с.
- [2] Исмаилов Е. Акындар / Е. Исмаилов. – Алматы: Көркем әдебиет, 1956. – 340 б.
- [3] Кенжебаев Б. Жамбыл Жабаев – қазақ халқының жыршысы / Б. Кенжебаев. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1955. – 32 б.
- [4] Сүйіншалиев Х. Жамбыл Жабаев – қазақ халқының ұлы ақыны / Х. Сүйіншалиев. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1955. – 42 б.
- [5] Дәдебаев, Ж.Д. Тандамалы шығармалар: [2-томдық]. 1-том. / Ж.Д. Дәдебаев. – Алматы: Өнер, 2008. – 352 б.
- [6] Сыдыков Е.Б. Жамбыл / Е.Б. Сыдыков. – М.: Художественная литература, 2015. – 367 с.
- [7] Кунанбаев А. Стихи. Поэмы. Проза / А. Кунанбаев. – Алматы: Мектеп, 2002. – 192 с.
- [8] Джабаев, Д. Избранные произведения / Д. Джабаев. – Алма-Ата: Жазушы, 1980. – 400 с.
- [9] Поляков С.Э. Концепты и другие конструкты сознания. [Электронный ресурс] / С.Э. Поляков. – СПб: Питер, 2017. – 621 с. – Режим доступа: <http://psyfactor.org/lib/polyakov1.htm>
- [10] Холодная М.А. Психология интеллекта: Парадоксы исследования / М.А. Холодная. – СПб: Питер, 2002. – 272 с.
- [11] Динсмор Дж. Ментальные пространства с функциональной точки зрения / Дж. Динсмор // Язык и интеллект: сборник науч. трудов. – М.: Прогресс, 1995. – С. 385-412.
- [12] Шадриков В.Д. Мир внутренней жизни человека / В.Д. Шадриков. – М.: Университетская книга. Логос, 2008. – 392 с.

### REFERENCES

- [1] Zholdasbekov, M. (1993). Zhambyl i ego poeticheskie tradicii [Zhambyl and his poetical traditions]. Extended abstract of Doctor's thesis. Bishkek:KSU [in Russian].
- [2] Ismailov, Ye. (1956). Akyndar [Poets]. Almaty: Artistic Literature [in Kazakh].
- [3] Kenzhebaev, B. (1955). Zhambyl Zhabaev – Kazakh khalkynyn zhyrshysy [Zhambyl Zhabaev is narrator of Kazakh people]. Almaty: Kazakh State Publishing house [in Kazakh].
- [4] Suyinshaliev, Kh. (1955). Zhambyl Zhabaev – Kazakh khalkynyn uly akyny [Zhambyl Zhabaev is great poet of Kazakh people]. Almaty: Kazakh State Publishing house [in Kazakh].
- [5] Dadebaev, Zh.D. (2008). Tandamaly shygarmalar [Selected works]. Vols 1-2; Vol.1. Almaty: Onyer [in Kazakh].
- [6] Sydykov, Ye.B. (2015). Zhambyl [Zhambyl]. Moscow: Artistic literature [in Russian].
- [7] Kunanbaev, A. (2002). Stihi. Poemy. Proza [Poetry. Poems. Prose]. Almaty: Mektep [in Russian].
- [8] Dzhabaev, D. (1980). Izbrannye proizvedeniya [Selected works]. Alma-Ata: Zhazushy [in Russian].

[9] Polyakov, S.E. (2017). Concepty i drugie konstrukty soznaniya [Concepts and other constructions of consciousness]. psyfactor.org/lib/polyakov1.htm.Saint Petersburg:Peter. Retrieved from <http://psyfactor.org/lib/polyakov1.htm> [in Russian].

[10] Kholodnaya, M.A. (2002). Psychologiya intelekta: Paradoxy issledovaniya [Psychology of intelligence:Paradoxes of research].Saint Petersburg:Peter [in Russian].

[11] Dinsmor, D. (1995). Mental'nye prostranstva s funktsional'noi tochki zreniya [Mental spaces from a functional point of view]. Yazyk i intellekt: Sbornik nauchnykh trudov – Language and intelligence: collection of scientific works. Moscow: Progress [in Russian].

[12] Shadrikov, V.D. (2008). Mir vnutrennei zhizni cheloveka [The world of man's inner life].Moscow: University book. Logos [in Russian].

**Темірболат А.Б.**

## **ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КОГНИТИВТІ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Андатпа.** Мақалада қазақ әдебиетінің классигі Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы қарастырылады. Оның өлеңдері когнитивті тәсіл тұрғысынан талданады. Бұл әдісті пайдалану, біріншіден, автордың, кейіпкерлердің, оқырманның психологиясын тереңірек ашуға, олардың қоршаған орта жайлы түсініктерін көруге; екіншіден, ақынның ойлау механизмдерін және олардың шығарма поэтикасының түрлі деңгейіндегі көрінісін түсінуге мүмкіндік берді. Жұмыста лирикалық кейіпкердің ішкі әлемін модельдеу тәсілдері, оның ойлауы мен дүниетанымының ерекшеліктері, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы сипатталады. Ақын өлеңдерінде көрініс тапқан менталдық кеңістікке талдау жасалады. Ж. Жабаев пен А. Құнанбаевтың шығармаларын салыстыру негізінде оның жеке-авторлық әлем суретінің ерекшеліктері ашылады. Оның болмыс пен тұлға тұжырымының ерекшелігі сипатталады. Ж. Жабаев шығармаларын когнитивті тәсіл тұрғысынан зерттеу мысалында аталған әдістің тиімділігі мен болашағы негізделеді.

**Кілт сөздер:** когнитивті тәсіл; поэзия; дүниетаным; тұлға; менталды әлем; психология; уақыт; кеңістік; бейне; когнитивті модель.

**Temirbolat Alua**

## **COGNITIVE ASPECTS OF ZHAMBYL ZHABAEV'S POETRY**

**Annotation.** In the article the work of Kazakh literature's classic Zhambyl Zhabayev is considered. His poems are analyzed in terms of a cognitive approach. The use of this method allowed, firstly, to more deeply reveal the psychology of the author, heroes, reader, their ideas about the surrounding reality; secondly, to understand the poet's thinking mechanisms and their reflection at various levels of the poetics of works. In the article the ways of modeling of the lyrical hero's inner world, peculiarities of his thinking, attitude towards the surrounding reality are described. The analysis of mental spaces, reflected in the poems of the poet. Based on a comparison of the works of Zh. Zhabaev and A. Kunanbaev, the features of the construction of his individually-authored picture of the world are revealed. The originality of his concept of being and personality is described. On the example of studying the works of Zh. Zhabayev from the point of view of the cognitive approach, the effectiveness and prospects of this method are substantiated.

**Keywords:** cognitive approach; poetry; worldview; personality; mental world; psychology; time; space; image; cognitive model.



ӘОЖ 81'373.2

ҒТАХР 16.21.47

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).21

**Қожанұлы М.***Нұр-Сұлтан, Қазақстан***E-mail:** m\_kozhanuly@mail.ru.**ҚАЗАҚ ЭТНОНИМИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚОСАРЛЫ ЭТНОНИМДЕР ПРОБЛЕМАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ этнонимі жүйесіндегі күрделі сөздің бір түрі қос сөздер арқылы жасалған этнонимдер проблемасы қарастырылады. Автор қазақтың қосарлы ру аттарына қатысты материалдардың зерттеу әдіс-тәсілдерін түсіну-талдау проблемасын оңтайландыру мақсатында, қос сөздерді, ең әуелі қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп бөліп, қазақ этнонимін қайталанған және қосарланған этнонимдер аясында сөз етеді. Зерттеу нәтижесінде қос сөздердің жасалу жолдары тәсілі көне тілдік құбылыс екенін ескеріп, қазақ этнонимдер жүйесіндегі қосарлану, қайталану немесе бірігу арқылы жасалған этнонимдердің өн бойында о бастағы бір-бірімен туыстығын, бір атадан тараған ұрпақ сабақтастығын және руаралық байланысы деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ, қазақ этнонимдер жүйесіндегі қосарлы (қос сөздер) этнонимдер мен қосарлы тарихи тұлғалар да кешегі қазақ халқының тұтастығы жолындағы ерлік пен елдіктің ақ туын бірлікте ұстаған ата-бабалар өмір жолының бір парағы ретінде, олардың фонетикалық, морфологиялық және семантикалық сипаттарына талдау жасап, зерттеу – қазақ ономастикасының өзекті проблемаларының бірі екенін алға тартады.

**Кілт сөздер:** этноним; қазақ этнонимі; күрделі сөздер; қос сөздер; қосарланған этноним (қосарлы ру аттары); қайталанған этноним; қосарлы тарихи тұлға.

*Kipicne*

Ғылым дамыған сайын оның салалары дараланып, зерттеу мәселелері пайда болып, одан әрі айқындала береді. Соның бірі – күрделі сөздер.

Тіл ғылымында айқындалғандай, күрделі сөздер о баста жай сөз тіркестерінің бірігуінен, қосарлануынан және еркін сөз тіркесінің тұрақты тіркеске айналуынан қалыптасқан тарихи құбылыс.

Қазақ тіл білімінде күрделі сөздер мәселесін алғаш сөз еткен – қазақ лингвистикасының теориялық негізін қалаушы профессор Қ. Жұбанов. Ол, 30-жылдардың өзінде-ақ күрделі сөздерді дұрыс тұжырымдаса да, уақыт өткен сайын олардың әлі де басы ашылмаған мәселелері барлығын профессор А. Ысқақов: «Күрделі сөздердің қай-қайсысы болса да әуелгі синтаксистік жай сөз тіркесінің я лексикалануы, я грамматикалануы негізінде қалыптасатындықтан, олардың компоненттерінің ара қатынасынан іздеген дұрыс» [1, б. 128-129],- деп, ғалым тіліміздегі ертеден келе жатқан синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдерімен де тікелей байланысты екенін алға тарып, тілдегі идиомалану, лексикалану, делексикалану, т.б. процестері де қос сөздерге тән қасиет екенін орынды атап көрсетеді.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» [2] атты монографиялық еңбек авторлары сөздің күрделену процесіндегі фонетикалық, лексика-семантикалық және грамматикалық факторларының сипаттары туралы отандық және шетелдік ғалымдар көзқарастарына жан-жақты тоқталғандықтан, бұл жерде оның мынадай ішкі түрлерін: 1) сөзқосым (бұл тәсілді: біріккен, кіріктіру деп екіге бөледі), 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту,- атап көрсетуді орынды деп санадық.

### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Зерттеу нысанамызға орай, отандық (Қ. Жұбанов, М. Балақаев, Г. Жәркешева, А. Ысқақов, Ы. Маманов, Н. Сауранбаев, Ә. Қайдаров т.б.) және шетелдік (Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков т.б.) ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып және ғылымда қалыптасқан зерттеу методологиясына сай, зерттеу материалдарында қолданылатын әдіс-тәсілдерді түсіну, талдау нәтижелерін оңтайландыру мақсатында, қазақ тіліндегі күрделі сөздердің өзге түрлері сияқты қос сөздерді, ең әуелі қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп бөліп алдық.

Қазақ ономастикасының қалыптасып дамуына саналы ғұмырын арнаған ономаст-ғалым Т. Жанұзақов [3, б.202] қазақ ономастиологиясының материалдары мен олардың құрылымдары да регионалдық сипаты жағынан да алуан боп келеді,- деп жазғандай, қос сөздер арқылы жасалған қазақ этнонимдері проблемасына тоқталуды жөн көрдік.

Тілдегі кез келген сөздер сияқты, күрделі сөздер компоненттері сыртқы түр-түрпаты жағынан тіркесу, қосарлану, бірігу және аффикстер (жұрнақ, жалғау) арқылы қалыптасқан қарым-қатынас нәтижесінің көрінісі екенін ескерсек, онда жазушы Б. Қорқытов: «...Мен қазақтың сол кездегі әдет-ғұрпы, салты бойынша руымды айтып,- Есен-Беріш Шойтас ауылының баласымын»,- дедім» [4, б.115],- деп айтқандай, қазақ этнонимдер аясында да белгілі бір сөзді (қос сөз) қайталап не қосарлап айту ежелден келе жатқан тілдік құбылыстар екенін көреміз. Демек, тілімізде бұл тәсілдің көнелілігін ескерсек, онда қос сөздер арқылы жасалған этнонимдерді зерттеу қажеттілігінің туындап отырғаны заңдылық. Алайда, зерттеу материалдарынан байқағанымыздай, түбір, туынды, біріккен сөздер арқылы жасалған этнонимдерге қарағанда, қосарлы этнонимдер (қос сөздер - *астын сызған автор*) сан жағынан аз да кездеседі.

Академик Ә. Қайдар [5, б.135] «қазақ» этнонимінің шығу төркініне тілдік тұрғыдан талдау жасай келіп, тілімізде қазақ ру, тайпаларының қосарлануы арқылы жасалған Алтай-Қарпық, Арғын-Найман, Албан-Суан, Әлім-Жаныс, Алтын-Жаппас, Үйсін-Қоңырат, Абақ-Тарақ этнонимдері барын еске салады.

Ғалым Ә. Қайдар қосарлануы арқылы келген Әлім-Жаныс руының екінші компонентіндегі Жаныс руын Ұлы жүздің аттас тармағымен байланыстырады. Алайда, шежірелік деректерден, сондай-ақ ру, тайпалардың қосарлану заңдылықтарынан байқағанымыздай, Жаныс руын Әлімұлы құрамындағы Шөмекей руының Көнектен тарайтын тармағы ретінде қараған орынды секілді (қараңыз: келтірілген мысалдардың ішінде Үйсін-Қоңыраттан басқасы, сол жүздің өз ішіндегі руларымен ілік-шатыс екенін аңғартады). Біздіңше, қосарлану немесе бірігу арқылы жасалған этнонимдердің өн бойынан о бастағы бір-бірімен туыстығын, бір атадан тараған ұрпақ сабақтастығын және руаралық байланысын байқауға болады.

### *Зерттеу нәтижелері*

Қазақ этнонимдерін жинау және шежіре деректерін зерделеу барысында кез келген ру-тайпаларда қосарлап не қайталап айту бар. Мысалы, Әлімұлы руында Әлім - Шөмен; Әлімұлы руы ішінде Бұжырдан тарағандарды қосарлап Назар - Шүрен; Қабақ, Тілеуден тарағандарды Тілеу - Қабақ (кейде біріктіріп Тілеуқабақ); Жалайыр руы ішінде Андастан тарағандарды қосарлап Құттық - Қарақұл, Түрке - Саурық, Андабай - Таңғыт, Байқара - Жұман, Қошқар - Шүрек; Жетіру руы ішіндегі Табын, Тама руларын қосарлап, Табын - Тама делінсе, Байұлының Шеркеш руы ішіндегі Қылыш, Кестен тарағандарды Қылыш - Кестен деп қосарланса, ал ауызекі сөйлеу тілінде Беріш руынан тарағандарды «Қаратоқай - Беріш, Себек - Беріш, Жайық - Беріш, Есенғұл - Беріш» деп қайталап айту кездесетінін байқадық.



Зерттеу барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер аясында материалды түсініп-талдауда тіліміздегі қос сөздердің [1, б. 112-130] қайталама және қосарлама қос сөздер деп, оның үш түрлі жолмен дамып, қалыптасу заңдылығын негізге алдық. Сонымен:

*Қайталама арқылы жасалған (қайталанған) этнонимдерде* ауызекі тілде бірінші орында сол рудан не тармағындағы ру аты түрі, екінші орында о бастағы негізгі ру аты жиі айтылса, кейде бірінші орында о бастағы негізгі ру аты, екінші орнында сол рудан не тармағындағы ру аты түрі кездеседі. Мысалы, «Қаратоқай - Берішпіз», «Есенкұл - Берішпіз», «Себек - Берішпіз», «Есен - Беріш» не «Беріш - Бегіс» т.б. Бұдан біз, негізгі рудың не ру бөлігінің қайталануынан, яғни *үстеме (не күшейтпе) буын ретінде* (курсив біздікі – М.Қ.) сол рудың рөлін күшейту мәнінде қолданылғанын байқаймыз. Бір сөзбен айтқанда, этнонимнің қайталануы, тілдегі қайталама қос сөздің үстеме (не күшейтпе) буын түріндегі қалыптасқан түрі – сын есімге тән формасының рөлін атқаратынын көруге болады. Біздіңше, бұл қалыптасқан форма негізгі руды не ру бөлігін қайталап қолдану этноним процесінде көне дәуірдің жемісі болуы мүмкін.

Осы орайда, ғалым А. Ысқақов «Бұл үстеме буын сөзге жаңа лексикалық мағына қоспайды, тек ұлғайту, я солғындату реңкін жамайды» [1, б. 116],- десе, ал К. Аханов: «А.Н. Кононов мұндай формаларды сын есімдердің күшейткіш формалары (усилительные форма) деп атап, оларды жартылай редупликация [<лат. reduplicatio – «еселену», «қайталану»] жолымен жасалған деп есептейді [6, б. 385],- деген пікірін алға тартады. Сондай-ақ, зерттеу барысында алғашқы бір буынның өзгеріп қайталанып қолданылған (*қайталанған*) этнонимдер сирек болса да кездеседі. Мысалы, Қанай - Қонай, Абад - Жабад, т.б. Бұл тәсіл арқылы жасалған аталымда экспрессивтік, эмоциялық реңк (ұлғайту, бәсеңдету, жинақтау, топтау т.б.) мән беру мақсаты немесе зілсіз, жеңіл әзіл-қалжыңы (еркелету) байқалады.

Осы жерде этнонимнің қайталануына мына фактіні келтірсек те жеткілікті. Тарихта болған, өзін «Қаратоқай-Берішпіз» деп атаған Құлбарақ батырды жазушы Б. Қорқытов: «Он екі ата Байұлының бір баласы – Беріш. Осы Беріштің бұтағы – Қаратоқай. Қаратоқайдан Андағұл, Сасыған, Айтқожа туады. Андағұлдан Есболай мен Бекбауыл туады. Есболайдан: Итемген, Көтен, Мәймен, Күшік, Қоныс тарайды. Итемгеннен: Табылды, Қара, Қабыл, Қалдыбай, Мәтен туады. Бұларды ел «Итемгеннің бес бөрісі» деп атайды. Табылдықтан Құлбарақ туады. Міне, біздің айтып отырғанымыз осы Құлбарақ» [4, б. 22],- деп, осылайша тарқатады.

Жалпы, қос сөздердің қайталанып қолдануында түбірдің я біреуіне, я екеуіне де бірдей қосымшасыз, не қосымшалы түрінің екі рет, не сөздің я бір (я бірнеше) дыбысына, не бір буынның өзгеріп қайталануында жаңа сөз тумай, тек грамматикалану процесін еске алсақ, ал *қайталанған этнонимдердің* тек екінші сыңарына жалғау жалғанатынын немесе ауызекі тілде қайталанған этнонимдерде атау түрінде түбір ықшамдалып қолданылатынын байқадық. Бұл тәсіл арқылы жасалған этнонимдерде сол руды жік-жігімен, сала-саласымен бөліп, «бір тұтастық, топтық» ұғым-түсінікті көрсетуімен қатар, экспрессивтік, эмоциялық реңк (ұлғайту, бәсеңдету, жинақтау не жалпылау, топтау т.б.) мәнін немесе зілсіз, жеңіл әзіл-қалжыңды (еркелету) білдіреді. Жалпы, қайталанған этнонимдерді (генонимдерді) мысал ретінде тізе беруге болады.

Тілімізде қазақ руларымен қатар, тарихи тұлғаларды қосарлап айту да бар.

Қосарланып айтылатын егіз есімдер туралы Б. Қорқытов: «Тарихта «Исатай-Махамбет» деп қосарланып айтылатын егіз есімдей, Атырау өңірі ел аузында «Беріште Есет-Айтуар» деп қоса айтылатын егіз есімнің бірі - Айтуар. Өйткені Есет пен Айтуар екеуі замандас, бірге жүріп, бірге тұрған, көздері жұмылғанша жұптары жазылмаған.

Есет пен Айтуар тарихта болған адамдар.

Есет би – 1179 жылы Қарабау (осы күнгі Қызылқоға ауданы) деген жерде туады. Оның шыққан тегі Итемгеннің бес баласының бірі Қарадан осы Есет туады. Сонда Құлбарак пен Есет ағайынды туыс болып шығады» [4, б. 32],- деп, одан әрі Айтуар туралы: «Айтуар 1783 жылы туып, 1856 жылы 73 жасында дүниеден өтеді. Ол он екі ата Байұлының бірі Беріштің Байбақты деген баласынан Әсілбас, Шақай, Құсылбас туады. Әсілбастан Себек пен Жаңбырша туады. Бұл атадан тарағандар өздерін «Себек-Берішпіз» деп атайды. Айтуар осы Себектің Сары деген аталығынан шығады, өз әкесінің есімі - Үсен» [4, б. 39-40],- деп жазады. Сондай-ақ, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақталған «Асау-Барақ» дастан-жырының [7] басты кейіпкерлері Жетірудің Табын руынан шыққан әкелі-балалы Барақ пен Асау есімдері де мәтінде қосарланып беріліп отырады. Бұлар да тарихта болған адамдар. Бір сөзбен айтқанда, қазақ этнонимдер жүйесіндегі қосарлы этнонимдер мен тарихи тұлғалар да кешегі қазақ халқының тұтастығы жолындағы ерлік пен елдіктің ақ туын бірлікте ұстаған ата-бабалар өмір жолының бір парағы.

Зерттеу барысында қосарлама сөздердің құрамындағы компоненттерінің өзіне лайықты дербес мағыналық ерекшелігіне қарай іштей: қарама-қарсы (антонимдес), мәндес (синонимдес) және ұштас (коррелятивтес) болып үш топқа бөлінетінін ескерсек, онда қосарлама сөздер арқылы жасалған этнонимдерді шартты түрде ұштас мағыналы қосарланған этнонимдер деп қарауға болатын секілді. Осы орайда, тілдегі қос сөздердің қосарлануында жинақтау, топтау т.б. процестерін еске алсақ, материалдарды зерделеу барысында қосарлы ру аттарының шыққан тегі о баста бөлек-бөлек болып, кейін уақыт өте келе қосарланған рулар жинақтау, топтау ұғымы дәрежесіне жеткенін байқадық. Сонымен, *ұштас мағыналы қосарланған этнонимдер* о бастағы ру бір атадан тарап, кейін өз алдына жеке аталық (дара) рулық дәрежеге жеткен немесе көршілес отырған, я белгілі бір қарым-қатынаста болып, сондай-ақ бір ру тармақтары ішіндегі екінші ру тармағымен туыстық жағынан байланысы бар, өзара одақтасып, жалпы бір атаның ұрпағы мағынасында келіп, жарыса, қосарлану арқылы қалыптасса керек.

Осы орайда, бір ғана Найман бірлестігі құрамындағы Айтолқын-Қонақбай деген қос этнонимге қатысты мына шежіре дерегіне тоқталсақ та жеткілікті. Аңыз-әңгімеде: «Айтолқын - Желек қызының аты, оның күйеуі нашар адам болып шыққан. Айтолқын әкесіне қайтып оралып, оның балалары Желектің екінші ұлы Қонақбайдың балаларымен бірге өскен. Кейін Айтолқын мен Қонақбай балаларының ұрпақтары бір аталық руға бірігіп, Айтолқын-Қонақбай деген атанса керек» [8, б. 184],- деп айтылады. Жалпы, қосарланған этнонимдерге (генонимдерге) қатысты шежіре деректеріндегі аңыз-әңгімелерді (мифология) осылайша тізе беруге болады.

Зерттеу барысында қазақ этнонимдерінің өн бойында қосарлама қос сөздердің екі түрлі жолмен дамып, қалыптасқан тәсілдері де көрініс тапқан. Сонымен:

*Қосарлама арқылы жасалған (қосарланған) этнонимдерде* аталық рудан бөлініп, өз алдына жеке аталық ру дәрежесіне жетіп, о бастағы шыққан тегі бір, бұл күнде үлкен екі түрлі аталық рудан құралса (мысалы, Әлім - Шөмен, Тама - Табын, т.б.), енді бір тобы бір ғана аталықтан тараған рулар кейін өзара одақтасып, бір ру ретінде қосарланып (кейде бірігіп), аталған сияқты. Мысалы, Назар - Шүрен, Қылыш - Кестен (кейде Қылышкестен), Тілеу - Қабақ (кейде Тілеуқабақ), Арық - Тыным (кейін бір атаға бірігіп Арықтыным), Тайқожа/Тойқожа - Ақкете, Қойлы - Атығай, Құттық - Қарақұл, Түрке - Саурық, Андабай - Таңғыт, Байқара - Жұман, Мамыр - Айым, Қошқар - Шүрек, Айтолқын - Қонақбай, Асан - Үмбет, т.б. Сондай-ақ, этнонимдерді қосарлап айту поэзияда да кездеседі. Мысалы, Махамбетте:

Айқайлап жауға тигенде,  
Ағатай-Беріш ұраным!-дейді.

Махамбеттің арғы атасы Беріш болғандықтан, «Ағатай-Беріш» атанған. Ал Ағатай батыр ауызша айтылатын шежіре әңгімелерге қарағанда, XVII-ғасырдың орта шенінде өмір сүрген адам [4, б. 12].

Ал Ы. Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастанында Исатайдың арғы аталары:

...Арғы атаң *Беріш-Байсейіт*

*Жайық-Наурыз-Тілеуке*

Айтуда солай шамасы.

Қайым қылып заманын

Хандардың бұзған қамалын

Ұранға шыққан Ағатай

Бірге туған Есіркеп

Аруақты бабасы...[4, б. 16].

Енді бірде:

...Ене сойын сұрасаң –

*Есентемір - Тағашы* [9, б. 57],- деп, қосарланып баяндалады.

Сонымен қатар, қазақ этнонимдер құрамында қосарлама қос сөздердің белгілі бір тобы қазақ халқымен көршілес, қоныстас және түбі бір туыстық байланысы бар ру, тайпа атымен жарыса, қосарлап қолдануы кездеседі, оған Ноғай - Қазақ этнонимін жатқызуға болады.

Зерттеу барысында шежіре деректерінен байқағанымыздай, *қосарлама арқылы жасалған (қосарланған) этнонимдер* бірде бір-бірімен қосарланып бір бүтін аталым ретінде келсе, енді бірде олар бір-бірінен ажырап, жеке дара аталым ретінде қолданылады. Мысалы, әлімұлы шежіресіндегі Назар - Шүрен руы қосарланып айтылса, енді бірде Назар, Шүрен деп, сондай-ақ, жалайыр шежіресіндегі Байқара-Жұман руы қосарланып айтылса, енді бірде Байқара, Жұман деп, жеке дара айтылады. Жалпы, бұл тәсіл арқылы жасалған қосарланған этнонимдерді (генонимдерді) мысал ретінде тізе беруге болады. Сонымен, қосарлама қос сөздің осы тәсілі туралы ғалым А. Ысқақов: «Қос сөздердің екі сыңары да бірдей бірыңғай, демек, бір ғана сөз табына тән сөздерден құралатын себебінің бір негізі олардың бірыңғай мүшелермен ұштастығында да болуға тиіс» [1, б.129-130],- деп, орынды атап көрсетеді.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, қосарлы этнонимдердің екі компоненті де дербес мағыналы сөздер болып, белгілі бір атау тұлғалы сөз табынан болып келеді. Бұл тәсіл арқылы жасалған этнонимдер бір-бірімен о бастағы шыққан тегі, туыстық жағынан бір-біріне жақын, әрі жинақталған топтық ұғым-түсінікті білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, жоғарыда аталған белгілер ономастикалық кеңістікте қазақ этнонимдер жүйесіндегі қосарлама (қос) сөздер табиғатын жеке қарастырып, жан-жақты зерттеуге негіз болады деп ойлаймыз.

### *Қорытынды*

Қазақстанның өңірлік (Батыс, Оңтүстік, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстары) ономастикалық атауларын зерттеген тілші-ғалымдар өз зерттеулерінде өңірлік этнонимдерге тоқталып, оны жұмыстарының тараулары етіп қарастырып келсе, ал соңғы кезде тілші-ғалымдар, қазақ этнонимдерін арнайы ғылыми зерттеу объектісі мәселесіне де көңіл бөле бастады. Оған осы жол авторының «Қазақ этнонимдер жүйесі» атты монографиясы [10] жарық көрді. Сонымен қатар, Ғаламтор-ресурстарынан [11] қазақ этнонимдерін зерттеу туралы рефераттар мен дипломдық бағыттағы ғылыми жұмыстарды көруге болады.

Тілдегі күрделі сөздер арқылы жасалған этнонимдердің (түбір, туынды, біріккен және қос сөздер) құрылысын тарихи-тілдік аспектіде зерттеу, яғни жалпы түркітану ғылымындағы сөздің түбір құрылысын зерттеу мәселесін кезінде Г. Вамбериден бастап, академик А.Т. Қайдаров [12] және Н.А. Баскаков [13; 14], т.б. ғалымдардың еңбектерінде

жан-жақты қарастырылғанмен, бұл мәселе әлі күнге дейін өз шешімін таппағаны белгілі. Олай болса, мақала көлеміне қарай, қазақ этнонимдер жүйесіндегі қосарлы этнонимдердің өзіндік ерекшелігі бар, өте ертеде қалыптасқан тілдік жүйелі құбылыс ретінде қарап, олардың тарихи шығу тәркінін, қалыптасу заңдылықтарын ескеріп, қос сөздер арқылы жасалған этнонимдерді фонетикалық, морфологиялық және семантикалық сипаттарына қарай ажыратып қарастыру – алдағы міндеттердің және қазақ ономастикасының өзекті проблемасының бірі екені даусыз.

#### Алғыс

Зерттеу барысында материалдарды жинау және шежіре деректерін нақтылау барысында кезінде (2006-2010 жж.) үнемі көмектесіп, ақыл-кеңестерін берген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық Ғылым Академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры қызметкерлеріне және М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының текстология және қолжазбалар бөлімі қызметкерлеріне алғыс білдіремін.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология / А.Ысқақов. - А., 1974. - 408 б.
- [2] Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі / Жауапты ред. Н.О. Оралбаева. - А., 1989. - 368 б.
- [3] Орталық Қазақстанның жер-су аттары / Жауапты ред. Т. Жанұзақов. - А., 1989. - 256 б.
- [4] Қорқытов Б. Атырау билері мен батырлары / Б. Қорқытов. - А., 1992. - 128 б.
- [5] Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка / Ә. Қайдар. - А., 1988. - 304 с.
- [6] Аханов К. Тіл білімінің негіздері / К. Аханов. - А., 1973. - 624 б.
- [7] Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы, қолжазбалар қоры, № 365 папка (қараған күні - 15.09.2003 ж.).
- [8] Арғынбаев Х. Қазақ шежіресі хақында / Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров (Құраст.: Ә. Пірманов). - А., 2000. - 404 б.
- [9] Маданов Х. Кіші жүздің шежіресі / Х. Маданов. - А., 1993. - 168 б.
- [10] Қожанұлы М. Қазақ этнонимдер жүйесі / М. Қожанұлы. - Аст., 2011. - 448 б.
- [11] Қазақ халқының этногенезі. [Электрондық ресурс] Кіру режимі://<http://referat.resurs.kz/ref/kazak-halkinin-etnogenezi>; Тарихи этнонимдердің ерекшеліктері [Электрондық ресурс] Кіру режимі://<https://stud.kz/referat/show/103561>; Қазақ этнонимінің синонимі. [Электрондық ресурс] Кіру режимі://<https://stud.kz/referat/show/83492>.
- [12] Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке / А.Т. Кайдаров. - А., 1986. - с. 326.
- [13] Баскаков Н.А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков (Словосочетания и предложения) / Н.А. Баскаков. - М., 1988. - 208 с.
- [14] Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков / Н.А. Баскаков. - М., 1988. - 208 с.

#### REFERENCES

- [1] Iskakov, A. (1974). Sovremennyy kazahskij jazyk. Morfologija [Modern Kazakh language. Morphology]. Almaty [in Kazakh].
- [2] Oralbaeva, N.O. (Eds.). (1989). Slovoobrazovatel'naja sistema sovremennogo kazahskogo jazyka [Word-formation system of the modern Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- [3] Zhanuzagov, T. (Eds.). (1989). Toponimija Central'nogo Kazahstana [Toponymy of Central Kazakhstan]. Almaty [in Kazakh].
- [4] Korkytov, B. (1992). Batyry i biev Atyrauskoj oblasti [Batyrs and biys of Atyrau region]. Almaty [in Kazakh].
- [5] Kajdar, A. (1988). Aktual'nye voprosy kazahskogo jazyka [Topical issues of the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- [6] Ahanov, K. (1973). Osnovy jazykoznanija [Fundamentals of linguistics]. Almaty [in Kazakh].

- [7] Kazhastanskaja Nacional'naja Akademija Nauk, fond rukopisej, papka № 365 (data obrashhenija - 15.09.2003 g.) [Kazakhstan National Academy of Sciences, fund of manuscripts, folder № 365 (date of access - 15.09.2003)]. [in Kazakh].
- [8] Argyubaev, Kh., Mukanov, M., Vostrov, V. (2000). Letopis' genealogicheskoe drevo kazahov (Sost.: A. Pirmanov) [Chronicle of the genealogical tree of the Kazakhs (Comp.: A. Pirmanov)]. Almaty [in Kazakh].
- [9] Madanov, Kh. (1993). Letopis' Mladshogo Zhuza [Chronicle of the Younger Zhuz]. Almaty [in Kazakh].
- [10] Kozhanuly, M. (2011). Sistemy kazahskogo jetnonimov [Systems of Kazakh ethnonyms]. Astana [in Kazakh].
- [11] Jetnogenez kazahskogo naroda [Ethnogenesis of the Kazakh people]. Retrieved from [\*\*Кожанулы Манасбай\*\*](http://referat.resurs.kz/ref/kazak-halkinin-etnogenzi; Osobennosti istoricheskikh jetnonimov. [Features of historical ethnonyms] Retrieved from: //https://stud.kz/referat/show/ 103561; Sinonim kazahskogo jetnonima. [Synonym for the Kazakh ethnonym]. Retrieved from: //https://stud.kz/referat/show/ 83492 [in Kazakh].</p>
<p>[12] Kajdarov, A.T. (1986). Struktura odnoslozhnykh kornej i osnov v kazahskom jazyke [The structure of monosyllabic roots and stems in the Kazakh language]. Almaty [in Russian].</p>
<p>[13] Baskakov, N.A. (1988). Istoriko-tipologicheskaja harakteristika struktury tjurkskikh jazykov (Slovosochetaniya i predlozheniya) [Historical and typological characteristics of the structure of the Turkic languages (Phrases and sentences)]. Moscow [in Russian].</p>
<p>[14] Baskakov, N.A. (1988). Istoriko-tipologicheskaja fonologija tjurkskikh jazykov [Historical and typological phonology of the Turkic languages]. Moscow [in Russian].</p>
</div>
<div data-bbox=)

### **ПРОБЛЕМА ПАРНЫХ ЭТНОНИМОВ В СИСТЕМЕ КАЗАХСКОГО ЭТНОНИМА**

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема этнонимов, образованных парными словами, одним из типов сложных слов в системе казахских этнонимов. В целях оптимизации проблемы осмысления и анализа методов исследования материалов, относящихся в контексте повторяющихся и парных слов казахского этнонима, автор разделяет их на повторные и сдвоенные парные слова. В результате исследования, учитывая, что метод образования парных слов является древнеязычным явлением, он приходит к выводу, что этнонимы, созданные путем дублирования, повторения или слияния в казахской системе этнонимов, связаны друг с другом, происхождением, преемственностью и межродовыми связями. Исследование, анализ и изучение фонетических, морфологических и семантических характеристик параллельных (парных) этнонимов исторических личностей, пути героических подвигов предков, за целостность казахского народа – одна из важнейших проблем казахской ономастики.

**Ключевые слова:** этноним; казахский этноним; сложные слова; парные слова; сдвоенные этнонимы (параллельные родовые имена); повторные этнонимы; сдвоенные исторические личности.

**Kozhanuly Manasbay**

### **THE PROBLEM OF PAIRED ETHNONYMS IN THE SYSTEM OF KAZAKH ETHNONYMS**

**Annotation.** The article deals with the problem of ethnonyms formed by paired words, one of the types of compound words in the system of Kazakh ethnonyms. In order to optimize the problem of comprehending and analyzing the methods of researching materials related to the context of repetitive and paired words of the Kazakh ethnonym, the author divides them into repeated and paired words. As a result of the study, given that the method of forming paired words is an ancient linguistic phenomenon, he comes to the conclusion that ethnonyms created by duplication, repetition or merging in the Kazakh system of ethnonyms are related to each others origin, continuity and intergeneric relations. Research, analysis and study of phonetic, morphological and semantic characteristics of parallel (paired) ethnonyms of historical personalities, heroic deeds for the integrity of the Kazakh people is one of the most important problems of Kazakh onomastics.

**Keywords:** ethnonym; Kazakh ethnonym; compound words; paired words; double ethnonyms (parallel tribal names); repeated ethnonyms; doubled historical personalities.

ӘОЖ 82:316.3

ҒТАХР 16.21.55

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).22

**Серғалиев Н. Х., Қыдыршаев А.С.***М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан***E-mail:** kdirshaev\_abat@mail.ru**«АРҒЫМАҚТЫҢ БАЛАСЫ АЗ ОТТАР ДА, КӨП ЖУСАР,  
АЗАМАТ ЕРДІҢ БАЛАСЫ АЗ ҰЙЫҚТАР ДА, КӨП ЖОРТАР»**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ жырының ар-намысы, рухани ұранымыз Махамбет сынды ақынның азаматтық, шешендік тәлім-тағылымы баса айтылады. Күллі түркілерге түгел ортақ ауыз әдебиетіне тән заңдылық қазақ поэзиясында, әсіресе, Махамбет поэзиясында тұтастай табиғи үндестікпен көрініс тапқаны түйінделеді. Десек те, Махамбеттің өлмес мұраларының бізге әлі де түгелдей жетпегені, ал жинақталған және жарияланған жырларының әлі де зерттеушілердің, тіл мамандарының айрықша зейінін аударуы қажеттілігі баяндалады. Егер де шешендік сөздер халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың тұнбасы десек, осыншама қазынадан нәр ала өрілген Махамбет баба толғаулары, өлең-жырларының шешендік иірімдерге, тапқыр ойларға толылығы таразыланып, нақтылы мысалдармен дәйектеледі. Нәтижеде бүгінгі ел үшін еңбек етер патриот кәсіби маман болуда халық даналығының қайнар бұлағы ұлттық шешендік сөздерінен нәр алудың, Махамбет сынды қайталанбас күдіретті тұлғалы шешенінің, ақынының тұңғыш мағынаға толы өлең-толғауларын үлгі тұтудың бағасы теңдесіздігіне акцент берілді.

**Кілт сөздер:** рухани жаңғыру; Махамбет ақын; Анахарсис; поэзия; Асан қайғы; феномен; шешендік сөз; Исатай батыр; намыс дабылы; рух; ұлттық құндылық; қазақ елі; шешендік толғау; шешендік нақыл; патриот.

*Kipicne*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалалары – сананы сілкінетін, ойды отарсыздандыратын, жадыны жаңғыртатын, тарихты түлететін, өнер атаулының өрісін кеңейтетін, ұрпағымызды еркін тыныстатар келелі кемел бағдарлама. Осы тұрғыдан келгенде тарихымызды тану, зерделеу, таразылау – тағдырымызды, бүгінгі тұрпатымызды тану, келешегімізді бағдарлап, алдағы жүрер жолымыздың сілемін табу. Халқының басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын бәсекеге тігіп, қасықтай қанын аямай, шыбын жанын шүберекке түйген өр тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да – тарих [1]. Осы сапта сараласақ, *Махамбет бабамыз – қайталанбас Тәуелсіздік тұманы, арымас Алаш арысы, бұлқынған асау намысы*. Елбасының Махамбет сынды тұлғаны рухани ұранымыз, қазақ жырының ар-намысы тұрғысында жоғары бағалағаны Мәңгілік ел келешегі жалынды жастарымызға мәлім.

*Зерттеу материалдары мен әдістері*

Жалпы түркі мәдениеті, дала поэзиясы небір таңғажайыптарға толы. Мәселен, сонау ежелгі Грекия кезінде дала жырауы, сахара шайыры, Сақ ханзадасы Анахарсисің ой ұшқырлығы мен тапқырлығына тәңгі болғаны мәлім. Егер де ой-қазына десек, бұл б.з.д. V-VII ғ.ғ. бағзы мәдениет бұлақтарынан, арғықазақ арналарынан тарқатылады. Анахарсисің жақсылық та, жамандық та тілден екенін дәл мөлшерлеп, жалған сөзді желге ұшқан сөз деп ұғып, теңіздің дәмін



тамшысынан аңғарып, ақыл атасының ақиқаттығын меңзеп, теңізге шыққандардың ажалдан өздері мінген кемеңіз қалыңдығындай ғана қашықтықта жүретіндігін аңғартып, ашуланған адам алдымен өз басына жамандық тілеп аларына көз жеткізуіне қатысты сөз мұрасы дүйім өркениетке танымал. Сөз саптасының айрықша өрнегі, ой тұжырымының жымдастығы оны Солон, Фалес, Биант, Клеобул, Эзоп сынды ұлы грек ойшылдарынан ерекшелеп, пікірталастарда озық шығарып, көпшіліктің назарына іліктірген, даңққа бөлеген [2, б. 18; 6, б. 19].

Күллі түркілерге түгел ортақ ауыз әдебиетіне тән заңдылық қазақ поэзиясында, әсіресе, Махамбет поэзиясында тұтастай табиғи үндестікпен көрініс тапқаны аян. Махамбет ақынның оқи да, жаза да білетініне дәлел-дерек мол, десек те ол өзінен бұрын ғұмыр кешкен, *«Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер, Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер?!», «Бұл заманда не ғаріп?.. Жақсыларға айтпаған, асыл шырын сөз ғаріп», «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама»* деп жырлаған Асан қайғы (XV ғ.), өмірмен қоштасқан сәтінде жасы әлі отызға да толмаған, *«Қоғалы көлдер, қом сулар, қоныстар қонған өкінбес, Жұпарын қардай боратып, арулар құшқан өкінбес», «Тоғай, тоғай, тоғай су, тоғай қондым, өкінбен, Толғамалы ала балта қолға алып, топ бастадым, өкінбен...»* дейтін Доспамбет жырау (XVI ғ.), қазақ жыраулық поэзиясының атасы, *«Жақсының жақсылығы сол болар, жаманменен бас қосып, сөйлемекке ар етер, Жаманның жамандығы сол болар, сөйлесе дәйім бетін қара етер», «Шағырмақ бұлт жай тастар, Ағытқан қойды жол бастар, Ақ желкенді жел бастар, Ғадыл төре ел бастар, Батыр жігіт қол бастар, Шешен адам сөз бастар», «Жапалақ ұшпас жасыл тау, Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау. Ойлап тұрсам жаманның, жалаңдаған өз басына тілі жау», «Дұшпанға белінді шешіп иланба, Илантып тұрып өлтірер», «Бүркіттен қыран құс болмас, Баулуы жетпей бөрі алмас. Бидайықтан алғыр құс болмас, Қауырсыны қатпай ұша алмас»* деп үн қатқан Шалкиіз ақын (1456-1560 ж.ж.) шығармаларын арқау ете отырып, ауызша шығармашылыққа ден қойды. Біздіңше, махамбеттанудағы бұл реттегі зерделеу ісі өз жалғасын тапса игі [3, б. 18; 12, б. 18].

Дау жоқ, Махамбет өзін ғана емес, күллі ұлтты асқақтатты. Махамбет феноменін ұлтты оның ақынымен бағалау тұрасындағы тұжырым дәл көрсетеді. Десек те, көсемсөздегі жазушы-драматург Рақымжан Отарбаевтың тұжырымы ащы, ащы болса да шындық. Мәселен, жазушы кезекті бір сұхбатында: *«Жазылғанына он жыл болып республикалық конкурста екінші орын алса да, алғашқыда ешбір театр қоюға тәуекел етпеген «Бас» деген пьесам бар. Махамбетке арналған. Режиссерлер оқып көреді де, осының ішінде бір пәле бар, магиялық күшке ие деп қашып шығады. Өзім де таңмын. Осы аттас романды аяқтадым. Оның ішінде тірі Махамбет жоқ. Айқай соғыс жоқ. Бүгінгі күннің пенделік тірлігі суреттеледі. Оқиға былайша өрбиді: Махамбеттің сүйегін Қараойдан кезінде антрополог Ноэль Шаяхметов қазып алған. Бас сүйегіне қарап мүсінін жасаған. Хош! Сосын Мәскеуге көшетін боп, «Махамбеттің бас сүйегін алып қалыңдар» деп талай құзырлы мекемелерді жағалаған. Бәрі де ат-тонын ала қашқан. Демек, бұ қазаққа Махамбеттің ақындығы, атақ-даңқы керек. Күйі керек. Ал, бас сүйегі қажет емес. Солай ғой. Сөйтіп бас жоғалды. Өзге сүйегі бөлек жатқан, ол да жоғалды. Екеуі екі жер төледен бөлек-бөлек 14 жылдан соң табылды. Міне, біздің ұлы тұлғаға қатысты құрметіміздің түрі. Осыдан соң тәуекел етіп, бұ қазаққа сеніп өліп көр», -* деген-ді. Ойланатын тұс.

Ескерер тұстың бірі, Махамбеттің өлмес мұралары бізге әлі де түгелдей жеткен жоқ, ал жинақталған және жарияланған жырлары әлі де зерттеушілердің, тіл мамандарының айрықша зейінін аударуын қажет етеді. Мәселен, махамбеттанудың қай тұсы ескерілмей жүргендігі хақындағы сауалға қаламгер Рақымжан Отарбаев: *«Бір нәрсені айтайын, өлеңдерінде жүйе жоқ, өлеңдерін көбейту үшін, бір өлеңнен үш өлең жасаған тұстары бар. Үзіктері жалғанбай жатқан өлеңдер бар. Біреу кандидаттық қорғайды, біреу докторлық қорғайды, әрі қарай ұмытады. Мен интервьюімде айттым. Ол кезде мектепте оқимын,*



үйге Махамбеттің өлеңдерін жатқа оқуға берген. Махамбеттің өлеңдерін кітаптан жаттап отырмын. «Шыға алмаған далаға-ай, Міне алмаған алаға-ай, Атаңа нәлет Жәңгір хан, Исі қазақ баласын, Көзінен түзіп айдады-ау, Орынбор деген қалаға-ай». Әжсем: «Кімнің өлеңі?» - деді. «Махамбеттің өлеңі», - дедім. «Үкімет те аузына келгенін айта береді екен», - деді. «Мынау - біздің әжселеріміздің өлеңі. Қара қазақ баласын оқытып, онымен қоймай оқуға жіберіп, сонда орыстың даласына алып кеткенде айтқаны ғой. Қайдағы Махамбеттікі?» - деді.

Қазіргі таңдағы махамбеттану іліміне сүйене айтсақ, *Исатай* – ел айбары, басқа қонған бақтың қайнары болса, *Махамбет* – арлы ана құрсағынан жаралған сардаланың сардар ері, таулары асқақ даланың мұзбалағы, арлы Алаштың азаткер ақыны. Демек, *Махамбет поэзиясы* – намыс дабылы. Арқалы ақынның әр сөзі оқырманның күш-қайратын жанып, намысын қайрайды, патриоттықтың ерекше үлгісін көрсетеді. Ал *Махамбет баба күйлері* – даланың сыры, сан ғасырлар үні, ақынның жүрекжарды сырларының күміс құймасы. Демек, бүгінгі даусыз ақиқат мәселе – Махамбеттің бірегей феномен құбылыс екендігі. Шешендерше шешіле сөйлесек, түбі бір түгел сөзді ежелден кие тұтқан халқымыздың рухани әлемінде Махамбеттің жауһар жырларының жұлдызы қашан да биік. Тұяғынан от шашқан көне қыпшақ жорық жырларының сарқыты, батырлық пен жыраулық қос тізгінін тең ұстаған Ноғайлы заманының жығылмаған туы, жыраудың соңы, ақынның басы – Махамбет жыры – ерлік пен елдіктің символы. Хан ұлынан қаймықпай халық мұңын мұндау, жоғын жоқтау, ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалу, жақсыларға еп, жамандарға көп болу – тек Махамбет ақын, Махамбет батырдың ғана маңдайына біткен ерекше қасиет. Жалынды сөзі жай оғындай жарқылдаған, жігерді жанып, намыстың туын тіктер отты жырлары – Ұлт-Рухтың шарқайрағындай қазақ халқын тарихтың қаңқасаптарынан аман алып қалу үшін жаралғандай [4, б. 27; 7, б. 26].

Махамбет баба тағылымы – телегей теңіз. Мәселен, Махамбет сынды арқалы ақынның өмір өткелдері турасындағы өлеңмен өрілген шағын энциклопедияның өзі бір дүние. Ақындар әр тұлғалы киелі сөз иесі Махамбет бабамызды түрліше сипаттайды: «*Елінің кекке туған өр перзенті*», «*Тас тескен оғы да оқ, сөзі де оқ, Жауына болды атылған өзі де оқ! Бетпе-бет ханмен қарсы қағысқанда, Оқтай бір атылмаған сөзі де жоқ*», «*Халқының құйған құрыш көк қалқаны!*» [5, б. 10-13]; «*Далама біткен биігім!*», «*Бұлт тіреген тірегім!*», «*От ауызды орақтым, Жауға шапқан жарарқтым*», «*Тумасы жарық жұлдызым, Тұлғасы алып шың-құзым*», «*Жыр сапырған дауылсың*», «*Сен қырдағы заңғар тауымсың*», «*Сен бейне мұздыбалақ қыран ең, Қанатыңмен тас жарып, ажалын күткен қиядан*» [6, б. 13-17]; «*Жасын боп түскен жаудың төбесінен, Нарынның наркескендей қос арысы*», «*Исатай – батырлардың батырындай, Махамбет – ақындардың ақынындай*», «*Жығылмайтын жалау жыр жадымдағы*» [7, б. 26-28]; «*Әрбір сөзің, о, баба, төске түскен балғадай*», «*Құм Нарында сыңсып жел, әлі сені жоқтайды*», «*Жүнжіген жуас жарлының, шылбырдай естің жігерін*», «*Жетем деп жауың мұратқа, сілтеді балта еменге... Өтпеді қару бірақ та, өзіңнен туған өлеңге!*» [8, б. 38-40], «*Тұлғасының өзі – жыр-шабыт!*» [9, б. 49-56], т.б. Қуанарлығы, Махамбет сынды айбарлы Ұлт ұлының қасиеті хақында ауыз толтыра кең тыныспен кеуде кере айта бергің келеді, айта бергің келеді. Асыл туған баба қасиеттілігі осында болса керек-ті [10; 8]. Қазақ халқы шешендік сөздерінің табиғаты ерекше. Оған тек таңдай қағып тамсану аз, тұңғығына терең сүңгіп, түсіну керек. Ұлттық шешендік сөздердің таңғажайыптығы көлемінің шағын, сөйлемінің ықшам болуында; тыңдаушысын жалықтырмай, зеріктірмей ұйытып, үйіріп әкететін әсерлі келуінде; шешендік сөздердің қысқа болғанымен, мақал-мәтел емес, бір оқиғаға байланысты туып, белгілі адамдардың атынан айтылған сөз екендігінде. Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес, ойының тапқырлығында, қиядан жол, қиыннан сөз табуында; шешендік сөздердің



тартымдылығы тапқырлығымен бірге батылдығында, ойының қисынды, сөздерінің мәнділігінде. Демек, шешендік күші шындықта, шындықты тартымды ой, шебер тілмен тыңдаушыларға жеткізе, ұғындыра білуде. Нәтижеде тек сондай көркем тіл, жүйелі оймен батыл айтылған және мақал, нақыл сияқты белгілі халық даналығымен шегеленген шешендікпен, тапқырлықпен өрілген көркем сөздер ғана тыңдаушының ақылын баурап, сезімін тебіренге алмақ [11, б. 48]. Ал ата-бабамыздың шешендік мұрасының ұрпақ атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық қыры сөздің құдіретті күшке ие екендігін аңғартуында; сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр иісі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуында; дауыс үнділігінің тұлға атаулының әр қилы, әр қырлылығын танытатын басты құрал екендігін, шешендіктің ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызу екендігін аңғартуында; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізуінде; тұспалдап сөйлеуге, меңзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаша айта отырып, нені нысаналап отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни, терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуінде; шешендік айтыстың арқауы астарлы сөз десек, астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдететін құбылыс екендігін аңғартуында; тапқырлыққа, шапшандыққа, тез жауап берушілікке баулуында; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуінде [12, б. 52].

Демек, халық шешендік сөздері – ұлттық құндылық көзі. Қазақ халқының шешендігі – ұлт тектілігінің белгісі. Шешендік сөздер – халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың тұнбасы. Ал, осыншама қазынадан нәр ала өрілген Махамбет баба толғаулары, өлең-жырлары шешендік иірімдерге, тапқыр ойларға толы. Тізе ұсынсақ, кейбірі төмендегіше: *«Аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласы»;* *«Жаманнан туған жақсы бар, Атасын айтса нанғысыз. Жақсыдан туған жаман бар, Жарамды бір теріге алғысыз»;* *«Ежелгі дұшпан ел болмас, Етекпен кесіп жең болмас»;* *«Түлейді түнде жортқан жолбарыстай»;* *«Арпа жемес арғымақ, Ақ селеу отқа зар болар»;* *«Арғымақтың баласы арығанын білдірмес», «Хас жақсының баласы арада тұрып сөйлемес»;* *«Жақсыменен дос болсаң, басыңа қиын іс түссе, алдыңнан шығар өбектеп, жаныңа не керек деп»;* *«Жаманменен дос болсаң, басыңа қиын іс түссе, басқа кетер бөлек деп, қолдан берер есептеп, сыртыңнан жүрер өсектеп»;* *«Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар»;* *«Азамат ердің баласы аз ұйықтар да көп жортар»;* *«Ат - жігіттің майданы»;* *«Қылыш - жанның дәрмені»;* *«Өлім - хақтың пәрмені»;* *«Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ, тура ажалдың емі жоқ»;* *«Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай, Ерлердің ісі бітер ме?»;* *«Тебінгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей, Алты малта ас болмай, Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай, Ерлердің ісі бітер ме?!»;* *«Өзегі талып ет жемей, Ер төсектен безінбей, Ұлы түске ұрынбай, Түн қатып жүріп, түс қашпай, Ерлердің ісі бітер ме?!»;* *«Тебінгі теріс тағынбай, Темірқазық жастанбай, Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бітер ме?»;* *«Туырлығы жоқ тұл үйге, Ту байласаң тұрар ма?»;* *«Беркініп садақ асынбай, біртіндеп жауды қашырмай,.. халыққа тентек атанбай, үйде жатқан жігітке, төбеде тегін атақ болар ма?»;* *«Атақты ермен бірге өлсе, жігіттің болмас арманы, Өте шыққан қызыл гүл, бұ дүниенің жалғаны»;* *«Жүйрік аттың белгісі, Тұрады құйрық-жалында»;* *«Ат туады байталдан, Айт деңіз, лебіз қайтарман. Халық қайғысын айтуға, Хан ұлынан тайсалман»;* *«Аруана жисаң жарасар, Ұлы күнде сапарға»;* *«Мұсылманылық кімде жоқ, Тілде бар да, дінде жоқ»;* *«Көшпелі дәулет кімде жоқ, Бірде бар да, бір де жоқ»;* *«Туған ұлдан не пайда, Атаның жолын қумаса?!»;* *«Алаштың байлығынан не пайда, Тарығып келген ерлерге қайыры оның болмаса?!»;* *«Алтын*



тақты хандардың, Хандығынан не пайда, Қаріп пенен қасірге, Туралық ісі болмаса?!»; «Бағаналы терек жарылса, Бақыраш жаман болар ма?!»; «Кәрісі кімнің жоқ болса, Жасы болар дуана»; «Бір сынаған жаманды екіншілей сынама»; «Ермін деген жігітті кеңшілікте сынама»; «Әлпешті ұлың жат болмай,.. Бұзбай құлан пісірмей, Мұз үстіне от жақпай,.. Қақ жүректен найза түйретпей, Найзаны күнге қуратпай,.. Қабырғасын бір-бірінен күйретпей, Әлі де болса қорқа алман»; «Мен келелі қара бұлтпын, Келе жаумай ашылман»; «Табаны жалпақ тарланбоз, Шабарында есінер»; «Шын ажалың жетпесе, Ажалдан бұрын өлмессің, Жалаңаш бар да жауға ти»; «Асыл туған арулар, Жанын пидә етпей ме, Шын сүйіскен теңі үшін?!»; «Қылыштай қиғыр алмас ем, Шарға шауып мұқалдым, Суаруы қанық көк сүңгі ем, Сұғуын таппай тот алдым», т.б. [13, б. 55]. Барлап-байқағанымыздай, Махамбет жырлары қызыл сөзден ада, оған ақылгөйісу мүлдем жат. Ғылыми байламдарға бойлай айтсақ, Махамбет поэзиясы – ерлік симфониясы, онда арғымақтардың дүбірі, сынған қабырға мен опырылған найзаның сытыры, күңіренген күрсініс пен пәршеленген дененің соңғы ырсылы, жауынгерлік шақыру естіледі. Ақынның күллі жырлары біртұтас ритмикамен, бір желімен, бір екпінмен өрнектелген. Олар бейне бір полотноға ғана емес, партитураға да сұранып тұрғандай.

Қазақ елі – өз бостандығынан сөз бостандығын кем көрмейтін және сөзді қадірлей білетін халық. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Жақсының ісін бетіне айт, нұры тасысын, жаманның мінін батыра айт, құты қашсын» тұрғысындағы мақалдарды ұлт данышпандары тудырған. Өз тұсында атақты қазақ феномені Шоқан Уәлиханов дұшпаннан тайсалмай сөйлейтін шешендікті қамал бұзған ерлікпен қатар санаған. Зерттеуші айтқан ерлік, шешендік қасиеттердің барлығы да бір Махамбет басынан табылғандай. Оның ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі болуы мен батырлығын былай қойғанда, хан-сұлтандарға қайтарған жауаптары, жазған хаттары мен өлең-толғаулары – ерлік пен шешендік өнердің айқын да озық үлгісі. Әлемге әйгілі Әуезовше қайырсақ, Махамбет – «соғыста – батыр, сөзде – от ауызды, орақ тілді дегендей жалындаған алғыр шешен». Сөз зергері Зейнолла Қабдолов: «Исатай – ақылды көсем би, Махамбет - от ауызды, орақ тілді шешен», - дей келе: «Батыр ақын бұрқанған күшке, бұла қайратқа, шиыршық атқан жігерге, ызалы ашуға, ашулы ақылға, ақылды нақылға толы өлең-жырын тұтастай алғанда өзінің автопортретіне айналдырды. Өйткені оның «қорғасыннан құйылған» ап-ауыр әр сөзінен өзін танимыз. Көнеретін архаизм да емес, жаңаратын неологизм де емес, нақ екі арадағы екеуіне бірдей етене, еркін, еспе мағыналы ерке де серке сөздерді қайдан ғана іздеп тауып, қалай ғана ағыл-тегіл, ақпа-төкпе өлеңге өріп жібергеніне таң қаласыз. Контекстегі әр сөз әрін де, нәрін де келтіретін орнын дәл тауып, ойнап тұр», - деп толғайды. Ғұлама ғалым-жазушылар айтса айтқандай, Махамбет құдай берген талант-күдіретінің арқасында аз ғұмырында өзі басынан кешкен өмір өткелдерін өнер-қасиетке көшірген де, мәңгілік өлеңге айналдырып, ұрпақтан-ұрпаққа тірілердің бәріне-бәрімізге түгел жаттатып кеткен.

Махамбет батыр ерлік ісімен, үлгілі сөзімен халық шешендігіне қаһармандық рух дарытқан. Ол – халық алдында хан-сұлтанды әшкерелеп, тайсалмай сөйлейтін жауынгерлік шешендік сөзге үлес қосушы. Ал, Махамбеттің шешендігін танытатын аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер көп. Мәселен, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға қайтарған жауабы төмендегідей:

- Әй, Махамбет! Исатайдың жауға алынарын, өзіңнің қаңғып қаларыңды білмедің бе? Ханыңмен қалайша араз болдың? Қане, баяндашы!-дейді Баймағамбет.

- Ей, Баймағамбет! Ханы қарам болса, елге бүлік, тәңір қаһарланса, жерге бүлік. Исатайдың жауға алынғаны, менің жалғыз қалғаным – атаңа нәлет өздеріңдей жауыз хандардың, қарны жуан билердің елімізге салған бүлігі емес пе?! – деп жауап береді Махамбет.

- Ей, Махамбет! Нарынға сыймадың, Маңғыстауға сыймадың, саған жер беті тар келді, енді аспанға ұшамысың?

- Ей, Баймағамбет! Аспанды жаңбыр бермейді, жерді Жәңгір бермейді, Еділді қалмақ бермейді, Жайықты казак-орыс бермейді, Нарыннан хан-төре қоныс бермейді. Оны өздеріңдей жауыз хандардың көзі көрмейді. «Кел, Жәңгірді шауып өлтірейік» деп едім, Исатай ерік бермейді, енді қайтейін?!

- Ей, Махамбет! Тағы не айтасың? Сені жырау дейді ғой!

- Иә, Баймағамбет! Бірақ менің тілім екі айыр алмас қой. Біреуі тіліп кетсе, ханмын деп қаһар қыларсың. Мен қаңғырмын деп қарап тұрмаспын, сенің басыңды алармын. Мен өлсем ештеңе етпес, өздеріңдей хан өлсе, дауы бітпес. Мен – аспандағы жұлдызбын, Баймағамбет маған қолың жетпес, Атаңа нәлет хандар мен жауыз құрбылардың айтқан сөзі естен кетпес,- дей келіп, атақты «Мұнар да мұнар, мұнар күн, Бұлттан шыққан шұбар күн...» деп басталатын жырын толғап кетеді. Осы секілді Махамбет жыраудың әрбір сөзі шешендікпен басталып, ақындықпен аяқталады.

Бұл орайда белгілі әдебиеттанушы ғалым С. Негимов: «Сахара сайыпқыраны Махамбетке тағдыр мұздан төсек, бұлттан шатыр, мәрт жаратылыс беріп, оған ақындық, жыраулық, тапқыр шешендік, күйшілік өнерді бұйыртқан. Задында, соғыс өнері және күй өнері Махамбеттің бір басында сұлу үйлесім тауып тоқайласқан. Ол Қазтуған, Доспамбет, Марқасқа сынды ұлы жорықшы жыраулардың дәстүрлерін сәтті сабақтастырып, олардың мәдени-рухани болмысын бойына түгелдей дарытқан деуге болады. Әрі Ұлы Даланың ділмар-шешендері Кет-Бұға бидің, алғыр тілді Алиын Әйтеке бидің, Мөңке бидің, Көсеу бидің, Бөкен бидің таңғажайып өнегелі толғамдарын жадына берік тоқыған. Олар толқынды топтың ішінде шешендік-билік сөздерін тудырса, ал Махамбет ұрыс үстінде алмас семсерін жарқылдата жүріп, тосыннан туған, тапқырлыққа суарылған, көктен саулаған нұрдай асыл сөздерімен сарбаздарын ерлік-қаһармандық қимылдарға үндеген. Елдің есендігі, жер-судың тағдыры үшін шешендік интонацияға негізделген жыр-толғауларын туындатқан. Әлбетте, мұндай түйдек-түйдек толғаныстар кәнігі қара өлең ырғағымен емес, тақпақтата, ескектете, мақамдата айтылған. Сөз құдіретін барынша екпінді қуатпен дауыстап жеткізуге лайықталған,- деп жаза келе:

«Садағына сары жебені салдырған,  
Садағының кірісін  
Сары алтынмен малдырған,  
Сұр жебелі оғына  
Тауықтың жүнін қойдырған,  
Маңдайын сары сусар бөрік басқан,

Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан («Тарланым»). Бұл – ауызекі сөйлеу үлгісінде, яғни, ділмар-шешендердің сөз саптау, ой толғау үрдісінде шығарылған. Махамбет сұңқарша саңқылдамаса, сөзі алмастай жарқылдамаса, ділмар-шешендердей тереңнен толғанбаса, суреткерлікпен сипаттамаса, санаткерлікпен салмақтамаса, көрегендікпен болжамаса, көсемдікпен бастамаса, буырқанған керемет кесек сөздер туар ма еді?!» – тұрғысында толғатады [14, б. 80].

Махамбет мұрасында шешендік толғау, шешендік нақыл, шешендік арнау түрлері молынан кездеседі. Мәселен, шешендік нақылға бір мысал: Бұл дүниенің жүзінде, Айдан ару нәрсе жоқ, Ол түнде бар да, күндіз жоқ. Күннен ару нәрсе жоқ, Ол күндіз бар да, түнде жоқ. Мұсылманишылық кімде жоқ, Тілде бар да, дінде жоқ. Көшпелі дәулет кімде жоқ, Бірде бар да, бірде жоқ. Не болмаса ақын поэзия тілінің мәнерлілігін, әсерлілігін күшейту мақсатында риторикалық сипаттағы лепті, сұраулы, арнаулы сөйлемдерді шебер де ұтымды пайдалана білгені анық. Мәселен, Еңсесі биік ақ орда, Еріксіз кірсем деп едім!

*Керегесін қиратып, Отын қылсам деп едім! Туырлығын кескілеп, Тоқым етсем деп едім! Немесе: Желп-желп еткен ала ту, Жиырып алар күн қайда? Орама мылтық тарс ұрып, Жауға аттанар күн қайда? Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда?* [14, б. 80].

### Зерттеу нәтижелері

Біз таныған Махамбет – төгілген тармақтардың, тегеурінді тіркестердің ұстасы. Мәселен, Махамбеттің *«Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылды, Тенітер үшін тебістік»* дегені – нағыз шешен сөздің үздік үлгісі. Махамбет поэзиясының тілі, шын мәнінде, халықтық тіл. Ақынның дауылды жырларының әрбір үзігінен халық даналығы, танымы мен талғамы, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл қазынаның жақұт-жарқылы еседі. Махамбет баба жырлары шешендік тағылымға, ұшқынды ойларға толы. Махамбет ақынның *«Толарсақтан саз кешіп, Тоқтамай тартып шығарға. Қас үлектен туған қатепті, Қара нар керек біздің бүйткен бұл іске»* болып келетін жолдарындағы «үлек» сөзінің бірінші мағынасы *нар түйенің таза тұқымды бұрасы*; екінші мағынасы *үлек бота – таза үлек пен аруанадан туған жалғыз өркешті еркек бота* дегенді білдіреді. Бұл орайдағы «қас» күнделікті қолданысымызда *біреуге жамандық ойлаушы, өш алушы дұшпан, жау* мағынасында, сондай-ақ *әдейі, жорта қастық істеу* деген ұғымдарда қолданылады. Ал жоғарғы контексте *тым, аса, нағыз* деген мағынада «үлек» сөзімен тіркесе келе *нағыз таза тұқымды, қаны таза, асыл текті* деген мағынада берілген. Ал *«қас үлектен туған қатепті»* тармағындағы «қатеп» *тұрмыста жүк батпас үшін нар түйенің үстіне лайықталып жасалған жабдық* дегенді аңғартады. Сәйкесінше *«қатепі бар нар жүкке мойымайды»* деп жатады. Бұл жердегі ақынның суреткерлік шеберлігі соншалық – біздің қолға алған бұл іске *нағыз суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін, еш нәрсеге мойымайтын, мақсатынан қайтпайтын хас батыр ғана шыдайды* деген мағынаны бір ғана сөзбен өрнектей білдіруі ақынның қаншалықты ойының ұшқырлығын, бейнелеу, теңеу сөздерін айқын пайдалануын, тек құр ұйқас сөз қумай, ақындық нақтылықпен өмір шындығын қаз-қалпында қолдан құйғандай етіп поэтикалық көркемдік шындыққа айналдыру шеберлігін тайға таңба басқандай аңғартса керек-ті. Бұл реттегі сөздер – ой теңізінің тұңғық түбінен терілген, өлшемдік бітімі, идеялық табиғаты, тілдік қуаты әбден пісіп, айқындалып барып өмірге келген маржан тіркестер. Демек, Махамбет шешендігінің, шеберлігінің құдіреттілігі, туындыларының саф алтындығының бір қыры осында деп білеміз. Не болмаса, *«Атқанын қардай боратқан, Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан, Арыстан еді-ау Исатай! Бұл фәнидің жүзінде, Арыстан одан кім өткен?!»* («Тарланым») өлең жолдарын алайық. Асылы, қай жазушы, қай ақын болсын, шындық болмысты образ арқылы суреттейді. Жоғарыдағы контекстегі *«көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан»* тіркесі арқылы ақын хас батыр образын тудырып тұр. Күнделікті тұрмыста *«көк шыбық»* – *ағаштың бұтағы, жапырағы жоқ, ұзын да жіңішке, солқылдақ жас өркен*. Алайда, *«шыбық»* сөзінің бұл семантикалық мағынасы ақын тіліндегі *«көк шыбық»* тіркесінің семантикалық сипатын ашып бере алмайды. Десек те, ақын қолданысындағы мағынаны дәл айтып беру қиындау. Біздіңше, төмендегіше болжам жасауға болады. 1. *«Көк шыбық»* – *бұл қылыш (семсер)*. Ғалым Қ. Мұқаметхановқа сүйенсек, зерттеуші келтірген *«Әділ сұлтан»* жырындағы *«Орақтың ұлы Қарасай, Шалқасқаны мінеді енді, Көк шыбығын байланып, Ғаскерінің Қарасай, Басы болып жүрді енді»* үзіндісіндегі *«көк шыбық»* сөзі *«қылыш»* мағынасын береді. Олай деуімізге дәлелді негізді татар әдебиетінен табамыз. *«Чура батыр хикаяте»* атты дастанда Шағали ханның қызы Сарқанидың батырлардың әрқайсына өз дәрежесіне қарай сыйлық үлестіргені баяндалады. Шора батырға бір алтын қобди береді. Бұл сыйлыққа батырдың көңілі толмай, қобдиды ашып та қарамастан тастай салады. Бірнеше күн шайқасқа шықпай жатып алады. Шағали хан қызы Сарқаниды батырға жолдап, шайқасқа

шықпай шалқалай жатуының себебін сұратады. Сонда Шора батыр Сарқаниға: - Мен саған өкпелеп жатырмын, сен маған құр қобди бердің, ал басқа батырларға сауыт бердің, - дейді. Сонда Сарқани сұлу: - Қане, батыр, сол қобдиды ашып қарашы, - дейді. Шора батыр қобдиды ашып қараса, ішінде «Көк шыбық» («Кук чыбык») атаулы қылыш бар екен. Шора батыр мұны көріп, қызға риза болып, әскерімен аттанып, дүйім жауды жайратып тастайды. Сөйтіп, батырға әдейі арнап соқтырған әйгілі қиыр қылыш «көк шыбық» аталып, ерлік жырларында ежелден қолданылатын бейнелі сөз болғанын аңғарамыз. Демек, зерттеушілер келтірген тілдік деректерде *көк шыбық мықты (көк) қылыш* ретінде айшықталады. 2. «Көк шыбық» тұрғысында *садақ* та аталуы мүмкін. Оған дәлел мына өлең жолдары: «Орақтың ұлы Қарасай, Шалқасқаны ту астында жсықтырып, Көк шыбықты орта белден бүктіріп, Көк сырлы оғын төктіріп, Баданадай сауытын, Тері тондай жыртытырып...» (Әділ сұлтан), не болмаса, «Жас шыбықтан жай тарттың, Жалғыз шиден оқ аттың...» («Ер Тарғын»). 3. Біздіңше, Махамбет тіліндегі *көк шыбық жебе (садақтың оғы)* ұғымында. Бұған дәйек ретінде жоғарыда көрсетілген Махамбет ақынның өлеңіне қарасақ, мазмұнына бойласақ жеткілікті. «Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен, Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен, Атқанын қардай боратқан, Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан, Арыстан еді-ау Исатай!». Байқағанымыздай, шумақтың мазмұнына сәйкес контекстегі «атқан оғы, атқаны» сөздері негізгі мағынаға тірек бола алған. Бұл орайда «көк шыбық» сөзінің мағынасын «жебе» (*садақтың оғы*) тұрғысында болжауға негіз бар. «Көк шыбық» тіркесінің «жебе» мағынасы «қандыауыз» сөзіне байланысты айшықтала түседі. Қандыауыз сөзінің бірнеше мағынасы бар. Соның бірі – қару-жараққа қатысты. Мысалы, «Тасада мерген кезген, Қанды ауызға жолығар» (Ауыз әдебиеті); «Қатынасы биік көлдерден, Қатар түзеу құ ұшар. Алғасап тез оқ ата көрмеңіз, Қандыауыздан сыйлы жебе сайламай» (Шалкиіз); «Аударылмас қара кемедей, Қандыауызға сырлап салған жебедей» («Ер Шобан»). Келтірілген өлең жолдарының мазмұнына қарағанда, қандыауыз – «садақ» ұғымында. Демек, ұзын сөздің қысқасы, Махамбет ақынның «Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тармағындағы ақынның «қандыауыз» сөзі «садақ» мағынасын танытса, «көк шыбық» тіркесі «жебе» мағынасында жұмсалады. Демек, «Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тұрғысындағы өлең тармағы нағыз батыр қолбасшының сөз өнеріндегі мәңгілік бейнесі. Ақын қайталанбас батыр тұлғасын «көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тіркесі арқылы биік мәртебеге көтерген, қайталанбас образ тудырған. Ал әр сөзін орынды, дәл ме дәл төге білу ақынның дүлділігін, сөз ұсталығын тағы бір айқындай түссе керек-ті... Олай болса, бұл бағыттағы ізденісті зерттеулер тізбегі кейінгіге жетсе игі [15, б. 34].

Қуанарлығы – асыл сөздің ажарын алыстан аңғарып, сөзді ежелден кие тұтқан халқымыздың рухани әлемінде Махамбеттің жауһар жырларының жұлдызы қашан да биіктігі. Бірегей феномен құбылыстың кейінгі ақындарымыздың қай-қайсысының да кеуделерін күмбірлетіп, өлеңнен өрім өргізуі тегін емес. Мәселен, *еліміздің көрнекті ақындарының бірі Рафаэль Ниязбектің* дауылпаз ақын Махамбет бабамыздың туғанына 200 жыл толуы құрметіне арнап 200 өлеңнен тұратын «Махамбеттің майданы» аталатын жыр кітабын қолға алып көрдік пе? Ақынның Махамбет бабамыздың, Исатай батырдың және олардың жауынгер жолдастарының ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып келе жатқан ерлік істерінің бұрыннан мәлім-беймәлім қырларын поэтикалық көркем тілмен, азаматтық пафоспен һәм шынайы тебіреніспен жырлағанына куә боламыз. Біздіңше, Рафаэль Ниязбектің «Теңдік қуып, алмас қылыш тағынганда», «Әділ жолдан замана жаңылғанда», «Ат арытып, мұң кешіп сабылғанда», «Жорық күйлер жыр болып ағылғанда» және «Махамбеттің өр-рухын сағынганда» дейтін тақырып табиғатына сай ырғақта буырқанып, шиыршық атқан бес бөлімнен тұратын мұндай еңбектің басылым көруі – бүгінгі қазақ поэзиясындағы елеулі оқиға. Демек, Махамбет рухын пір тұтып, ол күйінсе күйініп, ол күңіренсе күңіреніп, ол



қаһарға мініп күркіресе күркіреп, оның от-жалынға оранған өмір өткелектері жайында жыр-толғау тудырған ақынның шабытты еңбегі қандай мадаққа да лайық. Ал ақын толғауларының үзіктері де сом әрі бірегей. Кейбірі: «Махамбет – ұлт намысы»; «Не десе егер Ерлікті, Махамбет дер ем ойланбай!»; «Махамбет рухын пір тұтып...»; «Уа, Махамбет, айбарлым!»; «Бұрқақ атқан Ар-намыс болсаң егер, Айналмайсың, жан баба, қалай жырға»; «Жер мен көктің арасын жауынға орап, Оқығанда кеудеме өрт кіреді»; «Серттен таймас ер едің Ар ойлаған»; «Жырың алмас семсердей өткір еді, Содан менің көңілім көп түледі»; «Асқақ рухы қазақтың, Махамбет болып сомдалған»; «Жанарыма жарқ етіп шоқ түседі, Ойлы көзбен жсырыңа үңілгенде»; «Буыршындай мұзға жығылған, Махамбет серттен тайып па?»; «Нарын – қанды ұрыста мың өліп, мың тірілген көзсіз батыр өлкесі»; «Исатай-Махамбет-ұлт рухы»; «Махамбет – өр рухтың байрағы, ерлердің намыс қайрағы»; «Нарын – ғасырлар ерлігін арқалаған өлке»; «Махамбеттің әр жсыры – бір жебе, кеудесіне қадалған Қараулықтың»; «Үй жақсысы асыл Алаштан, ер жақсысы арлы ағаштан»; «Махамбеттің сарқыты - мен шығармын, қамшысының ұшы боп түйінделген» [16, б. 57]. Біздіңше, Махамбет сынды ақын туындыларынан рухани қуат алу, өлең құдіретін, қасиетін сезіну, рухани құндылықтар тұңғығына терең бойлау – ұлтымыздың рухани жаңғыруының алғышарты.

### Қорытынды

Демек, Махамбет – 1836-46 ж.ж. ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі ғана емес, оның жалынды жаршысы, жауынгер шешені. Қазақ халқының сонау тұстағы сөз атасы атанған Майқы биден, ой меңзегіш Мөңке, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген Едіге, «Әз» атанған Төле, Қазыбек, Әйтекелерден, атақты Сырымнан бергі шешендік дәстүрді жадында тоқып үйренген халық батыры, ойшыл Махамбет шешендік өнерді ел қанаушы-тонаушыларға қарсы халық көтерілісінің идеялық қаруына айналдырған, отты тұйғын жырларына ұластыра келе, классикалық поэзия дәрежесіне көтерген.

Қысқасы, бүгінгі ел үшін еңбек етер патриот кәсіби маман болуда халық даналығының қайнар бұлағы ұлттық шешендік сөздерінен нәр алудың, Махамбет сынды қайталанбас құдіретті тұлғалы шешенінің, ақынының тұңғыық мағынаға толы өлең-толғауларын үлгі тұтудың бағасы теңдесіз. Түйін сауал – *Махамбет сынды біртуар бабамызды танып болдық па?* Біздің мақсат – «аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласы» деп, Махамбет ақын айтқандай, баба мұрасының тұңғыығына бойлай түсу, кейінгі ұрпақтың ақын рухы мен жалынды сөздерінің мәңгі өлмес қазынасынан сусындауы. Осы жолда баршамызға Исатай-Махамбет бабаларымыздың рухы жар болғай!

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Махамбет елі – Родина Махамбета. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2003. – 9 б.
- [2] Махамбет. Жыр-жебе. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 6 б.
- [3] Қыдыршаев А.С. Махамбет поэзиясы-рухани құндылықтар көзі / А.С. Қыдыршаев // IX Махамбет оқулары. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция-сының материалдары. М. Өтемісов атындағы БҚМУ. – Орал: 2017. – 12 б.
- [4] Жыр арқауы – Махамбет. Жыр жинағы. «Махамбет әлемі» сериясы, 6-том, – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 7 б.
- [5] Жароков Т.Ж. «Махамбет туралы аңыз» / Т.Ж. Жароков Жыр арқауы – Махамбет. Жыр жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 10 б.
- [6] Бекхожин Қ.Н. «Махамбет кабіріндегі тебіреніс» / Қ.Н. Бекхожин. – 13 б.
- [7] Сейітов С.С. «Біртуар мақтанышы халқымыздың» / С.С. Сейітов. – 26 б.
- [8] Мырзалиев Қ.Ғ. «Махамбет», «Еменге біткен иір бұтақ» / Қ.Ғ. Мырзалиев. – 38 б.
- [9] Оңғарсынова Ф.О. «Түс немесе Махамбетпен қалай кездестім» / Ф. О. Оңғарсынова. – 49 б.



- [10] Қыдыршаев А.С. Ұлттық шешендік өнер және Махамбет / А.С. Қыдыршаев – Орал: «Орал өңірі» газеті, 2013. – 8 б.
- [11] Қыдыршаев А.С. Махамбет ақынның шешендігі хақында / А.С. Қыдыршаев // М. Өтемісұлының 210 жылдығына арналған дәстүрлі «V Махамбет оқулары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал: 2013. – 48 б.
- [12] Қыдыршаев А.С. Шешендіктану / А.С.Қыдыршаев. – Орал: «Ағартушы» баспасы, (2004). – 156 б.
- [13] Қыдыршаев А.С. Ұлт феномені Махамбет Өтемісұлының шешендік тағылымы / А.С.Қыдыршаев // Ғылыми жинақ. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. – Астана: 2014. – 80 б.
- [14] Негимов С.Н. Махамбеттің шешендігі / С.Н. Негимов // Махамбет және әдебиеттану. Зерттеулер. – Алматы: «Арыс», 2004. – 80 б.
- [15] А.С. Қыдыршаев Махамбет ақынның шешендігі / А.С. Қыдыршаев – Орал: «Исатай Махамбет» баспасы, 2015. – 34 б.
- [16] Ниязбек Р.Н. Махамбеттің майданы. Өлеңдер / Р.Н. Ниязбек – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 248 б.

## REFERENCES

- [1] Mahambet eli – Rodina Mahambeta [Makhambet motherland]. (2003). Almaty: «Olke» baspasy [in Kazakh].
- [2] Mahambet. Jyr-jebe [Mahambet.Song and arrow]. (2002). Almaty: Daik-Pres [in Kazakh].
- [3] Kydyrshaev, A. S. (2017). Mahambet poeziasy-ryhani Kundylyktar kozi [Makhambet poetry is a source of spiritual values] // IX Mahambet okylary. Respyblikalyk gylymi – tajiribelik konferensiasynyn materialdary / Oral: M. Otemisov atyndagy BKMY [in Kazakh].
- [4] Jyr arkayy – Mahambet. Jyr jinagy [The backbone of the song is Makhambet]. (2003). Almaty: «Arys» baspasy [in Kazakh].
- [5] Jarokov, T.J. (2003). «Mahambet tyraly anyz» ["The legend of Makhambet"].Almaty: «Arys» baspasy [in Kazakh].
- [6] Bekhojin, K.N. «Mahambet Kabirindegi tebirenis» ["Tremors in the tomb of Makhambet"] [in Kazakh].
- [7] Seitov, S.S. «Birtyar maktanyshy halkymyzdyn» ["The unique pride of our people"] [in Kazakh].
- [8] Myrzaliev, K.G. «Mahambet», «Emenge bitken iir butak» ["Makhambet", "An oak twig "] [in Kazakh].
- [9] Ongarsynova, F.O. «Tus nemese Mahambetpen kalai kezdestim» ["How did I meet Tus or Makhambet"] [in Kazakh].
- [10] Kydyrshaev, A.S. (2013). Ulttyk sheshendik oner jane Mahambet [National oratory and Makhambet]. Oral: «Oral oniri» gazeti [in Kazakh].
- [11] Kydyrshaev, A.S. (2013). Mahambet akynnyn sheshendigi hakynda [About the oratory of the poet Makhambet] // M. Otemisulynyn 210 jyldygyna arналған dasturli «V Mahambet okylary» attы respyblikalyk gylymi-tajiribelik konferensia materialdary [in Kazakh].
- [12] Kydyrshaev, A.S. (2004). Sheshendiktany [Oratory]. Oral: «Agartyshy» baspasy [in Kazakh].
- [13] Kydyrshaev, A.S. (2014). Ult fenomeni Mahambet Otemisulynyn sheshendik tagylymy [Oratory of Makhambet Utemisov, a phenomenon of the nation] // Gylymi jinak. L.N. Gymilev atyndagy Eyrasia Ulttyk yniuersiteti [in Kazakh].
- [14] Negimov, S.N. (2004). Mahambettin sheshendigi [Makhambet's eloquence] // Mahambet jane adebiettany. Zertteyley. Almaty: «Arys» [in Kazakh].
- [15] Kydyrshaev, A.S. (2015). Mahambet akynnyn sheshendigi [Makhambet's eloquence]. Oral: «Isatai-Mahambet» baspasi [in Kazakh].
- [16] Niazbek, R.N. (2003). Mahambettin maidany. Olender [Makhambet's front. Poems]. Almaty: «Arys» [in Kazakh].

Сергалиев Н. Х., Кдыршаев А.С.

**ЖЕРЕБЁНКУ, ЧТОБЫ СТАТЬ АРГАМАКОМ НАДО БОЛЬШЕ ПИЩИ, МОЛОДОМУ  
МУЖЧИНЕ, ЧТОБЫ СТАТЬ ГЕРОЕМ СВОЕГО НАРОДА,  
НАДО БОЛЬШЕ ЗНАТЬ О СВОЕМ НАРОДЕ!**

**Аннотация.** В статье раскрывается гражданская, ораторская доктрина казахского поэта Махамбета, духовного вдохновителя своего народа. Закономерность, характерная для всех тюрков в общей устной литературе, нашла свое естественное созвучие в казахской поэзии, особенно в поэзии Махамбета. Автор статьи отмечает, что не всё бессмертное наследие Махамбета дошло до наших дней, и изданные псалмы еще требуют особого внимания исследователей, языковедов. Махамбет, выходец из народа! Несмотря на это его стихи, описывающие самые разнообразные события из жизни народа, страны, наполненные остроумными мыслями, являются шедеврами ораторского искусства. Делая акцент на этом, автор статьи приходит к выводу, что сегодня стране нужен патриот, профессионал своего дела, умеющий отразить в национальном ораторском искусстве источник народной мудрости, для которого примером для подражания будет являться поэт Махамбет. Махамбет, обладавший незаурядным талантом уникального могучего оратора!

**Ключевые слова:** духовное возрождение; поэт Махамбет; Анахарсис; поэзия; феномен; ораторское искусство; герой Исатай; зов чести; воинский дух; национальные ценности; казахская страна; ораторское искусство; ораторское наследие; патриот.

Sergaliev Nurlan, Kydyrshayev Abat

**A FOAL, IN ORDER TO BECOME AN ARGAMAK, NEEDS MORE FOOD,  
A YOUNG MAN, TO BECOME A HERO OF HIS PEOPLE,  
NEEDS TO KNOW MORE ABOUT HIS PEOPLE!**

**Annotation.** The article reveals the civil, oratory doctrine of the Kazakh poet Makhambet, the spiritual inspirer of his people. The regularity, characteristic of all Turks in the general oral literature, found its natural consonance in Kazakh poetry, especially in the poetry of Makhambet. The author of the article notes that not all of Makhambet's immortal heritage has survived to this day, and the published psalms still require special attention from researchers and linguists. Makhambet, a native of the people! Despite this, his poems, describing the most diverse events in the life of the people, countries filled with witty thoughts, are masterpieces of oratory. Focusing on this, the author of the article comes to the conclusion that today the country needs a patriot, a professional in his field, who knows how to reflect in the national oratory the source of folk wisdom, for which the poet Makhambet will be an example to follow. Makhambet, who had an extraordinary talent for a unique and powerful orator!

**Keywords:** spiritual revival; poet Makhambet; Anacharsis; poetry; phenomenon; oratory; the hero Isatai; call of honor; military spirit; national values; Kazakh country; oratory; oratorical heritage; patriot.

УДК 82-14 (470/574)

МРНТИ 17.07.41.

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).23

**Умарова Г.С.***Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан***E-mail:** umarova\_1959@mail.ru**ПСИХОЛОГИЗМ КАК ОДНА ИЗ ОСОБЕННОСТЕЙ ПОЭТИКИ ЖЕНСКОЙ  
ЛИРИКИ В РУССКОЙ И КАЗАХСКОЙ СЛОВЕСНОСТИ  
(СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ)**

**Аннотация.** Рассматривается психологизм в качестве эстетических категорий. Освещены основные положения по теоретическому осмыслению психологизма в литературоведении. Проведен общий вывод по трактовке понятия. Представлены результаты изученных исследований по поэтике женской лирики в русской и отечественной литературоведческой науке. Предпринята попытка проанализировать своеобразие использования индивидуализированного воспроизведения переживаний персонажа, героя в их взаимосвязи и динамике в художественном стиле поэтов-женщин русской и казахской лирики. Рассмотрены лирические произведения А.Ахматовой и Ф.Онгарсыновой по отображению в них психологизма, сложной гаммы чувств, внутреннего мира лирического героя. Исследована поэтика отражения проблемы сознательного и бессознательного, онтологической тайны жизни и смерти.

Сопоставительный анализ художественных текстов поэтов двух литератур предоставляет возможность инвариантного освещения художественных стилей авторов.

**Ключевые слова:** эстетическая категория; психологизм; сопоставительный анализ; женская лирика; лирический герой; художественный стиль.

*Введение*

Способность художественной литературы раскрывать, описывать тайны внутреннего мира человека, изображать душевные движения точно и ярко словами, что, как обычно, не всегда присуще людям в реальной жизни, принято называть психологизмом. Данную проблему исследовали Н.Г.Чернышевский, А.Потебня и В.А.Овсяннико-Куликовский, Л.Я.Гинзбург, Г.Н.Поспелов, Б.В.Томашевский, В.Е.Хализев и др.

Темой исследования, предпринятого в данной статье, является выяснение художественных особенностей изображения тайны души человека, т.е. психологизма как одного из показателей поэтики лирики русской и казахской словесности.

*Материалы и методы исследования*

Сопоставительное исследование психологизма как одной из особенностей поэтики А.Ахматовой и Ф.Онгарсыновой было проведено на основе использования филологического, психологического и сравнительно-исторического методов.

Тщательно индивидуализированное воспроизведение переживаний персонажа, героя в их взаимосвязи и динамике в современном литературоведении понимается как «психологизм» [1, с. 128].

В начале истории развития художественной литературы интерес к умонастроениям человека не отмечен. Эпос и драма, как первоначально возникшие жанры, отражали только сферы решительных поступков и поворотных событий, не касаясь того, что находилось вне

всего этого. Элементарное изображение переживаний, чувств, думы героев появляется в народных же сказках. Элементы психологизма, по В.Хализеву [2], обнаруживаются в описании хоронящего своего сына Гектора горя Приама в «Иллиаде». Хотя психологизм, в современном смысле этого слова, здесь отсутствует, отмечает автор «Теории литературы», это описание является одним из глубочайших проникновений античной литературы в мир человеческих переживаний.

Ощущение горя отца, его умение собрать свою волю в такие трагические моменты жизни подчеркивает решение Приама отправиться в лагерь ахейцев, врага, чтобы выкупить тело сына. Внутреннее состояние страдающего отца, глубину постигшей его трагедии автор «Иллиады» передает через монолог героя («Я испытую, чего на земле не испытывал смертный»), через его стенания, проливаемые им слёзы; через повествование о девятидневном оплакивании Гектора, пышности похорон. Элементы психологизма Гомером использованы при описании предельного в своей силе и яркости чувства горя отца, хотя в художественной литературе еще не разработаны были средства описания «диалектики» переживаний.

Элементы психологизма более ярко и явственно проявились в средневековой литературе, а также в рыцарских романах. Сложные переживания героев наиболее ярко представлены произведениями позднего средневековья и Возрождения, в произведениях Данте («Божественная комедия»), Боккаччо (повесть «Фьяметта»), Шекспира (трагедии).

Проявление чувств, внутреннего мира героев считалось главным в произведениях писателей-сентименталистов XVIII века, в произведениях Руссо («Юлия, или Новая Элоиза»), Стерна («Сентиментальное путешествие»), Гёте («Страдания юного Вертера»); Карамзина («Бедная Лиза»). Эти писатели впервые в истории художественной литературы значимыми в произведениях видят способность героев глубоко чувствовать, их душевные состояния.

Возвышенно трагические, нередко иррациональные переживания личности стала демонстрировать литература романтизма (повести Гофмана, поэмы и драмы Байрона). Резко возросший интерес писателей к внутренним мотивам человеческого поведения послужило причиной внедрения психологизма в литературу XVIII – XIX веков. Ф.Шиллер считал, что писатели «должны видеть не только, как он (герой – В.Х.) совершает свой поступок, но и как задумывает его. Его мысли значат ... бесконечно больше, чем поступки, и ... гораздо важнее источник этих мыслей, чем последствия его поступков» [2, с. 497].

Конфликтно сталкивавшиеся между собой сложные умонастроения героя как традиция психологизма в реалистической литературе XIX в. представили Бальзак и Стендаль, Лермонтов и Тургенев. Причём движения человеческой мысли, переживаний они связывали с ситуациями из жизни героев. Не возникновение и формирование умонастроений изображали эти писатели, а чаще воссоздавали сложившиеся умонастроения.

Теоретическое осмысление психологизма в XIX веке анализируется с творчества Л.Н.Толстого Н.Г.Чернышевским. Он считал, что «психологический анализ может принимать различные направления: одного поэта занимают все более очертания характеров; другого – влияния общественных отношений и житейских столкновений на характеры; третьего – связь чувств с действиями; четвертого – анализ страстей...» [3, с.505]. Оценка Н.Г.Чернышевским психологического анализа как «едва ли не самого существенного из качеств, дающих силу творческому таланту», актуальна и сейчас.

Принцип анализа произведения в его художественно-эстетическом своеобразии предложили представители психологического направления культурно-исторической школы литературоведения А.Потебня и В.А.Овсяннико-Куликовский. Из их принципа анализа значимы психологическая индивидуальность автора произведения и духовный облик воспринимающего читателя [4, с.8-9].

Зависимость проявления психологизма от особенностей исторической эпохи в художественном произведении, искусстве подчеркивается Л.С.Выготским («Психологии искусства»): «Каждая эпоха имеет свою психологическую гамму, которую перебирает искусство».

Психологическое содержание художественной литературы с конца XIX века превращается в активно обсуждаемую проблему многоаспектного исследования (психология творчества, восприятия), становится объектом интереса различных наук [5, с.93]. Проблема психологизма обсуждается писателями и литературоведами с 20-30-х годов по 60-е годы XX столетия. Дискуссия о психологизме/антипсихологизме («живом человеке») в аспекте художественного метода, традиций и новаторства, перехода к теоретическому и историческому осмыслению проблемы активизируется в 70-80-е годы.

«Тенденция рассматривать сам психологизм как открытие реализма XIX века и игнорировать предшествующие этапы его развития» [6, с.4] заметна исследованиях литературоведов. Они полагают, что реалистическая литература XIX века углубилась в психологию человека как социально детерминированной единицы, во внутренний мир личности, понимаемой как «характер, сформированный определенными социальными и историческими обстоятельствами» [7, с.106]. Активно и плодотворно осмысливаются психологизм в художественной литературе в историко-типологических исследованиях Д.С.Лихачева [8], Л.Я.Гинзбурга [9]. Имманентный движению историко-литературному процессу в аспекте с художественной спецификой литературных произведений, его этапов психологизм исследовался И.В.Николаевой, И.И.Буровой, Т.П.Усачевой, В.Гудонене, Е.Ю.Хонг в 90-е годы.

Таким образом, в сложном и неоднозначном освоении литературного произведения продолжается переосмысление психологизма как теоретической и конкретно-исторической проблемы. Нам интересен психологизм как потаённая жизнь человеческой души, проблемы сознательного и бессознательного, отображенные в художественной литературе. Психологизм воспринимается нами как соотношение между концепцией личности, присущей эпохе, и ее художественным воссозданием.

### *Результаты исследования*

Попытаемся, применяя освещенный теоретический материал, проанализировать проявление психологизма как особенность поэтики женской лирики в современной русской и казахской литературе.

Специфические особенности женской поэзии освещались многими исследователями. Среди них наши взгляды по данной проблеме созвучны видению данной проблемы А.Кузнецовой. Она отмечает такие свойства женщины, как умение «глубже и подробнее» чувствовать, как себя, так и «все живое». Исследователь полагает, что женская поэзия обогащается за счёт «бесконечно малых величин» женского мира; одаренная поэтическим даром женщина способна выражаться не только «на языке своей личности, преображающем и родовое, и фольклорное», но и переформатировать их «в индивидуальное и уникальное» [10, с.57].

Разграничение женского и мужского типов художественного сознания, их кардинальной разницы через специфический взгляд, «социальный и культурный опыт» женщины, оказывающиеся причиной расположения произведений авторов-женщин в позиции «вторичного чужого» исследовали Т.Ровенская и М.Михайлова [11, с.93].

Самобытность творческого наследия, ее зависимость от идейных исканий поэтически одаренных женщин, которые внесли свой вклад в художественные открытия русской литературы XIX века наравне с известными поэтами-мужчинами, исследовала Изусина Е.В. [12]. Ею феномен женской поэзии, занимающей позитивное положение в литературном процессе, ассоциируется с именами первых поэтесс в развитии русской лирики А.П.Буниной,

К.К.Павловой, М.А.Лохвицкой. Принципиально новое, ранее не известное проявление эстетики XIX века, возникшей благодаря лирическим произведениям этих трех поэтически одаренных личностей, явилось вызовом патриархальному сознанию исторической эпохи. Своеобразие их таланта, их самоотверженность привели к разоблачению «мифа о несостоятельности женской поэзии». Поэтому, по мнению исследовательницы, значение поэзии А.П.Буниной, К.К.Павловой, М.А.Лохвицкой «выходит далеко за пределы классической литературы». Изусина считает, что поэзия А.А.Ахматовой или М.И.Цветаевой и других последующих поэтов-женщин состоялась благодаря опыту художественного осмысления действительности талантливых женщин-лириков XIX века.

**Кілт сөздер:** Әдеби мұра; еркін рух; ғасырлар белесі; дүниетаным; дәстүр; литмотив; ұлттық характер; градация; интерпретация; ұлттық идеология.

*Kipicne*

Жұбан Молдағалиев қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ірі ақын. Ақынның әдеби мұрасы бүгінгі таңда бес томдықты құрап отыр. Жұбанның өмірі мен шығармашылығы белгілі бір дәрежеде зерттелді. Қорғалған жұмыстар, жарық көрген монографиялар да бар. «Қазақ әдебиеті тарихы» он томдығының тоғызыншы томында «Жұбан Молдағалиев 1920 жылы қазіргі Орал облысының Тайпақ ауданына қарасты Жыланды деген жерде туған. Әкесінен жасқа толмай тұрған кезде айырылған бала кейін шешесімен екеуі туған жерден басқа жаққа қоныс аударады. Ақынның өз айтуына қарағанда, ...жетінші класты бітіргеннен кейін Оралдағы ауыл шаруашылық техникумында оқиды. Бірінші өлеңі «Орал» газетінде 1939 жылы басылады.

...1942 жылдан бастап, «Отан үшін» деген майдан газетінде тілші болып істейді. Соғыстан кейін «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде редактордың орынбасары, «Жұлдыз» журналында редактор, 1979-1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы болып істейді...» деп Жұбан Молдағалиевтің өмірі мен шығармашылығы жан-жақты ашып көрсетіледі [1, б. 399].

Жұбанның азаматтық тұлғасы, ақындық әлемі өзіміздің Батыс Қазақстан облысында, оның ішінде ақынның есімі берілген облыстық әмбебап кітапханада кеңінен насихатталып келеді. Ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты библиографиялық көрсеткіштің дайындалуы, тұлғасы толық сомдалған жаңа ескерткішінің бой көтеруі құптарлық, қуанарлық істер. Ойланатын тұстарымызда бар. Ол Жұбанның ақындық қырын таныту мәселесі. Көбіне естелік айтудан ары асалмай жатамыз. Жұбан қазақ поэзиясына не алып



келді? Өзіндік стилі неден көрінеді? Жұбан өмір сүрген дәуір, орта ақын шығармашылығында қалай көрінді? Міне осы айтылғандарды тани алсақ Жұбанға жақындай түсеміз.

Жұбан поэзияда барынша ұлттық болмысты көрсетуге талпынған ақын. Біз осы кезге дейін Жұбантануда ақынның ұлтын сүйген жүрегінің үнін толық қанды тани алмай келеміз. Жұбан жұртын жырлаған деп жалпылама желдіртіп өте шығамыз. Аздап өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін көрсетіп, тілі бай деуді де ұмыт қалдырмаймыз. Бұл шығармашылық талдауда кешегі күннің қалған салқыны. Ақынның сөзінен жан дүниесі нені айтпақ болғанын түсіну бізде әлі тапшы.

«Өлеңге ерте келіп, кеш ер жеттім» деген Жұбан ақынның ұлттық менді танытқан тырнақалдысы «Қазақ» өлеңі (1943) мен «Желтоқсан көтерілісі» деп тарихта атауын алған 1986 жылғы жағдаят кезінде сөйлеген сөзі аралығындағы шығармашылық мұрасын тануда ұлт қорғаны, жұртының жарнамашысы болғанын жан-жақты ашып көрсететін уақыт жетті. Жұбанды қазақ намысының найзағайы, қазақ болмысының оққағары деп танысақ қана ақиқатқа арқа тірейміз.

### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Ғылыми мақаланы жазу барысында қазақ әдебиеттану ғылымындағы методологиялық ұстанымдар негіз болды. Мақалада көтеріліп отырған тақырыптың өзі қазақ әдебиеттану ғылымында еркін ой бостандығы үстемдік құрған соңғы он жылдықтарда бой көрсеткен жаңа пайымдаудың қатарына жатады. Кеңестік кезеңде қазақ әдебиетінің ұлттық болмысты танытатын шығармашылық жетістіктері үстемдік құрған саяси жүйе талаптары негізінде бағамдалып келгені қаперге алынды. Сәйкесінше ізденіс барысында жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарға, жаңа әдеби көзқарастар тұрғысынан жазылған зерттеулерге арқа сүйедік. Зерттеу нысаны етіп алынып отырған ұлттық болмыс пен дүниетанымды қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында арнайы қарастырып жүрген Б.Майтанов [2], З.Бисенғали [3], Қ.Ергөбек [4], Б.Омаров [5] сынды әдебиеттанушылардың еңбектері сараланды.

### *Зерттеу нәтижелері*

КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтің әдеби мұрасымен танысқан оқырман бір аныққа көз жеткізеді. Ол қилы заманның өзінде ұлтының болмысын, қазақтығын қисынын тауып мақтан еткен Жұбан жырындағы жығасы жығылмаған далалық еркін рух. Мұны ақынның «Қазақ», «Менің халқым», «Қазақстан көктемі», «Ғажапсын, Қазақстаным», «Мен қазақ әйеліне қайран қалам», «Қазақстан», «Қазақшадан аударылған», «Қазақ тілі», «Білем, білем бір қазақты», «Біз, қазақтар қызықпыз», «Мен – қазақпын» т.б. өлең, поэмаларынан анық көреміз.

Жұбан жырының литмотивіне айналған қазақ болмысының алғашқы көрінісі ақынның 1943 жылы жазылған «Қазақ» өлеңінен бастау алады. Екінші дүниежүзілік соғыстың жауынгері Жұбан Молдағалиев өзгелер «ұлы орыс халқының» қаһармандығын жарыса жазып жатқанда, «өзге емес, өзім айтам өз жайымды» көңіл күйімен көз көріп, көңілге түйгенін ұрыс шебіндегі ұлы дала ұлдары Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдулин т.б. ерліктерімен ұштастырып:

«...Сан айқаста қол бастап,  
Талқанын жаудың шығарған,  
...Момышұлы Бауыржан,  
Ол да – қазақ баласы» –

деп атаның ерлік дәстүрі мен ананың ақ сүтін адал ақтаған «Кім еді, сен білемісін?» дей келіп, «Ол – қазақтың баласы» екендігін мақтан қылады [6, б. 45]. Өлең шұбалаңқы, көркемдігі кемшіндеу көрінгенмен жиырма үш жастағы Жұбанның жұртың сүйген жүрегін анық аңартып тұр.

Жүз сексен жолдан тұратын «Қазақ» өлеңі алғаш «Отан үшін» атты майдандық газетте, сол жылы арнаулы тапсырмамен Алматыға келген сапарында «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Бұл мәңгі өлмес «Мен – қазақпын» жырының балаң шыбық болып бүр жарып, бұқараға бой көрсетуі еді.

Бұл туралы жоғарыда айтылған «Қазақ әдебиеті» он томдығының тоғызыншы томында «1943 жылдың қарашасында Жұбан Молдағалиев арнаулы тапсырмамен Алматыға келеді. «Отан үшін» атты майдандық газетте басылған «Қазақ» деген өлеңін ала келеді. Өзі сияқты соғыстан уақытша келген Әбу Сәрсенбаевқа жолығады. Әбекен өлеңді оқып, «аяқ-қолын жерге тигізбей» Жазушылар одағына апарады, С.Мұқанов алдында оқиды. Өлең ақырында радиодан беріліп, «Социалистік Қазақстан» газетінде басылады. Сонан кейінгі жағдайда коммунистік идеология талабына сай келмеген өлең 35 жыл бойы еш жерде басылмай, ақын жинағына да кірмей, тек 1979 жылы шыққан үш томдыққа енген» деген мәлімет біраз нәрседен сыр аңғартқандай [1, б. 400].

Қазақ халқы түп тұқияннан бүгінге дейінгі тарихында замана дауылының дедектетуімен жар қабақтың ұшпасына талай барғанымен асқақ рухының арқасында аман-есен қалған халық. Өмір керуенінде көші малтыққанмен ойсыл қарасы омақасып жүрісін тоқтатқан емес. Осының бәрін ой санасынан өткерген ақын «Ғажапсын, Қазақстаным» өлеңінде танданысын асқақ үнмен былайша жеткізеді:

«Ал бүгін көркің мүлде өзге.  
Ғажапсын, Қазақстаным!  
Кім айтар сені бір кезде  
Көрді деп өмір қыспағын» [6, б. 193].

«Жер бетінде жел өшірген із аз ба?». Бізден әлдеқайда әлеуетті, қарайған халқының саны да көп талай ұлт тілінен, ділінен, дінінен ажырап қалды, болмаса бордай тозып, болмысы мен ата қоныс жерін жоғалтып, тарихта құр атауы ғана қалды. Ақынның Қазақстанды, қазақты ғажапсын дегенінде міне осындай тәу еткен ақ адал пейілі жатыр.

Жұбан жырының үлкен бір арнасы – Қазақ әйелі, аяулы анасы мен асыл жары. Ақынның сұрапыл соғыстың қан майданында жүріп жазған алғашқы өлеңдерінің бірі «Әлия», кейінгі бейбіт өмірде дүниеге келген «Мен қазақ әйеліне қайран қалам», «Жесір тағдыры» т.б. өлең-жырлары тұтасып келіп, қазақ әйелінің бүтін бітімін бейнелеп тұр. Ұрыс даласында ерлермен тізе қосып жауға қарсы тұра білген қайсар қарындас пен бейбіт өмірдің берекелі тірлігінің басынан табылған нәзік жандыларға ризашылығын, танданысын ақын: «Не қазақ әйелінің құдіреті бұл» деп жеткізеді. Автор мен оқырманның келісімге келетін жері де осы.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ананың ролі ұлттық болмысымыздың баянды болуының кепілі екендігін ақынның анасына тағзым еткен мына бір жолдарынан оқи аламыз:

«Анашым, аты – Зеріп, беріде өлді,  
Ұлына сүтін, күшін беріп өлді.  
Әйелдің алдияры, ақсұңқары  
Аптапқа, аязға да берік еді...

Кешқұрым жырлап қазақ дастандарын,  
Жаныма шашып еді жастан жалын...».

Жұбантанушылар Жұбанның ақындығы анасынан дарыған дей келіп, анасы Зеріп жас күнінде айтыстарға қатысып ауыл-аймағына ақын болып танылғандығын келтіреді. Ақынның өзі де анасы туралы естелігінде: «Ол кісі мені шын мәнінде өлеңмен ауыздандырды» дейді. Жыр жолдарындағы «Ұлына сүтін, күшін беріп өлді», «Жаныма шашып еді жастан жалын» деуінің мәнісі осында [7].

Жұбанның қазақ әйеліне арналған жырын оқығанда бұрын өзің білетін әлемнің беймәлім тұстарын танығандайсың. Әйелдің ару ана, асыл халық болып жырлануы әншейін әспеттеу үшін айтыла салған сөз еместігін «Аздырмай жеткізді олар ұрпақтарын» жолындағы ақиқатпен бетпе-бет келгенде мойындайсың. Иә, ұрпақтың азуы ұлттың тозуы. Қазақтың қазақ болып болмысынан ауытқымауы ақын қайран қалған қазақ әйелінің күдіретінде жатыр. Ғасырлар белесінде ұрпағын аздырмай жеткізген қазақ әйелі ару ана болмағанда кім ару, қазақ әйелі асыл халық болмағанда кім асыл? Соның бірі ақынның жары Софьясы. Өлеңнің соңғы шумағындағы мына бір сезім шуағы соны аңғартады.

«Мен қазақ әйеліне қайран қалам.  
Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған.  
Сол менің жүрегімнің ханышасы,  
Жыр шоғын ұсынамын Айдан да оған» [6, б. 266].

Он тоғыз шумақ өлеңнің басында және осы соңында екі-ақ жерде қайталанатын «Мен қазақ әйеліне қайран қалам. Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған» деген жолдар автордың қазақ әйеліне, жүрегінің ханшасы сүйген жарына көрсеткен құрметі, азаматтық алғысы.

Бұл көңіл күйді өзара ішкі ұйқас құрап, өлеңнің әуезділігін арттырып, бір құбылыстан іле шала екінші, үшіншіге ауысып динамикалық серпін танытып, түрлік ерекшелігі жағынан градация, яғни, өлеңге дамыту сипатын беріп тұрған шумақтың екінші жолындағы бірыңғай мүшелер «Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған» деген жолдардан да анық байқауымызға болады. Сондай-ақ бұл жолдарда ыстық қайратпен жайнаған, нұрлы ақылмен жалындаған, жылы жүрекпен жайраңдаған қазақ әйелінің Абай данамыз атап көрсеткен үш адами қасиеті де бар.

Қазақты өркениеттің төріне шығаратын, рухани құндылықтарын күллі адамзат баласының игілігіне айналдыруға ат салысатын сөз өнері. Қалған тамылжыған әуен де, көз тартар шаһар да, ақ қағаз бен кенепке түскен бейнелер де қазақтың болмысын толық ашып бере алмайды. Әрине бұл өнер туындылары белгілі бір дәрежеде таңқалдыруы, тәнті етуі мүмкін. Қазақтың жан дүниесін айнадай жарқыратып көрсететін күдірет, әдеби мұрасында ғана. Осыны жете түсінген Жұбан ақын қазақтың классиктері шет тілдерге аударылғанда қазағымды әлем танитын болды деп «Қазақшадан аударылған» атты шалқар көңілдің шаттығын танытатын өлең жазады.

«Қазақ үнін енді есітті талайлар.  
Қазақ жырын бал бұлаққа балайды ар.  
Жер тудырған шоқ жұлдыздар көгінде  
Жарқырайды Шоқан, Мұхтар, Абайлар.  
Қазақшадан аударылған...  
Демек сондай ел бар, қазақ тілі бар» [8, б. 38].

Шексіз әлемде шектеулі тіл білетін адамзат баласы аударма арқылы қаншама халықтың болмысын білуге мүмкіндік алады. Өз елінің елшісіндей өзге тілге тәржімаланған шығармаларға ақын үлкен аманат артқанын байқаймыз.

Әлемдік өркениеттің ықпалымен өзгеріп жататын өміріміз ұлттық болмысымызға да әсер ететіні белгілі. Жаһандану процесінде жұтылып кетпеу үшін рухани құндылықтарымызды бойына сіңіріп өскен толағай тұлғалар қажет. Сондықтан да Абай хакімнің «единица – жақсысы, не бітірмек өңкей нөл» деп жырлағаны. Бұқараның басын біріктіретін, елдің атын шығаратын сол «единица» екендігіне көзіміз жетіп келеді. Осындай нар тұлғаның құрметіне жазылған «Білем, білем бір қазақты» [8, б. 229] өлеңінде Жұбан Молдағалаиев:

«Білем мен  
Бір қазақты жұрт жырлайтын,  
Ықпайтын,  
Жықтырмайтын,  
Ұттырмайтын...  
Жылқыда  
Жақсыны айтса қазан ат деп,  
Адамда  
Мақтайды ерді азамат деп.  
Мұнымен  
Бір дидактас болғандарда  
Кетеді жігіт-ақ деп,  
Қазақ-ақ деп» –

деп, жұрт жырлаған бір қазақ кейіпкерінің кешегі кеңестік кезең тұсында өздерің «аға ұлт» санағандардан ығысып ықпайтынын, туған жерге тігілген туын жықтырмайтынын, өмір көкпарында ұттырмайтынын айтып, «единица – жақсысы» абсолюттік ақиқат екендігін аңғартады.

Осы үзіндінің соңғы жолындағы демеулік шылаулы «Қазақ-ақ» сөзімен берілген күрделі ментальді болмыс сан алуан интерпретацияда ұғынылып, бекзаттықты, мырзалықты, бауырмалдықты, мәрттікті білдіріп ақындық қуатты да танытып тұрғандығын сөз ретінде атап өткен абзал.

Қазағын жырлаудан тынбаған Жұбан ақын кей кезде сол қазаққа қайран қалып сөз таппай «Біз, қазақтар, қызықпыз» деп, ұлтық болмыстың ғасырлар қойнауындағы қалыптасу тарихын тамыршыдай тап басып өнегелі өлеңге айналдыра біледі.

« Біз бір қызық халықпыз кен жаралған,  
Болмыстан жат жары жол, енжар адам.  
Жазсын тағдыр жазбасын – мол тілейміз,  
Жылдар үшін, бәлкі бұл кенде қалған».  
Немесе:  
Көңілі қалып бір атым насыбайдан,  
Жан сезімі болыпты насыр ойран.  
Үйге кірсе өлтірмей жыланды да,  
Шығарыппыз құйғыштап басына айран [8, б. 286].

Ақын қызық халықпыз деп құр қызықтап қоймайды, өлеңнің өң бойында тек қазаққа тән танымды, мінезді шәк келтірмейтіндей жайып салады, солай екен-ау деген қорытындыға алып келеді. Өмір сүру дағдымыз бен дүниетанымыздағы өзіндік ерекшеліктеріміздің мәнін енді ғана түсінгендей боласын.

Өз ұлтынды сүю, құндылықтарынды қастерлеу, жақсылығынды жария ету Жұбан жырында басқалардан басым. Сондықтан да Жұбан үшін қазақ жылқысы қазан ат, жігіттері намысты азамат, ал даласы қанатты қыран. Даланың қыранға теңеліп, балануы қазақтың ерлігімен, биіктігімен ұштасып жатқандығын «Қыран дала» поэмасындағы:

«Тоғысқан сенде кемедей  
Адамзат, ата мұраты.  
«Дала» деу – «Қазақ» дегендей,  
Қазақтың сенсің бір аты» –

деген шумақ мазмұнынан аңғарамыз [9, б. 205].

Жұбанның шығармашылық даңқын шығарып, 1978 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған «Қыран дала» поэмасы ақынның өлеңдерінде талай көрініс тапқан дарқан дала, ақжайма ауыл, еңселі ел суреттерінің жинақталып, тарихтан сыр шертетін танымдық туынды түрі деуге болады.

Қазақ даласының арғы-бергі тарихын жетік білетін ақын шығармашылық кемеліне келіп, толысқан тұсында туған жер топырағына тәу етіп перзенттік парызын жауһар жырмен өтегісі келген сияқты. «Қыран дала» поэмасын оқыған оқырман осыны тани алса ғана автордың мұратын, шығарманың идеясын дұрыс ұғынып бағалай алады.

«Қазақ болу – зор бақыт» бұл Жұбан Молдағалиевтің атақты «Мен қазақпын» поэмасында авторлық түпкі ойды танытып тұрған жол. Бірдің аузымен айтылғанымен көптің көкейіндегісін дөп басып айтылған сөз. Жай сөз емес шуақты сөз, қуатты сөз. Шуақтылығы жан дүниенді нұрға бөлейді, қуаттылығы кара орман халқынды қанаттандырады. Мың өліп, мың тірілген қазағымның келешегі кемел екендігіне сендіреді, рухтандырады. Оқып көрелік:

«Мен қазақпын, белдімін, байтақ елмін,  
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.  
Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске,  
Айта бергім келеді, айта бергім» [9, б. 137].

Айтпақ ойды, шадыман көңілді, кесек мінезді, ұлттық менді танытатын сөз тәуірін ақын ой түбінен теріп ала білген. «Мен қазақпынның» жазылғанынан жұрттың жадында хатталып, күні бүгінге дейін Жұбан ақын болып талай мінбелерден үздіксіз оқылып келе жатуы, міне, осының дәлелі.

### *Қорытынды*

Қазіргі ұлттық идеологиямызда «Мен қазақпын» поэмасындағы авторлық түпкі ой «Қазақ болу – зор бақыт» ұстанымын ұрпақ тәрбиесінде басым бағыттың бірі етіп алуымыз керек. Сонда біз ақын айтқан белді әрі байтақ мәңгілік ел боламыз. Мұны әуелі құлаққа, сосын санаға, кейін жүрекке жету үшін ретімен айта беруіміз қажет. Ертеңгі күні Жұбанша: «Мен – қазақпын, өз халқымды мақтан етемін. Маған оның қатпарлы тарихы қымбат, ал оның бүгінгі күні одан да қымбат» дейтін жастардың қатары қалындай беру үшін де айта беруіміз қажет [10].

Бұл Жұбан Молдағалиевтің 1986 жылы 31 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Васильевич Колбинге қарата сөйлеген сөзі. Жазушылар одағына келген бірінші хатшы Жұбанның сөзінен ызғарлы күндерден қазақ деген халықтың сағы сынбағандығын, рухы мықты екендігін сезініп шықты. Ақынның шығармашылығымен таныс халқы да Жұбанның сөзі мен ісі бір жерден табылатынына, «Мен – қазақтың» деген сөз тегін айтылмағанына көздері жетті. Ендігі мақсат «Мың өліп, мың тірілген» қазағына қорған бола білген Жұбанның рухани мұрасын кеңінен насихаттай білу.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Қирабаев С.С. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы / С.С. Қирабаев. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 998 б.
- [2] Майтанов Б.Қ. Тәуелсіздік – күрес мұраты: монография / Б.Қ. Майтанов. – Алматы: Құс жолы, 2012. – 490 б.
- [3] Бисенғали З.Қ. Қазақ прозасы XX ғасыр басы жаңа роман жолында: оқу құралы / З.Қ. Бисенғали – Алматы: Арыс, 2010. – 296 б.
- [4] Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: оқу құралы / Қ. Ерғөбек. – Алматы: Өркениет, 2003. – 368 б.
- [5] Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті: монография / Б. Омарұлы. – Астана: Елорда, 2005. – 372 б.
- [6] Молдағалиев Ж. Қыран дала: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Алатау, 2010. – 384 б.
- [7] Молдағалиев Ж. Сел: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Алатау, 2000. – 384 б.
- [8] Молдағалиев Ж. Мен – қазақтың: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Раритет, 2019. – 360 б.
- [9] Молдағалиев Ж. Мен – қазақтың: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Раритет, 2007. – 240 б.
- [10] Молдағалиев Ж. Айттым сәлем: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Алатау, 2013. – 384 б.
- [11] Бейсенова Г.Ә. Жұбан Молдағалиев поэмаларының көркемдік ерекшелігі: монография / Г.Ә. Бейсенова. – Алматы, Өркениет, 2008. – 153 б.

## REFERENCES

- [1] Kirabaev, S.S. (2005). Kazak adebietinin tariqy [History of Kazakh literature]. Almaty: KAZakparat [in Kazakh].
- [2] Maitanov, B.K. (2012). Tauelsizdik – kures muraty [Independence - the purpose of the fight]. Almaty: Kus zholy [in Kazakh].
- [3] Bisengali, Z.K. (2010). Kazak prozasy XX gasyr basy zhana roman zholynda [Kazakh prose of the early XX century on the way to a new novel]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- [4] Ergobek, K. (2003). Arystar men agystar [Personalities and their life paths]. Almaty: Orkeniet [in Kazakh].
- [5] Omaruly, B. (2005). Zar zaman adebieti [Emergency times]. Astana: Elorda [in Kazakh].
- [6] Moldagaliev, Zh. (2010). Kyran dala [Eagle steppe]. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [7] Moldagaliev, Zh. (2000). Sel [Sel]. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [8] Moldagaliev, Zh. (2019). Men – kazakpyn [I am a Kazakh]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- [9] Moldagaliev, Zh. (2007). Men – kazakpyn [I am a Kazakh]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- [10] Moldagaliev, Zh. (2013). Aittym salem [I said hello]. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [11] Beisenova, G.A. (2008). Zhuban Moldagaliev poemalarynyn korkemdik erekshi [the Artistic specificity of the poems Zhuban Moldagaliev]. Almaty: Orkeniet [in Kazakh].

**Мамыров А.И., Шортанбаев Ш.**

## НАЦИОНАЛЬНОЕ БЫТИЕ В СТИХАХ ЖУБАНА МОЛДАГАЛИЕВА

**Аннотация.** В статье были отобраны стихотворения поэта Жубана Молдағалиева, отражающие национальное бытие и мировоззрение, проанализированы высказывания автора в передаче его идеи. В статье на всестороннем научном основании были даны ответы на вопросы, в чем заключается поэтическая сила отдельных слов в стихах, в чем проявляется национальный код,



казахское бытие. Также в статье раскрывается роль поэта, как он умел донести до читателя «объективный мир», сформировавшийся с древних времен в стихотворениях и поэмах «Казак», «Мой народ», «Весна Казахстана», «Прекрасный мой, Казахстан», «Я восхищаюсь казахской женщиной», «Казахстан», «В переводе с казахского», «Казахский язык», «Знаю, знаю одного казаха», «Мы, казахи интересны», «Я - казах» и др. Стихи Жубана Молдагалиева раскрывают идейно-познавательные и художественно - эстетические изыскания и обогащают казахскую поэзию национальным колоритом.

**Ключевые слова:** литературное наследие; свободный дух; века; мировоззрение; традиции; литмотив; национальный характер; градация; интерпретация; национальная идеология.

**Mamyrov Azamat, Shortanbaev Shohan**

#### **NATIONAL EXISTENCE IN THE POEMS OF ZHUBAN MOLDAGALIEV**

**Annotation.** The article selected poems by the poet Zhuban Moldagaliev that reflect the national life and worldview, analyzed the author's statements in the transmission of his ideas. In the article, on a comprehensive scientific basis, answers were given to the questions of what is the poetic power of individual words in poems, what is the national code, the Kazakh being. The article also reveals the role of the poet, how he was able to convey to the reader the "objective world", formed since ancient times in poems and poems "Kazakh", "My people", "Spring of Kazakhstan", "my beautiful Kazakhstan", "I admire the Kazakh woman", "Kazakhstan", "Translated from Kazakh", "Kazakh language", "I know, I know one Kazakh", "We Kazakhs are interesting", "I am Kazakh", etc. Zhuban Moldagaliev's Poems reveal ideological, educational, artistic and aesthetic research and enrich Kazakh poetry with national flavor.

**Keywords:** literary heritage; free spirit; centuries; worldview; traditions; literary motive; national character; gradation; interpretation; national ideology.



ӨОЖ 398.5

ҒТАХР 17.71.01

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).28

**Сейітова Ш.Б., Мамышева М.Е.***Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей, Қазақстан***E-mail:** seitovashinar@mail.ru; moldir\_77777@mail.ru**ТАРБАҒАТАЙ АЙМАҒЫНЫҢ ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАРЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада топонимге бай өңірдің бірі болып саналатын Тарбағатай аймағы аңыздарының ішінде көп таралған атауларының қойылуы туралы нұсқалар салыстырыла қарастырылады. Тарбағатай тауы, Арғанаты тау шоқылары және Толағай тауы туралы аңыздардың мазмұнына, атаулардың шығуына, тілдік негіздеріне тоқтала келе, ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, тілдік, фольклортанулық аспектіде талдаулар жасалады. Тарбағатай топонимдік аңыздарының ішінде осы атауларға қатысты айтылған топонимдік аңыздардың тым көне және атаулардың этимологиясы өте ежелгі дәуірлерге тән екені талдаулар арқылы көрсетілді. Атаулардың шығуын ілкібаба (демиург) есімімен байланыстыратын аңыздар да ескеріліп, Тарғытай баба туралы аңыз нұсқасын ескеруге назар аударылады. Аңыз нұсқалары өзара салыстырылып, атаудың шығуы тілдік тұрғыда түсіндіріледі. Топонимдік аңыздардың атау мәнін түсіндірудегі орны анықталады.

**Кілт сөздер:** топоним; фольклор; аңыз; этимология; орал-алтай тілдері; түркі-монғол тілдері.

*Kipicne*

Топонимдік фольклорды зерттеудің өзіндік ерекшелігі бар. Өйткені мұнда фольклортану ғылымы мен ономастиканың топонимика саласының принциптері тоғыстырылуы керек. Гуманитарлық ғылымның басқа салаларымен тығыз байланыста қарастырылатын фольклортанудың заманауи міндеттерінің бірі – фольклордың топонимикамен байланысын зерделеу. Топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың үлкен бір арнасы деуге болады. Өйткені фольклор үлгілерінде топонимдік атаулар молынан ұшырасып отырады. Жалпы, ономастиканың бір саласы ретіндегі топонимиканы фольклордың да құрамдас бөлігі деп қарауға болады.

Шығыс Қазақстан облысына қарасты Тарбағатай ауданы тарихи топонимдерге өте бай өңір. Бұл топонимдер туралы айтылатын ауызша баяндар көне күндерден бүгінге дейін ел жадында сақталып келеді. Топонимдік фольклор үлгілерінің ішінде Тарбағатай өңіріне қатысты аңыз-эпсаналар көп ұшырасады. Тарихы тым көне дәуірлерден бастау алатын Тарбағатай туралы фольклорлық туындылардың жиһангездердің, зерттеушілердің назарларына іліккені XVIII – XIX ғасырларға тиесілі.

Тарбағатай ауданының аумағында орналасқан елді мекендердің атауларының қойылуы топонимдік миф, аңыз яки эпсана түрінде айтылып, ел жадында сақталған. Өзен-су атаулары, үлкенді-кішілі тау, сай, шоқы, т.б. атаулар туралы аңыз-эпсаналар өте көп. Солардың ішінде ең көп таралған Тарбағатай, Арғанаты, Толағай топонимдерін көне дәуірлерге жатқызуға болады.

*Зерттеу материалдары мен әдістері*

Алтай мен Тарбағатай, Зайсан туралы қағаз бетіне түскен алғашқы деректер ХҮІІІ ғасырдағы Ресейлік зерттеушілер еңбектерінен кездеседі. Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы «Атақты Сібір ұлы қарт Потанин» деп жыр арнаған орыс ғалымы Г.Потаниннің жолжазбаларында да Қазақстанның шығыс бөлігіндегі осы мекендер туралы мәліметтер көптеп ұшырасады [1, б. 195-255]. Сондай-ақ Тарбағатай аумағындағы көне дәуір ескерткіштері туралы Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесі жазбаларында біраз

ақпараттар келтірілген. Патшалық Ресей кезеңінде В.Никитин [2, б. 511], А.В.Адрианов [3, б. 77-79] сияқты авторлар өз жазбаларында Семей өңірінің көне ескерткіштері, олардың атаулары туралы мәліметтер береді. Қазіргі тіл білімінің ономастика саласында ел мен жер атауларын зерделеген еңбектер бірсыпыра.

Тарбағатай топонимдік аңыздарын қарастыруға арналған бұл мақалада талдау, жинақтау, салыстыру әдістері пайдаланылады.

Тарбағатай өңірінде елді мекен, шоқы, төбе, су, т.б. нысандар атаулары туралы аңыз әңгімелер қоры мол. Тарихы тым көне дәуірлерден бастау алатын бұл аймақ қаншама дәуірлерді, ұлы жорықтарды, шапқыншылықты, заманның алмағайып кезеңдерін басынан кешті.

Г.Потанин Тарбағатайдың шығысына сапарында жазылған жазбасында Тарбағатайдағы Сарышоқы, Қожыр, Жаман Арғанаты, Жақсы Арғанаты, Маңырақ, Терісайрық, Қызылшоқы, Қарашоқы, Китіңқара, Ласты, Қотанашы, Қандысу, т.б. мекендер аталып, олардың сипаттамалары беріледі.

«От выступа гранита на Коджуре Тарбағатай разделяется на две ветви – южную центральную и северную побочную, которая в разных местах носит следующие названия, начиная с запада: Кызыл-чоку, Кара-чоку и Киттын-гара, эти ветви образуют продольную долину в которой теперь р. Терс-айрык» [1, б. 214-215].

Осылайша Тарбағатай өңірінің табиғатын, өзіндік ерекшелігін сипаттай келе елді мекен атауларын, жер атауларын келтіріп өтеді. Бұл аталған жерлер күні бүгінге дейін қыстау, жайлау ретінде таныс.

Тарбағатай атауының шығуы туралы айтылатын пікірлердің көпшілігі бұл атау монғол тіліндегі «суырлы тау» деген мағынаны беретінін алға тартады. Суырлы тау туралы баяндар Тарабағатай туралы аңыздың бір нұсқасы. Осы бір тарихы тереңге тамыр тартатын өлкенің көне дәуірдегі тұрғыны Тарғытай болған екен... Әйгілі грек тарихшысы Геродоттың «Тарих» атты тоғыз кітаптан тұратын еңбегінің төртінші томында көшпенділердің мекені болған ұлы дала туралы айта келіп: «Бұған дейін жан мекендемеген бұл елдің тұңғыш тұрғыны Тарғытай деген кісі болыпты» – деп жазған екен. Осы көне жазбаға сүйене отырып, кейбір зерттеушілер Тарбағатай атауын ілкібаба бейнесіндегі Тарғытай есімімен байланыстырады.

Қазақ топонимдік аңыздарының бір нұсқасы былай дейді:

«Ертеде осы тауды қазақ жерін жаулап алған қалмақтар мекен етіпті. Бірақ түнделікте бұл жер дамылдауға, қоныс қылуға өте жайсыз екен. Қаптаған суыр түні бойы ащы дауыстарымен шаңқылдап маза бермепті. Қалмақтар суырды «тарбыға», ал тауды «тай» деп атайды екен. Сонан осы биікті «Суырлытау» яғни «Тарбағатай» деп атап кетеді. Таудың осы атауы күні бүгінге дейін сол қалпында сақталған» [4, б. 241].

Тарбағатай атауы, кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша, көне қытай деректерінде «Таргун», «Таргут» атауларымен кездеседі.

«Қазір біз жазып жүрген «Тарбағатай» бұрынғы «Тарғыбатайдың» соңғы орысшаланып өзгерген түрі. Тарихшылар Н.Аристов пен Қ.Халидтің «тарбага» дегенді «суыр» сөзінен шығаруы еш қисынға келмейді. Монғол тілі ешқашан үстем тілге ие болмаған және бұл өңірде монғолдар өмір сүрмеген» деп жазады өнертанушы Ж.Берстен [5, б. 10]. Сөйтіп ілкібаба Тарғытай есіміне байланыстыратын тұжырымға қолдау білдіреді.

Аңыз кейіпкеріне айналған Асан қайғы бабамыз Желмаясын мініп, жер шалып, Жерұйықты іздегенде осы өлкеге де келген екен дейді. Сауыр тауына шығып, төмендегі жазыққа көз салып тұрып: «Айналасын тау қоршаған мына жазықтың үш есігі бар екен, төртіншісі болғанда жердің жұмағы болғандай екен» депті-мыс. Сауыр, Сайқан, Маңырақ, Тарбағатай таулары орналасқан елді мекеннің әрқайсысына қатысты айтылатын аңыз-әпсаналардың бірсыпырасы тарихи оқиғалармен байланысты болып келеді.



Тарбағатай ауданы аумағындағы барынша танымал фольклор үлгілері Арғанаты жотасы мен Толағай тауына қатысты. Толағай туралы аңыз Қазақстанның біраз өңірлерінде кездеседі. Жалпы, Шығыс Қазақстанда Толағай атымен аталатын екі нысан бар. Біреуі – Тарбағатай ауданы Ақжар ауылына жақын, екіншісі – Көкпекті ауылының аумағында орналасқан.

Толағай туралы Қазақстан ұлттық энциклопедиясында «Ақмола облысы Ақкөл ауданында орналасқан шоқы» деген мәлімет беріледі [6, б. 422]. Екінші келтірілген мәліметте «Толағай – халық аңызы. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы тау атауына байланысты туындаған бұл аңызда Саржан деген аңшының ұлы Толағайдың ертегі желісіндегідей сағат санап өсуі, төрт жасында нағыз батырға айналып, жетіге келгенде белдесуге шақ келер адам таппауы, еліне жұт келгенде ешқашан құрғақшылықты көрмеген Тарбағатайды тауып, оны арқасына салып кері қайтқаны...» деп, ары қарай аңыз желісі бойынша туған жерге тауды жеткізіп, өзінің мерт болған баяны келтіріледі [6, б. 422].

Жүз томдық «Бабалар сөзінің» топонимдік аңыздарға арналған сексенінші томында Толағай туралы аңыздың екі нұсқасы берілген.

Бірінші нұсқасы: *Бұрынғы өткен заманда апайтөс Арқаның бел ортасында бір қауымдық жұрт өмір сүріпті. Жағалары жайлауда, жандары рахатта тамаша ғұмыр кешкен. Шұрайлы жерден қоныс алған малға да, жанға да бай өлкенің тұрғындарында: «Бізде барлығы да бар. Бірақ сол мал-жанды қорғайтын батырымыз болса екен»,—деген бір ғана армандары болыпты. Күндердің күнінде бір отбасында алтын айдарлы алып бала дүниеге келіп, ел-жұрты болып үлкен той жасайды. Сол нәресте жыл санап емес, күн санап ержете бастайды. Туған-туысқандары да көркейіп келе жатқан баланы өз атымен атамай көз тимесін деп, Толағай дейтін болыпты. Сөйтіп баланың аты Толағай ата-нып кетеді. Күндердің бір күнінде жер қуаңшылық тартып, жаңбыр болмай, ел күйзеліске ұшырайды. Халықтың басына түскен ауыртпалық Толағайды да қатты мазалапты. Сонан бері Толағай Дана деген қарт ақсақалға барып, ақыл сұрапты. Сонда қарт айтқан екен:*

– Қарағым Толағай, біздің жеріміз жазық, бұлт үйіріліп тоқтайтын тауы жоқ. Жаңбырдың болмауы сол себептен, – дейді. Толағай айтқан екен:

– Ата, сіз рұқсат етсеңіз, мен барып бір жерден тауды арқалап алып келсем болмай ма? – дейді. Сонда қарт айтқан екен:

– Шырағым Толағай, елді ойлап егіліп тұрсың-ау! Тау арқалап әкелу оңай болмас, дегенмен ондай талабың болса, оң-түстік өлкеде Алатау деп аталатын алып таулардың ақсақалы бар, рұқсатты сонан сұрарсың, –деп батасын береді. Сөйтіп, тауды арқалап әкелуге сайланған Толағай сапарға шығыпты. Арада ай өтеді, жыл өтеді. Бір күндері Ақ басты Алатауға жетіп, «Ассалаумағалейкум» деп сәлем беріпті, өзінің талап-тілегін айтыпты. Маңғаз Алатау талапты ерге зор қошемет көрсетіп, етегінде орналасқан бала тауды Толағайға арқалатып қоя береді. Алғашқыда аяғын иірақ басқанымен иығына түскен салмақ еңсесін езіп, бірте-бірте әлсірете бастайды. Арада көп уақыттар өтеді. Арқасында тау, әлсіреген, қансыраған Толағай елінің шетіне іліге бере тізесі бүгіліп, құлап түседі де ұйқыға кетеді. Арқасындағы тау болса батыр жгігітінің үстінен басып қалыпты. Сонан сол Толағай күні бүгінге дейін тау астында ұйықтап жатыр дейді. Ал жаңағы Бала тауды ел «Толағай» деп атап кетіпті» [4, б. 249].

Бұл аңыз Тарбағатай ауданы Ақжар ауылының маңында орналасқан Толағай тауы туралы. Алатауға барып, сол таудың оқшау тұрған біреуін арқалап елге жеткен батыр баланың ерен ерлігін баян қылатын бұл аңыз Ө.Тәжібаевтің «Толағай туралы аңыз» дастанына арқау болған.

Толағай туралы аңыздың тағы бір нұсқасында Толағай тау деп көрсетіледі.

Екінші нұсқасы: *Бұрынғы заманда бір үлкен алып бар екен. Бұл алыптың екі баласы болыпты. Кіші баласы Ертістің суына шомылып жүріп суға кетіпті. Алып үлкен баласымен қанша дамыл таппай қиналып іздесе де, баласының сүйегін таба алмапты. Сонда Алып Ертісті бөгеуге ойлап, баласын ертіп алып Тарбағатай тауларына келіпті. Бұл тауларда бұлар*

Толағайды иығына көтеріп өздерінің ойлағанын орнына келтіруге Ертіске қарай жүріпті. Жол үстінде бұлар Қалба тауының етегіндегі өздерінің үйлеріне қонуга тоқтапты. Әкесі баласына айтыпты: «Бүгін сен жалғыз жат. Қатыныңмен жолықпа», – деп. Баласы әкесінің өсиетін тыңдамаған себептен таңертең әкесіне қолғабыс қыла алмай Толағайды Ертіске шейін апара алмапты. Әкесі қайғыланып Толағайды Қалба тауларында тастап кетіпті [4, б. 249].

Бұл нұсқада айтылатын Толағай тауы қазіргі Самар ауданына қарасты Көкпекті елді мекеніне жақын орналасқан.

Толағай сөзінің этимологиясы туралы түрлі пікірлер айтылған. Монғол тілінде «толгой» – бас сөзінен метафора тәсілімен жасалған ороним екені дәлелденген [7, б. 1463]. Бірсыпыра сөздіктерде бұл термин «таудың басы» деген мағынада қолданылатындығы көрсетіледі [8, б. 555]. Тілші ғалым Б.Бияров «Толағай тауы тек жұмыр, домалақ, ақ тастардан тұратын тауларға ғана тән болып келеді. Жұмыр, домалақ, ақ тастарды адамның бас сүйегіне ұқсатудан туған ороним екені даусыз» дейді [9, б. 63].

Тарбағатай топонимдік аңыздарының ішінде көп ұшырасатыны – Арғанаты туралы аңыздар. Жалпы, Арғанаты атымен аталатын тау қазақ даласында үшеу. Біреуі – Балқаш-Алакөл маңындағы ұсақ шоқылы тау; екіншісі – Ұлытаудағы Үлкен Арғанаты және кіші Арғанаты деп аталатын қос тау; үшіншісі – қазіргі Тарбағатай ауданы Құйған ауылының батысына қарай орналасқан, Шет Ласты өзенінен шығыстан батысқа қарай созыла жатқан тау сілемдері. Бұл Арғанаты жақсы Арғанаты және Жаман Арғанаты деп аталады. Жергілікті тұрғындар Басқы Арғанаты, Ортаңғы Арғанаты, аяққы Арғанаты деп те атайды. Әйгілі ақын, композитор-әнші Естай Беркімбайұлының: «Ертістің арғы жағы Арғанаты», Әрімжан Жанұзақұлының «Жерім бар аталатын Арғанаты» деп жырға қосқандары осы Жақсы және Жаман Арғанаты таулары. Бір қызығы – осы жақсы Арғанаты атауымен аталатын тау сілемі Орталық Қазақстан территориясында орналасқан Ұлытауда да бар. «Орталық Қазақстанның жер-су аттары» атты кітапта «Арғанаты (Ұлытау жүйелеріндегі таулы шоқылардың аты)... Күйтіңқара (Тарбағатайдағы бір шоқының аты)», т.б. бірсыпыра атауларды Алтай дәуіріндегі топонимдерге жатқызады [10, б.78]. Бұл кітапта, сондай-ақ, Г.Потанин жолжазбасында айтылатын Китіңқара атауы туралы да тілдік түсініктеме берілген. Онда Китіңқара – Күйтіңқара делініп, былайша сипатталады: «Күйтіңқара – Тарбағатайдағы шоқының, Жоңғар Алатауының оңтүстік беткейіндегі бір таудың аты. Атау екі компоненттен жасалған: монғолша: *хуйтэн* – суық+түркі-монғол тілдерінде *қара/хара* – «тау» [10, б. 79]. «Қара» сөзінің түп-төркіні тым ертеде, көне замандарда жатқанын, таулар «қара» деп аталғанын ескерте отырып, «бұл ороним Суықбел, Салқынбел типінде жасалған атау» деп тұжырымдайды [10, б. 80].

М.Қашғари сөздігіне сүйенсек, Арғанаты тау сілемінің атауы «арғу» және «қанат» деген сөздің бірігуінен шыққан [11, б. 157]. «Арғу» сөзі екі таудың арасы деген мағына береді. Кейбір ғалымдар монғолдың «аргаль» – арқар деген сөзінен шығып, «аргалинты» – арқарлы мағынасын береді деген тұжырым жасайды [11, б. 755].

Академик ғалым Ә.Қайдар талдауына сүйенсек: «Арғанаты атауының бірінші сыңарындағы *арған* (*арқан*, *арға*) сөзі «тау қыраттары, сілемі, тізбегі» деген мағыналы сөз болса, ал екінші құрамындағы *-ат* қосымшасы – көне түркі дәуіріне тән көптік жалғау көрсеткіші. Ал атау соңындағы *-ы* кейінгі кездерде қосылған қосымша. Демек, Арғанаты – «бір-бірімен жалғасқан тау тізбектері, қырат-жоталар, тау сілемдері» деген мағынаға жуық» [13, б.168].

Ал, А.Әбдрахмановтың бұл атауды талдауына назар салсақ, ол былай дейді: «Қазақстандағы Тарбағатай, Ұлытау жүйелеріндегі және Талдықорған облысындағы таулы шоқылардың аты. Атаудың түбірі *арғана* сөзі көне алтай заманындағы «*арқар*», «*тау ешкі*» ұғымын білдіріп, кейін монғол тілінде *аргал*, ал түркі тілдеріне *арқар* түріне көшсе керек. Ал *-ты* жұрнағы осы заттың бар екенін білдіретін туынды сын есім жасайтын жұрнақ» [14, б. 39].

Ғалым Т.Жанұзақ былайша тұжырымдайды: «Бұл тым көне атау, оның бірінші сыңары көне орал-алтай, түркі-монғол тілдеріне тән *ар* «өзен» болса, екінші сыңарындағы *ған* да сол көне тіл бірлестігіне тән хан//кан//кен «өзен», «су» сөзінің тіліміздегі фонетикалық нұсқасы екені даусыз. Ал ол атаудың үшінші сыңарындағы *-ат* сол тілдердің көне көптік жалғау көрсеткіші, ал сөз соңындағы жуан дауысты *-ы* қазақ тіліне тән тәуелдік жалғауының көрсеткіші. Демек, Арғанаты «өзен-өзен, көп өзендер, сулар» дегенді білдірсе керек. Соған қарағанда Арғанаты тауының сай-салаларында ерте замандарда бірнеше өзен аққаны байқалады» [15, б. 41].

Арғанаты атауы туралы бұл түсініктемелер аталған таудың сипатына, орналасуына қарай қисынды. Ә.Қайдар түсіндіруіндегі таулар тізбегі немесе тау сілемдері, қырат-жоталар түгелімен Арғанаты тауының болмысын танытады. Ал, А.Әбдрахмановтың түсіндіруі бұл тауды жайлаған арқарға қатысты делініп, ол да шындыққа жақын келеді. Т.Жанұзақов талдауы да бұл атаудың мағынасын қисынды түрде түсіндіруге негізделген. Бұдан шығаратын біздің қорытындымыз – атаудың тым көне дәуірге тән екендігі, уақыт өткен сайын көмескіленуі.

Тарбағатай ауданының территориясында орналасқан Арғанаты тауы туралы аңызда жылқысын қыстан қонды шығаруды ойлаған бір бай қатар созылып жатқан екі тау сілеміне екі жылқыны қалдырып кетеді. Көктем шыға келіп қараса, бір тау сілеміндегі жылқы қонданып, күйлі шығыпты да, екінші тау сілеміндегі жылқы арық, көтерем болып шыққан екен. Содан бері жылқы күйлі шыққан сілемін «Жақсы Арғанаты», көтерем болып шыққан сілемін «Жаман Арғанаты» деп атап кетіпті деседі. Арғанаты – арыған ат деген сөзден шыққан делінеді.

Таудың Арғанаты атауының қойылуы туралы ел аузындағы аңыздардың бірінде арқары көп болғандықтан «Арқарлы тау» деп аталғаны айтылады.

Жақсы Арғанаты – Тарбағатай тау сілемдерінің солтүстік батыс бөлігінде, Жалаңаш және Тымырсық өзендерінің арасында орналасқан тау.

Ал, осы таумен аттас Ұлытаудағы жақсы Арғанаты туралы айтсақ, мына мәліметті келтіруге болады: «Арғанаты (Жақсы Арғанаты) таулары Ұлытау тауынан солтүстікке қарай 50 км жерде орналасқан кішірек аласа таулы сілем... Кейбір ғалымдар таудың аты қазақ тайпаларының ең ірісі – арғын (атау арғын және ата екі сөздің қысқартылуынан, яғни «арғындар атасы» дегеннен пайда болған деген теория бар) атауымен байланысты деп есептейді. Кейбіреулер осы тауларды (бәлкім, жергілікті шындардың бірі болар) арғындар қандай бір мистикалық аңыздағы арғы аталары ретінде қабылдауы мүмкін деп айтады» [16, б. 73].

Тағы бір дерек: Ұлытаудың солтүстік қанатының жалғасы Арғанаты (арқа + қанаты) деп аталады да, сөздің тура мағынасында «солтүстік қанат», яғни Ұлытаудың солтүстік жалғасы деген ұғымды білдіреді. Өз кезегінде, Арғанаты таулары екіге бөлінеді. Оның оңтүстік бөлігі Жақсы Арғанаты (шуақты оңтүстік) және солтүстік Жаман Арғанаты деп аталады (қолайсыз беті)» [17, б. 504].

Археолог ғалымдар Тарбағатай ауданы Құйған ауылының солтүстік батысында орналасқан Арғанаты тау сілемдерінің Жаман Арғанаты атанған саласына жасалған барлаулар нәтижесінде екі қорымды анықтаған. Бұл қорымдар маңында ежелгі қоныстар болғаны анықталып, зерттеулер жүргізілуде. Он екі қорғандардан тұратын көне ескерткіш ерте темір дәуіріне тән екені анықталған.

Арғанаты, Толағай атауларының қазақ даласында көп кездесуі және қазіргі қолданыстағы сөздер емес екендігі ғалымдар айтқандай, бұл атаулардың тым көне дәуірлерге тән атау екенін аңғартады.

#### *Зерттеу нәтижелері*

Тарбағатай – тарихы тым көне дәуірлерден бастау алатын тау екені, оған сақ-ғұн дәуірінен жеткен көмбелер дәлел болатыны ғылыми зерттеулерде көп айтылып келеді. Біз мысалға алған топонимдер сол көне дәуірлерге тән екенін бағамдауға болады. Ілкібаба бейнесіндегі Тарғытай, қытай жазбаларындағы деректер, тау көтерген Толағай туралы аңыз, Арғанаты атауының



шығуына қатысты баяндардың әрқилылығы осыған меззейді. Ел мен жерге қатысты топонимдік аңыздар қатарында Тарбағатай, Толағай, Арғанаты атаулары туралы әңгімелер мифтік, көнелік белгілері басым фольклорлық топоним үлгілеріне жатады.

### Қорытынды

Тарбағатай ауданы аумағындағы жер-су, тау атауларына байланысты аңыздар көптеп саналады. Бұл атаулардың этимологиялық негізі, жасалу жолдары, атаудың қойылу тарихы туралы жазбалар, зерттеулер бірсыпыра. Біз бұл мақаламызда солардың ішіндегі Тарбағатай тауы, Арғанаты тау шоқылары және Толағай тауы туралы аңыздардың мазмұнына, атаулардың шығуына, тілдік негіздеріне тоқталып, ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, тілдік, фольклортанулық аспектіде талдаулар жасап, ой қорытуға тырыстық. Тарбағатай атауының шығуын, ауызекі тілдегі «Тарғыбтай» түріндегі айтылуын ескере отырып, ілкібаба бейнесіндегі Тарғыбтай есімімен байланыстыратын аңыз нұсқасы мен соған сәйкес болжамды шындыққа жақын деуге болжауға болады.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Потанин Г. Поездка по восточному Тарбагатаю летом 1864 года / Г. Потанин, К. Струве. Избранные сочинения в трех томах. Т. 1. – Павлодар, 2005. – 550 с.
- [2] Никитин В. Краткое описание памятников древности Семипалатинской области / В. Никитин. Известия Археологической комиссии, вып. 2. – Семипалатинск, 1902. – 511 с.
- [3] Адрианов А. К археологии Западного Алтая / А. Адрианов. Известия Археологической комиссии, вып. 62. – Семипалатинск, 1916. – 77 с.
- [4] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8 том. – Алматы, 2006. – 704 б.
- [5] Оралбай Е. Тарихқа толы Тарбағатай IV / Е. Оралбай. – Алматы, 2019. – 274 б.
- [6] Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.80: Топонимдік аңыздар. – Астана, 2011. – 416 б.
- [7] Базылхан Б. Монгол-қазақ толь / Б. Базылхан. – Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 б.
- [8] Мурзаев Э. Словарь народных географических терминов / Э. Мурзаев. – Москва, 1984. – 653 с.
- [9] Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері / Б. Бияров. Астана, 2013. – 432 б.
- [10] Әбдірахманов А. Орталық Қазақстан топонимдерінің стратиграфиясы бойынша этимологиялық зерттеулер (лексикалық қабаттар) / А. Әбдірахманов. – Алматы: «Ғылым», 1989. – 256 б.
- [11] Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық / М.Қашқари. Алматы, 1997. – 528 б.
- [12] Жерінің аты – Елінің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «АрунаLtd» ЖШС, 2006. – 808 б.
- [13] Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері / Ә. Қайдар. – Алматы, 2014. – 256 б.
- [14] Әбдірахманов А. Топонимика және этимология / А. Әбдірахманов. – Павлодар, 2010. – 238 б.
- [15] Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры / Т. Жанұзақов. – Алматы, 2007. – 532 б.
- [16] Шуптар В. Ұлытау: Туристік жол көрсеткіші / В. Шуптар. – Қарағанды, 2016. – 100 б.
- [17] Алтайдан Каспийге дейін. Қазақстанның табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштері мен көрнекті орындарының атласы. 3 томдық. Том 1. – Алматы, 2011. – 584 б.

### REFERENCES

- [1] Potanin, G., Strýve, K. (2005). 1864 jyldyń jazynda Shygys Tarbagataıǵa sapar [A trip to East Tarbagatai in the summer of 1864]. - Pavlodar [in Russian].
- [2] Nikitin, V. (1902). Semeı oblysynyń ejelgi eskertkishteriniń qysqasha sıpattamasy [Kratke description of the antiquities of the Semipalatinsk region]– Semeı [in Russian].
- [3] Adrianov, A. (1916). Batys altaıdyń arheologiasyna [To the archeology of the Western Altai] Semeı [in Russian].
- [4] Qazaqstan. Ulttyq ensiklopedia. 8 tom. [Kazakhstan. National Encyclopedia 8 tom]. –Almaty, (2006). [in Kazakh].
- [5] Oralbai, E. (2019). Tarihqa toly Tarbagataı IV. [Tarbagatai IV, full of history]. – Almaty [in Kazakh].

- [6] Babalar sózi: Júztomdyq. T.80: Toponimdik aңызdar. [The word of ancestors: Centum. Vol. 80: toponymic legends]. –Astana, (2011). [in Kazakh].
- [7] Bazyłhan, B. (1984). Mongol-kazah tol [Mongol-Kazakh tol].- Ýlaanbaatar-Ólgıı, [in Kazakh].
- [8] Mýrzaev, E. (1984). Slovar narodnyh geograficheskıh terminov [Dictionary of popular geographical terms]. – Moscow [in Russian].
- [9] Biarov, B. (1984). Qazaq toponimderiniń tiptik úlgileri [Typical examples of Kazakh toponyms]. Astana [in Kazakh].
- [10] Ábdırahmanov, A. (1989). Ortalyq Qazaqstan toponimderiniń stratigrafiyası boyınsha etimologialyq zertteýler (leksikalıyq qabattar) [Etymological research on Stratigraphy of toponyms of central Kazakhstan (lexical layers)]- Almaty [in Kazakh].
- [11] Qashqarı, M. (1997). Túrik tiliniń sózdigi (Dıyanı luǵat-it-túrik): 3 tomdyq. [Etymological research on Stratigraphy of toponyms of central Kazakhstan].- Almaty [in Kazakh].
- [12] Jerińniń aty – Elińniń haty. Ensiklopedialyq anyqtamalyq. [The name of your land is the letter of your country. "I don't know," he said]. – Almaty, (2006) [in Kazakh].
- [13] Qaidar, Á. (2014). Ğylymdaǵy ǵumyr. Qazaq tili etimologiasynyń ǵylymi-teorialyq negizderi. [Life in science. Scientific and theoretical foundations of etymology of the Kazakh language]. – Almaty, 256. [in Kazakh].
- [14] Ábdırahmanov, A. (2010). Toponimika jáne etimologia [Toponymy and etymology]. - Pavlodar [in Kazakh].
- [15] Januzaqov, T. (2007). Qazaq onomastikasy. Ataýlar syry. [Kazakh onomastics. The secret of names]. – Almaty [in Kazakh].
- [16] Shýptar, V. (2016). Ulytaý: Týrisik jol kórsetkishi. [Ulytau: tourist guide]. – Karaganda [in Kazakh].
- [17] Altaidan Kaspıge deın. Qazaqstannyń tabıǵı, tariхі jáne mádeni eskertkishteri men kórnekti oryndarynyń atlası. 3 tomdyq. Tom 1. [From Altai to the Caspian Sea. Atlas of natural, historical and cultural monuments and attractions of Kazakhstan]. – Almaty, (2011). [in Kazakh].

Сейітова Ш.Б., Мамышева М.Е.

#### ТОПОНИМИЧЕСКИЕ ЛЕГЕНДЫ ТАРБАГАТАЙСКОГО РЕГИОНА

**Аннотация.** В статье рассматриваются варианты постановки наиболее распространенных названий среди легенд Тарбагатайского региона, одного из богатейших топонимами. Касаясь содержания, происхождения названий, языковых основ мифов о горе Тарбагатай, горном хребте Арғанаты и горе Толағай, делается анализ в языковом, фольклористическом аспекте, исходя из научных выводов. Среди Тарбагатайских топонимических легенд анализом было показано, что топонимические легенды, упоминаемые в отношении этих названий, слишком древни, а этимология названий характерна для очень древних эпох. Учитывается также мифы, связывающие происхождение имен с именем илькибаба (демиург), и обращается внимание на версию легенды о Таргытай-бабе. Варианты легенд сравниваются между собой, а происхождение названия интерпретируется в языковом контексте. Определяется место топонимических преданий в трактовке значения имени.

**Ключевые слова:** топоним; фольклор; легенда; этимология; урало-алтайские языки; тюрко-монгольские языки.

Seiitova Shynar, Mamysheva Moldir

#### TOPONYMIC LEGENDS OF THE TARBAGATAI REGION

**Annotation.** The article compares versions of the most common names among the Legends of the Tarbagatai region, which is one of the regions rich in toponyms. According to the content of legends about Mount Tarbagatai, Mount Arganaty and Mount Tolagai, the origin of names, linguistic bases, based on scientific conclusions, an analysis is made in the linguistic and folklore aspect. Among the toponymic Legends of Tarbagatai, it has been shown through analysis that the toponymic legends mentioned in relation to these names are too ancient, and the etymology of the names is characteristic of very ancient times. Legends linking the origin of the names with the name ilki Baba (Demiurg) are also taken into account, and attention is paid to the version of the legend about targytai Baba. The versions of The Legend are compared with each other, and the origin of the name is interpreted linguistically. The place of toponymic legends in the interpretation of the meaning of the name is determined.

**Keywords:** toponym; folklore; legend; etymology; Ural-Altai languages; Turkic-Mongolian languages.

УДК 82.091  
МРНТИ 17.01.11  
DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).29

**Умарова Г.С., Даулетбаева А.Т.**

*Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан*

**E-mail:** umarova\_1959@mail.ru; altyngul.dauletbayeva@mail.ru

## **РЕЦЕПЦИЯ ФЕНОМЕНА ЖЕНСКОЙ ЭМАНСИПАЦИИ В РУССКОЙ И КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ)**

**Аннотация.** Рассматривается рецепция как восприятие автора художественного текста определенной традиционной темы в литературе. Рецепции выступает и как восприятие художественной литературы на личность реципиента. Художественный текст анализируется на основе трактовки его как компонента системы, находящейся во взаимодействии с реципиентом. Объясняется понятие «эмансипация» в литературоведении. Произведения исследуются как исторически подвижное, изменчивое и поддающееся переосмыслению открытое явление.

Освещены основные положения по теоретическому осмыслению рецепции в литературоведении. Проведен общий вывод по трактовке понятия. Представлены результаты изученных исследований по рецепции в русской и отечественной литературоведческой науке. Предпринята попытка сопоставительно проанализировать своеобразие рецепции феномена женской эмансипации в романах русских классиков – Н.Чернышевского, М.Шолохова, и казахских – Г.Мусрепова, А.Нурпеисова. Произведения рассматриваются через призму мировоззрения, отношений женщин с окружающими людьми.

**Ключевые слова:** феномен; рецепция; реципиент; женская эмансипация; драма «преждевременного человека»; идея о личной свободе; любовный треугольник; идеал женщины.

### *Введение*

В последнее десятилетие в обществе меняются мировоззренческие ориентиры на роль женщины в обществе, в жизни. Особо остро стоит проблема полового воспитания, проблема поиска женщиной адекватного места в жизни, проблема обезличивания и коммерциализации половых отношений, искажения представлений о любви, проблема появления матерей-кукушек. Все эти проблемы, нравственно деградирующие современное общество, объясняют актуальность исследования рецепции феномена женской эмансипации в русской и казахской литературах. Результаты исследований могли бы способствовать переоценке устоявшихся мировоззренческих установок, диалогу с достижениями мировой мысли и культуры, о месте и значении пола, о роли женственного начала и об идеале женщины.

### *Материалы и методы исследования*

В процессе исследования сопоставительного анализа художественных текстов были использованы филологический и сравнительно-исторический методы.

«Рецепция» от лат. «receptio» обозначает «прием, принятие». Впервые термин «рецепция», понимаемый как «восприятие рецепторами», и представленный в форме нервного возбуждения, был введен учеными естественных наук. В литературоведении термин воспринимается как компонент системы, где художественное произведение изучается через призму восприятия реципиента. В результате такого подхода художественный текст исследуется как исторически открытое явление с исторически подвижными, изменчивыми ценностью и смыслом, поддающиеся переосмыслению.



The Old Believers in the period under study were also typical for southeastern Kazakhstan. But here it took place in the second half of the 19th and the beginning of the 20th centuries. Old faith here was a later phenomenon in comparison with its other regions. In general, the penetration of Old Believers into various parts of our country was largely due, again, to its annexation to the Russian Empire and its colonial development.

In general, if each of the above-mentioned religions had its own characteristics of organizational development in the period under review, the common thing can be seen in the fact that many of these features were associated and, often, determined by the process of the annexation of the territory of Kazakhstan to the Russian Empire.

#### REFERENCES

- [1] Islam v Rossijskoj imperii (zakonodatel'nye akty, opisaniya, statistika) [Islam in the Russian Empire (legislative acts, descriptions, statistics)]. (2001).– M.: «Akademkniga» [in Russian].
- [2] GAOmO, F.3, Op.9, D.15406
- [3] Bukejhan, A. (1995) Izbrannoe [Favorites]. – Almaty [in Russian].
- [4] Tynyshpaev, M. (1998). Istoriya kazahskogo naroda [History of the Kazakh people] .– Almaty: Sanat [in Russian].
- [5] PSZRI-2.- T.13, Otd.1, № 10956. (1838). – SPb.
- [6] Svod zakonov Rossijskoj imperii [The code of laws of the Russian Empire] (1910). Kn.3, T.XII, CH.1. - M. [in Russian].

[7] Kamzina, A.D. (2005). *Missionerskaya deyatel'nost' russkoj pravoslavnoj cerkvi sredi staroobryadcev v Orenburgskoj eparhii v XVIII - per. pol. XIX vv.* [The Missionary activity of the Russian Orthodox Church among the believers in the Orenburg diocese in the XVIII - first floor. XIX vv.]. *Istoriya pravoslaviya na Urale: sbor.stat. – History of Orthodoxy in the Urals: collection. stat.* Ekaterinburg [in Russian].

[8] Buryakov, YU.F., Zhukova, L.I., Proskurin, V.N. (1998). *K istorii hristianstva v Srednej Azii: sbornik statej* [On the history of Christianity in Central Asia: a collection of articles]. – Tashkent [in Russian].

[9] Marceva, L.M. (2001). *Istoriya russkoj pravoslavnoj cerkvi* [History of the Russian Orthodox Church]. - Omsk: Izd-vo OmGAU [in Russian].

[10] CGA RU, F.I-1, Op.20, D.644.

[11] Trudy Orenb. uchenoj arhiv.komissii [Proceedings of the Orenburg Scientific Archive.commissions] (1907). 10. – Orenburg [in Russian].

[12] Goloshubin, I. (1914). *Spravochnaya kniga Omskoj eparhii* [Reference book of the Omsk diocese]. – Omsk [in Russian].

**Тасмагамбетов А.С.**

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. АЯҒЫ - XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ДІНДЕРДІҢ КОНФЕССИОНАЛДЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Андатпа.** Мақалада Қазақстанның Ресей империясына қосылу кезеңінде және оның қоғамдық өміріндегі көптеген саласында, соның ішінде рухани саласында, маңызды өзгерістер басталған тұстағы, діндердің ұйымдасушылық және конфессионалдық дамуының тарихы зерделенеді. Тарихи тұрғыдан, ислам, православие және көнедәстүршілерге қарасты нақты деректердің негізінде осы діндердің сол мерзімдегі конфессионалдық даму тұстарының заңдылықтары мен ерекшеліктері айқындалып баяндалады. Мәселені зерттеу барысында еліміздің аумағында сол уақытта аталған діндердің ұйымдасушылық үрдістерінің оған дейінгі және онан кейінгі кезеңдерден сапалы айырмашылықтары айқындалады. Қазақстанда сол мезгілде әлеуметтік құбылыстардың сипаты және бағыттарымен айқындалып отырған аталған үрдістердің әр дінге қатысты өзіне тән ерекшеліктері салыстырмалы түрде жазылып берілген. Сонымен бірге автор бұл үрдістердің мазмұны мен бағыттары сол зерттеліп отырған уақыттағы Қазақстан аумағын Ресей империясына қосуға қарасты шиеленіскен және қарамақайшылық құбылыспен тығыз байланысты екенін негіздеп көрсетеді.

**Кілт сөздер:** Дін; конфессия; ұйымдасушылық даму; ислам; орыс православ шіркеуі; көнедәстүршілдік; мешіт; молда; храм; тағзым ету орны; скит; отарлау; епархия; діни басқарма; әкімшілік; бірсенімділік.

**Тасмагамбетов А.С.**

### **ОСОБЕННОСТИ КОНФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ РЕЛИГИЙ КАЗАХСТАНА В КОН. XVIII-НАЧ.XX ВЕКОВ**

**Аннотация.** В статье исследуется история организационного, конфессионального развития религии Казахстана в период его присоединения к Российской империи, когда стали происходить значительные изменения во всех сферах жизни казахского общества, в том числе и духовной.. На основе материалов конкретных источников по исламу, православию и старообрядчеству, в том числе и архивных данных, с исторических позиции раскрываются и описываются закономерности и особенности именно конфессиональной стороны развития этих религии в отмеченное время. В ходе изучения данной проблемы выявляются качественные отличия процессов организационного развития отмеченных религии на территории нашей страны от предыдущих и последующих периодов. Проводится сравнительное описание специфических особенностей данного процесса у каждой из этих религии, определявшихся характером и направлениями социальных явлений в Казахстане в то время. Автором обоснованно показывается, что основное содержание и направленность этих процессов была тесно взаимосвязана, а, зачастую, и обусловлена, таким сложным и противоречивым явлением того периода, как присоединение территории Казахстана в состав Российской империи.

**Ключевые слова:** Религия; конфессия; организационное развитие; ислам; русская православная церковь; старообрядчество; мечеть; мулла; храм; молельня; скит; колонизация; епархия; духовное правление; администрация; единоверие.

ӘОЖ 001.892:398(=512.1)

ГТАХР 03.01.09

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).32

**Имангалиев А.Т., Дүкенбаева З.О.***Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
Нұр-сұлтан, Қазақстан***E-mail:** imangaliyev\_historian@mail.ru, dukenbaevazo@mail.ru**ТҰҢҒЫШ ФАРАБИТАНУШЫ-ҒАЛЫМ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ  
МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ЖЫЛ БАСЫ - ӨГІЗ ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАНЫМДАРЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани қаламынан туындаған мұраларындағы жыл басы – өгіз туралы ой-толғанымдары сөз болады. Яғни, Өгізхан аңызындағы космологиялық белгілерді, ғарыш әлеміндегі он екі мүшел жұлдыздармен және аттармен, байланыстырып зерделеуінің нәтижесінде көрініс тапқан жыл басы туралы зерттеу жұмыстарының қорытындылары аталып көрсетіледі. Атап айтатын болсақ, мақалада қазақ халқының он екі мүшелдік жыл қайыру, көктемгі күн мен түн теңелісі, «Өгізхан» аңызы, ғарыш әлеміндегі жеті қат көк, АБЖД ғылымы туралы баяндалады.

Ғұлама ғалым, энциклопедист, гуманист Ақжан әл-Машани ҚР ҰҒА-ның негізін қалаушылардың бірі, әл-Фарабидің есімін және мұрасын Ұлы дала еліне алғаш қауыштырушы және Фараби мұраларының негізінде табиғат ғылымдарын қазіргі ғылым жетістігімен сабақтастыра зерттеген бірден-бір тұлға.

Зерттеу жұмысында жазба деректерді сараптау, синтез әдістері қолданылды.

**Кілт сөздер:** Әл-Фараби; Ақжан әл-Машани; фарабитанушы; «Өгізхан» аңызы; өгіз; астрономия; АБЖД ғылымы; темір; жеті қат көк; он екі мүшел.

*Kipicne*

«... Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде... дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан... аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птолемей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен...». Бұл тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің ортағасырлық ойшыл әл-Фараби есімін және мұрасын зерттеп-зерделеудегі ұзақ жылдарға созылған ізденісінің нәтижесінде айтқан тұжырымы [1, б. 3]. Осылайша, фарабитану ғылымының атасы Ақжан әл-Машани шығыстың дара ойшылы әл-Фарабидің ғылымдар тарихында алатын орнын анықтап көрсетті.

Ең адымен, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің ортағасырлық ойшыл есімімен және оның мұрасымен танысуына түрткі болған оқиғаларының бірі – 1943 жылы Алматыға келген Шығыстың ғылыми мұрасын зерттеуші, бұрынғы Чехословакия Академиясының Президенті, профессор Э. Я. Кольманның Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының орта ғасырлардағы ғылымға қосқан үлесі туралы баяндамасын тыңдай отырып, әл-Фараби есімін өзінің назарына алуы еді. Бұл туралы Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде былайша көрсетеді: «Осы араб ғылымын жасауда Орта Азия мен Қазақстан жерінен шыққан ғалымдардың қосқан үлесін ол кісі барынша талдап көрсетті. Әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Жаухари, әл-Беруни, Ибн Сина, Абул Вафи, әл-Фергани, Омар Хайям, ат-Турси, Ұлықбек, әл-Хазин тағы бірсыпыра адамдарды атап өтті» [1, б. 12]. Чех математигі Эдуард Кольманның мақаласынан Ақжан әл-Машани тек қана

шығыс ойшыл-ғұламаларының есімдерімен танысып қана қоймай, Араб халифаты кезеңіндегі ғылым мен мәдениеттің даму үрдісі туралы біле алды.

Ал, Ақжан әл-Машанидің әл-Фарабиді тануына себеп болған екінші жағдай – қазақ халқының ұлы данасы Абай туралы ізденісі мұсылман ренессансының көрнекті өкілі әл-Фараби тұлғасын зерттеуге серпін берді. Бұл туралы «...Абайды оқып, тағлым-тәрбие алмаған болсақ, әл-Фарабиді сөз етер ме едік... Өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін» [2, б. 10]. Ғалымның Абай арқылы Әл-Фарабиді, Әл-Фараби арқылы Абайды тануға ұмтылысы ғылыми жаңашылдық бастамасы болып табылды.

Осылайша, Ақжан әл-Машани ортағасырлық ойшыл есім мұрасындағы табиғат ғылымдарын, таңбалы тастарды және аят-хадистерді сабақтастыра, зерттеп-зерделеудің негізінде дүниенің шындығына жетуді өзіне мұрат етті [3, б. 213-214]. Осы бағытта, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ортағасырлық ойшыл әл-Фараби мұрасын зерттеп-зерделеуі арқылы дүниенің шындығы һәм өмір туралы қалам тартты. Атап айтатын болсақ, «Зерде» ғылыми-көпшілік басылымы мен «Заң» газетінде жарық көрген «Наурыздың үш мыңжылдық тарихы бар» [4], «Мүшел басы – доңыз. Астрологиялық есептеу» [5] және «Солнечные часы в Казахстане» [6] атты қолжазбасы мен мақала-сұқбаттарын атауымызға болады.

### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Бұл мақала Ақжан әл-Машани және мұралары туралы сыр шертетін деректер қатары бар томдық еңбектерден, Қостанай облысының Ыбырай Алтынсарин мемориалдық-музейі мен ҚР Ұлттық академиялық кітапхана қорындағы Ақжан әл-Машанидің «Зерде» ғылыми-көпшілік басылымда әр жылдарда жарық көрген мақалаларынан тұрады.

Зерттеу жұмысын жүргізуде деректерді жалпы ғылыми сараптау және синтез әдістері қолданылды.

### *Зерттеу нәтижелері*

Астрономия ғылымында белгілі бір жыл ішіндегі он екі айға он екі топ жұлдыз алынған. Бұл зодиак жұлдыздар тобы деп атайды. Яғни он екі жылдық мүшел мен он екі айлық зодиак екеуі бір-бірімен етене байланысты және екеуі де он екілік дәуір есебінде құрылған. Осы он екі санын беске көбейтсе болады алпыс. Бес саны, баршамызға белгілі ғарыш әлеміндегі планета аттары. Ай мен күнді қоспағанда жеті қат көктің бесеуі сол аттар. Ал, алпыстың есеп теңдігі градусқа, минөтке, секөндке бөлудің негізі болғаны мәлім. Жыл, ай, күн, сағат... бәрі де алпыстық, он екілік жүйесімен есептеледі [7, б. 25].

Жоғарыда атап өткеніміздей күн мен ай есептемегенде ғарыш әлеміндегі аттар (планета) саны бес. Олар: Айқыз (Меркурий), Шолпан (Венера), Арай (Марс), Шоңай (Юпитер), Санжар (Сатурн) [8, б. 85].

Ал, ай мен күнді бірге есептегендегі жеті қат көк он екі мүшелге бөлініп, олардың негізгі орындары (үйлері-ұялары) болып саналады. Ақжан әл-Машани осы түсінікті келесі реттілікпен түсіндіреді:

1-көк – Ай, оның үйі – 4 – мүшел – Қоян;

4-көк – Күн, оның үйі – 5 – мүшел – Ұлу;

Басқы бес саусақтағы көктердің үйлері екіден (оң-солды немесе күндік және түндік);


2-көк – Айқыз, оның үйлері: 3-мүшел – Барыс, сол қолындағы – 6 мүшел – Жылан;

3-көк – Шолпан, оның үйлері: 1-мүшел – Тышқан, 8-мүшел – Қой;

5-көк – Арай, оның үйлері: 1-мүшел – Тышқан, 8-мүшел – Қой;

6-көк – Шоңай, оның үйлері: 9-мүшел – Мешін, 12-мүшел – Доңыз;

7-көк – Санжар, оның үйлері: 10-мүшел – Тауық, 11-мүшел – Ит;



**1-Сурет** - Он екі мүшел – он саусақ) [9, б. 33]

Ақжан әл-Машани атап көрсеткендей, жеті қат көктің он екі мүшелге бөлінуі астрономия ғылымында ежелден келе жатыр. Және де ғылым тарихында он екі мүшел жұлдыздар тобы жеті қат көктің аялдама-бекет орындары болып табылады [8, б. 212-213].

Ғарыш әлеміндегі барлық планеталар күндіз уақыты болған кезеңде бес қат көк, ал түнгі ай уақыты болған кезде қайталанып бес қат көк айналыста болады. Осылайша, жеті қат көктердің белгіленген сызықтарымен қозғалыста болуының негізінде ғарыштағы планеталардың өзара үйлесімдікте екенін білуімізге болады. Осы мәселе аясында, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің 1989 жылы «Зерде» ғылыми-көпшілік басылымда жарық көрген мақала-сұқбатында ортағасырлық ойшыл әл-Фараби сынды ғұлама хакімдердің қағидасын келтіре отыра, адамзат баласының келесідей көркем қасиеттерді иелену арқылы дүниенің бұзылмай тұруының төрт негізгі тірегін атап өтеді. Олар: «Ғадалат» - әділдік, турашылдық; «Салауат» - қайырымдылық, жомарттық; «Қанағат» - барға ризалық; «Инабат» - шыншылдық» деп көрсетеді. Осы ретте, адамзат баласы осы төрт тіректі берік ұстаса, дүние көрікті һәм рушан өмір болмақ деп атайды [10, б. 2]. Жер әлеміндегі адамзат баласы жоғарыда аталған көркем қасиеттерді иеленсе, дүниенің асыл болатындығын атап көрсетеді.

1-суретте көрсетілгендей жеті қат көк және он екі мүшел таңбаларымен бірге адам баласының он саусағы суреттелген. Яғни, біртуар ғалым Ақжан әл-Машани аспан әлемі мен адам баласы арасындағы үйлесімділіктің болу керектігі жөнінде тұжырымын алға тартады. Бұл мәселе туралы тұңғыш фарабитанушы-ғалым «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» атты кітабында келесідей көрсетеді:

1. Адамның басы – Хамал (Қошқар) – Тышқан;
2. Мойыны – Сәуір (Сиыр) – Сыыр;
3. Қолдары – Жауза (Егіздер) – Барыс;





4. Кеуде – Саратан (Шаян) – Қоян;
5. Жүрек тұсы – Асад (Арыстан) – Ұлу;
6. Ішек-қарын Сүмбіле (Бикеш) – Жылан;
7. Белдеме – Мизан (Таразы) – Жылқы;
8. Тұқымдық – Ғакраб (Бүйі) – Қой;
9. Сандар – Қаус (Мерген) – Мешін;
10. Тізелер – Жади (Серке) – Тауық;
11. Бұлшық ет – Далу (Уылдырық) – Ит;
12. Табан – Хут (Балық) – Доңыз;

Ақжан әл-Машанидің адам мүшелерін он екі зодиак жұлдыздарымен сәйкестендіруі арқылы кіші ғалам – адам, ал үлкен ғалам – ғаламшар және осы екеуінің толық үйлесімділікте болуы қажеттігі туралы ойын атап өтеді [11, б. 114]. Осылайша, жоғарыда атап өткеніміздей, аспан әлеміндегі бес қат көктің белгіленген сызықтары бойынша қозғалып және адамның көркем қасиеттерді иеленуі екі ғалам арасында үйлесімділіктің бар екендігін көруімізге болады.

Ақжан әл-Машани еңбектерінен жоғарыда аталған әр жеті қат көкке тиесілі он екі мүшелдің ішінде өгізге (сиыр) ерекше тоқталғандығын байқауымызға болады. Солардың бірі ретінде, тұңғыш фарабитанушы-ғалымның «Табу» атты еңбегінде «Өгізхан» аңызына кеңінен тоқталып, оны ғарыш әлемімен байланыстыруы еді. Осы бойынша Ақжан әл-Машани «Солнечные часы в Казахстане» атты қолжазбада былайша келтіреді: «В народном фольклоре имеются многочисленные следы астральной культуры. Древнетюркская легенда «Огизхан» является родоначальником такого рода материалов» [6, б. 7].

Ең алдымен, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани өз зерттеулерінде мысал ретінде келтірген «Оғызнама» дастанындағы Оғызханды «Өгізхан» деп атауының бірқатар себептері бар. Ақжан әл-Машанидің көрсетуі бойынша Фарабидің туған жері болып табылатын оңтүстік өңірде, әсіресе Сырдария бойында мекендеген оғыздарды «өгіз» атты тотеммен байланыстыруы еді [7, б. 208]. Бұл туралы жауапты редакторы Ә.Дербісалин болып табылатын 1986 жылы жарық көрген «Оғыз-наме. Мұхаббат-наме» атты кітапта келесідей ғылыми тұжырымдарды көруімізге болады: «Оғыз» сөзінің арғы түп төркіні жайына оралсақ, бұл туралы әр тұста әр түрлі пікірлер айтылып келген. П. Пельо мен И. Н. Березин мұның түпкі этнонимі «уғыз» - «уыз» деген сөзден шыққан десе, ал, Л.Лигети бұған қарама-қарсы мынадай бір болжам ұсынады. Ол алғашқы «Оқ» түбірі – кәдімгі садақтың «оғы» деген ұғымды білдірсе, «уз» - көптік мағынаны көрсететін жұрнақ деген пікір айтады. Алайда, бұған қарама-қарсы топтың өкілдері «Оғыз» сөзінің арғы тегі тотемдік «өгізден» шыққан деп жорамалдайды [12, б. 6]. Осы ретте, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани Сырдария бойында оғыздардың мекендегенін атай келе, Сырдария-Әмударияны – Өгіздария деп көрсетеді. Яғни, Ақжан әл-Машанидің әл-Фарабидің туған жері Оқсыз қалашығын «Өгіз-оксу-оксус-өгізсу ағыс» өзен деген түсініктермен байланыстырады [7, б. 208]. Осы бойынша 1993 жылы жарық көрген Махмұд Қашқаридың «Түбі бір түркі тілі» атты кітапта былайша көрсетіледі: «Өкүз – жейһүн. Үлкен өзендердің барлығы осылай аталады. Осы сөз оғыз тілінде жеке қолданылғанда «Банагыт - Дәрия» деген ұғымды білдіреді. Оғыз шаһарлары дәрия жағалауларына салынып, олардың көшпенді тұрғындары соғда өмір сүреді. Түркі халықтары жасайтын өңірлердегі бірталай өзендер мен дәриялар да өкүз деп аталады. Ила, Яфынж өзендерінің аралығына орналасқан бір шаһарға да Ікі өкүз деп ат қойылған» [13, б. 13].

Енді Өгізхан аңызына тоқталып кететін болсақ, көне замандардан келе жатқан аңызда Өгізханның Күн сұлу қызға үйленіп, нәтижесінде Аспан анадан Күн, Ай, Жұлдыз атты үш ұл дүниеге келеді. Ал, Ай атты сұлу қызға үйленіп, кейін жер анадан Көк, Тау, Теңіз туады.

Осылайша, Өгізханның алты ұлының әр қайсысында төрт ұлдан болады. Нәтижесінде, алты бала, жиырма төрт немере, барлығын қосқанда мәні отыз, ал Өгізханды қоса есептегенде саны отыз бір болады. Баршамызға белгілі, отыз және отыз бір сандық мәндері бір айдағы күндердің саны [3, б. 112]. Бұл жерден астрономиялық және космологиялық мән бар екендігіне көз жеткізуімізге тағы бір дәлелді негіздер Ақжан әл-Машани өз еңбектерінде математикалық әдіспен есептегендігі айғақтай түсіреді. Мәселен, «Өгізхан» дастанындағы алты (Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз атты Өгізхан ұлдары) деген санына тоқталып кететін болсақ, Ақжан әл-Машани келесідей көрсетеді: «Көктер мен жерді алты күнде жаратып, сосын ғаршыны игерді [57-сүре Ал-хадид (темір)...]» [14, б. 40]. Фарабитанушы-ғалым әл-Машани «Шаңырақ» атты томдық еңбегінде алты санының ерекшелігіне байланысты Пәкістан ғалымы Ахмет Дидаттың 1979 жылы жарық көрген «Құран ұлы Мұғжиза» («Al-Quran'an – The miracle of miracles») атты еңбегін мысалға келтіріп,  $(19 \times 6 = 114)$  есебін көрсету арқылы, алты және он тоғыз сандары негізінде шыққан жиын санын Қасиетті Құран кітабындағы сүрелердің толық санымен байланыстырады. Ал, мұндағы он тоғыз санын Ақжан әл-Машани табиғи-тарихи мағынада екендігі және он екі мүшел жұлдыз санымен және жеті қат көкпен байланыстырады:  $\langle 12 + 7 = 19 / 12 - 7 = 5 \rangle$ . Ал егер де, осы жеті қат көк пен он екі мүшел жұлдыз санынан шыққан мәнді жеті атты санды қосу және айырма арқылы есептесек, жиырма алты, он екі сандар шығады. Мұндағы жиырма алты саны – Д. И. Менделеевтің периодтық кестесіндегі темір (Fe) атомындағы электрон саны, ал бес саны, жоғарыда атап өткеніміздей, Күн мен Айды есептемегендегі бес қат көк саны болып табылады [14, б. 16].


Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» атты еңбегінде темір атауының арабшасы – «Хадид» атауының сандық мәнін «АБЖД» ғылымы арқылы келесідей есептейді: «х=сегіз, д=төрт, и=он және д=төрт, қосыныдысы жиырма алты мәніне ие болады. Бұл темір саны электрон санына тең» [11, б. 160]. Тұңғыш фарабитанушы-ғалым әл-Машани өз зерттеулерінде сандық есептеулерді жүргізген кезеңде АБЖД ғылымын кеңінен қолданды. Бұл ғылым туралы Ақжан әл-Машани «Өгізханның қолтаңбасы» атты томдық еңбегінде кеңінен түсіндіреді. Яғни, әрбір заттың аты және сандық мәні және әрбір әріптің атауы мен сандық көрсеткіштері болатындығы жөнінде атайды [7, б. 389]. Осылайша, мақалада аталып өтілгендей, сандық есептеулер арқылы Қасиетті Құран кітабындағы елу жетінші сүренің Ал-хадидтің (темір), периодтық кестедегі темір атомының электрон саны жиырма алтымен сәйкес келуі, аспан және жер әлеміндегі темір металының алатын орнының орасан екендігін байқауымызға болады. Сонымен қатар, қасиетті Құрандағы сүрелердің саны жүз он төрт болатын болса, оны жарты бөлігі сүре саны елу жетінші [Ал-Хадид (темір)] болып табылуы, адам ағзасындағы тыныс (дем алыс) металы – темірдің болуы [3, б. 242] және темір атомының барлық галактикаларға таралуы [3, б. 247] темір металының басқа да қасиеттері жағынан маңызды екендігіне көз жеткізуімізге болады.

Енді Ақжан әл-Машани темір металының атомының электрон санының жиырма алты екенін көрсете келе, бұл сандағы екі және алты сандарын бөлек көрсетіп, жаңа ғылыми тұжырымдарымен бөліседі. Ол туралы «Табу» атты томдық еңбегінде былайша атап өтеді: «олардың ескіше (арабша) таңбаларын ай орақтың екі түрі, біреуінің орағы оңнан солға, ал екіншісінікі солдан оңға қараған». Яғни, екі мен алты сандарының арабша белгілері « » [3, б. 97]. Осы ретте, Ақжан әл-Машани екі мен алты сандарының арабша белгілеріндегі ай орағы арқылы Айдың толуы мен солуы туралы «Өгізханның қолтаңбасы» атты томдық еңбекте толыққанды түсіндіреді. Атап айтатын болсақ, ай он төрт күн солады, он төрт күн толады. Нәтижесінде бір айлық уақыттың күні, яғни мәні жиырма сегіз болады. Ал қалған екі-үш күндер «өліара» делінетін тәуліктер деп атап өтеді [7, б. 11]. Яғни, жоғарыда атап өткеніміздей, Өгізхан аңызындағы ханның отыз баласының жиырма сегіз санын «өліара»

күндерін қосқандағы сандық мәндерімен сәйкес болуы, космологиялық белгілерінің бар екендігін тағы бір мәрте айғақтайды. Мұндағы «өліара» күндер деп Ақжан әл-Машани «Мүшел басы - доңыз. Астрологиялық есептеу» атты мақаласында айдың көзге көрінбейтін кезі деп көрсетеді [5, б. 2].

Сонымен қатар, Ақжан әл-Машани екі және алты сандарының арабша таңбалық белгілерін он екі жылдық мүшелмен байланыстырып араб алфавитіне тарихына тоқталады.

Жалпы, араб алфавитінде жиырма сегіз әріп бар. Оның жартысы ай әрпі және жартысы күн әрпі деп аталады. Жоғарыда атап өткеніміздей, жиырма сегіз саны – Айдың жаңадан туып, көрініп, біртіндеп толып, одан кейін қайтадан солып көрінбей кетуіне байланысты сан. Айдың көзге көрінетін күн тәулік саны – жиырма сегіз, соған сәйкес ең оның жиырма сегіз бекеті, яғни ұясы - жұлдыздар тобы бар екендігін көрсетеді. Мәселен, араб әрпінің бас әрпінің аты – «әліф» - «а». Оның мағынасын, Ақжан әл-Машани Әліф- Алып - өгіз дегенмен сәйкестендіреді.



*2-Сурет - Бабыл өгіздерінің басынан алынған алфавиттің бастапқы әріптері [11, б. 112]*

Ал, екінші әріп «б» - «бетта» («байт» – араша аударғанда – «үй» деген мағына). Яғни, бұл Ай мен Күннің тоқтайтын тұрағы, бекеті деп көрсетеді. [16, б. 21]. Грекше «а», «б» әріптері – грекше альфа, бетта деген сөздерден алфавит аталынады.

Екінші суретте көрсетілгендей, өгіздің басы төңкеріліп «А» әрпін береді. Бұны Ақжан әл-Машани «Ғажайып от ошағында» атты еңбекте келесідей негіздермен түсіндіреді. Жазуды оңнан солға қарай және керісінше, солдан оңға қарай жазу бар. Алфавитті алғаш құрылып, қолданушыларға жаңа тарай бастаған кезінде екі түрлі тәртіп қолданылған. Оңынан солға қарай арабша, солдан оңға қарай латынша жазды. Осы әдісті ежелгі антика заманының өкілдері гректер жазу деген сөгізді «өгіз қайтару» (Боустрофедон) мағынасында көрсетеді. Ақжан әл-Машани. «Өгіз қайыру» мағынасын өгіздің ерсілі-қарсылы жер жыртумен байланыстырады [15, б. 22]. Бұл дегеніміз, өгіздің (әліфтің) төңкеріліп керісінше жазылуын білдіреді [7, б. 250]. Бұл туралы Д. Дирингер «Алфавит» атты еңбегінде әріптер тарихына кеңінен тоқталып, «А» және «Б» әріптерінің өгіз, үй мағынасында келетіндігі жөнінде бейнемен атап көрсетеді [16, б. 240]. Осылайша, Ақжан әл-Машани «А» әрпін өгіз басымен сәйкестендіруінен ең негізгі жыл басы екендігін атап өтеді.

Ақжан әл-Машани көк өгізді аспан бейнесімен салыстыра келе, бұл торпақ шоқ жұлдызы арабша Саур, қазақша Үркер атты шоқ жұлдыздарға дәл келеді. Ал, тұңғыш фарабитанушы-ғалым ежелгі Вавилон және Египет елдерінде он екі ай ішінде Күн өзінің аспанды айналу жолында он екі топ жұлдыздың аясында болады деп түсінген. Шоқжұлдыздар деген түсінік ерте замандардан белгілі. Он екі зодиак жұлдыз тобы және мүшелдегі жыл аттары көбінесе жануарлар аттары. Соған байланысты «Зодиак» деген атау қалыптасқан деп көрсетеді Ақжан әл-Машани «Өгізханның қолтаңбасы» атты еңбегінде [7, б. 248].


Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Мүшел басы – доңыз. Астрологиялық есептеу» атты мақаласында былайша негіздейді: «Ежелгі қыпшақ даласында жыл есептеудің он екі жылдық мүшесі болғаны мәлім. Олар: Хамал (Қошқар), Сәуір (Өгіз),



Зауза (Егіз), Саратан (Шаян), Асад (Арыстан), Сүмбіле (Бикеш), Мизан (Таразы)..., соңғысы Хұт (Балық). Осының ішінде жалғыз Мизаннан (Таразыдан басқасы) тіршілік иелері... Сиыр жылының тұсындағы Сәуір (Үркер) жұлдызы наурыз айына дәл келеді. «Сәуір болмай тәуір болмайды» деген мәтел көктемгі күн мен түн теңелген тұстағы айдың жаңа орағының алдында Сәуір (Өгіз) жұлдызының тоғысына байланысты айтылған» [5, б. 2]. Ақжан әл-Машани осы тарихи астрологиялық фактілерді келтіре отыра, Өгізді (Сәуір) Наурыз мейрамымен байланыстырып жыл басы ретіндегі ерекшелігін көрсетуге тырысты.

Ақжан әл-Машани ежелден өгіздің жыл басы ретінде орны ерекше болғандығы жөнінде өзінің көптеген еңбектерінде атайды. Осы мәселеде Ақжан Әл-Машани әлемдік археология ғылымы арқылы 1966 жылы жарық көрген Эрих Цереннің «Библейские холмы» атты еңбекті ерекше атайды. Бұл еңбекте ежелгі дәуірдегі құлаған қалалар орындары және зерттеу жұмыстарының нәтижелері аталып көрсетілген. [3, б. 145]. Осы орайда, ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы ғылыми жұмыстарында Ескі Вавилония ескерткіштерін тоқталып өтеді. Солардың бірі ретінде, ежелгі әлемдік тарихтан белгілі Ур атты қаладан бірнеше құнды да таптырмас жәдігерлер табылды. Осы қала аумағындағы археологиялық ғылыми экспедицияны басқарып жүргізген Лондондағы Британия музейінің қызметшісі К.Томпсон, кейін Г.Р. Холл, басқарды. Кейіннен, бұл ғылыми экспедицияны 1922 жылы ағылшын археологы Л. Вулл бастаған Америка Құрама Штаттарының Пенсильвания университетіндегі музей қызметкерінен тұратын арнайы экспедициясы жалғастырады [3, б. 146]. Осылайша, Ақжан Әл-Машани өз еңбегінде осы археологтардың ізімен ғажайып сыр тарихынан шертетін Ур қаласының храмынан табылған жәдігерлер туралы ғылыми тұжырымды ойларын қағаз бетіне түсіреді. Солардың ішінде, аталмыш тарихи храмдағы патша қабірінен табылған өгіз-арфа туралы тарихи-ғылыми талдау жасайды. Ойшыл ғалымның аталмыш еңбегінде Урдағы патшаның қабірі күрделі құрылымды үлкен қазаншұңқыр бартын. Шұңқырдан диадем (әйелдер тәжі), маржан алқалар тағынған он шақты әйелдер және табылған қаңқалардың жанында алтын және піл сүйегімен безендірілген қымбат арфалар қалдығы табылды. Арфаны безендірген қымбат шытыра арасында бүркіт, қошқар, екі өгіз, өгіздің арыстанмен айқасы, адам-өгіздің мүйізінің бейнелері кездеседі. Ақжан әл-Машанидың көрсетуінше мұнда діни сюжет көрініс тапқандығы жөнінде атап өтеді. Сондай-ақ, Арфадан мыстан жасалған өгіздің басы мен пластинка, ал басқа арфадан басын, көзін мен сақалын және мүйізінің ұштарын лазуриттен жасалған өгіздің басы сақталынған. Сонымен қатар, аталмыш қаладан табылған жәдігерлердің ішінде басы адам, денесі өгіз сияқты суреттер өте көп кездесетіндігін көрсетеді [11, б. 119-120]. Осы ретте, Ақжан Машанов Ур атты тарихи қаласынан табылған құнды жәдігерлерді бірлескен астрономия және музыка ғылымы салаларын көруімізге болатындығын атайды.

Фарабитанушы Ақжан Әл-Машани Ур қаласынан тапқан жәдігерлердің астрономиялық және музыкалық ғылым салалары бойынша зерттеді. Атап өтетін болсақ, арфаның басы – өгіз, ал басқа жақтары асыл тастардан, алтын-күмістен безендірілген. Яғни, ай мүйіз – тәжі ретінде, жерге жарық жаз көктемін әкелетіндігі және аталған арфада жеті шек орналасқандығын атай келе, ол жеті қат көкті, сондай-ақ, жеті нотаны көрсетеді [17, б. 142]. Аталған ойды әрі қарай тарқата келе, арфадағы ай орағы өгіздің екі мүйізі ретінде Ай мен Үркердің тоғысқаны деп атайды. Яғни, Ақжан Машанидың 1996 жылы «Заң» газетінде жарық көрген «Наурыздың үш мың жылдық тарихы бар» атты ғылыми мақаласында көктемгі Наурыз мерекесінің келгендігі жөнінде және ежелден қазақ халқы, Наурызды «тоғыс» деп атады [4, б. 2]. Осы ретте, Ақжан Машанов Өгіз арфаны барлық космологиялық халықтардың белгісі және жаңа жыл басын анықтаудағы қасиетті құрал болғандығы жөнінде атап көрсетеді.



**3-Сурет** – Ескі Вавилония ескерткіштері

*а, б – Урдан табылған екі шумер музыка аспаптары қабымен, в – Өгіз басынан жасалған арфа [11, б. 149]*

Фарабитанушы-ғалымның ғылыми зерттеулері бойынша дәйектеген тұжырымдарынан Ур қаласынан табылған Өгіз арфасы арқылы жыл басы өгіздің ежелден қасиетті саналғандығын археологиялық қазба жұмыстарынан табылған артефактілер дәлелдей түсіреді.

#### Қорытынды

Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машанидің ғылыми мұралары тарихнамалық, деректемелік тұрғыдан және пәнаралық зерттеулерді қажет етеді. Солардың бірі ретінде, жыл басы - өгіз туралы ой-толғанымдары. Аталмыш зерттеуі арқылы ғылымның жан-жақты қырларына сапар шеуге болады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Машанов А. Әл-Фараби және Абай / А. Машанов - Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- [2] Машани А. Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл-Фараби» романы. 1. Т. / А. Машани. - Алматы: Алатау, 2005. - 352 б.
- [3] Әл-Машани А. Табу. 5. Т. / А. әл-Машани. - Алматы: Алатау, 2007. - 296 б.
- [4] Машанов А.Ж. Наурыздың үш мыңжылдық тарихы бар / А.Ж. Машанов // Заң газеті. – 1996. – № 14. – 8-9 б.
- [5] Машанов А.Ж. Мүшел басы - доңыз: Астрологиялық есептеу / А.Ж. Машанов, Ш. Абдраман // Ана тілі. – 1995. - № 8-10. – 15 б.
- [6] Машанов. А.Ж. «Солнечные часы в Казахстане» қолжазба көшірмесі. / А.Ж.Машанов. Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейі қорынан алынды.
- [7] Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы. Өгізханның қолтаңбасы. 15. Т. / Әл-Машани А. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2011. – 432 б.
- [8] Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. Тұран қақпасы. 14. Т. / Әл-Машани А. - Алматы: Алматы-Болашақ, 2011. – 392 б.
- [9] Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы. Ғалами мөр. 13. Т. / Әл-Машани А. - Алматы: Алматы-Болашақ, 2011. – 400 б.

- [10] Машанов А.Ж. Шындық іздеген заман жетті / А.Ж. Машанов // Зерде. – 1994. - № 5. – 42 б.
- [11] Әл-Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым / А.әл-Машани. - Алматы: Алатау, 2007. – 224 б.
- [12] «Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме» / жау.ред. Ә.Дербісәлин. - Алматы: Ғылым, 1986. – 208 б.
- [13] Кесікбаев. Ө. Қашқари Мамуд. Түбі бір түркі тілі. («Диуани луғат ат-турк») / Кесікбаев Ө.; тәрж.: Қ. Бекетаев, Ә. Ибатов - Алматы: Ана тілі, 1993. – 190 б.
- [14] Машани А.Ж. Шаңырақ. / А.Ж. Машанов – Алматы: «Алатау» баспасы, 2008 ж. – 236 б.
- [15] Машанов А.Ж. Ғажайып от ошағында / А.Ж. Машанов, Ж.Ш. Машанова. – Алматы: Қазақстан, 1978. – 140 б.
- [16] Дирингер Д. Алфавит / Д. Дирингер. - Москва: Издательство иностранной литературы. 1963. – 656 б.
- [17] Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы. Әл-Фараби және музыка. 16. Т. / Әл-Машани А.– Алматы: Алатау, 2010. – 368 б.

## REFERENCES

- [1] Mashanov, A. J. (1994). Ál-Farabı jáne Abai [Al-Farabi and Abai]. Almaty: «Kazakhstan» [in Kazakh].
- [2] Mashani, A. (2005). Ál-Farabı kópiri: Maqalalar, «Ál-Farabı» romany [The bridge of Al-Farabi: Articles, the novel of «Al-Farabi»]. V. I. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [3] Ál-Mashani, A. (2007). Tabý [The Finding]. V. V. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [4] Mashanov, A. J. (1996). Naýryzdyń úsh myńjyldyq tarıhy bar [The Nauryz holiday has a three thousand-year history]. Zań gazeti – The newspaper of Law 14, 8-9. [in Kazakh].
- [5] Mashanov, A. J., Ábdiraman, Sh.Á. (1995). Múshel basy - dońyz: Astrologıalyq esepteý [The big in the twelve-year cycle - Astrological calculation]. Ana tili – The native language 8-10, 15. [in Kazakh].
- [6] Mashanov, A. J. «Solnechnye chasy v Kazahstane» qoljazba kóshirmesi [Copy of manuscripts of «Sundial in Kazakhstan»]. Qostanai oblystyq Ybyrai Altynsarın memorialdyq múzeı qorynan alyndy.[in Russian].
- [7] Ál-Mashani, A. (2010). Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Ógizhannyń qoltańbasy [The multi-volume collected works. The subscription of bull]. V.X. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [8] Ál-Mashani, A. (2011). Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Turan qaqpasy [The multi-volume collected works.Turan Gate]. V. XIV. Almaty: Bolashak [in Kazakh].
- [9] Ál-Mashani, A. (2011). Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Ǵalamı mór [The multi-volume collected works. Universe stamp]. V. XIII. Almaty: Bolashak [in Kazakh].
- [10] Mashanov, A. (1994). Shyndyq izdegen zaman jetti [It's time to look for the truth]. Zerde – The Mind 5, 42 [in Kazakh].
- [11] Ál-Mashani, A. (2007). Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Ál-Farabı jáne búgingi ǵylym [The multi-volume collected works. Al-Farabi and the science of contemporary]. V. VI. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [12] Derbisálin, Á. (Eds.). (1986). Oǵyz-name, Muhabbat-name [Oguz-name, mukhabbat-name]. Almaty: The science [in Kazakh].
- [13] Kesikbaev, Ó. Mahmud Qashǵari. Túbi bir túrki tili. («Dıyanı lıǵat at-týrk») [Makhmud Kahsgari. Diwany lugat at-turk]. (K. Beketayev, A. Ybatov, Trans). Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- [14] Ál-Mashani, A. (2008). Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Shańyraq [The multi-volume collected works.Shanyrak]. V. X. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [15] Mashanov, A. & Mashanova, Zh. (1978). Ǵajayıp ot oshaǵynda [The miracle in the fire of tagan]. Almaty: Kazakhstan [in Kazakh].
- [16] Dyrynder, D. (1963). Alfavyt [The Alphabet]. Moscow: Yzd-vo ynostrannoj lyteraturyi [in Russian].
- [17] Ál-Mashani, A. (2010). Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Ál-Farabı jáne múzyka [The multi-volume collected works. Al-Farabi and music]. V. XVI. Almaty: Alatau [in Kazakh].



Имангалиев А.Т., Дүкенбаева З.О.

**БЫК В ДВЕНАДЦАТИЛЕТНЕМ ЖИВОТНОМ ЦИКЛЕ В НАСЛЕДИИ  
ПЕРВОГО УЧЕНОГО-ФАРАБИЕВЕДА АҚЖАНА АЛЬ-МАШАНИ**

**Аннотация.** В статье рассматривается бык в двенадцатилетнем животном цикле в наследии первого ученого-фарабиеведа Акжана аль-Машани. То есть, отмечаются итоги исследовательской работы о быке, в результате изучения космологических знаков в легенде об «Огузхане», связанные с двенадцатилетним циклом и названиями в мире космоса. В частности, статья повествует о восточном летоисчислении, весеннем равноденствии, легенде об «Огузхане», семи планетах в космологии и науке «Абджад».

Ученый, энциклопедист, гуманист Акжан аль-Машани – один из основателей Национальной академии наук Республики Казахстан. Более того, он доказал ученому миру что, Аль-Фараби был родом из Казахской земли, также открыл миру роль великого ученого Абу Насра Аль-Фараби.

В исследовании использовались методы анализа и синтеза письменных данных.

**Ключевые слова:** Аль-Фараби; Акжан аль-Машани; фарабиевед; миф об «Огузхане»; бык; астрономия; наука АБЖД; железо; семь планет; двенадцатилетний цикл.

Imangaliyev Almas, Dukenbaeva Zadash

**THE BULL IN TWELVE-YEAR ANIMAL CYCLE IN LEGACY OF  
THE FIRST SCIENTIST-PHARABIOLOGIST AKZHAN AL-MASHANI**

**Annotation.** The article considers the bull in the twelve-year animal cycle in the legacy of the first Farabian scientist Akjan al-Mashani. That is, the results of research work on the bull are noted, as a result of the study of cosmological signs in the legend of Oguzhan, related to the twelve-year cycle and names in the space world. In particular, the article tells about the Eastern chronology, the spring equinox, the legend of Oguzhan, the seven planets in cosmology and the science of Abjad.

The scientist, encyclopedist, humanist Akzhan al-Mashani is one of the founders of the National Academy of Sciences of the Republic. Moreover, he proved to the scientific world that Al-Farabi was originally from the Kazakh land, also discovered to the world the role of the great scientist Abu Nasr Al-Farabi.

The study used methods of analysis and synthesis of written data.

**Keywords:** Al-Farabi; Akzhan al-Mashani; a farabiologist; the legend of Jguz khan; a bull; astronomy; the science of Abjad; Ferro; the seven planets; the twelve-year cycle.

УДК 94.(574) «1941/1945»

МРНТИ 78.09.15

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).33

**Рысбеков Т.З., Калинина Е.А.***Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан***E-mail:** tuyakbai.rysbekov@mail.ru, eka782010@mail.ru**«ЭВАКУАЦИЯ ПРЕДПРИЯТИЙ И НАСЕЛЕНИЯ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ  
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ В УРАЛЬСК»**

**Аннотация.** Казахстан во время войны принял огромное количество эвакуированных людей, предприятий и учреждений страны. Западно-Казахстанская область играла роль транзитного региона и принимала сотни тысяч эвакуированных, оборудование, инженерно-технический состав и рабочих десятков заводов. Огромный поток беженцев вызвал серьезные трудности в их размещении. Люди, потерявшие родных и кров, остались без средств к существованию, нуждались в работе. На местах предпринималось все возможное для создания им необходимых условий. Эвакуированные прибывали организованно и стихийно и ввиду их многочисленности, но в то же время небольшого штата управления, занимающегося их переписью, возникли трудности с их учетом. Также в регион прибывало много детских домов из разных городов Советского союза. Десятки сирот были усыновлены местными семьями.

Эвакуированные обращались за материальной помощью к местным органам власти. Заявления рассматривались в короткий срок и беженцам выделялись деньги для улучшения их материально-бытового состояния, проезда, лечения.

**Ключевые слова:** Западно-Казахстанская область; Великая Отечественная война; прифронтовая зона; эвакуация; учет; единовременные пособия; эвакогоспиталь.

*Введение*

Стоит отметить, что Великая Отечественная война – событие судьбоносное. Являясь частью Второй мировой, она определила исход самой кровопролитной – в истории человечества – войны. Вторая мировая война прочно удерживает первенство среди самых кровопролитных конфликтов. Даже сейчас, спустя десятки лет с момента ее завершения, не представляется возможным назвать точное число жертв. По разным подсчетам, от 40 до 72 миллионов человек. Она же признана самой разрушительной: общий ущерб воюющих стран превзошел материальные потери от всех предыдущих войн вместе взятых и считается равным полутора, а то и двум триллионам долларов. В этой войне – по этой причине ее именуют мировой – в той или иной форме участвовали 62 государства из 73 существовавших в тот момент на планете, или 80% населения Земли [1]. Она шла на земле, в небесах и на море. Боевые действия велись на трех континентах и в водах четырех океанов. Это был единственный до настоящего момента конфликт, где применялось ядерное оружие. Именно поэтому память о ней должна бережно храниться и передаваться нашим детям. В преддверии 75-летия победы в ВОВ эта тема имеет огромное значение.

«Для организации и руководства эвакуацией ЦК ВКП (б) и СНК СССР в первые дни войны приняли постановления «О порядке вывоза и размещения людских контингентов и ценного имущества» и создании Совета по эвакуации во главе с Н.М. Шверником, а позднее Управление по эвакуации населения, созданное при Совете по эвакуации. Значительная часть эвакуированных направлялась в Казахстан, поэтому при СНК Казахской ССР была создана комиссия по приему и устройству эвакуированных» [2, с. 31].





Уже летом и осенью 1941 года в г. Уральск, ставший позже прифронтовой зоной, стали прибывать эвакуированные: «Ворошиловоградская военная школа пилотов, Одесское Краснознаменное пехотное училище им. Ворошилова, Ленинградское военное училище связи им. Ленсовета, 22-ая и 40-ая военно-авиационные школы воздушных стрелков-радиостов и младших авиаспециалистов. Московская школа радиоспециалистов, курсы младших лейтенантов и командиров рот Сталинградского фронта, 249-ый полк 35-ой дивизии НКВД, 1-ый и 43-ий отдельные ремонтно-восстановительные батальоны связи, 489-ый линейный батальон связи, 106-я и 111-я отдельные телеграфно-строительные роты, военно-оперативный узел связи, 54-я база резерва танков и самоходных установок, 8-й и 134-й автобатальоны, филиал Центрального химполигона Красной армии, 5-й батальон химической обороны, Центральный химсклад №3435 и химическая мастерская литер «М», 3-й фронтовой железнодорожный парк, 5-й и 71-й отдельные батальоны воздушного наблюдения, оповещения и связи (ВНОС), авиасклад №19 и автобронетанкового имущества №2035, 10 фронтовых эвакогоспиталей (2343, 1806, 3261, 304, 2997, 3011, 3974, 3975, 4111 и сортировочный) и передвижной госпиталь №3261, 214-й и 213-й Центральный и окружной продсклады и 40-й полевой мясокомбинат; 1622-й санитарный и 707-й ветеринарный фронтовые склады, 2122-й и 1048-й базисные склады ГСМ, этапно-заградительная комендатура, отдельная рота по охране архивов Великой Отечественной войны, 335-я и 399-я аэродромно-технические роты, 189-я аэродромно-техническая команда, 126-я комендатура промежуточного аэродрома; 16-я и 57-я отдельные радиостанции «РАФ»; 354-й авиасклад боеприпасов и отдельные подразделения» [2, с. 18-19].

Для их размещения и создания необходимых условий для подготовки командного и начальствующего состава, выполнения заданий фронта и особенно лечения раненых, требовались соответствующие помещения, а также жилье для обслуживающего персонала.

Западный Казахстан стал домом для тысяч беженцев. Можно выделить три основные направления эвакуации: индивидуальное беженство, организованная эвакуация мирных жителей и эвакуация инженерно-технического персонала и высококвалифицированных рабочих с членами их семей. Для приема прибывших создавались эвакуопункты, которые занимались, помимо прочего, организацией эвакогоспиталей, размещением эвакуированных предприятий. «По мере усиления потока беженцев были созданы специальные переселенческие управления по областям. Они подчинялись непосредственно Совнаркому Казахской ССР и Переселенческому управлению СНК СССР. В областях региона такие управления были образованы уже в июле 1941 года» [3, с. 248].

В Западно-Казахстанской области приемом эвакуированных занимался переселенческий отдел, а 3 сентября 1941 года специальным решением Исполкома областного Совета депутатов трудящихся был создан эвакуационный отдел.

«В начале августа 1941 года секретарь Мосгорисполкома Кудрявцев телеграммой сообщил: «Отправлен Уральск один поезд детей и взрослого населения прошу обеспечить их прием». С этого времени в область начали прибывать эвакуированные из Москвы, Ленинграда, Киева и других областей страны. Работа осложнялась тем, что Уральску пришлось принять на себя заботу о питании, медицинском обслуживании огромного потока эвакуированных, следовавших в Казахстан и среднюю Азию. Причем значительная часть эвакуированных оседала здесь, перекрыв все расчеты эвакоотдела республики на равномерное распределение по областям. На 5 сентября Казахстан принял 18% запланированного ему эваконаселения, а Западно-Казахстанская область уже около 50%»» [2, с. 31-32].

В связи с резким увеличением населения и прибытием крупных предприятий из прифронтовой полосы в Уральске создали специальную комиссию по упорядочению их размещения во главе с секретарем обкома партии и заместителем председателя исполкома

областного Совета депутатов трудящихся. На вокзалах члены комиссии установили постоянное дежурство.

Точную цифру эвакуированных указать не представляется возможным из-за отсутствия учета в первые месяцы войны, огромного потока переселенцев и малочисленного состава переселенческого управления.

«Первоначально состав Западно-Казахстанского областного переселенческого управления состоял из 5 человек. Поэтому учесть всех прибывших было практически невозможно» [1, с.248]. В материалах имеются расхождения по цифрам, что говорит о неполноте учета эвакуированных, самовольном переселении под влиянием ухудшившейся обстановки на фронте, которая приводила к переэвакуации людей... В ноябре 1941 года эвакоотдел сообщает, что в область прибыло 37 153 человека, но только по 15 439 имеется списки [3, с.250].

Партийные, советские и особенно профсоюзные организации проявили максимум внимания и заботы приему и размещению эвакуированных. «В Уральске для их размещения было предоставлено 5604 квартиры и комнаты. 4435 семей получили топливо, отпущено более чем на 80 тысяч рублей промтоваров и 195 005 горячих блюд на сумму 224 тысячи 832 рубля. Эвакуированное население, размещенное в колхозах области, было обеспечено хлебом и жирами. В колхозах имени Володарского и «Красный трудовик» Приурального района эвакуированных обеспечили валенками, пошили телогрейки шаровары. В колхозе имени Чапаева Каменского района для эвакуированных приобрели 10 коек, каждому выделили по 1,5 кг шерсти для вязки теплых варежек и чулок, большинство эвакуированных обеспечивали себя продуктами питания за счет работы в колхозах. Так, в колхозе «Политотдел» Зеленовского района (ныне район Байтерек) из 29 трудоспособных 26 человек перевыполняли нормы трудовой и полностью обеспечивали себя хлебом» [2, с. 32-33].

Особую заботу проявили к детям, эвакуированным в Уральск из домов ребенка и детских домов: Харькова, Тулы, Полтавы, Ворошиловограда, Могилева. Хотимска и других городов. «Почти единовременное размещение более 1300 детей вызвало на первых порах серьезные осложнения: не хватало коек, теплой одежды и белья, мыла, имели место перебои с топливом. Комсомольцы города, совместно с городским отделом народного образования, в короткий срок организовали подвозку топлива, собрали среди населения города и раздали детям более тысячи штук различного теплого белья, одежды, обуви, наладили регулярное горячее питание. Детей обеспечили играми, книгами и музыкальными инструментами. Более 190 детей-сирот, потерявших родителей на фронте, при бомбежках во время эвакуации был взяты на воспитание женщинами-патриотками, окруживших маленьких граждан материнской заботой и лаской» [2, с. 33].

Много детей размещали в Чингирлауском детском доме (поселок Чилик), Круглоозерновском (Зеленовский район), Новопавловском (Теректинский район). «Достаточно отметить, что за первые 6 месяцев войны только в Бурлинский и Чингирлауский районы прибыло 1353 ребенка» [4, с. 8].

«Большая помощь эвакуированному населению была оказана в снабжении хлебом за счет фондов государства. Кроме того, 1 июня 1942 года эвакуированные получили единовременных пособий на сумму 243.835 рублей» [2, с. 33].

В соответствии с постановлением правительства республики были выделены средства, строительные материалы и область приступила к упрощенному строительству жилья для эвакуированного населения.

Помимо единовременных пособий по решению Правительства СССР рабочим, служащим и членам их семей выплачивалось пособие в размере месячной заработной платы. «В итоге выплаты населению в связи с эвакуацией только во втором полугодии 1941 года составили по Советскому Союзу около 3 миллиардов рублей» [2, с. 33].

Эшелоны с оборудованием, рабочими и их семьями еще двигались по железным дорогам центральных областей России, а в Казахстане в оперативном порядке были изысканы свободные производственные площади и возможные варианты перемещения местных предприятий и учреждений для приема и размещения эвакуированных предприятий и жилье для рабочих и их семей. Проблема решалась за счет достраиваемых зданий, организаций и учреждений, которые легко переместить. Так, в Западно-Казахстанской области изыскивали 13 тысяч квадратных метров. «Уральск, расположенный на границе Европы и Азии, имеющий крупную железнодорожную станцию, речной путь, был в начале войны глубоким тылом, куда эвакуировали – полностью или частично – 14 промышленных предприятий и приняли на хранение оборудование семи эвакуированных предприятий (в том числе Полтавский институт сельскохозяйственного строительства и несколько научно-исследовательских станций и других учреждений [2, с. 34].

В числе первых в августе 1941 года в Уральск начало прибывать оборудование Ореховского моторемонтного завода. Из Киева доставили оборудование валяльно-войлочной фабрики, артели «Объединение» из Суража. В сентябре встречали рабочих и оборудование ленинградских заводов №231 им. К. Ворошилова, «Двигатель», а позднее оборудование с заводов «Компрессор», «Знамя труда». В ноябре частично поступило оборудование завода «Красный факел», кожевенного завода имени Землячки из Москвы, «Рязский ликероводочный завод, южное аэрогеодезическое предприятие из Ростова, а позднее полностью или частично размещено оборудование предприятий связи из Одессы, Полтавы и Запорожья, Орловской типографии, Киевского мясокомбината и других предприятий, архивов и учреждений из Ростова, Сталинграда, Харькова, Курска, Тулы, Мелитополя, Сумы, Ельца и других городов» [2, с. 35].

Производственных площадей не хватало, поэтому эвакуированным предприятиям передавалась значительная часть рабочих площадей местных заводов, фабрик, мастерских, гаражей, вплоть до школьных зданий.

По мере прибытия новых эшелонов с эвакуированными дала о себе знать перенаселенность в городе. «Исполком областного Совета депутатов трудящихся установил временную жилищно-санитарную норму во всех жилых домах Уральска сначала на 5, а затем 4 квадратных метра на человека, запретил частным владельцам вселение жильцов на излишнюю жилплощадь без разрешения исполкома горсовета, сократил до минимума список лиц, пользующихся правом на дополнительную жилплощадь. Фактически уже вскоре нормой становится 2 квадратных метра и более того, нередко были факты, когда в комнате в 10-12 метров жили 9-11 человек. И не случайно зам. председателя СНК Казахстана Шнырев в своей телеграмме от 07.03.1942 года, сообщая о принятом специальном Постановлении ЦК Казахстана и СНК республики от 08.02.1942 года о необходимости принятия срочных мер по разгрузке чрезмерного скопления эвакуанселения в Уральске» [2, с. 36].

Несмотря на меры, такая ситуация сохранялась в Уральске еще долго...

Будет уместным привести архивные документы. Так, в ведомости №11 имеются данные о выдаче пособий остро нуждающимся эвакуированным семьям. Только за шесть дней декабря, с пособия (от 25 до 300 рублей на руки) получили 23 человека на общую сумму 1975 рублей. Обратившиеся Михаил Курасов и Алексей Иванов получили максимальные пособия в 200 и 300 рублей соответственно [5, л. 1]. Мама двоих детей Глейзер, эвакуированная из Первомайска Одесской области писала «Нахожусь сейчас в больнице (детской) с больным ребенком – сыном 5 лет. Дочь 12 лет также больна, находится в городской больнице. Я очень нуждаюсь. Из дома выехала в чем стояла с двумя детьми. Прошу вас оказать ... материальную помощь для того, чтобы дать питание больным детям». Ей, nasledующий день после написания заявления, выдали 80 рублей. [5, л. 4]. 70 рублей получила М.И.Тартаковер «Прошу оказать единовременную

денежную помощь я эвакуированная из г. Кировограда имею на иждивении 3-х детей и 2 сыновей в РККА». [5, л. 7].

Были случаи, когда в отдел обращались за денежной помощью для того, чтобы покинуть город. Например, такое заявление писала Фридман Р.А., рассчитывая на помощь для выезда в Саратов к семье, которая находилась на ее иждивении. Сама заявительница, инструктор сектора учета кадров Курского обкома ВКП (б) оказалась в Уральске как сопровождающая партийные документы этого обкома. 24 декабря 1941 года ей выдали 100 рублей [5, с. 14]. Аналогичную сумму получила многодетная мама Гинде Д.Е. из Харькова «У меня 5 детей, очень нуждаемся. Совершенно нет у нас одежд и обуви. Прошу помочь мне, 2 сына в Красной Армии» [5, л. 24].

Заявления такого характера поступали и в последующие годы, в частности, в 1945 году. Строки, полные горечи и страданий, заставляют представить трудные условия, в которых жили и работали люди, какой ценой заработали они победу. Так, И.Т. Рудовских в августе 1945 года писал: «просто умираем от голода и нам выслали вызов и мы не имеем надорогу чем поехать то что это товариш заведующе просим вас очень очень увойти в наше положение» [5, л. 29]. Меркина С.Л., эвакуированная из Киева и проживающая около двух лет в Уральске с дочерью, писала в 1945 году «Квартира наша даже не похожа на сарай, ибо дома мы коров в таком помещении не держали. Ничего у меня нет. Спим на земляном полу, подстилая кучку сена. Ни одеяла, ни подушки – ничего нет. Я сама совершенно раздетая, разутая, средств на приобретения чего-нибудь нет. Муж мой с первых дней войны ни чего не дает о себе знать, все близкие родственники в Киевской области. Остается один выход – утопиться в Урале, чтоб больше не мучиться. Жаль только дочь, которая не видела еще хорошего... Помогите, не дайте погибнуть. Я совсем пала духом от безвыходного положения» [5, л. 44]. Практически сразу же, 30 августа 1945 года женщине выдали 200 рублей.

О положении дел на местах красноречиво говорит и заявление Омельченко О.М. из Ворошиловограда, эвакуированной в Алматы и в 1945 году возвращавшейся на родину, в котором сохранены стилистика, пунктуация и грамматика: «...еду домой у меня в дороге выкрали вещи и деньги я сама болею и у меня 3 детей маленькому 5 лет нечего адиват и обувати прошу вас посмотреши мои положения...» [5, л. 60]. 17 октября 1945 года ей выдали 300 рублей.

Стоит обратить внимание и на то, что не всегда эвакуированным на местах уделяли должное внимание. Так, 17 января 1942 года в отдел общего надзора поступила жалоба от эвакуированных, проживающих в колхозе «Жигер» Тайского аулсовета Жанибекского района о невнимательном отношении к их бытовым условиям со стороны аулсовета и руководства колхоза. Жалобы были проверены на месте и в основном факты подтвердились. Прокурор Сепетов пишет о том, что «жалобщикам выдано из колхозной кассы взаимопомощи 500 рублей денег и давались указания обеспечения продуктами питания. Также приняты необходимые меры по снабжению топливом и санитарным обслуживанием. Причем, тем гражданам, которые не имеют трудодней в колхозе, предложено выдавать продукты авансом в счет трудодней 1942 года. Вопрос привлечения к уголовной ответственности по этому вопросу председателя колхоза не вызывался необходимостью» [6, л. 2].

Эвакуация промышленности, позволяющая выпускать в первую очередь военную технику и боеприпасы, с первых дней войны стала одной из главных забот руководства огромной страны. Потеряв, еще в июне 1941 года, два таких крупных промышленных центра как Рига и Минск, эвакуировать предписывалось все важнейшие заводы и фабрики. Ее масштабность и интенсивность иностранные авторы называют героизмом.

«Эту эвакуацию промышленности во второй половине 1941 г. и начале 1942 г. и ее «расселение» на востоке следует отнести к числу самых поразительных организаторских и человеческих подвигов Советского Союза во время войны» [7, л. 75].

«Повесть о том, как целые предприятия и миллионы людей были вывезены на восток, как эти предприятия были в кратчайший срок, и в неслыханно трудных условиях восстановлены и как им удалось в огромной степени увеличить производство в течение 1942 г., - это прежде всего повесть о невероятной человеческой стойкости. В большинстве мест условия жизни были ужасающие, зачастую не хватало продовольствия. Люди работали, ибо знали, что это абсолютно необходимо, и они не отходили от станков по двенадцать, тринадцать, четырнадцать часов в сутки, они «жили на нервах», они понимали, что никогда еще их работа не была так нужна. Многие надорвались и умерли. Все эти люди знали, какие потери несут войска, и, находясь в «глубоком тылу», не очень роптали. В то время, когда солдаты подвергались таким страданиям и опасностям, гражданское население не имело права уклоняться даже от самой тяжелой, самой изнурительной работы. В разгар сибирской зимы некоторым приходилось ходить на работу пешком, иногда за пять, восемь, десять километров, потом работать по двенадцать часов или больше и опять возвращаться домой пешком - и так день за днем, месяц за месяцем» [7, л. 77].

#### *Материалы и методы исследования*

В качестве основных материалов для статьи использовались научные труды казахстанских авторов, архивные материалы Западно-Казахстанского областного государственного архива. При написании использовался общенаучный метод, который позволяет анализировать, обобщать и сравнивать эмпирические и теоретические данные.

#### *Результаты исследования*

Проведенная работа позволила сделать несколько выводов: эвакуация носила разноплановый характер: организовано и стихийно, индивидуально и коллективно; процесс эвакуации был сопряжен с большими трудностями ввиду внезапности войны и неподготовленности к приему такого количества предприятий и людей; учесть и привести точные цифры эвакуированных в район не представляется возможным; на местах, несмотря на трудности, создавались условия для приема эвакуированных и обеспечения их необходимым.

#### *Заключение*

Эти документы дают возможность понять, какой была обстановка в городе прифронтовой зоны. Западный Казахстан, как известно, стал временным домом для тысяч эвакуированных. Не только партийно-советские органы, но и рядовые жители делали все возможное, чтобы оказать помощь людям, потерявшим на войне родных и близких, дом. Несмотря на трудные условия жизни, нехватку продовольствия, скудное обеспечение и болезни, эти люди работали, превышая все мыслимые нормы труда, давали фронту не только боеприпасы и одежду, но и провиант. Простые люди, не претендующие на звание героев, соглашались на самоотверженный труд без сна и отдыха, выполняя его на хлебном пайке, который не питал и поддерживал организм, а просто не давал умереть. В наше время индивидуализма это кажется невероятным, ведь нет ничего дороже человеческой жизни именно потому, что она безвозвратна. Трудовой подвиг трудно оценить в мирное время. Объединив беспристрастный подход, субъективные точки зрения и возможности, которые дает клиометрика, можно лишь приблизиться к пониманию происходящего в первые годы войны, поэтому лучшим выходом видится простая констатация, выраженная в лозунге «Никто не забыт, ничто не забыто», ставший достоянием общенародной памяти.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

- [1] Сайт Википедия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B0%D1%8F\\_%D0%BC%D0%B8%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F\\_%D0%B2%D0%BE%D0%B9%D0%BD%D0%B0](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B0%D1%8F_%D0%BC%D0%B8%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F_%D0%B2%D0%BE%D0%B9%D0%BD%D0%B0).
- [2] Букаткин П.Р. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945): доп. изд. / П.Р. Букаткин. – Уральск: ЗКГУ им. Утемисова, 2005, – 200 с.
- [3] Сдыков М.Н. История населения западного Казахстана: монография. / М.Н. Сдыков. – Алматы: ТОО «Курсив», 2004, – 405 с.

- [4] Мажитова Г. Помощь детей Западного Казахстана фронту (1941-1945): брошюра. / Г. Мажитова, М. Мухамбетов. – Чапаевская укрупненная типография, 1995, – 35 с.
- [5] ГА ЗКО, Ф. 1000, Оп. 1, Д. 5.
- [6] ГА ЗКО, Ф. №715, Оп. 1, Д. 703.
- [7] Верт А. Россия в войне 1941-1945 / А.Верт. – Москва: Воениздат, 2002. – 450 с.

#### REFERENCES

- [1] Sait Wikipedia [Website Wikipedia]. Retrieved from [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B0%D1%8F\\_%D0%BC%D0%B8%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F\\_%D0%B2%D0%BE%D0%B9%D0%BD%D0%B0](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B0%D1%8F_%D0%BC%D0%B8%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F_%D0%B2%D0%BE%D0%B9%D0%BD%D0%B0).
- [2] Bukatkin, P.R. (2005). Zapadnokazhastancy v gody surovyyh ispytaniy (1941-1945) [West Kazakhstan during the years of severe trials (1941-1945)]. (ad. ed.). Uralsk: ZKGU im. Utemisova [in Russian].
- [3] Sdykov, M.N. (2004). Istoriya naseleniya zapadnogo Kazakhstana [The history of the population of western Kazakhstan]. Almaty: TOO «Kursiv» [in Russian].
- [4] Mazhitova, G., & Mukhambetov, M. (1995). Pomosh detej Zapadnogo Kazakhstana frontu(1941-1945) [Help for children of Western Kazakhstan to the front (1941-1945)]. Chapaevskaya ukрупnennaya tipografiya [in Russian].
- [5] GA ZKO [SA WKR)]. (F. 1000, In. 1, C. 5). [in Russian].
- [6] GA ZKO [SA WKR)]. (F. 715, In. 1, C. 703). [in Russian].
- [7] Werth A. Rossiya v voyne 1941-1945 [Russia at war 1941-1945]. Moscow [in Russian].

**Рысбеков Т.З., Калинина Е.А.**

#### «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ОРАЛ ҚАЛАСЫНА ЭВАКУАЦИЯЛАНҒАН ӨНДІРІСТЕР МЕН ХАЛЫҚТАР»

**Андатпа.** Соғыс жылдарында Қазақстан еліміздің орасан зор мөлшердегі эвакуацияланған адамдарын, өндіріс орындары мен мекемелерін қабылдады. Батыс Қазақстан облысы транзиттік аймақтың рөлін атқарды және жүздеген мың эвакуацияланғандарды, құралдарды, ондаған зауыттардың инженерлік-техникалық құрамдарымен жұмысшыларын қабылдады. Босқындардың орасан зор жосқыны оларды орналастыруда елеулі қиындықтар туғызды. Туғандары мен баспаналарын жоғалтқан адамдар күнелтуге қажетті қаржысыз қалды, жұмысқа мұқтаж болды. Жергілікті жерлерде оларға қажетті жасдайларды жасаудың барлық мүмкіндіктері жасалынып жатты. Эвакуацияланғандар олардың көптігіне байланысты ұйымдасқан және стихиялы түрде келіп жатты. Сонымен бір мезгілде оларды санағын жүргізетін басқарма сандық құрылымының аздығына байланысты есепке алуда қиындықтар туындады. Сондай-ақ, аймаққа Кеңес Одағының әртүрлі қалаларынан көптеген балалар үйлері келді. Жергілікті отбасылар ондаған жетімдерді асырап алды. Эвакуацияланғандар жергілікті үкімет ұйымдарына материалдық көмек сұрап барды. Өтініштер қысқа мерзімде қаралды және басқындарға олардың материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсартуға, жолақыға, емделуге ақша бөлінді.

**Кілт сөздер:** Батыс Қазақстан облысы; Ұлы Отан соғысы; майдан шебіндегі аймақ; эвакуация; есеп; біржолғы жәрдем; эвакогоспиталь.

**Rysbekov Tuyakbai, Kalinina Elena**

#### «EVACUATION OF COMPANIES AND POPULATIONS DURING THE GREAT PATRIOTIC WAR IN URALSK»

**Annotation.** Kazakhstan during the war took a huge number of evacuated citizens of the country, enterprises and institutions. The West Kazakhstan region played the role of a transit region and received hundreds of thousands of evacuated, equipment, engineering staff and dozens of factories. A huge stream of refugees caused serious difficulties in their accommodation. People who lost relatives and shelter, were left without a livelihood, needed work. At the local level, everything possible was done to create the necessary conditions for them. The evacuees arrived in an orderly and spontaneous manner, and in view of their large number, but at the same time, the small census management staff had difficulties taking them into account. Also, many orphanages from different cities of the Soviet Union arrived in the region. Dozens of orphans were adopted by local families.

The evacuees sought material help from local authorities. Applications were considered in a short time and money was allocated to refugees to improve their material condition, travel, and treatment.

**Keywords:** West Kazakhstan region; The Great Patriotic War; frontline zone; evacuation; accounting; lump sum benefits; evacuation hospital.

ӘОЖ 93/94

ГТАХР 03.20.00

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).34

**Сактаганова Э.Б., Сайлаубай Е.Е.***Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы***E-mail:** e-saktaganova@mail.ru**ЗАҢГЕР СЕЙДӘЗІМ ҚАДЫРБАЕВТЫҢ КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ТҰСЫНДАҒЫ  
ҚЫЗМЕТІ**

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу жұмысы С.Қадырбаевтың өмірі мен саяси құқықтық көзқарысына арналған. Себебі ол әуел бастан-ақ қазақтың ұлт – азаттық қозғалысының жетекшілері қатарында болды. Бар өмірін туған халқының тәуелсіз болашағына арнаған. Тұлғаның саяси қызметі мен құқықтық көзқарастары арқылы өзі өмір сүрген кезеңнің саяси күрес тарихын, оның қозғаушы күші болған қоғам қайраткерлерінің көзқарастарын көруге болады. Алаш қайраткерлерінің бірі – Сейдәзім Қадырбаевтың Кеңес өкіметі тұсындағы қоғамдық және құқықтық қызметіне қатысты азды-көпті мәліметтер беретін, күні бүгінге дейін жарық көрген барлық ғылыми еңбектер мен естелік жазбалардағы және түрлі үлкенді кішілі ғылыми публицистикалық жанрдағы мақалалардағы мәліметтерді, ғылыми айналымға енгізілмеген Ресей федерациясы мұрағатарынан алынған тың деректермен салыстырып, талдау жасап, хронологиялық әдіс бойынша жүйелеу арқылы тұлғаның қарастырылып отырған кезеңдегі ғұмырнамасы жан –жақты зерделеніп, сол кезеңдегі қоғам дамуына қосқан еңбегіне баға берілді.

**Кілт сөздер:** Алаш қозғалысы; қайраткер; заңгер; аудармашы; С.Қадырбаев; Кеңес үкіметі; саяси репрессия.

*Kipicne*

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, дербес мемлекет ретінде Кеңес одағы тұсында марксистік және лениндік методология шеңберінде бұрмаланып жазылған немесе тіпті зерттеуге тыйым салынған тақырыптарды қайта қарап, ғылыми объективтілік принципін басшылыққа ала отырып, тарихқа шынайы баға беру процесін қолға алған болатын. Аталған кезеңдегі, коммунистік партия принциптері талаптарына сай келмегендіктен бұрмаланған немесе зерттеуге тыйым салынған тақырыптардың негізгісі, Алаш қозғалысы мен Алаш қайраткерлерінің саяси күрес жолындағы еңбектері және олардың тұлғалық болмысын зерттеу болатын. Тәуелсіздікке ие болу, қоғамтанушы ғалымдардың құпия мұрағат деректеріне қол жеткізіп, оларды ғылыми айналымға енгізуіне жол ашты. Нәтижесінде Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлерінің өмірі мен қоғамдық саяси қызметтері және шығармашылықтары жөнінде қазіргі заман талаптарына сай жан-жақты зерттелген көптеген жаңа ғылыми еңбектер жарық көрді. Алайда Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, қоғам қайраткері Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың өмірі мен қоғамдық саяси қызметі, шығармашылығы еш зерттелмей, тек Алашорда тарихы туралы еңбектерде, зиялылар туралы жалпылама тізімдерде, анықтамалық мазмұндағы басылымдарда қысқаша ғана мәлімет берумен шектелгендіктен, бүгінгі тақырыбымыздың зерттеу объектісіне айналды.

*Зерттеу материалдары мен әдістері*

Бүгінгі күнге дейінгі жарық көрген ғылыми әдебиеттерде С.Қадырбаевтың өмірі мен қоғамдық саяси қызметін толық баяндайтын және шығармашылық еңбектеріне баға берген зерттеулердің жоқ болуы себепті, тақырыпты жазу барысында зерттеу жұмысының деректік

базасы болып, мұрағаттарда сақталған құжаттар мен арнайы басылымдарда жарияланған материалдар табылды. Атап айтар болсақ Ресей Федерациясының Орынбор қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағаты және Орынбор облыстық комитетінің партиялық мұрағаты қорларының материалдары, Воронеж қаласындағы Воронеж облыстық қоғамдық-саяси тарих мұрағаты мен Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағаттарда сақталған С.Қадырбаевтың өмірі мен қызметіне қатысты жеке және тергеу істерімен және Алматы қаласындағы Президенттік мұрағатта алаш қозғалысы тарихына қатысты қорлардан Сейдәзім Қадырбаевтың інісі Асқарбек Қадырбаевқа қатысты деректермен де жұмыс жасалды.

Мәселенің теоретикалық-әдіснамалық негізі өркениеттік-формациялық бағытқа негізделіп, қоғам қайраткері С.Қадырбаевтың саяси қызметі мен ғұмырнамасының тарихи бейнесін ашуға арқау болды. Әдіснамалық тұсынан келетін болсақ, жалпылама, жеке және арнайы әдістерге жүгіне отырып, ғылыми мақаланың жан-жақты зерделенуіне негіз болатын логикалық, тарихи, жүйелілік, салыстырмалық әдістер қолданылды. Тарихи-салыстырмалық және тарихи-жүйелелілік әдістері С.Қадырбаевтың өмір сүрген кезеңіндегі қоғамдық-саяси ахуалды, әлеуметтік-экономикалық жағдайды саралай отырып, мәселенің жан-жақты қарастырылуына арқау болғанын айта кету керек.

Осы күнге дейін жарияланып, ғылыми айналымға енген зерттеулердегі Сейдәзім Қадырбаевтың кеңес үкіметі тұсындағы өмірі мен қызметіне қатысты деректер мұрағат деректерімен салыстырылып қаралып, талдау жасалынды. Талдау барысында қайраткердің саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен жағдайлар мен қарастырылып отырған кезеңдегі құқықтық және қоғамдық-саяси қызметтері ғылыми түрде зерделенеді. Қазақстанның патшалық Ресейдің қоластындағы жағдайы және XX ғасырдың басындағы саяси ахуал мен әлеуметтік-экономикалық үдерістің қоғамның дамуына әсері жан-жақты қарастырылды.

#### *Зерттеу нәтижелері*

XIX ғасырда Патшалық Ресей қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан өзін өзі билеу жүйесін түбегейлі жойып, жаңа басқару жүйесін енгізуі және ол жүйенің басқару органдарына қазақтардың ең төменгі жергілікті деңгейде ғана сайлануы, сондай-ақ экономикалық жағынан әлсірету мақсатында қалыптасқан шаруашылық жүргізу нысандарына кері әсер етуді көздеп, жоспарлы түрде қазақтың шұрайлы жеріне қоныс аударушы орыс мұжықтарын орналастырудың нәтижесінде қазақ халқын жан-жақты әлсіретіп қана қоймай түгелдей дерлік саяси құқықтары мен бостандықтарынан да айырды. Қоғамда орын алған осындай келеңсіздіктерге жауап ретінде, қазақ елінің тарихында XX ғасырдың алғашқы ширегі саяси күрестер кезеңі болды. Саяси күрестің ұйымдастырушылары Ресейдің әртүрлі қалаларында білім алған көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялылары болатын.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағлым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды... Тәуелсіздік мерейтой аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек... Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.» -деген сөздердің өзі Алаш қайраткерлері мен олардың шығармашылық мұраларын зерттеу үнемі өзекті болып қала беретіндігін көрсетеді [1, б.2].

Қыраңғылық жайлаған қазақ даласындағы Ресей империясының отаршылдық әрекетін өз көзімен көріп өскен қазақ жастарының бірі, Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевта қазақ халқын отаршылдықтан құтқаруды мақсат еткен қазақ зиялыларының бірі болып табылады. Тақырыпты зерттеу барысында Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың 1885 жылы 30 маусымда Торғай уезі, Наурызым болысындағы Сарықопа бойында 1-ші ауылда дәулетті



шаруаның отбасында дүниеге келгендігін, мұрағат деректерінің негізінде білдік [2, б. 50]. Алайда Сейдәзім Қадырбаевтың өмірбаяны осы кезеңге дейін ғылыми тұрғыдан әлі толық зерттелмегендіктен, әрі жарияланған еңбектердегі ол туралы бар мәліметтердің өзі бір жүйеге келтірілмегендіктен оның жеке басына қатысты мәліметтерде кейбір деректердің дұрыс берілмегендіктерін көруге болады [3, б. 146-155].

Қалың көпшілікке кім екендігі белгісіз беймәлім болып келген Сейдәзім Қадырбаевтың Алаш қайраткерлерінің бірі екендігіне мына деректер нақты дәлел бола алады: «Протокол заседания Общекиргизского съезда, в Оренбурге. 5-13 декабря 1917 года» атты ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатынан алынған істің бірінші бетінде әр облыстан оның ішінде Торғай облысынан қатысқандар тізімінде аты жөні бірінші болып тұрса, сонымен қатар екінші бетінде Съездің төралқасына Бақтыгерей Құлманов (төраға), серіктері болып Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, Ә.Кенесарин, Ғ.Қарашев, хатшылары болып Д.Көсепқалиев, М.Дулатов, С.Қадырбаевтың сайланғандығын көруімізге болады [4, б. 1-2]. Сондай-ақ дәл осы дерек «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты Алматы қаласында 2007 жылы жарық көрген Құжаттар мен материалдар жинағының Қазақ съездері 4-ші томында да кездеседі [5, б. 149].

Сонымен қатар сөзімізді одан әрі салмақтырақ ететін, Ресей Федерациясы Воронеж қаласының мұрағатынан алынған С.Қадырбаевтың 1938 жылғы 12 наурыздағы тергеу хаттамасындағы мына бір деректерге мән беретін болсақ; «Сұрақ: сіз қашан Ұлтшыл Алашорда ұйымына мүше болдыңыз» - деген сауалға «1917 жылы Орынбор қаласында» - деп жауап берсе, «сіздің ұлтшыл ұйымдағы практикалық қызметіңіз қандай» деген сауалға, өзінің Алаш-Орда үкіметінің аймақтық бөлімінің мүшесі болғандығын және осы бөлімнің өкілі ретінде үкіметтің облыстық басқармасы жанындағы әскери кеңестің мүшесі де болғандығын, сонымен бірге әкімшілік-шаруашылық бөлімін басқарғандығында еш қаймықтастан ашық мәлімдеген. «Сіз Алашорда ұлтшыл ұйымына кірген уақытта қайда жұмыс істеп жүр едіңіз және қай жылға дейін Алашорда үкіметінің құрамында болдыңыз» - деген келесі бір кезекті сұрақтарға, «Орынбор қаласындағы аймақтық сотта хатшы болып жұмыс жасадым және 1919 жылы Қазақстанда Кеңес үкіметі орнағанға дейін» деген нақты жауап беруінен, бірінші орынға өз жеке мүддесін емес туған халқының мұң мұқтажын қойғандығын аңғаруға болады [6, б. 11-13].

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, оның саяси, идеологиялық платформасын қабылдамаса да, кеңестік органдарға қызметке тұрып, саясатқа қайта араласты. Кеңес үкіметі орнап Алашорда үкіметі таратылғаннан кейін, алғашқы уақыттарда өз туған жерінде өмір сүрсе, содан кейін 1920 жылы Семейге көшіп келген. Бастапқыда Семейде губревкомда кеңесші болып жұмыс істейді. Сол жылы Орынборға қоныс аударып, ол жерден Орал қаласына жұмысқа жіберіледі. Онда 1921 жылға дейін губерниялық халық судьялары кеңесінің мүшесі болып жұмыс атқарды.

1921 жылдың 8 шілдесінен бірінші рет тұтқындалғанға дейін яғни 1930 жылы Орынбор қаласында Наркомюстта сот жүйесінің меңгерушісі қызметін атқарады. Орынбор қаласында Наркомюстта сот жүйесінің қызметін атқара жүріп, 1922 жылдан бастап «Қазақ халық ағарту институтында» (КИНО) оқытушылық қызметте атқарған [7, б. 50]. Қазақ халық ағарту институты – арнаулы орта оқу орны. 1919 жылы Орынборда ашылған. Алғашында Қырғыз Халық ағарту институты деп аталды. Институт қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлады. Оқу жоспары бойынша институтта сабақ тек қазақ тілінде жүрді. Институт оқытушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты [8, б. 433]. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатынан алынған С.Қадырбаевтың жеке ісінің 38 бетінен негізгі кәсібіңіз деген сауалға юстиция саласында және халыққа білім беру қызметі деп қатар атап көрсеткендігін де көруге болады. Сейдәзім Қадырбаевтың сот жүйесіндегі қызметімен қатар мұғалімдік қызметті қоса алып жүруінің



себебі, алаш қозғалысының қайраткерлері халықты оқу-білімге шақырып ағартушылық арқылы, ұлттың санасын оятуды мақсат етуі еді. Олар ұлтты дамыту үшін білім мен білімге сүйенген тәрбиенің маңызын түсіне білді.

Қазақ АКСР Халық Комиссариатының заң шығару және сот ісін бақылау бөлімінде басшылық қызметте жүріп сол жүйедегі олқылықтарды өз көзімен көрген Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев 1924 жылдан 1930 жылдар аралығында бірнеше заңдарды орыс тілінен қазақшаға аударып қана қоймай, қазақ елінің тұрмыс салтына бейімдей отырып жазған. 1924 жылы Орынбор қаласында «Қылмыстық істерді жүргізу заңын» және «Қылмыстық істерді жүргізу заңына қосымша іс жүргізу үлгісі» де бірге берілген еңбегі жарық көреді. Қадырбаев аударған «Қылмыс заңы» сот жүйесінде үлкен сұранысқа ие болғандығына қарамастан аталған заңды тағыда басқа авторлардың қазақшалағанын және ол аударманың сапасының төмендігіне көз жеткізген М. Дулатов «Мадияр» атты бүркеншік есімімен 1924 жылы «Ақ жол» газетінің 436 – санында жарияланған мақаласында «Қылмыс заңының» соңғы аудармасын қатты сынға алған және Қадырбаев аудармасының артықшылықтарын тізбектеп берген. «Екінші – бұл кітап әуелден-ақ басылатын жөні жоқ еді. Өйткені, «Қылмыс заңы» Орынборда қазақшаға аударылып болып, басуға күздігүні берілгендігі «Ақ жолдың» 3 ноябрьде шыққан 265-санында жарияланған еді. Түркістан заң комиссариаты бұл кітаптың басылып шыққан соң 5000 данасын сұрағандығы да сонда айтылған еді. «Қылмыс Заңын» қазақшаға аударушы Қадірбайұлы Сейдәзім екендігі де сонда көрсетілген еді. Сейдәзім законның мәнісіне, рухына жақсы түсініп аудару алатындығын Түркістандағы азаматтардың бірсыпырасы білетін еді. «Қылмыс Заңы» Орынборда өткен 1923 жылда басылып та шығып еді. Енді, соның бәрінің артынан 1924 жылы мынадай «Жауыздық низамнамасы» шығып отыр. Сейдәзімнің кітабы мен мұның тәржімасын салыстырып, бұдан Сейдәзімдікі нашар болғанда ғана мұны басу керек еді. Қанша пұл, қанша қағаз, қанша еңбек босқа кетіп отыр. «Енді бұл кітапты не қылу керек?» деген сауал болар. – Бізден сұралатын болса, бұл «Жауыздық низамнамасы» қолдануға анық жарамайды. Бұл кітап сот-тергеу мекемелерін адастырады. Бұл кітап қазақтың тілін бұзады. Сондықтан, бұл кітапты доғару керек. Әсіресе, закон болғандықтан доғару керек». Міржақып аталған газеттің 463-санында жарияланған осы мақаласының жалғасында былайша түйін түйеді: «2) 9-статьядағы «взрывчатые вещества» дегенді «жарылатын нәрсе» деп қате аударған болса, енді ол туралы айтып отырғандары, бұған тура келетін қазақ сөзі жоқ дейді. Сөз ұзартпау үшін бұл статьяның қандайлық дұрыс аударылғанын Сейдәзім жазған «Қылмыс Заңынан» оқушылар көрсе екен деймін» - деп сөзін аяқтаған [9, б. 5-6]. Баяндалған мақаладан, Міржақып Дулатовтың досы әрі замандасы Сейдәзім Қадырбаевтың аударған заңдарына және оның құқықтық сауаттылығына берген жоғарғы бағасын көруге болады.

Жоғарыда аталған «Қылмыстық істерді жүргізу заңына» толықтырулар мен түзетулер енгізіп 1925 жылы Қызылорда қаласында қайта баспаланған. 1926 жылы бірнеше автор бірлесіп «Ақы заңын» қазақ тіліне аударылып Қызылорда қаласында жарық көрді [10, б. 305, 351]. 1927 жылы «Жер заңы», 1928 «Нотариат туралы заң, ереже, нұсқаулар», 1930 жылы «Ақылы істерді жүргізу заңы» және «Неке, үй-іші және қамқорлық туралы заңдарды» қазақшаға тәржімалау арқылы сот жүйесін өз ана тілінде іс жүргізуге қажетті құралдармен қамтамасыз еткен [11]. Сейдәзім – заңгер, құқық саласының білгірі. Қазақтың саяси-құқықтық ойлау ілімінің қалыптасуына, дамуына үлес қосқан, қазақ тілін заң тіліне айналдырған тұлға. Құқықтық-саяси құжаттар мен нормаларды жүйелеген, бүгінгі біз білетін көптеген термин мен ұғымды қазақшалаған заң ісімен теориялық-тәжірибелік тұрғыда қатар айналысқан маман.

Алайда Қадырбаев Сейдәзім Құлмұхамедұлы 1930 жылы 14 қыркүйекте тұтқындалып 1932 жылы мамыр айында 5 жылға ұлтшыл контрреволюциялық Алаш Орда ұйымының мүшесі ретінде сотталып Воронежге жер аударылды. Біраз уақыттан кейін Воронеж



қаласына Сейдәзім Қадырбаевтың отбасы да көшіп келеді. Воронеж қаласында Красноармейская 17 мекен жайында отбасымен тұрды. Воронеж қаласына келгеннен кейін көп ұзамай қант тресінің жабдықтау кеңсесіне заңгер ретінде жұмысқа орналасып, бұл жақтада заңгерлік қызметін одан әрі жалғастырады. Қадырбаевты жұмысқа қант тресінің басшысы Герасимов Александр Иванович өзі қабылдайды. Ол жерде 1935 жылдың наурыз айына дейін жұмыс жасады. 1935 жылы наурызда Россовхозснабқа заңгерлік жұмысқа ауысады. Россовхозснабта 1937 жылы Воронежге 5 жылға әкімшілік жер аударылу үкімінің мерзін өтеп болғандығына қарамастан 1938 жылы 4-ші ақпанда қайта тұтқындалғанша жұмыс жасайды [6, б. 7]. Осылайшы Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың кеңес өкіметінің сот жүйесі саласындағы қызметі аяқталады. 1938 жылдың ақпан айында басталған тергеу ісі қазан айына дейін созылды. Сегіз айға созылған тергеу хаттамаларымен жұмыс жасау барысында, барлық сұрақтардың мазмұны жағынан ұқсастығын көруге болады. Жабылған жала мен барлық сұрақтар Алашорда ұйымымен оның мүшелеріне қатысты қойылған. Тергеудің ұзақ уақытта созылғандығына қарамастан Сейдәзім Қадырбаевтың сұрақтарға нақты, қысқа да нұсқа, еш шашау шығармай жауап бергенін де байқауға болады.

Нәтижесінде Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевқа қатысты тергеу ісі бойынша 11 қазанда ату жазасы туралы үкім шығарылады да, үкім 1938 жылы 17 қазанда орындалды [6, б. 28-29].

#### *Қорытынды*

Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың заңгерлік қызметі, 1905 жылы патшалық ресей кезеңінде Орынбор аймақтық сотында аудармашылықтан басталып, 1938 жылдың қазан айында аяқталды. 33 жылдық сот жүйесіндегі түрлі қызметі барысында түрлі кедергілердің болғандығы да мәлім. Солардың бірі Орынбор қаласындағы «КОКП Орынбор облыстық комитетінің партиялық мұрағатынан» алынған мына бір құжат «Сот және тергеу істерін қарау үшін РКП (б) Орынбор губерниялық комитетінің (Ресей большевиктер коммунистік партиясы) ОГПУ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) ұйымдарымен хат алмасуы. 1923 жылдың 19 маусымы мен 14 желтоқсан аралығын қамтыған 20 беттік мына бір істе «Қырғызстандағы партияның алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - кеңестік және әкімшілік органдардың құрамын бай және Алаш-Орда элементтерінен тазарту. Кеңес өкіметі идеясы мен партияның қырғыз кедей шаруалары алдындағы беделі, біріншіден осы кедей шаруалардың Кеңес өкіметі диктатурасының шынайылығына сенімді болған кезде ғана жоғары болады. Екіншіден, кеңестік биліктің төменгі аппаратынан, байлар мен олардың қызметшілерін аластап, олардың орнына кедейлерді тарту, қырғыз халқының жұмыс массасына нақты әсер ету және байланыс жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді, және олардың байлардың ықпалына қарсы тұруға жол ашады» десе, осы құжаттың 16 бетінде «жауапты кеңестік лауазымдарға партияға мүше емес адамдар қабылданбасын және кеңес үкіметіне қарсыларды қызметтен дереу босату керек»-деген РКП (б) Киробкомының жауапты хатшысы Коростелевтың Губкомның барлық хатшыларына атты қатаң құпия хаты сөзімізге нақты дәлел бола алады [12, б. 1. 16]. Барлық мұрағат деректерінен көріп отырғанымыздай жоғарыда баяндалған құжаттың мазмұнына қарамастан және Сейдәзім Қадырбаевтың Алаш партиясынан өзге партияларға мүше болмағандығын ескерсек, оның сот жүйесі саласында басшылық қызметте жұмыс жасауы, оның тағы бір мәрте заң саласының білікті, мықты маманы болғандығын айқындай түседі.

Қазақтың қоғамдық-саяси қайраткерлері өкімет органдары атап өткендей белгілі бір азын-аулақ топтардың емес, бүкіл халық мүдделерін көздеп іс-қимыл жасағанымен кеңес үкіметі тарыпынан халық жауы деп жала жабылды. Себебі олар отаршыл өкімет орындары әрекетінің халыққа қарсы мәнін әшкерелеп оларды сынап қана қойған жоқ, сонымен қатар саяси дамудың нақты жолдарын ұсына да білді.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат / Қ.К. Тоқаев // Егемен Қазақстан. – 2021. - №2. – Б. 2.
- [2] Центральный государственный архив Оренбургской области (ЦГАОО). – Ф.7. – Оп.1. – Д.275. – Л.50.
- [3] Сактаганова Э.Б. Заңгер Сейдәзім Қадырбаев өмірінің кейбір сәттері туралы тарихи деректер / Э.Б.Сактаганова, Н.Д. Четин // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы. – 2020. - №3(98). – Б. 146-155.
- [4] Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА). - Ф.17. - Оп.1. – Д.1. - Л.1-2.
- [5] Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. / Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы: в 4-х т.Т. 4 / М. Қойгелдиев, Д. Әшімханұлы, Р.Мәженқызы және басқалар.; жалп. Ред М. Қойгелдиев, Д. Әшімханұлы. - Алматы: Ел-шежіре, 2007. –352 б.
- [6] Государственный архив общественно-политической истории Воронежской области (ГАОПИ). - Ф.9353. - Оп.2. – Д.16483. - Л.7-29.
- [7] ЦГА. - Ф.1541. - Оп.1. – Д.3201. - Л. 50.
- [8] «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия: 10-т. Т.5 / Бас редактор. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. –433 б.
- [9] Қайсар Ә. «Наркомюст» наркескені». Көрнекті заңгер Сейдәзім Құлмағамбетұлы Қадырбаев туралы айтылмай келген ақиқат / Ә. Қайсар // Егемен Қазақстан. – 2009. №124. –5-6.
- [10] Міржақып Дулатұлы: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары: 5-томдық шығармалар жинағы. Т.3 / Құраст: Дулатова Г., Иманбаева С. - Алматы: Мектеп.2003. –360 б.
- [11] Тоқтарбай Е.Н. Қайта оралған қайраткер. [Электронды ресурс] / Е.Н. Тоқтарбай // 2019. Қол жеткізу режимі:<https://turkystan.kz/article/89605>
- [12] Партийный архив Оренбургского обкома КПСС (ПАОО КПСС). - Ф.1. - Оп.1. – Д.363. – Л.1-16.

## REFERENCES

- [1] Kasym-Jomart, Tokaev (2021). Tauelsizdik barinen kymbat [Independence is the most precious thing] . Egemen Kazakhstan. 2, 2 [in Kazakh].
- [2] Centralnyi gosudarstvennyi arhiv Orenburgskoi oblasti (CGAOO) [Central State Archives of the Orenburg Region (CGAOO)]. 57, 1, 275 , 50 [in Russian].
- [3] Saktaganova, E.B., Chetin, N.D. (2020). Zanger Seidazim Kadyrbaev omirinin keibir satteri turaly tarihi derekter [Zanger Seidazim Kadyrbaev is a historical figure about some lines of his life]. Al-Farabi at. KazUU habarshysy. Tarih seriasy - Al-Farabi horse. Bulletin of the KazNU. History series, 3(98), 146-155 [in Kazakh].
- [4] Centralnyi gosudarstvennyi arhiv Respubliki Kazakhstan (CGA) [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CGA)]. 17, 1, 1, 1-2 [in Russian].
- [5] Koigeldiev, M., Ashimhanuly, D., Majenkyzy, R. (2007). Kazak ult-azattyk kozgakysy [Kazakh national liberation movement] . M.Koigeldiev, D.Ashimhanuly – Almaty: «El-shejire», 4-T: Kazak siezderi. Kujattar men materialdar jinagy - Kazakh congresses. Collection of documents and materials [in Kazakh].
- [6] Gosudarstvennyi arhiv obshestvenno-politicheskoi istorii Voronejskoi oblysti (GAOPI) [State Archive of Social and Political History of the Voronezh Region (GAOPI)]. 9353, 2, 16483, 7-29 [in Russian].
- [7] CGA. 1541, 1, 3201, 38-50 [in Russian].
- [8] Aiagan, B. (Eds.). (2003). «Kazakhstan»: Ultyk enciklopedia ["Kazakhstan": National encyclopedia]: 10-t. T.5. - Almaty: «Kazak enciklopediasynyn» Bas redakciasy [in Kazakh].
- [9] Kaisar, Alim (2009). «Narkomyist» narkeskeni. Kornekti zanger Seidazim Kulmaganbetuly Kadyrbaev turaly aitylmai kelgen akikat ["Drug addict". The unspoken truth about the outstanding lawyer Seidazim Kulmagambetovich Kadyrbayev] Egemen Kazakhstan, 124, 5-6 [in Kazakh].
- [10] Dulatov, M. (2003). Kosemsoz, adebi-syn jane zertteu makalalary [Foreword, literary criticism and research articles]. G. Dulatova, S.Imanbaeva (Ed.). (Vol. 5-3). Almaty: Mektep [in Kazakh].
- [11] Toktarbai, E.N. (2019). Kaita oralgan kairatker [Returned figure]. Retrieved from <https://turkystan.kz/article/89605> [in Kazakh].
- [12] Partiyni arhiv Orenburgskogo obkoma KPSS (PAOO KPSS) [Party archive of the Orenburg regional committee (PAOO KPSS)]. 1, 1, 363, 1-6 [in Russian].



Сактаганова Э.Б., Сайлаубай Е.Е.

## ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЮРИСТА С.КАДЫРБАЕВА ПРИ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ

**Аннотация.** Данная исследовательская работа посвящена жизни и политико-правовому подходу С.Кадырбаева. Потому что с самого начала он был в числе лидеров казахского национально-освободительного движения. Всю свою жизнь он посвятил независимому будущему родного народа. Через посредство политической деятельность и правовых воззрений личностей можно увидеть историю политической борьбы того периода, в котором он жил, вождей общественных деятелей, которыми были ее движущей силой. Всесторонне изучена жизнеописание лица за рассматриваемый период, дана оценка его заслуг в развитии общества за тот же период, путем сопоставления, анализа и систематизации по хронологическому методу сведений из архивов Российской Федерации, не включенных в научный оборот, во всех опубликованных до настоящего времени научных трудах и памятных записках, а также в статьях различных жанров научной публицистики, представляющих много сведений, касающихся общественной и правовой деятельности одного из деятелей Алаша – Сейдазима Кадырбаева при советской власти.

**Ключевые слова:** Движение Алаш; деятель; юрист; переводчик; С.Кадырбаев; Советское правительство; политические репрессии.

Saktaganova Elmira, Sailaubai Erlan

## ACTIVITY OF LAWYER S. KADYRBAYEV UNDER THE SOVIET GOVERNMENT

**Annotation.** This research paper is devoted to the life and political and legal views of S. Kadyrbayev. Because from the very beginning, he was among the leaders of the Kazakh National Liberation Movement. He devoted his entire life to the independent future of his native people. Through the political activity and legal views of a person, you can see the history of the political struggle of the period in which he lived, the efforts of public figures who became his driving force. By comparing, analyzing and systematizing the chronological method of information obtained from the archives of the Russian Federation, which are not included in scientific circulation, all the published scientific works and articles of various scientific and journalistic genres, which provide a small amount of information about the social and legal activities of one of the Alash figures-Seidazim Kadyrbayev-under the Soviet regime, the life of the individual during the period under consideration, the assessment of his contribution to the development of society during that period was given.

**Keywords:** Alash movement; activist; lawyer; translator; S. Kadyrbayev; Soviet government; political repression.

ӘОЖ 94(574)

ГТАХР 03.20

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).35

**Бекмағамбетов Р.К., Бекмағамбетова М.Ж.***А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан***E-mail:** Ruslan69\_07@mail.ru, maisara75@mail.ru**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА КСРО -ДА ЛАГЕРЛЕРДЕ ӘСКЕРИ  
ТҮТҚЫНДАРДЫ ҰСТАУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада Кеңес Одағының аумағында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында лагерлерде әскери тұтқындарды ұстаудың нормативтік-құқықтық базасын құру мәселесі қарастырылады. Мақалада осы құжатты 1929 жылғы Женева конвенциясымен салыстыра отырып, «1941 жылғы 1 шілдедегі әскери тұтқындар туралы ережені» қабылдау және жүзеге асыру туралы айтылады. Сондай-ақ, Ережемен бірге қысқа мерзімде ӘТИБ лагерлері әкімшілігі мен әскери тұтқындар қызметінің барлық аспектілерін реттейтін нормативтік актілер дайындалып, қолданысқа енгізілді.

Кеңес мемлекетінің соғыс тұтқыны саласындағы саясаты таптық көзқарас пен пролетарлық интернационализм қағидатынан туындады. Ұлы Отан соғысы жылдарында таптық-идеологиялық тәсіл әскери тұтқындарды емдеудегі прагматикалық тәсілге жол берді. Нормативтік-құқықтық базаны талдау әскери тұтқындарды ұстау жағдайларында адамгершілік қағидаттардың болғандығын растайды. Кеңес басшылығы «әскери тұтқындарды» жұмыс күші және шет елдерге саяси ықпал ету құралы ретінде қарастырды. Авторлар КСРО-ның әскери тұтқындарға қатысты халықаралық міндеттемелерді ұстанғанын көрсетеді.

**Кілт сөздер:** халықаралық құқық; мәжбүрлі еңбек; әскери тұтқындар; конвенция; ережелер; нұсқаулар; режим; бап; лагерь; нұсқаулар.

*Kipicne*

XX ғасырдың 40-шы жылдарының бірінші жартысында соғыста қаза болғандар мен оның зардабын Еуропа құрлығында болған жағдаймен салыстыруға болмайды. Соғыстан кейінгі жылдарда тарихшылар кең ауқымды материалды жинақтады, бұл қарастырылып отырған кезеңді жеткілікті дәрежеде қарастыруға негіз берді. Дегенмен, Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс» [1]. Шындыққа жету тарихи өткенге қайта оралып, оның көптеген оқиғалары мен құбылыстарын қайта қарауды талап етеді. Жарты ғасырдан астам уақыттан бері болған жағдайды түсіну, бүгінгі күннің көптеген мәселелерін реттеуге және жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттелетін тақырыптың сөзсіз өзектілігін көрсетеді.

Мұрағаттық және жарияланған құжаттар мәжбүрлі еңбек жүйесінде әскери тұтқындарды пайдалану мәселесіне мүлдем басқа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Кеңестік саясаттың қалыптасуы үшін шетелдіктердің санаттарына қатысты маңыздылығы аз болғандықтан, соғыс кезінде тек Германия ғана емес, сонымен қатар бірқатар одақтас мемлекеттер КСРО-ға қарсы шыққан, агрессияға қандай да бір түрде қолдау көрсеткен немесе үлес қосқандарды есептемеген фактор болып табылады. Бұл әскери тұтқындардың және бейтараптық азаматтардың ұлттық құрамын алдын ала анықтады. Тақырыптың өзектілігінің дәлелді негіздемесі, ол тек кеңестік қоғамның ішкі ахуалы мен қайшылықтары



ғана емес, сонымен бірге соғыстан кейінгі халықаралық саясаттың жаңа үрдістерін де көрсететін жағдай болып табылады.

Тұтқындар мәселесі және олардың еңбекке жарамдылығы мемлекеттік шекарасы жоқ, бұл Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан барлық елдерге де тән, бірақ олардың әрқайсысына айқын сипаттамалармен, өзіне тән ерекшеліктерімен және айырмашылықтарымен толықтырылды. Кеңес Одағы жағдайында оның толықтырушысы соғыс уақытының мән-жайларына байланысты, мекендеу орындарынан оқшауланған еуропалық қоғамның бір бөлігінің әлемдік көзқарасын қайта бағыттауға бағытталған саясат болды.

#### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Қазақстанның тарихи ғылымында әскери және ішкі істер тұтқындарының мәселесі салыстырмалы түрде жаңа, зерттеушілер бұл сюжетті әзірлеуге енді ғана кірісе бастады. Отандық тарихнама 1990-шы жылдардың басында қоғамдық сананы көтеру мен саяси режимді ырықтандыру тұрғысынан қалыптасты. Зерттеушілер шетелдік авторлардың зерттеуіне, бұрын жарияланған мұрағаттық құжаттарға және статистикалық деректерге қол жеткізді. Осы кезеңде Қасымбектің Ж.К. [2], Қ.С. Алдажұманованың [3] Қазақстандағы әскери тұтқындар және олардың еңбегін пайдалану, тұтқындар мен азаматтық тұлғаларды репатриациялау, Қазақстандағы мәжбүрлі еңбек жүйесінде еңбек ардагерлерінің жұмысына қатысты мақалалары жарияланды.

Қазақстандағы Әскери тұтқындар және қамауға алынғандар жөніндегі мемлекеттік басқару (ГУПВИ) жүйесі қалыптасуының толық көрінісі А.Ш.Алтаевтың, Б.О. Жангуттинның [4-6] еңбектерінде көрсетілген.

Әдістемелік негізді біріктірген тарихилық, нақтылық, жүйелілік және ғылыми әділдік. Олар бұл мәселені тұтас үдеріс ретінде қарастыруға және сонымен қатар оның құрылымын, ерекшеліктерін, даму динамикасын және таңдалған кезеңнің күрделі әлеуметтік-саяси жағдайлардың өзгеруін анықтау тұрғысынан көзқарасты саралауға мүмкіндік берді.

#### *Зерттеу нәтижелері*

Ұлы Отан соғысының басталуымен, 1941 жылдың 1 шілдедегі КСРО Халық комиссариаты Кеңесінің әскери тұтқындарды ұстаудың нормативтік – құқықтық негізін қамтамасыз ету үшін, «әскери тұтқындар туралы ережені бекіту туралы» № 1798-800 қаулысын қабылдады. Сотталғандар туралы ереже өзінің негізгі баптарында 1929 жылғы әскери тұтқындарымен қарым-қатынас жасау туралы Женева конвенциясына және 1907 жылғы Гаага конвенциясына қосылатын жердегі соғыс туралы заңдар мен әдет-ғұрыптары туралы ережеге ұқсас болды. Ресми түрде, Кеңес Одағы 1929 жылғы Женева конвенциясына қосылмаған. Алайда, жалпы алғанда, КСРО 1907 жылғы Гаага конвенциясында баяндалған соғыс тұтқындарын емдеуге қатысты халықаралық міндеттемелерге мойынсұнғанын атап өтуге болады. 1941 жылғы 1 шілдеден бастап әскери тұтқындар туралы ереже негізінен соғыс тұтқындарының және ішкі істер органдары қызметкерлерінің мәртебесінде ешқандай айырмашылықтар туғызбады. Ереженің 1-тармағы айқын анықталды: «1. Сотталғандар мыналар деп танылады: а) соғыс уақытында тұтқындалған, КСРО-мен соғыс жағдайында тұрған мемлекеттердің қарулы күштерінің құрамына кіретін тұлғалар, сондай-ақ осы мемлекеттердің азаматтары [7, б. 37].

Ережеге сәйкес тыйым салынған: әскери тұтқындарды қорлау және оларды теріс пайдалану; соғыс тұтқындарына әскери және басқа жағынан өз елінің жағдайы туралы ақпарат алу үшін мәжбүрлеу шаралары мен қатерлерді қолдануға; әскери тұтқындардың нысанды киім-кешек, аяқ киім және басқа да жеке заттарын, сондай-ақ жеке құжаттар мен үздіктік белгілерін тартып алу. Құндылықтар мен ақшаны әскери тұтқындардың ресми түбіртектері бойынша сақтауға болатындығы көзделді [7, б. 38]. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында әскери тұтқындардың контингентін өз құқықтарымен таныстыру



үшін «Нұсқаулар мен ережелер ... барлық әскери тұтқындар оқитын жерлерде орналастырылған. Бұл нұсқаулықтар мен ережелер, сондай-ақ әскери тұтқындарға қатысты бұйрықтар мен өкімдер орыс тілінде және оларға таныс тілде жарияланады» [7, б. 38]. Құжат қарсыласты тұтқынға алған жағдайда қолбасшылықтың іс-әрекеттер реттілігін реттеді. Құжатқа сәйкес, оларды тұтқынға алғаннан кейін дереу әскери лагерлерге жіберу керек. Тұтқынға алу кезінде әскери тіркеу жүргізілді. Тіркелу кезінде әрбір әскери тұтқын өзінің нақты тегін, атын, әкесінің атын, жасын, шыққан жерін және матрикулярлық номерін беруге міндетті болды [7, б. 38]. Құрастырушылардың қисынына сәйкес, бұл мәлімет әскери тұтқындарды бақылауды жеңілдетті, мәлімет әскери тұтқындармен бір мезгілде әрі қарай тергеу пункттеріне жіберілген.

Медициналық көмекке немесе ауруханаға жатқызуға мұқтаж жарақат алған науқастарға кепілдік берген құжат, жолдама қағазы ең жақын ауруханаларға жіберілді. Оларға формалы киім киюге және үздіктік белгілерін тағуға рұқсат етілді. Әскери тұтқындарға қаруды алып жүруге және сақтауға тыйым салынды. Халықаралық нормаларға сәйкес «медициналық және санитарлық қатынастардағы әскери тұтқындар Қызыл Армияның әскери қызметкерлерімен бірдей негізде қызмет етеді деп кепілдік берілген. Әскери тұтқындарды санитарлы-медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін лагерлердің штаттық құрамынан басқа, әскери тұтқындардың арасынан, қарсылас армияның құрамынан медицина қызметкерлерін қатарына тартуы ықтимал» [7, б. 39].

Әскери тұтқындарға кепілдікпен берілген құқықтар ең қызықты боп енгізілген. Олардың тізімі онға жетті: а) тұтқында отырғаныңыз жайлы еліңізге (үйіңізге) мүмкіндігіңізше жылдам хабарлау; б) туған жерден және бейтарап елдерден бажсыз, лицензиясыз және акциз салығының төлемінсіз азық-түлік өнімі бар сәлемдемелерді, киім-кешек және басқа да негізгі қажетті заттарды алу; г) үйіңізден және бейтарап елдерден ақшалай аударылымдар алу [7, б. 39-40]

КСРО ішкі істер халық комиссариаты тарапынан және әскери тұтқындар істерінің басқармасы әскери тұтқындарға қолма-қол ақшаны мөлшермен алып жүруге мүмкіндік берді. Шетелден келген әскери тұтқындардың шетел валютасындағы қаржылары, ағымдағы бағам бойынша кеңес рубліне ауыстырылды.

Ережеге сәйкес, әскери тұтқындар әкімшілік белгілеген, нұсқаулықта көрсетілген барлық ережелерді қатаң ұстануға міндетті. Әскери тұтқындардың еңбек құралын реттеу тұрғысынан құжат үлкен қызығушылық тудырады. Мәжбүрлі еңбек жүйесінде әскери тұтқындарды пайдаланудың алғышарттары әскери тұтқындарға қатысты негізгі нормативтік құжатта баяндалды. Жеке және унтер-офицерлік құрамның әскери тұтқындары КСРО-ның ішкі істер халық комиссариаты және әскери тұтқындар істерінің басқармасы әзірленген арнайы ережелер негізінде лагерде, сондай-ақ өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы лагерден тыс жерде жұмысқа тартылуы мүмкін екендігі анықталды. Сонымен қатар, «офицерлер мен оларға теңестірілген әскери қызметкерлер жұмысқа олардың келісімімен ғана қатыса алады» деп бекітілді. Жұмысқа тартылған әскери тұтқындар жергілікті жерлерде сол салада жұмыс істейтін КСРО азаматтарына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы қаулымен таратылды [8, б. 67].

Халық шаруашылығының әр түрлі салаларындағы жұмыстарға тартылатын әскери тұтқындар, КСРО-ның әскери іс-қимыл жөніндегі ішкі істер халық комиссариаты басқармасы белгілейтін мөлшерде жалақы алды. Әскери тұтқындардың жалақысынан оларды күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың орнын толтыруға қаражат шегеріліп отырды (егер жалпы азық-түлік үлесі ұйымдастырылған болса, тұрғын үй алаңына, коммуналдық қызметтерге, тамаққа төлемі) [7, б. 39-40]. Әскери тұтқындардың нақты еңбегі осы бейнеден қашық болғаны түсінікті, алайда мемлекеттің әскери тұтқындар мен еңбек ресурстарының





басқа отрядтары арасында негізді шектеу жасамағаны, ал жұмыс күшін «күтіп-ұстауға» жұмсалатын соманы шегере отырып мәжбүрлі еңбек үшін төленетін жалақы төлеудің болуы зерттеулер үшін маңызды болып табылады.

Әскери тұтқындарды тұрғын үй алаңымен және коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету әскери тұтқындар жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдар есебінен жүзеге асырылды. Әскери тұтқындар жұмысқа орналасқан сәттен бастап мемлекет есебінен алатын барлық үлес түрлерінен айырылып отырды [8, б. 68].

Халықаралық ұйымдармен өзара әрекет ету тәртібі келесіні көздеді: әскери тұтқындардың тізімдерін және әскери тұтқындардың істері бойынша қатынастарды шетел және халықаралық Қызыл Крест ұйымдарымен немесе анықтама бюроларымен алмастыруды Қызыл Крест және Қызыл жарты ай қоғамдары Одағының Атқарушы комитеті жүзеге асырды. Осы мақсат үшін Қызыл Крест және Қызыл жарты ай қоғамдары Одағының Атқарушы комитеті жанынан КСРО Ішкі істер халық комиссариатымен және Шетел істері халық комиссариатымен келісім бойынша аталған Комитет бекітетін ерекше қағида негізінде әрекет ететін әскери тұтқындар бойынша Орталық анықтама бюросы ұйымдастырылды. Шетел және халықаралық Қызыл Крест ұйымдарының және басқа халықаралық қоғамдық ұйымдардың өкілдері Шетел істері халық комиссариатының ерекше рұқсатымен әскери тұтқындарға көмек көрсету үшін КСРО аумағына жіберілді [7, б. 40].

Көлемі бойынша Әскери тұтқындар туралы қағида барлығы 31 баптан тұрды, 1929 ж. Женева конвенциясында 97 бап болды. Жалпы қағида халықаралық құқықтың көпшілік мақұлдаған нормаларына сәйкес болды, алайда маңызды айырмашылықтары да болды.

Қағидада әр түрлі нәсілдер мен ұлт халықтарын бөлек ұстауды көздейтін бап болған жоқ. Мұнда әскери тұтқындарды тамақтандыру нормалары анық жазып көрсетілмеген. Егер Конвенция әскери тұтқынды тамақтандыру рационын казарма жағдайындағы өз әскерінің рационы деңгейінде тамақтың сапасы және оның саны бойынша белгілеген болса, 1941 жылы Қағида тамақтандыру нормасын белгілеу құқығын КСРО Ішкі істер халық комиссариатынан әскери тұтқындар және тұтқындалғандар істері бойынша басқармасына берді. Конвенцияға қарағанда, қағидада әскери тұтқындардың еңбегін қару-жарақ әзірлеу және тасымалдауға, әр түрлі бекіністер салуға, денсаулыққа зиянды жұмыстарда пайдалануға тыйым салу болған жоқ. 1941 жылы Қағидада әскери тұтқындардың, құдайға сиынуды қоса, өз діни әдет-ғұрыптарын орындауға құқығы туралы және дін қызметкерінің бір діндегі әскери тұтқындардың рухани мұқтаждарын қамтамасыз ету құқығы туралы бірде-бір сөз болған жоқ.

Унтер-офицерлердің еңбегін пайдалануға да тәсілдер әр түрлі болды. Конвенция бойынша оларды тек жұмыс істеушілерді қадағалау бойынша жұмысқа, ал қағида бойынша – қатардағы жұмысшылармен бірге барлық жұмыстарға тартуға рұқсат берілді.

1941 жылы әскери тұтқындар туралы қағиданың ең басты кемшілігі 1929 жылы Конвенцияда көзделген құқықтарға кепілдік беретін баптардың болмауы. Қағида бойынша әскери тұтқындардың олардың тұтқында ұстау режиміне шағыммен өкіметке жүгіну мүмкіндігі болған жоқ деуге болады және тек лагерьдің әкімшілігімен ғана тілдесе алды. Әскери тұтқынның кез келген оған қатысты шығарылған үкімге шағымдану, қорғаушы алу құқығы болған жоқ. Өлім жазасына үкім шығарылған жағдайда қағидада осы туралы Қызыл Крест және Қызыл жарты ай қоғамдары Одағының Атқарушы комитетіне хабарлағаннан кейін бір айдан соң оны орындауды жүзеге асыру көзделді, сонымен, оған шағымдануға уақыт қалмайтын. Ал Конвенцияда қолдаушы-держава өкіліне хабарлама жолданған күннен бастап үш ай өткеннен кейін өлім жазасы үкімін орындау жүзеге асырылды.

Барлық орын алған айырмашылықтар 1941 жылы Әскери тұтқындар туралы қағидада, 1929 жылы Конвенцияға қарағанда, әскери тұтқындардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты тармақтардың талдап-тексеруі біршама төмен болғанын көрсетеді. Бұдан басқа,



КСРО-ның Әскери тұтқындар туралы халықаралық конвенцияны мойындамауы фашист Германиясына, Жапония сияқты, кеңестік әскери тұтқындармен қатыгез қатынасы үшін дәлел табу мүмкіндігі болып табылды. Гитлердің КСРО-ға соғыс бастар алдында, «орыстарға қарсы, Батысқа қарсы сияқты емес, өзге соғыс құралдарын пайдалану қажет... Себебі орыстар Конвенцияны мойындамайды..., сондықтан олардың әскери тұтқындарымен қарым-қатынас Конвенция ... шешімдеріне сәйкес болуы қажет» деп мәлімдегені белгілі. [9, б. 23].

Әскери тұтқындар туралы қағиданың германиялық тұтқынға түскен қызыл әскермен қарым-қатынас бойынша ұлтшылдық басшылық директивтерімен ешқандай салыстыруға келмейді. 1941 жылы 8 маусымда германиялық вермахт әскерлеріне комиссарлар туралы бұйрық жолданды, мұнда «барлық атақтағы саяси комиссарларға» қатысты келесі айтылды: «Осы күресте ұқсас элементтерді аяу және олармен халықаралық құқық нормаларына сәйкес қатынас жасау дұрыс емес. Осы элементтер біздің жеке қауіпсіздігімізге қауіп төндіреді. Сондықтан, егер олар ұрыста жаулап алынған немесе қарсылық көрсететін болса, оларды дереу жою қажет» [10, б. 109-110]. Мұнда, гитлершілер тарапынан әскери тұтқындармен қарым-қатынас бойынша халықаралық құқық нормаларын айқын бұзушылықтың нормативтік құжаттарда бекітілгені көрініп тұр.

Әскери тұтқындар туралы қағиданың қабылдануымен, әскери тұтқынға алу проблемасына қатысты нормативтік-құқықтық база құрудың тыйылмағанын атап өту қажет. Әскери тұтқындар және қамауға алынғандар жөніндегі мемлекеттік басқару (ГУПВИ) лагерлері әкімшілігі мен әскери тұтқындардың қызметінің барлық жақтарын реттейтін нормативтік актілерді қабылдау, қысқа мерзімде дайындау және әрекет етуге қосу қажет болды.

1941 жылы 7 тамызда КСРО Ішкі істер халық комиссариаты лагерлерінде әскери тұтқындарды күтіп-ұстау және есепке алу тәртібі туралы нұсқаманы әрекет етуге енгізумен, № 001067 бұйрық шығарды. Осы құжаттарға жасалған талдау көптеген өз тармақтарында жоғарыда қаралған құжатта – Әскери тұтқындар туралы қағидада баяндалған нормаларды қайталағанын көрсетеді. Айырмашылығы әскери тұтқындар үшін лагердің ішкі тәртібін талдап тексеру, қабылдау, тіркеу және есепке алу тәртібі, сонымен қатар әскери тұтқындардың құқықтары мен міндеттеріне байланысты тармақтар. Нұсқамада әскери тұтқындарды күтіп-ұстауға арналған лагерь тікенді сымнан жасалған қоршаумен, жеткілікті берік және биік (кемінде 2 метр) ағаш немесе тас дуалмен оқшауланады және түнгі уақытта лагерь аймағын жарықтандыру үшін қажетті жарық нүктелерімен қамтамасыз етіледі деп жазылған. Лагерьдің қоршауы дұрыс тікбұрыш немесе шаршы нысанында салынады, негізгі аймақтан 5 метр қашықтықта орналасады, үш сымнан әзірленген алдын ала ескерту аймағы белгіленеді.

Лагерь аумағын қадағалау және қорғау үшін күзетшілерге арналған мұнаралар орналастырылды. Әскери тұтқындар лагерінің аймағына жеңіл және жүк автокөлігін өткізу үшін лагерь қызметкерлері және лагерьге келушілер өтуге арналған жеке вахта орналастырылды. Лагерь қызметкерлерін және Ішкі істер халық комиссариатының лагерьді инспектрлеу қызметкерлерін вахта арқылы өткізу қызметтік куәліктер бойынша, ал лагерьге келуші басқа тұлғалар үшін лагерь бастығының, оның орынбасарының немесе көмекшісінің өкімі бойынша берілетін, белгіленген нысандағы рұқсаттама бойынша жүзеге асырылды.

Әскери тұтқындарға арналған үй-жайлар вагон жүйесіндегі екі қабатты сәкімен, үй-жай ішінде қалыпты температураны қамтамасыз ететін қажетті пеш санымен, сонымен қатар қажетті тұрмыстық керек-жарақпен: үстелдермен, орындықтармен, қол жуғыштармен, қоқысқа арналған жәшіктермен, ауыз суға арналған бактермен, жеке заттарды сақтауға арналған тумбалармен немесе сөрелермен жабдықталды [11, п. 2].

Ішкі істер халық комиссариаты лагерлерінде әскери тұтқындарды күтіп-ұстау тәртібі туралы нұсқаманың әскери тұтқындарға салынатын жаза шараларына қатысты 6-тарауы қызықты, 60-тармағында лагерь бастығы Тәртіптік жарғының §22 шегінде әскери

тұтқындарға жаза шараларын қолдана алады деп көрсетілген, атап айтқанда, а) тексеру кезінде қатар алдында сөгіс жариялауға; б) бұйрықты сөгіс жариялауға; в) 20 тәулікке дейін гауптвахтада және 10 тәулікке дейін қатаң қамауда ұстаумен жай қамауға алу. Бұдан басқа, теріс қылық жасаған әскери тұтқынды келесі құқықтарынан айыру: а) 2 ай мерзімге дейін хат-хабар алмасу құқығынан; б) 2 ай мерзімге дейін ақша пайдалану құқығынан [11, п. 10 об].

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Қазақстан аумағында әскери тұтқындарға арналған лагерлерді ұйымдастыру жұмыстары басталды.

1941 жылдың маусым-шілде айларында ГУЛАГ жүйесінің бұрынғы қолданыстағы лагерлерінің негізінде - Қарағанды және Ақтөбе облыстарында екі лагерь құрылды. 1941 жылдың 24 маусымында Спасскідегі Ішкі Істер Халық Комиссариатының шешімі бойынша әскери тұтқындарға арналған арнайы лагерь ұйымдастырылды. Құжаттарда бұл лагерь «Спасо-Заводтық» немесе Қарағандылық лагерь деп аталады және бастапқыда ешқандай нөмірі болмады. 1943 ж. бастап әскери тұтқындарға арналған лагерлерге номерлерді бере бастады.

Соғыстың алғашқы айларында Қызыл Әскердің шегінісіне және майдандағы қиын жағдайға байланысты УПВИ жүйесінде 1941 жылдың 1 тамызына дейін бұрыннан бар 8 лагерьдің тек 3-і ғана жұмыс істеді. Қарулы қақтығыстардың алғашқы айларында шамамен 1500 сарбаз тұтқынға алынды.

Соған қарамастан, сол кезеңде ең бастысы әскери тұтқындарының контингентіне жауапты болатын ұйымдық құрылымды қатаң түрде құру қажеттігі болды. КСРО ІХК басқармасының әскери және тұтқындалғандардың істері жөніндегі ережені енгізу арқылы КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының 1942 ж. 3 тамыздағы № 001603 бұйрығы жарияланды. Бұл құжат түбегейлі болып табылады, себебі ол әскери тұтқындарының болашақ тағдырын, олардың еңбекке жарамдылығын, өмірін және басқаларын айтарлықтай дәрежеде анықтады. Әскери және тұтқындалғандардың істері жөніндегі басқармасы КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының құрамына кіретіндігі туралы хабарланды. Бұл басқарма өз жұмысында КСР Одағы Үкіметінің жаудың тұтқынында және қоршауында болған Қызыл әскердің әскери тұтқындары, тұтқындалған және бұрынғы әскери қызметшілері туралы тиісті қаулыларын, КСР Одағы Ішкі Істер Халық комиссарының бұйрықтарын және осы Ережені басшылыққа алады [8, б.94-95].

Соғыс қимылдарының сипаты, елдің батыс аудандарын басып алудың салдары және әлеуметтік-саяси дамудың жалпы жағдайы осы құжатты құрастырушыларға әсер еткен шығар. 1942 жылғы Ережеде, бір жыл бұрын қабылданған Ережелердегідей, КСРО-ның 1929 жылғы Женева конвенциясында баяндалған қағидаттарға және халықаралық құқық нормаларына бейілділігі туралы сөз жоқ.

Бұдан әрі құжатта әскери тұтқындар мен тұтқындалған және оның жергілікті органдары туралы істер жөніндегі басқарманың штаттары КСР Одағы Ішкі Істер Халық комиссарының бұйрықтарымен белгіленгені және КСРО мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталғаны көрсетілген. Басқарманың жеке құрамы, лагерлердің басқарушы құрамы (лагерь бастығының көмекшісінен және одан жоғары) және қабылдау пункттерінің бастықтары КСРО ІХК бұйрықтарымен тағайындалады және жылжиды деп ерекше айтылды. [12, б. 304].

Әскери тұтқындар мен тұтқындалғандар туралы істер басқармасына келесі міндеттер жүктелді:

а) жау тұтқынында және қоршауында болған әскери тұтқындар, тұтқындалғандар мен бұрынғы Қызыл армияның әскери қызметшілері үшін қабылдау пункттері мен лагерьлер желісін дайындау жөніндегі жұмылдыру жоспарларын әзірлеу;

б) лагерлер бойынша қабылдауды, бөлуді және әскери тұтқындарды, тұтқындалғандар мен арнайы контингентті есепке алуды ұйымдастыру;

в) лагерьлер мен қабылдау пункттерінде режим мен күзет ұйымдастыру, әскери тұтқындарды, тұтқындалғандар мен арнайы контингентті ұстау тәртібін айқындайтын нұсқаулықтар мен ережелерді шығару;

г) әскери тұтқындарды, тұтқындалғандар мен арнайы контингентті еңбекте пайдалануды ұйымдастыру;

д) жабдықтау мен медициналық-санитарлық істің барлық түрлерін, сондай-ақ әскери тұтқындарға, тұтқындалғандар мен арнайы контингентке тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

е) әскери тұтқындар мен тұтқындалғандарды алмасуды дайындау және жүзеге асыру және оларды соғыс аяқталғаннан кейін өз елдеріне қайтару.

Әскери тұтқындарға, тұтқындалғандарға және арнайы контингентке арналған қабылдау пункттері мен лагерьлердің жұмысына басшылық жасау КСР Одағы Ішкі Істер Халық комиссарының бұйрықтары мен директивалары және әскери тұтқындар мен тұтқындалғандар туралы істер жөніндегі басқарма бастығының өкімдерімен жүзеге асырылады [13, б.305].

Әскери тұтқындар мен тұтқындалғандар туралы істер жөніндегі басқармасының өз құрамында: а) хатшылық; б) кадрлар тобы; в) саяси нұсқаушылар тобы; г) 1-ші бөлім (режим және күзет); д) 2-ші бөлім (есепке алу-бөлу); е) 3-ші бөлім (шаруашылық); ж) 4-ші бөлім (санитарлық); з) 5-ші бөлім (ұйымдастыру-өндірістік) болды [12, б. 306].

1942 жылғы Ереже бұрын қабылданған құжаттарда ұқсас болмаған жаңа құрылымның ӘТТІБ-да құрылуын қарастырды. Әскери тұтқындардың, тұтқындалғандар мен арнайы контингенттің еңбегін өнеркәсіпте, көлікте және ауыл шаруашылығында пайдалануды ұйымдастыратын ұйымдастыру-өндірістік бөлім, лагерьлердің өндірістік қызметіне басшылық жасайды, лагерьлер мен шаруашылық органдар арасында жасалған шарттардың орындалуын тексереді, контингенттерді еңбекке пайдалану бойынша есеп пен есептіліктің барлық түрлерін әзірлейді, әскери тұтқындарды, тұтқындалғандар мен арнайы контингентті өндірісте пайдалану тәртібін тексереді. Сондай-ақ қабылдау пункттері мен лагерьлер желісін дайындау бойынша жұмылдыру жоспарларын әзірлеуді және оларды ұйымдастыру жұмысын жүргізеді [13, б. 307].

1942 жылдың тамызында жұмыс істейтіндерге ақшалай сыйақы нормалары белгіленді. Олар Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін әрекет еткендерден айтарлықтай төмен болып, еңбек нәтижелеріне елеулі әсер етпеген. Ішкі тәртіп ережелерін бұзушыларға Қызыл Әскердің 1940 жылғы Тәртіптік жарғысы шегінде жаза қолданылды.

#### *Қорытынды*

Сонымен, әскери тұтқындар мемлекет заңдары мен ережелеріне сәйкес заңсыз әрекеттер жасағаны үшін жауапқа тартылады. Осы кезеңде бірқатар мемлекеттік келісімдер мен актілер соғыс тұтқыны туралы қабылданды. Бұл құжаттарда құқықтары туралы негізгі ережелер және әскери тұтқындардың міндеттері, олардың тұтқындағы мінез-құлық нормалары реттелді. КСРО-да екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери тұтқындарға арналған нормативтік-құқықтық базасына жасалған талдау, ұлтшылдық Германияның сәйкес актілеріне қарағанда, тұтқындарды күтіп-ұстау жағдайларына деген адамгершілік принциптерді көрсетеді.

#### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры / Н.Назарбаев. [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <http://www.akorda.kz/>

[2] Касымбек Ж.К. Военнопленные в Казахстане / Ж.К. Касымбек // Жұлдыз. – 1992. - № 4. – С. 206-208.

- [3] Алдажуманов К.С. Трудармейцы Казахстана: история и судьбы / К.С. Алдажуманов // Феникс. -1998. - № 21. - С. 222-239.
- [4] Алтаев А. ГУПВИ: военнопленные и интернированные на территории Казахстана (1939-1951) / А. Алтаев, Б.Жангуттин - Алматы: Каз НПУ им. Абая, 2006. - 104 с.
- [5] Алтаев А.Ш. Актуальные проблемы истории Второй мировой войны / А.Ш.Алтаев // «Мы победу приближали, как могли»: материалы науч.-практ. конф., посвящ. 75-летию Победы в Великой Отечественной войне. - Алматы: Каз НПУ им. Абая, 2015. - С. 14-18.
- [6] Жангуттин Б.О. ГУПВИ: Военнопленные и интернированные на территории Казахстана (1941-1951) / Б.О.Жангуттин //Отечественная история. - 2008. - № 2. - С.107-114
- [7] Русский архив. Великая Отечественная. Иностранные военнопленные второй мировой войны в СССР. - М., 1996. -Т. 24. - 559 с.
- [8] Военнопленные в СССР. 1939-1956. Документы и материалы / под ред. М.М. Загорулько. - М.: Логос, 2000.- 1120 с.
- [9] Конасов В.Б. Судьбы немецких военнопленных в СССР. Дипломатические, правовые и политические аспекты проблемы. Очерки и документы / В.Б.Конасов – Вологда: Изд-во Вологодского института повышения педагогических кадров. 1996.- с. 322.
- [10] Судебный процесс по делу верховного главнокомандования гитлеровского вермахта: Приговор пятого американского военного трибунала, вынесенный в Нюрнберге 28 октября 1948 года / под ред. Д.С. Карева; пер. с нем. Г.В. Качаковой; -М.:Прогресс, 1964. - 360 с.
- [11] Тарихи-құжаттық коллекцияны сақтау орталығы (ЦХИДК) Қ. 1п. Т. 5е. I. 2. П. 2-10 .
- [12] Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам: в 2-х т.: 1929-1966 гг. - М., 1967. - Т. 2 -751 с.
- [13] Лубянка. ВЧК-ОГПУ-НКВД-НКГБ-МГБ-МВД-КГБ. 1917-1960. Справочник. Россия. XX век. Документы /сост. А.И. Кокурин, Н.В. Петров. – М.: Международный фонд «Демократия», 1997. - 348 с.

#### **REFERENCES**

- [1] Nazarbaev, N. Ūly dalanyń jeti qyry [Seven Facets of the Great Steppe] / Retrieved from: <http://www.akorda.kz/> [in Kazakh].
- [2] Kasymbek, Zh.K. (1992). Voennoplennyye v Kazakhstane [Prisoners of war in Kazakhstan] // Zhuldyz, 4, 206-208 [in Russian].
- [3] Aldazhumanov, K.S. (1998). Trudarmeitsy Kazakhstana: istoriya i sud'by [Labor army men of Kazakhstan: history and fate]. Feniks, 21, 222-239 [in Russian].
- [4] Altaev, A.Sh., Zhanguutin, B.O (2006). GUPVI: voennoplennyye i internirovannyye na territorii Kazakhstana (1939-1951) [HPWI: prisoners of war and internees on the territory of Kazakhstan (1939-1951)] Almaty: Kaz NPU im. Abaya [in Russian].
- [5] Altaev, A.Sh. (2015) Aktual'nye problemy istorii Vtoroi mirovoi voiny [Actual problems of the history of World War II]. «My pobedu priblizhali, kak mogli»: materialy nauch.-prakt. konf., posvyashch. 75-letiyu Pobedy v Velikoi Otechestvennoi voine. Almaty [in Russian].
- [6] Zhanguutin, B.O. (2008) GUPVI: Voennoplennyye i internirovannyye na territorii Kazakhstana (1941-1951) [HPWI: prisoners of war and internees on the territory of Kazakhstan (1941-1951)]. Otechestvennaya istoriya, 2, 107-114 [in Russian].
- [7] Russkii arkhiv. Velikaya Otechestvennaya. Inostrannyye voennoplennyye vtoroi mirovoi voiny v SSSR. (1996) [Russian archive. The Great Patriotic War. Foreign prisoners of war of the second world war in the USSR ], Moscow [in Russian].
- [8] Voennoplennyye v SSSR. 1939-1956.(2000) Dokumenty i materialy [Prisoners of war in the USSR. 1939-1956. Documents and materials ]. pod red. M.M. Zagorul'ko, Moscow [in Russian].
- [9] Konasov, V.B. (1996) Sud'by nemetskikh voennoplennykh v SSSR. Diplomaticheskie, pravovye i politicheskie aspekty problemy. Oчерki i dokumenty. [The fate of German prisoners of war in the USSR. Diplomatic, legal and political aspects of the problem] Vologda [in Russian].
- [10] Sudebnyi protsess po delu verkhovnego glavnokomandovaniya gitlerovskogo vermakhta: Prigovor pyatogo amerikanskogo voennogo tribunala, vynesennyi v Nyurnberge 28 oktyabrya 1948 goda

(1964) [Trial of the Supreme Command Hitler's Wehrmacht ] / pod red. D.S. Kareva; per. s nem. G.V. Kachakovoi; Moscow [in Russian].

[11] Tarihi-qūjattyq koleksiany saqtau ortalyǵy (SHİDK) [Center for the preservation of historical and documentary collections ] 1,5e, 2, 2-10 [in Kazakh].

[12] Resheniya partii i pravitel'stva po khozyaistvennym voprosam: (1967) v 2-kh t.: 1929-1966 gg. [Party and government decisions on economic issues ] Moscow [in Russian].

[13] Lubyanka. VChK-OGPU-NKVD-NKGB-MGB-MVD-KGB. 1917-1960. (1997) Spravochnik. Rossiya. KhKh vek. Dokumenty. sost. A.I. Kokurin, N.V. Petrov. Moscow [in Russian].

**Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.**

## **НОРМАТИВНЫЕ ОСНОВЫ СОДЕРЖАНИЯ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ЛАГЕРЯХ СССР В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ.**

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос создания нормативно-правовой базы содержания военнопленных в лагерях в годы второй мировой войны на территории Советского Союза. В основе рассматривается принятие и реализации «Положение о военнопленных от 1 июля 1941 г.», сравнивая данный документ с Женевской конвенцией 1929 г. Так же, наряду с Положением, в короткие сроки подготовлены и были запущены в действие нормативные акты, регламентирующие все стороны деятельности администрации лагерей УПВИ и военнопленных.

Политика советского государства в области военного плена диктовалась классовым подходом и принципом пролетарского интернационализма. В годы Великой Отечественной войны классово-идеологической подход уступил место прагматичному подходу в вопросах обращения с военнопленными и интернированными. Советское руководство рассматривало «узников войны» как рабочую силу и инструмент политического влияния на зарубежные страны. Анализ нормативно-правовой базы свидетельствует о гуманных принципах к условиям содержания военнопленных. Авторами указывается, что в целом СССР придерживался международных обязательств в вопросе отношения к военнопленным.

**Ключевые слова:** международное право; принудительный труд; военнопленные; Конвенция; нормативные акты; инструкции; режим; статья; лагерь; инструкции.

**Bekmagambetov Ruslan, Bekmagambetova Maisara**

## **NORMATIVE BASIS FOR THE MAINTENANCE OF PRISONERS OF WAR IN THE CAMPS OF THE USSR DURING THE GREAT PATRIOTIC WAR.**

**Annotation.** The article discusses the issue of creating a regulatory framework for the maintenance of prisoners of war in camps during the Second World War on the territory of the Soviet Union. It is based on the adoption and implementation of the "Regulations on prisoners of war of July 1, 1941", comparing this document with the Geneva Convention of 1929. Also, along with the Regulations, normative acts regulating all aspects of activity were prepared and put into effect in a short time administration of UPVI camps and prisoners of war.

The policy of the Soviet state in the field of war captivity was dictated by the class approach and the principle of proletarian internationalism. During the Great Patriotic War, the class-ideological approach gave way to a pragmatic approach in the treatment of prisoners of war and internees. The Soviet leadership viewed the "prisoners of war" as a labor force and an instrument of political influence on foreign countries. An analysis of the regulatory framework indicates humane principles for the conditions of prisoners of war. The author indicates that, on the whole, the USSR adhered to international obligations regarding the treatment of prisoners of war.

**Keywords:** international law; forced labor; prisoners of war; convention; regulations; instructions; regime; article; camp; instructions.

ӘОЖ 93/94

ГТАХР 03.20; 03.09.55

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).36

**Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж.**<sup>1</sup>*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан*<sup>2</sup>*«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Атырау, Қазақстан***E-mail:** ulzhan.a67@mail.ru, tarix212@mail.ru**ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ  
АРХИВТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.)**

**Аңдатпа.** Мақала бүгінге дейін арнайы зерттелмеген, тарихи құжаттары ғылыми айналысқа енген КСРО көлемінде ГУЛАГ жүйесіне енген Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлерінің тарихына (1932-1950 жж.) арналған. Лагер тарихы Атырау облыстық мемлекеттік архиві және Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архиві құжаттары арқылы талданады. Архивтердегі тақырыпқа қатысты қорлар мәліметтерінен Прорва-Астрахань лагерлерінің Каспий жағалауында құрылу себептерін, орналасу территориясын, контингентін архив материалдарынан іздестіріп, тұтқындарының тұрмыстық, әлеуметтік жайын, тақырыптың зерттелу бағыттарын айқындап, әдіснамасы, библиографиялық және арнайы ғылыми еңбектер мен деректік құжаттары сараланады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аясындағы №АР08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» жобасын орындау үшін даярланды.

**Кілт сөздер:** Қазақстан тарихы; қуғын-сүргін; НКВД; ГУЛАГ; Прорвалаг; Астраханлаг; Гурьев; Астрахань; Каспий теңізі; естелік; адам құқығы.

*Kipicne*

XX ғасырдың 20-50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – қазақ тарихындағы қасіретті кезең. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 30 мамырындағы Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінде: «Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады. Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды. 100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды, - деген болатын [1]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашада №748 қаулысымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды [2]. Мемлекеттік комиссияның «Қазақстан Республикасы Президентінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, прокуратура органдарының және басқа да мемлекеттік мекемелердің архивтеріндегі жабық қорлардың саяси қуғын-сүргін жөніндегі материалдарының комиссия мүшелеріне, зерттеушілерге және ұрпақтарға қолжетімді болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу» атты функциясы архивтердің жабық қорларында сақталған саяси-қуғын құрбандарын жарыққа шығару, толықтай ақтау мақсатында жүргізілетін жұмыстарының тарих ғылымы үшін маңызды.

Мақаламыздың басты мақсаты Қазақстан жеріндегі 1932-1950 жылдары аралығында жұмыс жасаған Прорва-Астрахань лагерлерінің тарихи орны, атқарған қызметтері, тұтқындары,

олардың тағдырларын зерделеу, өткен тарихымыздан сабақ алу. Лагерлер бүгінгі Атырау облысы Каспий теңізі жағалауындағы бірнеше елді мекендерінде шашырай орналасты.

### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Зерттеудің негізгі әдіснамасы диалектика болып табылады. Соған орай диалектикалық өзара байланыс, тарихи оқиғалардың бірін-бірі толықтыруы, тарихылық, объективтілік маңызды роль атқарады. Тарихи зерттеудің бастапқы әдіснамалық ғылыми принципі бүкіл фактілік материалдардың алдымен жаңа архивтік құжаттардың объективті сыни талдауына маңыз берілді. Архивтік зерттеулер барысында алынған барлық материалдар құрылымдық-функционалдық және жүйелілік талдауды қолдануды қажет етеді. ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахан лагерлерін әлеуметтік-экономикалық құрылымдар ретінде қарастыруға, олардың Қазақ КСР тарихы мен жалпы КСРО тарихындағы орны мен ролін анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін алдымен архив және заманында жарық көрген деректік құжаттарға толық тарихи салыстырмалы зерттеуді қажет етеді. Кеңес дәуірінде адамзат қоғамындағы өмір сүрудің құқықтық заңдылықтарының бұзылғанын байқаймыз. Прорва және Астрахан еңбекпен түзеу лагерлерінің құрылуына, қоғамдағы қандай саяси жағдайлар себеп болғандығын ашып, лагерлердің нақты қызметін айқындау, оның Кеңестік қоғамға тигізген пайдасы мен зияншылығын ашып көрсету. Кеңестер Одағында ГУЛАГ лагерлерінің тарихы халқының неліктен көлеңкелі тұсы болды деген сауалдарға, зардап шеккен мыңдаған қарапайым коммунистік мемлекет тұрғындары, ол кеңестік шаруашылықты басқаша ұйымдастыруға мүмкіншілік болмады ма, кеткен қателік неде, неден біз сабақ алуымыз керекпіз, тәуелсіз қоғамның іргесін бекітуде өткеннен тағылым алып, ащы тарихымызды нақты бейнелеп көрсетіп, келер ұрпаққа өсиеттеу парызымыз.

### *Зерттеу нәтижелері*

*Тарихнамасы.* Кеңестік Қазақстан тұсындағы куғын-сүргін тарихы зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Бұл арада алдымен қазақстандық тарихшы С.Д. Дильмановтың үш бірдей монографиясы лайықты орын алады [3]. Ғалымның «Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е -50-е годы XX века)» еңбегі Қазақстан территориясында XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы еңбекпен түзеу лагерлерінің құрылу тарихы мен дамуын, оның ішінде тұтқындардың еңбектерін қолдануын, құрамын, әлеуметтік жағдайын, лагердің медициналық санитарлық жағдайын, тұтқындардың командалық –әкімшілік жүйеге қарсылығын анықтауға арналған. 2018 жылы ғалымның келесі «ГУЛАГ НКВД-МВД СССР в карательной системе Советского государства (30-50-е годы 20 века)» атты монографиялық зерттеуі алдымен тақырыпты зерттеудің дерек көздері мен тарихнамалық мәселелеріне тоқталып, Кеңес үкіметінің және оның органдары құрылымының жазалау саясатын қалыптастыру және дамыту арқылы Сталин лагерлері жүйесі ұйымдастырылғанын архив деректерімен толықтыра дәлелдеген. Автордың келесі зерттеуі «Исправительно-трудовые лагеря военнопленных НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-50-е годы 20 века). Специальные лагеря НКВД-МВД СССР в 40-е годы 20 века» деп аталады. Еңбекте зерттеулерін одан әрі жалғастырып КСРО НКВД-МВД «Арнайы лагерлерін» құру тарихына, оның ішінде қазақ жеріндегі «арнайы лагерлер» - Степлаг, Песчаный, Луговой, Дальний лагерлеріне және арнайы мақсатты әскери лагерьлер тұтқындары тарихын зерттейді. С.Д. Дильманов еңбегінде Қазақстан аумағында КСРО НКВД-МВД ГУЛАГ жүйесінің қалыптасуы мен қызмет етуіне байланысты мәселелердің барлық спектрін ашады. Қазақстанда еңбекпен түзеу 21 лагері болғанын, ал бүкіл КСРО бойынша 476 лагерь болғандығын архив материалдарына сүйене жазады [3]. Автор зерттеулерінде Прорва-Астрахан еңбекпен түзету лагерлерінің тарихын қысқа ғана атап өтеді. Зерттеуші бұның себебін бұл лагерлер орталығы алдымен Гурьевте орналасқандығы одан соң Астрахань қаласына ауыстырылуымен түсіндіреді, яғни, Прорва-Астрахань



еңбекпен түзету лагерлері туралы тек жалпы ақпарат беріп өткен. Лагердің негізгі орналасқан жері 1932 жылдың 05 қыркүйегінен бастап Каспий теңізіндегі Прорва аралында құрылған [4]; лагерді басқаруды жүзеге асырылған жер Гурьев қаласы (қазіргі Атырау қаласы) (05.09.1932ж.; 1940ж.) мен Астрахань қаласында (07.09.1935ж. және 21.04.1939 ж. бастап) болды[4].Әрине, ғалымға бұл лагерлер құжаттарының орталықта болуы да әсерін тигізген болуы керек.

Еңбекпен түзеу лагерлері тарихы шетелдік ғалымдардың да зерттеу аумағына алынды. Ол ресейлік тарихшы Г.М. Иванованың «История ГУЛАГа 1918-1958: социально-экономический и политико-правовой аспекты» еңбегі әлемдік және отандық тарихнамада алғаш рет ГУЛАГ Кеңес мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық жағынан зерттелген еңбек[5], П.М. Полянный «Не по своей воле...История и география принудительных миграций» зерттеуі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында басталған және 1930-шы жылдардың 2-жартысында, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары кулактарды жою кезінде күшті қарқын алған КСРО халқының репрессия арқылы ұйымдастырылған мәжбүрлі көші-қонына арналған [6].

О.В. Хлевнюктің «Сталин. Жизнь одного вождя» атты еңбегі өткен ғасырдың 30-жылдарында басталған және «үлкен террор» деп аталған өз халқын жаппай қуғын-сүргінде ұстаған И.В. Сталиннің жеке басына тоқталып, оның қоғамдық-саяси әрекетіне ықпал жасаған жағдайды барынша ашып көрсетуге күш салған [7].

Э.Эпплбаумның «ГУЛАГ» кітабы архивтік құжаттар мен куәгерлердің естеліктеріне негізделген кітап кеңестік лагерь жүйесінің даму тарихын 1918 жылы құрылған сәттен бастап сексенінші жылдардың ортасына дейінгі тарихи оқиғаларды тарқатқан. Одан әрі авторГУЛАГ тарихы хронологиясы мен географиялық тарихын жаза автор орындаушылар мен құрбандардың логикасын қалпына келтіруге, өлтіруге не себеп болғанын және аман қалуға не көмектескенін түсінуге тырысады. Эпплбаум лагерьлерден өткен орыстар мен американдықтарға, поляктар мен еврейлерге, коммунистер мен анти-коммунистерге сөз береді және олардың дәлелдері тұтастық пен әсер ету күші жағынан керемет көрініс тауып, зерттеу құнын арттырған [8].

«Вертикаль Большого террора» монографиясының авторлары Марк Юнге (Германия), Геннадий Бордюгов (Ресей) және Рольф Биннер (Германия) жаппай қуғын-сүргіндегі орыс трагедиясының себептерінің бірін көреді. Ғалымдар НКВД-ның N00447 «бұрынғы кулактарды, қылмыскерлерді және басқа да антисоветтік элементтерді репрессиялау жөніндегі операция туралы» жедел бұйрығын зерттеп жатыр, ол бір жылдан астам репрессия архитектурасының негізіне айналды (1937 жылғы 30 Шілдеде қол қойылды, 1938 жылғы 26 қарашада жойылды). Авторлар бұйрық жобасын, құжаттың өзін, оны жүзеге асыру тетіктерін (соттан тыс органдар арқылы-Үштік деп аталады), орындалуын, бақылауды, сондай-ақ, оны жою себептерін және нәтижесінде үлкен террор дәуірінің аяқталуын егжей-тегжейлі қайта құрылымдаған [9].

ГУЛАГ жүйесіндегі еңбекпен түзеу лагерлерінің бірі Прорва-Астрахань лагері туралы ізденісті Атырау облыстық мемлекеттік архивінен бастадық. Аталған тақырыбымызға қатысты нақты құжаттар сирек кездесті. Онда «Материалы по переселению колхоза «Бирлик» на новое места (1 января – 15 сентября 1938 г)» ісінде Прорва лагері орналасқан аумақта Прорва советінің қарауындағы «Бірлік» колхозы мүшелерінің Прорвадан Жылыойға көшу туралы арыздары сақталған [10]. Прорва лагерінің территориясына жақын орналасқан елді мекендерді көшірген. Арыздың мәтінде біріншіден, біздің «Бірлік» колхозы Прорбаның басында колхоз болып құралған. Теңіздің толық, балықтың бар мезгілінде қоныстанып мекен етіп отырғанбыз. Бірақ, қазіргі уақытта бұл Прорбаның теңіз жағынан қашық және өзектің алқымынан балықшыларымыз ау құралымен судың жоқтығынан кәсіпке шыға алмаймыз.



Екіншіден, Бұл Прорбаның қазіргі қалі мал болмаса адамның судан, тамақтан күнелтуі қазіргі бағытта қауіпті. Және қыс мезгілінде ішетін судан қамтамасыз бола алғанымыз жоқ. Оған себеп Прорба басындағы жұмысқа жарамдыларымыз кәсіп жасауға жұмыс жоқ, тамақ, күйіміз жоқ болғандықтан. Үшіншіден, жоғарыдағы жәйімізді айта келе, қасымызда отырған үкімет тәрбиесінде жүрген сотталғандармен бірге отыруды қолайсыз деп тауып, бізді осы Прорба басынан көшіріп Жылыой орталығынан қоныс беруді сұраймыз», деп келтіре қол қойғандар тізімін береді. Олар: Ысмағұлов, Көшербаев, Нұрбаев, Елемесов, Бесбаев, Көбенов, Күзембаев, Сисенов, Өмірғалиев, Оспанов, Қалмұқанов, Тоқаев, Тұрсынбаев, Қабақов, Нұрмақамбетов, Әбдіранов, Орекенов [10, п.98].

1938 жылдың тамыз айының 16-17 жұлдызы Жылой аудандық партия комитетінің бюросының аудандық атқару комитетінің призиდიумымен біріккен мәжілісі хаттамасынан байқағанымыздай Жылой ауданындағы балықшы колхоздарындағы тұрғындардың цингі (құркұлақ) ауруына екінші қайтара шалдығуы және оны ауыздықтау мәселелері қаралған.

1. Біздің Жылой ауданындағы Цингінің шығуы екінші рет дей келе оның таралу себептерін барынша ашып көрсетеді. Біріншіден құркұлақ ауруының жаппай таралуына аудандық денсаулық бөлімінің жақсы қарамағандығынан, екіншіден, ауру таралуына халықтың тамақтануының әлсіздігінен болса, келер себеп, құркұлақ ауруының көбейіп кетуіне себеп болып отырған жағдай, колхоз басқармаларының қарауындағы мүшелеріне дұрыс жолбасшылық беріп, хал-тұрмысын жақсы тексеріп қарамауынан болып отыр. Оған колхоз басқармалары өзінің қарауындағы мүшелерінің санын да білмейді. Сонымен қатар сол қарауындағы мүшесінің қайда жүргенінен де хабарсыз....» -, деген сындар айтып ауру шығу себептерін айқындай түседі [11, п.104-107].

«Бумаги секретного характера спецчасти Гуркомбината о подготовке к призыву в РККА»-ісінде Мәскеу қаласындағы балық шаруашылығының басшысы Николаевтың Гурьев қаласындағы балық комбинатының басшысы Богановқа 1938 жылдың қаңтарында «ГУЛАГ НКВД»-сы тапсырмасымен «Прорвлаг НКВД»-сына 3 тонна күнбағыс майын жіберу туралы хат жолдаған. Өз кезегінде Боганов «Прорвлагқа» 3 тонна күнбағыс майының 0,5 тоннасы тапсырылғанын, 2,5 тоннасын кері қайтарылғаны туралы жауап жазады [12, п.23-26]. Архив құжаттарына назар аударсақ, Кеңес өкіметінің алдында шешуін күтіп тұрған бірнеше мәселелер туындағанын аңғардық.

Ал Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архивінде сақтауда зерттеу тақырыбына қатысты біраз архив материалдары құжатталған. Олар: 1) сот органдары арқылы қуғын-сүргінге ұшыраған және ақталған адамдардың қылмыстық істері және ақталуға жататын адамдардың қылмыстық істері құжаттары; 2) Бұрынғы әскери тұтқындарға және бұрынғы КСРО-ның Германиядан еліне қайта оралған азаматтарына арналған фильтрациялық және трофейлік материалдар құжаттары; 3) Қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың архивтік қылмыстық істер материалдары. Аталған үш қордың сақтау мерзімі тұрақты, сондай-ақ «құпия» белгісі бар құжаттар санатына жатқызылған. Бұл архив құжаттары Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құрамына кіреді және баға жетпес тарихи құндылыққа ие.

№27/6/ «Сот органдары ақтаған, қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға қатысты архивтік қылмыстық істер» қорында «Прорва» және «Астраханлаг» арнайы лагерінде отырған 80-ге жуық саяси-қуғын сүргін құрбандарының жеке сауалнамалық мәліметтері, тергеу істері, атылғаны және ақталғандары туралы архив деректері берілген. Атасақ, 01100-ші істің, «Следственный фонд» бөлімінде «Прорвлаг НКВД» арнайы лагеріндегі 12 тұтқынға қатысты құжаттар келтірілген: 1) Капелиовича Вениамина Яковлевича, 2) Шпильмана Павла Николаевича, 3) Сеченова Бориса Владимирович, 4) Рачицкого Михаила Львовича, 5) Усалина Степана Васильевича, 6) Синякова Василия Васильевич 7) Мамед-Эфенди Якуб



Кемаль, 8) Горбань Степана Васильевича, 9) Маркова Ивана Александровича, 10) Кильпиэ Эдуарда Андреевича, 11) Шелест Михаила Антоновича, 12) Глинскую Брониславу Антоновну. Все вышеперечисленные лица отбывая наказание в Прорвлаг НКВД (г. Гурьев) были вторично осуждены 8/IX-1937 г. тройкой УНКВД Зап. Каз. области по ст. 58-10-11 УК РСФСР к ВМН за исключением заключенного Мамед-Эфенди Якуб Кемалья, дело на которого было выделено в особое производство как на турецкого подданного [13]. Аталған 12 тұтқын орташа және жоғары білімді, лауазымды қызметтер атқарған азаматтар мен азаматшалар болған. Прорва лагерінде оларды «контрреволюциялық топ құруды мақсат еттіп, лагерь билігін өздерінің қолына алмақ болды» деп айыптап ату жазасына кескен. «3-й отдел Прорвинский ИТЛ НКВД СССР 1937 г.» бөлімінде аталған тұлғалардың жеке сауалнамалық (анкеталық) істері, ату жазасына кесу туралы үкімі, акталуы, тергеу істері берілген. Олардың лагерьге дейін қандай қызметпен айналысқаны жөнінде өмірбаяндық анықтама берілген[14].

Келесі құжат: «Для сведения сообщаем, что о смерти Маркова Ивана Александровича и Синякова Василия Васильевича нами сообщалось их родственникам, документы об этом приобщены в приложении к арх. след. делу. Приложение: арх. след. дело №2218 в 1 томе, приложение к нему в 1 томе», - деген ақпараттың өз тарихы бар [13, 48п.]. Архив құжаттарының өзінде бір тұтқын туралы екі түрлі мәлімет берілген, яғни, қай мәліметтің дұрыстығын айқындау үшін сол тұтқынға қатысты тағы бірнеше құжаттарды тауып, салыстырып зерттеуді қажет етеді. Мысалы, арнайы лагерьде тұтқында болған Иван Александрович Марковтың қызы Каширина (Маркова) Вера Ивановна әкесін іздеп Қауіпсіздік комитеті органдарына хаттар жолдаған. Хатқа төмендегіше әртүрлі органнан екі түрлі жауап келген. Алғашқысы: «Сообщаем, что гр-ке Кашириной (Марковой) Вере Ивановна 20 сентября 1957 года нами объявлено, что ее отец Марков И.А. был вторично осужден в 1937 году на 10 лет ИТЛ и, отбывая наказание, умер 3 марта 1940 г. от кровоизлияния в мозг» [13, л.26] деп жауап берсе, келесі бір жауап төмендегідей: «Сообщаю вам, что в архивно-следственном деле №2218 имеется выписка из протокола заседания-тройки при УНКВД по Западно-Казахстанской области от 8.9. 1937 года. Постановлением тройки за проведение шпионской деятельности Марков Иван Александрович осужден к расстрелу. В деле имеется выписка из акта от 11 сентября 1937 года, в которой значится, что постановление тройки в отношении Маркова И.А. приведено в исполнение» [13, л.22]. Нақты тергеу құжатында 1937 жылдың 11 қыркүйегінде атылған деп келтіреді. Бұл құжатты нақтылай түсу үшін тағы И.А. Марковке қатысты істерді тиянақты саралауға тура келеді. Осындай архив қорында әкесін, жолдасын, бауырын іздеп хат жазғандар көптеп кездеседі.

Жоғарыда аталған 12 тұтқынның арасында Мамед-Эфенди Якуб Кемаль есімді азаматтан басқасынан барлығы атылған. Мамед-Эфенди Якуб Кемаль туралы архив құжатында «Мемед Эфенди Кемаль с 1887 года рождения, гражданство турецкий подданный по национальности турок, последнее место жительства Москва музей «Варанское поле». Место рождения Крым, деревня Улусанов, образование высшее, историко-филосовский факультет, окончил в гор. Берута Турция в 1912 г. специальность востоковед, по соцпроисхождению из крестьян, имущественный цена не установлен, беспартийный имел тесную связь с троцкистами Карякиным и другими, осужден особ совещанием НКВД в 1935 г за подозрение в шпионаже, сроком на 5 лет, конец срока 1939 году» деп келтірген [14, л.86]. Сонымен Мемед Эфенди Кемаль дегеніміз кім? У.К. Мусаеваның «Деятельность Восточного музея в Ялте» атты мақаласында Якуб-Кемаль Ялтадағы Шығыс музейінде 1927 жылы директорлыққа қызметке кіріскен сәттен бастап, қырым татарларының тарихы мен этнографиясына негізделген музей экспозициясын жасақтағаны, «Надпись на портале «Мечети Узбека в гор. Старом Крыму» атты мақала жазу арқылы ғылыми бағытта ізденіп,

дәлелдегені келтірілген [15, с.177]. Түрколог, шығыстанушы, тарихшы, филолог, музей қызметкері Якуб Меметович Кемаль 1938 жылы ақпан айында Прорва еңбекпен түзеу лагеріне Қырым АКСР-ның НКВД қарауына этаптан келген. 1938 жылдың 12 қыркүйегінде «жүрек соғысының тоқтауына» байланысты іс тоқтатылған [15, с.179]. Қазіргі таңда Симферополь қаласындағы бір көше Якуб Кемаль атымен аталады.



*Сурет - Мамед-Эфенди Якуб Кемаль (Сурет У.К. Мусаеваның «Деятельность Восточного музея в Ялте» атты мақаласынан алынды).*

Атырау арнайы архивінде «Прорва» лагеріне қатысты іс-құжаттар тек 1937-1938 жылдар аралығын қамтыған. Атырау өлкесінде өзге республикадан келген ұлт өкілдері еңбекпен түзету лагерінде болған. Прорва лагерінде айдауда болған дәрігер-хирург Зелингер Эдуард Иванович [16], Ресей әскери қолбасшысы, генерал-лейтенант Стогов Николайдың ұлы Стогов Николай Николаевичтің [17], мәдениет саласының қызметкері Пак Анисия Данилованың тағы өзге де саяси тұтқындардың жеке істері архив қорында сақталған [18].

Зелингер Эдуард Иванович 1894 жылдың 24 қарашасында Одесса облысы, Карл Либкнехт ауданы, Поречье селосында дүниеге келген. 8 жасынан 13 жасқа дейін Одесса облысында колонияда білім алса, 1913-1918 жылдар аралығында Одесса облысы, Вознесенск қаласында гимназияда оқыған. Одесса қаласындағы Новороссийск университетінің құқықтану факультетінде 1918-1920 жж. студенті, 1920 жылдың шілдесі мен 1921 жылдың тамызында Николаев қаласында Қызыл әскерінің штабының №4 гидродивизионда әскери борышын атқарған. 1921-1926 жж. Одесса мемлекеттік медицина институтында оқып, хирург мамандығын игерген. 1926-1931 жж. аралығында Одесса облысы, Гросе-Либенталь селосындағы аудандық ауруханада хирург, 1932-1934 жж. Одесса қаласындағы №1-інші Кеңес ауруханасының хирургы және №2-інші жалпы диспансердің бас дәрігері қызметтерін атқарған. Өз өмірбаянында 1933 жылдың 27 желтоқсанында Ішкі істер органымен ұсталып, 5 ай түрмеде болып, олтүстікке 5 жылға айдалған [16, л.1-1 об]. Эдуард Иванович лагерь басқармасына жазған хатын түпнұсқа ретінде келтірсек: «Привожу факти мой работы, мое прибытия на 2-ое отд. Астраханского лагпункта свидетельствовала эпидемия малярии и энтероколитов. Несмотря на подьрванное здоровье после перенесенной дизентерии и малярии в Астрахани, мне Нач. Санотдела тов. Минский дал задание упорядочить лечебное дело и организовать хирургический стационар. В короткий срок это задание я выполнил, за что получил благодарность приказом по Управлению за №301 от 24/VIII-34 г. Имея



хорошую хирургическую подготовку с воли и учитывая это, начальник Управления т. Соколов меня через 3 месяц моего пребывания в лагерях перебрасывает на остров Прорва, в I-ое отделение, организовать лечебно-хирургическую помощь, где особенно это чувствовалось из-за дальности Прорвы от материка. До моего прибытия на Прорву не было ничего похожего на хирургическую помощь. Не было ни подготовленного медперсонала и даже чего либо похожего на хирургию в ее зачаточном состоянии. Пришлось начинать с азов. Не лучше обстояло дело с родовспоможением и абортивной помощью. Результаты моей работы на Прорве сделано 136 операций, 37 абортов и проведено 19 родов» [16, л.54-54 об]. Э.И. Зелингер аталған уақыт ішінде өзін білікті дәрігер ретінде көрсетіп, Гурьев қаласындағы НКВД мекемесінің санитарлық бөлімшесінің және орталық ауруханасының бас дәрігері қызметіне ауысады. 1937 жылы контрреволюциялық қызметі үшін ату жазасына кесілген.

Келесі бір тұлға, Стогов Николай Николаевич 1905 жылы Варшава қаласында дүниеге келген, атақты генерал Николай Стоговтың ұлы, 1934 жылы 58 -10,11 бап бойынша 5 жылға сотталып, Прорваға жазасын өтеу үшін жіберілген. Лагерьде құрылыс секторы бойынша басшысы болып қызмет атқара жүріп, контрреволюциялық үгіттер жүргізген деген кінә тағылған. Іс құжатында Н.Н. Стоговтың мына сөздері болашақ тағдырын шешкен: «я являюсь врагом Соввласти и вдалнейшем буду мстить ей за мать и отца»; «Верховный совет избирается не для того, чтобы освободить лагерников, а ему нужна бесплатная сила»; «Что Соввласть не способна сделать что либо доброго, хорошего, способны это сделать французы»[17, л.29]. Николай Николаевич Стоговтың әкесі Николай Стогов - көрнекті әскери қайраткер, I Дүниежүзілік соғыста Оңтүстік-Батыс фронтының әскері штабының командирі, бас қолбасшы лауазымдарын атқарған. Әскери шені - генерал-лейтенант. Николай Стоговтың Татьяна (27.04.1902), Надежда (03.09.1903), Николай (23.05.1905), Екатерина (21.10.1906), Ольга (14.11.1908) есімді ұл-қыздары болған[19]. Генерал-лейтенанттың жалғыз ұлы Николай Прорва лагерінде, контр-революциялық әрекеті үшін 1937 жылы 8 қарашада ату жазасына кесілген [17, л.31].

Келесі архив құжаты Астрахань лагерінде қамауда болған қазақ сұлтандары тұқымының бірі Шығайев Халел Әжігерейұлы еді. Прорва-Астрахань лагерінде тұтқында болған Халел Әжігерейұлының ата тегі Әбілқайыр хан-Нұралы хан – Шығай – Жүсіп-Әжігерей болып келеді. Шығайев Халел Әжігерейұлы 1882 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Сайхын селосында дүниеге келген. Білімі орташа, фельдшер. Ново-Лицевой балық заводында пункт меңгерушісі болып қызмет атқарған. Жеке анкетасында отбасы жөнінде төмендегіше дерек келтіреді: Әкем - Шығайев Әжігерей (1932 ж. қайтыс болған), анам - Шығайева Бақтылы (1897 ж. қайтыс болған), әйелім - Шығайева Күля, ұлдарым - Шығайев Бәшір (1921 ж.), Шығайев Дәулет (1929 ж.). 1950 жылы 10 ақпанда антикеңестік үгіт-насихат жүргізді деп ұстаған [20, л.1-2]. 1954 жылғы 28 шілдедегі дерек бойынша Астрахань облысы УМВД-сы, Еңбекпен түзеу колониясының №2 лагерь бөлімшесінде жазасын өтеп жатыр деген дерек береді [20, л.78]. Халел Әжігерейұлы Шығайев сот отырысында: «В июле 1942 года среди своих знакомых я сказал строй есть по существу рабовладельческий строй, колхозники в нем ничего лучше не видят, круглый год трудятся, а заработанные ими деньги идут на расчет с налогами, в этом состоянии они обречены на голод и нищету»; «В сентября 1949 года, я будучи на квартире гр. Джандауова в разговоре с ним действительно восхвалял потомство казахских ханов и существовавшие в то время порядки»[20, л.80] тағы да біраз түсініктемелер берген. Аталған түсініктемелерді негізге ала отырып, 1950 жылы 25 сәуірде Гурьев облыстық соты Қылмыстық Кодекстің 58-10 статьясының 1-2 тармағы бойынша 8 жылға Еңбекпен түзеу лагеріне жазасын өтеу үшін жіберген. 1954 жылы 28 шілдеде Гурьев облысы Ішкі Істер басқармасының аға теркеушісі Құрманғалиев Шығайев Халелдің ісін қайта қарап, жасының 72-ке келгенін ескеруді, сотталғанға дейін қоғамға пайдалы қызметтер

атқарғаны үшін және де 1953 жылғы 27 наурыздағы КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумының «амнистия» үкіміне сәйкес босату туралы ұсыныс берген [20, л.81]. 1955 жылы 9 маусымда ҚазақКСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталған [21].

### Қорытынды

Қорыта келе, біз жұмыс жасаған архив құжаттары КСРО мемлекетінде ГУЛАГ жүйесі жоспарлы түрде құрылып, еңбекпен түзеу лагерлерінің тұтқындарын күштеп халық шаруашылығын көтеруге пайдаланғандығын дәлелдейді. Гурьевте Прорва-Астрахан еңбекпен түзету лагерлері бірнеше бөлімдері мен бөлімшелері, шаруашылық орындары және түрмелері болғандығы дәлелденіп отыр. Негізгі шаруашылығы балық шаруашылығымен айналысқан. Кеңестер Одағында балық шаруашылығы объектісі ретінде Владивостоктан кейінгі екінші маңызы бар халық шаруашылығын дамытқан орталығы болған.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі [Электронды ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui>.
- [2] Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашадағы № 748 қаулысы [Электронды ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000748>
- [3] Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е -50-е годы XX века) / С.Д. Дильманов - Алматы: «Кітап», 2002. -344с.; Дильманов С.Д. «ГУЛАГ НКВД-МВД СССР в карательной системе Советского государства (30-50-е годы 20 века)» / Дильманов С.Д.-Астана, Национальный университет обороны имени Первого Президента РК – Елбасы, 2018. – 627 с.; Дильманов С.Д. «Исправительно-трудовые лагеря военнопленных НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-50-е годы 20 века). Специальные лагеря НКВД-МВД СССР в 40-е годы 20 века» / Дильманов С.Д.-Астана, 2019, - 644 с.
- [4] Ресей Федерациясы Астрахань облысы Ішкі Істер Министрлігі Баскармасы Ақпараттық орталығы қарасты арнайы архиві (одан әрі - РФ АО ПМБ АО АА) 87-қор, 1-тізбе, 81-іс.
- [5] Иванова Г.М. История ГУЛАГа, 1918-1958: социально-экономический и политико-правовой аспекты / Г.М. Иванова. -Москва: Наука, 2006. -227 с.
- [6] Полян П.М. Не по своей воле... История и география принудительных миграций / П.М. Полян. -Москва: Мемориал ОГИ, 2001. 3-12 с.
- [7] Хлевнюк О.В. Сталин. Жизнь одного вождя / О.В.Хлевнюк. - Москва: АСТ,Corpus, 2015. – 680 с.+34 илл.
- [8] Эпплбаум Э. ГУЛАГ / Э. Эпплбаум - Москва: АСТ, 2017. - 688 с.
- [9] Юнге М. Вертикаль большого террора: История операции по приказу НКВД № 00447/ М. Юнге, Г. Бордюгов, Р. Биннер.-Москва: Новый Хронограф, 2008. – 778 с.
- [10] Атырау облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі, АОМА), қ.57, т.1, іс-255.
- [11] АОМА, қ.15, т.1, іс-184.
- [12] АОМА, қ.180, т.1, іс-764.
- [13] Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архиві (одан әрі -АОПД АМА) қ.27/6/, т.1, іс-01100, Следственный фонд.
- [14] АОПД АМА қ.27/6/, т.1, іс-01100, 3-й отдел Прорвинский ИТЛ НКВД СССР 1937 г.
- [15] Мусаева У.К. Деятельность Восточного музея в Ялте / У.К. Мусаева.- Пространство и Время -2014-№2 (16)- С.175-180.
- [16] АОПД АМА қ.27/6/, т.1, іс-01064.
- [17] АОПД АМА қ.27/6/, т.1, іс-01069.
- [18] АОПД АМА қ.27/6/, т.1, іс-01089.
- [19] Стогов Николай Николаевич [Электронды ресурс].- Қолжетімділік режимі: [https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov\\_nikolai\\_nikolaievich](https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov_nikolai_nikolaievich)

[20] АОПД АМА к.27/6/, т.1, іс-1281.

[21] Халел Шигаев [Электронды ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <https://timenote.info/ru/Halel-Shigaev>.

## REFERENCES

[1] Memleket basshysy Qasym-Zhomart Tokaevtyń Sayasi kugyn -surgin zhane asharyshlykkurbandaryn eske alu kunine oraiundeui [Address of head of State Kassym-Jomart Tokayev on the occasion of the day of remembrance of victims of political repression and famine]. (n.d.). Retrieved from: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyń-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharyshlykkurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui> [in Kazakh].

[2] Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi memlekettik komissiya turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2020 zhylgy 10 karashadagy № 748 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 10, 2020 No. 748 on the state commission for the full rehabilitation of victims of political repression]. (n.d.). Retrieved from: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000748> [in Kazakh].

[3] Dilmanov, S.D. (2002). Ispravitelno-trudovye lageria NKVD-MVD SSSR na territorii Kazakhstana (30-e -50-e gody XX veka) [Correctional labor camps of the NKVD-MVD of the USSR on the territory of Kazakhstan (30s-50s of the XX century)]. Almaty: «Kitap» ; Dilmanov, S.D. (2018). «GULAG NKVD-MVD SSSR v karatelnoi sisteme Sovetskogo gosudarstva (30-50-e gody 20 veka)» [GULAG OF the NKVD-the Ministry of Internal Affairs of the USSR in the punitive system of the Soviet state (30-50 - ies of the XX century)]. Astana, Nacionalnyi universitet oborony imeni Pervogo Prezidenta RK – Elbasy; Dilmanov, S.D. (2019). «Ispravitelno-trudovye lageria voennoplennykh NKVD-MVD SSSR na territorii Kazakhstana (30-50-e gody 20 veka). Specialnyelagerja NKVD-MVD SSSR v 40-e gody 20 veka» [Correctional labor camps of prisoners of war of the NKVD-MVD of the USSR on the territory of Kazakhstan (30-50 - ies of the XX century). Special camps of the NKVD-MVD of the USSR in the 40s of the XX century] Astana [in Russian].

Сонымен қатар салықтардан жалтарып отырған жалдамалы жұмысшы пайдаланған үшін 82 рубль, ауылшаруашылық салығы бойынша - 259 рубль салық төлемеген. Жоспар бойынша одан 300 пұт астық алынуы керек еді, одан тек 195 пұт алынды. Ал, екінші шаруашылық ол Қарамұрттағы Муменжанов Ахметтікі. Бұл бұрынғы волост губернаторы, ол тұрмыстық жағдайы бойынша Қарамұрт ауылының жер иесі болып саналады. Оның иелігінде біртұтас квартал бар, 36 бөлмеден тұратын үйі бар, өте жақсы жабдықталған, үлкен санаторийге ұқсайды. Сонымен қатар екі бағы бар. Ол биліктен жасырған екі егістік алқабы болған, нәтижесінде 188 рубль көлемінде ауылшаруашылық салығы салынған. Астық дайындау жоспарының кезінде ол бірде-бір пұт астық шығармай, Орта Азияға қашып кеткен. Үшінші шаруа қожалығы - Қарамұрт ауылының тұрғыны Анарбек Еділбеков. Онда 17 десятина егістік алқабы, екі десятина жеміс-жидек бақшасы бар. Ірі қара - 9 бас, өгіз - 9, жылқы - 2, есек - 1. Ауылшаруашылық салығы - 577 рубль 75 тиын, өзін-өзі салықтандыру - 186 рубль 88 тиын. Осы уақытқа дейін салық та, салықтандыруда төленбеген және бірден-бір пұт астық шығарылмаған [11, п. 6]. Жоғары көрсетілген жайттарды қарап билік органдарының асыра сілтеулерінің ескерсек халықтың тобының өзге жақтарға бас сауғалауын байқауға болады. Сайрам өңірінің халқының негізгі советтік асыра сілтеуден қашып құтылудың аймағы бұл Орта Азия жер болып табылды.

Астық даярлау кезіндегі Советтік жүйе ашық түрде заңдылықты бұрмалай отырып, Қылмыстық кодекске халықпен санаспай өздеріне қолайлы түзетулер енгізілді (РСФСР ҚК-нің 107,61, 73, 102, 127, 135, 60 және басқа баптар, оның заңды жалғасы ретінде контрреволюциялық қызметі үшін жаза қолдануды көздейтін 58-10-бап) [12, п. 8]. Сайрам өңірінде байларға байланысты сот бойынша ешқандай қысым болған жоқ. Ол тек 61 және 107 баптар бойынша екі процесс болды, ал 107-бап шұңқырдан 800 пұт астық табылған байға қатысты қолданылды [13, п. 9]. Осы ретте ел билеушісі Сталин астық жинау дағдарысынан шығудың ең басты жолы кулактарға қарсы РСФСР қылмыстық істер Кодексінің 107 бабын қолдану болды. Бұл бап бойынша сатып алу, тығып қою жолымен тауарларға бағаны қасақана көтерген кінәлілерді үш жылға дейін бас бостандығынан айырып соттау, олардың дүние-мүлкін түгелдей немесе ішінара кәмпескелеу көзделді.

Саяси науқандар жүйесінің іс тәжірибесінде, барлық уақыттағы сияқты, ол өте қуатты насихат құралының көмегімен идеологиялық тұрғыда қамтамасыз етілді. Сондықтан газеттерде «Кулактарды түрмеге қамайық!», «Кулак пен байды катал қыспаққа алайық!», «Кулактар мен байлардың құйыршықтарына соққы берейік!», «Тап жауларына қарсы аттан салайық!», «Астықты шіріткендерге өлім келсін!», «Астықты жасырғаны үшін - түрме!», «Аштықты ұйымдастырушыларға - кулактар мен байларға өлім келсін!» және т.б. ұрандардың қаптап кеткені тегін емес [14, п. 12].

Сайрам өңіріндегі астық дайындаудың жоспары мен әдістерін партия өкілдері бекітілген барлық нұсқауларына толық сәйкес келді. Байлар мен орта шаруаларға және дихандарға қатысты ешқандай асыра сілтеу болған жоқ деген есеп берілді, байларға қатысты партия мен



өкімет ұсынған іс-шаралар жоспары 61 бап бойынша іске асырды. Билік өкілдерінің тексеру кезінде өз шаруа қожалықтарын жойып Орта Азияға қоныс аударған дихандар туралы бұл жалған, ауқаттылардың жер бөліске түскен кезіндегі едәуір жер бөлігінен айырылғандар Орта Азияға қашқандар-деген мәлімдеме берді [15, п. 10].

Сайрам өңіріндегі ауқаттылар партия мен өкіметтің «астық дайындау» науқанына қарсы Ташкент қаласындағы 13-15 адамнан құралған екі жиын өтті. Бұл іс-шараларға байланысты Сайрам өңірінен шыққан маусымдық жұмысшыларды ұйымдастыруға тырысты және олардың есімдері кедейлер сияқты «Правде Востока»-ға жарияланды. САКУ студенттері мен «Правды Востока» қызметкерлерінің айтуынша Сайрам өңіріндегі егін алқабы мен едәуір қысқарды және астық дайындау дұрыс жүргізілмеген, тек совет билігін қолдаған орта шаруаларға астық жеткізуден босатылды.

Советтік билік органдары Сайрам өңірінің халқының «Астық дайындау» кезіндегі жағдайына былай деп мәлімдеме берді:

Шаназаров оған астық салығы салынбағанын, ол кооперацияға өз еркімен 7 немесе 8 пұт астық өткізген. Өзінде бір өгіз бар екен айтты. Ал, ұлы Рахманды үйдің шығындары үшін Ташкентке маусымдық жұмысқа жібердім. Сарымсаков Ташмет жалақы парағына сәйкес 86 рубль 10 тиын алды, 7 ірі қара, 1 жылқысы бар. Революцияға дейінгі кезде ол 10 жыл старшин болып қызмет етті, ауылдың ірі байларының бірі болды және үнемі жалдамалы жұмысшылары (4-5 адам) болды. Ол 9 гектарға жерге бидай егіп кооперативке 20 пұт астық өткізген. Өзінде қалған 100 пұт астықты ешқайда сатпағаны мәлім болды. Якубов Махамед меншігі жоқ кедей адам шаруа қожалығы жоқ. Оны партия комиссиясының шешімімен шығарған себебі партияның хатшысы ретінде салық жинау кезеңінде пара алуға жол берген. Жұмыссыз Якубов жұмыс іздеп Ташкентке кетті. Сайрамның диханы Бекметов жерді өңдеуден бас тартты себебі оған бай-кулак деген айып тағылудан қорықты. Байжанов Таджан батырақ, ауылдық кеңестің мүшесі ауылға маусымдық жұмыс істеп оралды. Оның бір сиыры бар, оған астық салығы салынбайды және ол да мүмкін емес. Астық салығы ауыл кеңесінің шешімімен жиналыста - бай және орта шаруалардың артық астығына салық салған. Жалпы ауылдағы егін егушілердің саны 577-ден 632-ге көбейді, бұл негізінен кедей және орта шаруашылықтардың есебінен болды [16, п. 11]. Совет билігінің атқамінерлері есебінде халыққа ауыр салықтардан қысым көрсеткенін жасыру үшін тұрғындардың басым бөлігі Ташкентке маусымдық жұмысқа кеткенін көрсеткен.

Ауыл шаруашылығында жұмыс істемейтін халықтың кедей бөлігінің күнделікті іс-әрекеті жыл сайын Ташкент қаласына маусымдық жұмысқа бару бұл қалыпты жағдай деп айтуға болады. Биылдың өзінде ауылдық кеңестің айтуынша, маусымдық жұмысқа тек 30 адам кетті, бірақ студенттер «300» емес, екінші нөлді өздері ойластырғаны- деген мәлімдеме берген билік өкілдері [17, п. 12].

Қарамұрт ауылында 1929 жылы 20 маусымдағы мәлеметтерге қарағанда 570 шаруа қожалықтарынан салық алынды жалпы 1050 шаруа қожалығы болды. Егістік жер 570 шаруа қожалықта 876 десятина болды, ал, былтырғы жылғы егістік 773 десятина болған. Оның ішінде 190 десятина мақта егістігі 336 десятинаға ұлғайды. Сондықтан өсім 202,70 десятина немесе 26,1 процентке ұлғайды. Бұл өсімдер байлардың және орта шаруалардың салық төлеуден жалтарып көпшілігі жер көлемін азайтып көрсеткен. Мәселен бай Бердіқұлов 4,75 десятина егісті тіркеді, есеп комиссиясын тексеру кезінде оның 14 десятина (10 десятина жасырынған) 99 өрік ағашы, 110 түп алма болды. Юлдаш Раимкулов тіркелген 4,75 десятина негізгі жер көлемі 8 десятина қалған жер көлемін жасырған. Мәселен таңдамап алынған 10 шаруа қожалығының егісінде 9 гектар алқап болса, былтыр олар егіс алмаған. Он орташа шаруа қожалықтарында егін егу былтыр 16,75-десятина ал, биыл 27,25-десятинаға ұлғайды немесе 10,82 десятинаға өсті. Ал, он орта шаруа немесе бай шаруа қожалықтарында егін егу

барлығы 3,75 десятинаға өсті. (ол 45,25 болды, ол 49-ға айналды) [18, п. 12]. Халықтың басым көпшілігі жерінен айырылып қалмас үшін жерлерін жасырып салықты өз мөлшерінен асырып орындап өзге жаққа бас сауғалаудан қорқыныш үрейі болды.

#### *Қорытынды*

Сайрам өңірінің ауылдарында егістік алқаптар советтік реформалардың нәтижесінде 1928-1929 жылдары Қарамұртта- 23%, Манкент -26,1% және Қарабұлақ 20,25% -ға ұлғайды [19, п. 15] Бұл сөзсіз жаңа ауылшаруашылық салық заңнамасы мен партиялық саясаттың тікелей нәтижесі болып табылады. Алайда партия билігінің асыра сілетулерінің нәтижелері астық дайындау мен салық жоспарлары белгіленген межесін орындауы болып табылады.

Сайрам өңіріндегі биліктің астық дайындаудағы асыра сілтеулермен халықтың басым көпшілігінің Ташкент қаласын паналауға мәжбүрледі. Осыдан шағымданушылардың өздерінің көзқарастарының және ақпараттың шынайы екендігін Сайрам өңіріне іс-сапар нәтижелерінен белгілі болды. Студенттердің шағым хаттары арқылы Сайрам өңірінің «астық дайындау» науқаны кезіндегі билік пен халықтың арасындағы байланыстардың көрінісі мен өңір халқының 1928-1929 жылдардағы күнделікті тіршілігінің көрінісін көруге болады.

#### *Алғыс*

Советтік кезеңнің алғашқы жылдарындағы азаматтардың билік органдарына бағытталған шағымдары олардың дұрыс сақталмауынан ғылыми айналымға енгізілмеді. Олардың көбісі мекеменің ағымдық іс-қағаздарын жүргізу кезінде немесе мұрағаттардағы талдау процесінде аяусыз жойылғандықтан бүгінгі күнге жетпеген.

Архив қорларында сақталған хаттарды анықтау, олардың көбінесе өзіндік жеке істерге бөлінбеуінен және анықтамаларда көрсетілмегендіктерінен, көп күш жұмсауды талап етуде. Бұл зерттеудің ақпараттық негізін Түркістан облысының мемлекеттік қоғамдық саяси- тарихының архиві (ТОМҚСТА) қоры құрады. Осы архив басшылығымен қызметкерлеріне алғыс білдіремін.

#### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Кабанов В.В. Источниковедение советского общества / Кабанов В.В.- Москва, 1997. С. 229.
- [2] Сталин И.В. Шығармалар, 2 том / И.В. Сталин. - Алматы: Қазбiрмембас, 1950 - 521 б.
- [3] Сталин И.В: Шығармалар, 11 том / И.В. Сталин.- Алматы: Қазбiрмембас, 1950, - 431 б.
- [4] Түркістан облыстық мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві (ТОМҚСТА). 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 1-п
- [5] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 1-п.
- [6] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 1-п.
- [7] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 2-п.
- [8] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 3-п.
- [9] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 3-п.
- [10] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 4-п.
- [11] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 6-п.
- [12] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 8-п.
- [13] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 9-п.
- [14] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 12-п.
- [15] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 10-п.
- [16] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 11-п.
- [17] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 12-п.
- [18] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 12-п.
- [19] ТОМҚСТА. - 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 15-п.

#### **REFERENCES**

- [1] Kabanov, V. (1997). Istochnikovedeniye sovetskogo obshchestva [Source study of Soviet society] M. [in Russian].
- [2] Stalin, I. (1950). 2 tom 18 tomnogo sbornika sochineni [The 2nd volume of The 18 volume Collection of Works].- Almaty: Kazbirmembas [in Russian].

- [3] Stalin, I. (1950). 11 tom 18 tomnogo sbornika sochineni [The 11th volume of The 18 volume collection of Works].- Almaty: Kazbirmembas [in Russian].
- [4] Turkestan Regional State Archive of Socio-Political History (TRSASPH) [Türkistan oblastıq memlekettik qoğamdıq-sayası tarix arxivi (TOMQSTA)] - F.1.- Op. 2.- D. 2.- L. 1 [in Russian].
- [5] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.1 [in Russian].
- [6] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.1 [in Russian].
- [7] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.2 [in Russian].
- [8] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.3 [in Russian].
- [9] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.3 [in Russian].
- [10] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.4 [in Russian].
- [11] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.6 [in Russian].
- [12] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.8 [in Russian].
- [13] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.9 [in Russian].
- [14] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.12 [in Russian].
- [15] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.10 [in Russian].
- [16] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.11 [in Russian].
- [17] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.12 [in Russian].
- [18] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.12 [in Russian].
- [19] TRSASPH. - F.1.- Op.2.- D.2.- L.15 [in Russian].

Таштанов Ж. А.

### ИСТОРИЯ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ САЙРАМСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОДГОТОВКЕ УРОЖАЯ (1928-1929)

**Аннотация.** Были проанализированы жалобы студентов, обучающихся в Ташкенте из Сайрамского района в областную администрацию. Письма являются своеобразным барометром общественной жизни, особенно в условиях заготовления урожая, формирования массового сознания, а также социальных волнений.

Жалобы отправлялись по самым актуальным вопросам местной жизни. Интересно, что жалоба как отдельный вид письменного заявления (по названию типа документа) широко использовалась только в начале двадцатого века.

Жалобы являются формой быстрого реагирования на определенные изменения, которые ухудшают повседневную жизнь граждан. Исследователи выделяют особенности обращений граждан к властям: форма добровольного представительства, особый язык для выражения мыслей и чувств, система конкретных доказательств (аргументов), эмоциональная, полифоническая (разнообразие вопросов). Жалобы отправлялись по самым актуальным вопросам местной жизни. В данном случае мы рассмотрим материалы для расследования жалоб граждан Сайрамского района.

**Ключевые слова:** сбор урожая; налогообложение; богатые; обращения; жалобы; повседневная жизнь; местное управление; жители села Сайрам; Манкент; Карабулак; Карамурт.

Tashtanov Zhanabek

### THE HISTORY OF THE DAILY LIFE OF THE SAYRAM REGION IN PREPARATION OF THE CROP (1928-1929)

**Annotation.** Complaints of students from Tashkent from Sairam region to the regional administration were analyzed. Letters are a kind of barometer of public life, especially in conditions of harvesting, the formation of mass consciousness, as well as social unrest.

Complaints were sent on the most pressing issues of local life. It is interesting that the complaint as a separate type of written statement (by the name of the type of document) was widely used only at the beginning of the twentieth century.

Complaints are a form of quick response to certain changes that worsen the daily lives of citizens. Researchers identify features of citizens' appeals to the authorities: a form of voluntary representation, a special language for expressing thoughts and feelings, a system of specific evidence (arguments), emotional, polyphonic (various questions). Complaints were sent on the most pressing issues of local life. In this case, we will consider materials for investigating complaints of citizens of Sairam district.

**Keywords:** harvesting; taxation; rich; appeals; complaints; everyday life; local government; residents of the village of Sairam; Mankent; Karabulak; Karamurt.

# ГЕОГРАФИЯ - GEOGRAPHY

ӘОЖ 911.3:33(574.13/470)

ГТАХР 06.61.23; 06.71.03

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).41

<sup>1</sup>Имашев Э.Ж., <sup>2</sup>Ахунов А.Р., <sup>1</sup>Отарбаев С.А.<sup>1</sup>М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан<sup>2</sup>Башқұрт мемлекеттік университеті, Уфа, Ресей

E-mail: eduard.imashev@gmail.com, ahun\_84@mail.ru, otarbai.sungat@bk.ru

## АҚТӨБЕ ЖӘНЕ ОРЫНБОР ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ДАМУ ТРЕНДТЕРІ

**Андатпа.** Мақалада ортақ шекаралары бар және Қазақстан мен Ресейдің шекаралас және көршілес өңірлері болып табылатын Ақтөбе және Орынбор облыстарының индустриялық даму трендтерін салыстырмалы экономикалық-географиялық талдаудың негізгі нәтижелері ұсынылған. Өнеркәсіп дамуының негізгі көрсеткіштерін талдау 2010-2019 жылдары көршілес екі облыста да тұтастай алғанда индустриялық дамудың оң трендтері бар екенін көрсетті. Алайда өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқыны бойынша Ақтөбе облысы Орынбор облысынан төмен. Егер көрсетілген кезеңде Ақтөбе облысында өнеркәсіп өндірісінің көлемі ақшалай мәнде 48,2%-ға өссе, Орынбор облысында бұл көрсеткіш 63,4%-ға ұлғайды. Сондай-ақ, екі көршілес облыстың өнеркәсіптік өндірісінің салалық құрылымының әртүрлі салалық ығысу векторлары бар трансформациясы байқалады. Ақтөбе облысының индустриялық дамуы тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу салалары тобының үлес салмағының қысқаруымен және өңдеу өнеркәсібі, электроэнергиясын, газ бен суды өндіру және тарату үлесінің өсуімен сипатталады. Орынбор облысында қарама-қарсы тенденция байқалады, онда тау-кен өндірісі мен карьерлерді игеру салалары тобының үлесі артты. Индустриялық даму деңгейі мен қарқыны бойынша Ақтөбе облысы Орынбор облысынан едәуір төмен екенін атап өткен жөн. 2010 ж. және 2019 ж. аумақтың индустриялық даму индексінің есептеуі көршілес екі облыстың индустриялық даму деңгейіндегі алшақтықтың ұлғайғанын айғақтайды, ол 2,2-ден 3,3 есеге өсті. Бұл Ақтөбе облысының өнеркәсібін тиімді аумақтық ұйымдастыруға бағытталған (оның ішінде Орынбор облысымен ынтымақтастықта) одан әрі басқарушылық шешімдер қабылдауды талап етеді.

**Кілт сөздер:** өнеркәсіп; индустриялық даму; өнеркәсіптік өндіріс көлемі; трендтер; Ақтөбе облысы; Орынбор облысы; аумақ; тау-кен өндіру өнеркәсібі; өңдеу өнеркәсібі; кәсіпорын.

### *Kipicne*

Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аумақтары өнеркәсібінің қазіргі заманғы аумақтық-салалық құрылымы географиялық (қолайлы физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық жағдай), табиғи-ресурстық (жеткілікті табиғи-шикізат базасының болуы және пайдалы қазбалар кен орындарының біркелкі орналаспауы), экономикалық (өндірістік, нарықтық және инновациялық инфрақұрылымның даму деңгейіндегі аумақтық саралау, ішкі және сыртқы нарықтарда сұраныстың болуы және т. б.), әлеуметтік-демографиялық (халықтың саны мен тығыздығы), әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейіндегі кеңістіктік асимметрия және т.б.), тарихи (аумақты шаруашылық игеру ерекшеліктері, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарды эвакуациялау және т. б.) және саяси (индустриялық дамуды мемлекеттік қолдау шаралары,

өңірлік өнеркәсіптік саясат және т. б.) факторлардың әсерінен қалыптасқан. Тиісінше, Қазақстан-Ресей шекарасының әртүрлі өңірлерінің өзіндік ерекшеліктері мен индустриялық даму деңгейі бар.

Қазақстан-Ресей шекара маңы өңірлерінің арасында Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысы мен Ресей Федерациясының Орынбор облысы ортақ ұзын шекаралардың біріне ие, ол 1 030 км құрайды [1]. Ақтөбе облысы мен Орынбор облысының шекаралас және көршілес географиялық орналасуы белгілі бір дәрежеде ішкі факторлармен бірге екі облыстың индустриялық дамуына әсер етеді. Бұл әсер өзара тиімді ынтымақтастықта да, бір-біріне қатысты бәсекелестік артықшылықтарды арттыруда да болуы мүмкін. Осыған байланысты Ақтөбе және Орынбор облыстарының индустриялық дамуын салыстырмалы экономикалық-географиялық зерттеу қызығушылық тудырады.

Белгілі бір нәтижелер Ақтөбе және Орынбор облыстарының индустриялық даму мәселелерін зерттеу келесі қазақстандық және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан: Ниязбаева А.А. [2], Имашев Э.Ж., Сафиуллин Р.Г., Галимов М.А. [3; 4; 5; 6], Мухамеджанов А.М., Родионова И.А. [7], Богданов А.А., Богданова В.С. [8], Ларионова Н.И., Ялялиева Т.В., Напольских Д.Л. [9], Майборода Р.С. [10], Лапаева М., Лапаев С. [11], Ахмедянова Г.Ф., Пишчукин А.М., Семенов А.Е. [12] және басқалар. Дегенмен, Қазақстан мен Ресейдің көршілес екі облысының индустриялық даму трендтерін салыстырмалы экономикалық-географиялық талдау мәселелері жеткіліксіз зерттелгенін атап өту қажет.

#### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Зерттеудің ақпараттық-статистикалық базасы Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша Ұлттық статистика бюросы департаментінің, Орынбор облысы бойынша мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің аумақтық органының статистикалық деректері, интернет желісіндегі картографиялық материалдар мен талдамалық ақпараттары болып табылады.

Ақтөбе және Орынбор облыстарының индустриялық даму трендтерінің, ерекшеліктері мен деңгейін зерделеу кезінде келесі негізгі статистикалық көрсеткіштер пайдаланылды: өнеркәсіптегі жұмыскерлердің саны; өнеркәсіптегі кәсіпорындар мен өндірістердің саны; ақшалай мәндегі өнеркәсіптік өндірістің көлемі; халықтың саны; аумақтың ауданы.

Зерттеу талдау және синтез әдістерін, ғылыми абстракцияны, ұқсастық пен салыстыруды, индукция мен дедукцияны, жүйелік және логикалық тәсілдерді қолдану арқылы жүргізілді. Сонымен қатар математикалық, салыстырмалы-географиялық, статистикалық, картографиялық, геоақпараттық, хронологиялық, сипаттамалық корреляциялық және басқа да зерттеу әдістері қолданылды.

Ақтөбе және Орынбор облыстары өнеркәсібінің даму деңгейін бағалау үшін аумақтың индустриялық даму индексі ( $I_i$ ) маңызды көрсеткіш болды, ол келесі түрде есептелді:

$$I_i = \frac{V}{\sqrt{N \times S}},$$

мұнда  $V$  – өнеркәсіп өндірісінің көлемі (млн. теңге);  $N$  – халық саны (мың адам);  $S$  – аумақтың ауданы (мың шаршы км) [4].

Жоғарыда аталған көрсеткіштерді аумақтық салыстыру мен картографиялық және талдамалық материалдарды талдаумен Ақтөбе және Орынбор облыстарының индустриялық дамуының негізгі трендтерін көрсететін белгілі бір нәтижелер алуға мүмкіндік берді.

#### *Зерттеу нәтижелері*

Ақтөбе облысы Қазақстан аумағының 300,6 мың шаршы км (11,0%) алып жатыр, онда 2019 жылы халық саны 881,7 мың адамды құрады [13]. Орынбор облысы аумағының ауданы

123,7 мың шаршы км (Ресей аумағының 0,7%) құрайды. Орынбор облысы халқының саны Ақтөбе облысы тұрғындарының санынан 2,2 есе көп және 1957 мың адамды құрайды [14, б. 44]. Ақтөбе және Орынбор облыстарының аумағы өнеркәсіпті дамыту үшін бай минералдық-шикізат базасының болуымен сипатталады. Қазақстан-Ресей шекара маңы өңірлерінің арасында Ақтөбе және Орынбор облыстары пайдалы қазбалардың түрлерінің номенклатурасы мен аумақтық үйлесімі бойынша ерекшеленеді. Көршілес облыстардың аумағында отын-энергетикалық, кенді және кенсіз пайдалы қазбалардың, тау-кен химиялық шикізаттың, табиғи (минералдық) құрылыс материалдарының кен орындары барланған. Орынбор облысы пайдалы қазбалар түрлерінің номенклатурасы бойынша Ақтөбе облысынан кейінгі орында (кесте). Осы факторлардың барлығы Ақтөбе және Орынбор облыстарының индустриялық даму ерекшеліктерін айқындайды.

*Кесте—Ақтөбе және Орынбор облыстарының пайдалы қазбаларының түрлері*

| Облыс атауы    | Отын-энергетикалық пайдалы қазбалар                     | Кенді пайдалы қазбалар                                                      | Тау-кен химиялық шикізаты                   | Табиғи (минералды) құрылыс материалдары және кенсіз пайдалы қазбалар                                                                                             |
|----------------|---------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ақтөбе облысы  | Мұнай, табиғи газ, конденсат, көмір                     | Хром, мыс, мырыш, темір, алтын, никель, кобальт, титан, цирконий, бокситтер | Фосфориттер, натрий тұзы, вермикулит, тальк | Асбест, әк, гипс, мәрмәр, құм, кірпіш-керамзит балшығы, цемент шикізаты, кварц, құрылыс тастары, бетонит балшығы, құм-қиыршықтас материалдары, минералды бояулар |
| Орынбор облысы | Мұнай, табиғи газ, конденсат, көмір, жанғыш тақтатастар | Темір, хром, мыс, мырыш, қорғасын, никель, титан, кадмий, алтын             | Барит, магнезит, доломит, калий тұзы        | Асбест, каолин, отқа төзімді саздар, гипс, минералды бояулар, яшма, кварц                                                                                        |


Авторлармен [15; 16] бойынша құрастырылды

Ақтөбе және Орынбор облыстары Қазақстан мен Ресейдің орта дамыған индустриялық өңірлері болып табылады. 2010 жылы Ақтөбе облысының өнеркәсібінде экономикалық белсенді халықтың 14,0%-ы жұмыс істеді, ал Орынбор облысында бұл көрсеткіш 18,0%-ды құрады [17; 18, б. 103, б. 118]. 2019 жылы екі облыста да өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағы өсті. Ақтөбе облысы өнеркәсіпте жұмыс істейтін экономикалық белсенді халықтың 19,1% көрсеткішімен Орынбор облысын басып озды (18,9%) [19; 14, б. 115, 144].

Өнеркәсіптегі жұмысшылар санының абсолютті көрсеткіші бойынша Ақтөбе облысы Орынбор облысынан едәуір төмен. 2010 жылмен салыстырғанда 2019 жылы көршілес екі

облыста өнеркәсіптегі жұмыскерлер саны орта есеппен 6,7%-ға қысқарды, атап айтқанда Орынбор облысында 8,0%-ға; Ақтөбе облысында 1,3%-ға азайды (1-сурет).


2010-2019 жылдары Ақтөбе және Орынбор облыстарында өндірілген өнеркәсіп өнімінің құны 3136,7 млрд. теңгеден 7796,9 млрд. теңгеге дейін немесе 59,8%-ға артты [13; 18, б. 637; 14, б. 688; 23]. Елеулі өсім өндірістің нақты көлемінің ұлғаюымен де, өнеркәсіптік өнім құнының өсуі есебінен де байланысты. Алайда, екі облыстағы өнеркәсіптегі өсу қарқыны айтарлықтай ерекшеленеді. Ақтөбе облысында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 48,2%-ға өсті, ал Орынбор облысында өсім 63,4%-ды құрады (2-сурет). Индустриялық дамудың осы трендтері 2019 жылы Ақтөбе облысының аумағында қазақстандық өнеркәсіп өнімінің 6,6%-ы өндірілгеніне ықпал етті. Орынбор облысына Ресейдің өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 3,2%-ы келді.



*1-сурет – 2010-2019 жылдардағы Ақтөбе және Орынбор облыстарының өнеркәсібіндегі жұмыскерлер санының өзгеруі (мың адам). Авторлармен [20, б. 8; 21, б. 9; 22; 18, б. 118-138; 14, б. 132-144] бойынша құрастырылды*

2-суреттен көріп отырғанымыздай, 2014-2015 жылдары Орынбор облысындағы өнеркәсіптік өндіріс көлемінің төмендеуі, Ақтөбе облысында – 2013-2015 және 2019 жылдары азаюыбайқалады. Екі облыста да өнеркәсіптік өндіріс көлемінің төмендеуі 2014-2015 жылдар бойынша Ресейдегі валюталық дағдарысқа байланысты, оның себебі шетелдік валюталарға қатысты Ресей рублінің күрт әлсіреуі болып табылады. Бұл Ресей мен Қазақстан, оның ішінде Ақтөбе және Орынбор облыстары бюджетінің кіріс бөлігі көбінесе экспортына тиесілі болатын мұнайдың әлемдік бағасының тез төмендеуіне байланысты.






**2-сурет**—2010-2019 жылдардағы Ақтөбе және Орынбор облыстарындағы өнеркәсіп өндірісі көлемінің серпіні (млрд. теңге). Авторлармен [13; 18, б. 637-641; 14, б. 682-688; 23] бойынша құрастырылды

2010 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан мен Ресейдің көршілес екі облысының өнеркәсіптік өндірісінің салалық құрылымының өзгеруі байқалады (3-сурет). Салалардың жетекші тобы тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу болып қала береді. Алайда Ақтөбе облысының аумағында тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу салалары тобының үлес салмағы 76,9%-дан 61,5%-ға дейін төмендейді. Орынбор облысында қарама-қарсы үрдіс байқалады, онда тау-кен өндірісі және карьерлерді қазу салалары тобының үлесі 48,0%-дан 58,8%-ға дейін өсті. Бірақ кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу салалары тобының өндіріс көлемі бойынша Ақтөбе облысы Орынбор облысынан едәуір төмен. 2019 жылы Ақтөбе облысының аумағында Орынбор облысының (3491,0 млрд. теңге) тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу салалары тобының өндіріс көлемінің 32,7% (1142,1 млрд.теңге) өндірілді [13; 14, б. 688; 23].

Пайдалы қазбалар кен орындарының әртүрлі түрлерінің болуы (кесте) Ақтөбе облысында мұнай және табиғи газ, металл кендерін, құрылыс шикізатын өндіру бойынша өндірістердің дамуына ықпал етті. 2019 жылы өндіруді 167 кәсіпорын мен өндіріс жүзеге асырды. Ақтөбе облысының тау-кен өндіру өнеркәсібінің және карьерлерді қазудың жетекші салалары мұнай өндіру және газ өндіру өнеркәсібі болып қалып отыр (2019 жылы 60,6%) [24]. Өңірдің ірі мұнай-газ өндіруші кәсіпорындары «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «ТетисАралГаз» ЖШС болып табылады. Алғашқы екеуі көмірсутек шикізатының кен орындарын әзірлейтін Қазақстан-Қытай бірлескен кәсіпорындары болып табылады және Қазақстанның ірі мұнай өндіруші компанияларының қатарына кіреді. Металл кендерін өндіруді жүзеге асыратын негізгі кәсіпорындар «Қазхром «ТҮК» АҚ Дөң тау-кен байыту комбинаты және «Восход Ориел» ЖШС (хром кендері мен концентраттары), «КоперТехнолоджи» ЖШС (мыс және мыс-мырыш кендері), «Ақтөбе мыс компаниясы» ЖШС (мыс және мырыш концентраттары), «AltynexCompany» АҚ (құрамында алтын бар кендер) болып табылады. Құрылыс шикізатын өндіруді «Базальт-А» ЖШС, «АқшатАқтөбе» ЖШС және басқа да кәсіпорындар жүзеге асырады [25].





*3-сурет—2010-2019 жылдардағы Ақтөбе және Орынбор облыстарының индустриялық даму деңгейінің өзгеруі. Авторлармен [13; 18, б. 20, 38, 637-641; 14, б. 44, 682-688; 23] бойынша құрастырылды*

2019 жылы Орынбор облысының аумағында пайдалы қазбаларды өнеркәсіптік өндіруді 354 кәсіпорын мен өндіріс жүзеге асырды [26, б. 312], бұл Ақтөбе облысына қарағанда 52,8%-ға артық. Ақтөбе облысындағы сияқты Орынбор облысында да жетекші салалар мұнай өндіру және газ өндіру өнеркәсібі, яғни негізгі кәсіпорындар «Оренбургнефть» ААҚ болып табылады. Металл кендерін өндіру бойынша өндіріс ірі кәсіпорындары «Гайский горно-обогатительный комбинат» ААҚ (мыс және мырыш концентраттары), «Ормет» ЖАҚ (мыс және мыс-мырыш кендері) болып табылады. Құрылыс шикізатын өндірумен «Орский щебеночный завод» ААҚ,

«Гайский горно-обогатительный комбинат» ААҚ, «Киёмбаевский горно-обогатительный комбинат» АҚ және басқалары айналысады [27; 28].

10 жыл ішінде Ақтөбе облысында өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіп салалары тобының үлес салмағы 17,5%-дан 32,6%-ға дейін өсті, ал Орынбор облысында төмендеу байқалады: 33,8%-дан 32,5%-ға дейін. Ақтөбе облысындағы өңдеуші өнеркәсіп салалары тобының елеулі салалық ілгерілеулері мен маңыздығы артуы Қазақстанның өнеркәсіптік саясатымен тікелей байланысты, оның басымдығы индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру шеңберінде өңдеуші өндірістерді өсіру және дамыту болды. Соған қарамастан, Ақтөбе облысы өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі бойынша көрші Орынбор облысынан едәуір артта қалып отыр. 2019 жылы Ақтөбе облысының аумағында Орынбор облысының (1928,7 млрд. теңге) өңдеу өнеркәсібі салалары тобының өндіріс көлемінің 31,4% (605,3 млрд. теңге) өндірілді [13; 14, б. 688; 23].

Ақтөбе облысындағы өңдеу өнеркәсібі салаларынан металлургия өнеркәсібі мен металл өңдеу, химия және мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, құрылыс материалдары өнеркәсібі, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, полиграфия өнеркәсібі дамыды. 2019 жылы өңдеу өндірістерінің саны 428 кәсіпорынды құрады. Өңірдің ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары «Қазхром «ТҰК» АҚ, «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС (металлургия өнеркәсібі және металл өңдеу), «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ (химия және мұнай-газ химиясы өнеркәсібі), «Ақтөбе мұнай жабдықтары зауыты» АҚ, «Ақтөберентген» ЖШС (машина жасау), «Стройдеталь» ЖШС, «ЭкотонБатыс» ЖШС, «Силикат-А» ЖШС (құрылыс материалдары өнеркәсібі) және басқалары. «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ жоғары сапалы хром қосылыстары өндірісіне маманданған және осы өнімді өндіру және экспорттау бойынша әлемдік нарықта екінші орын алатын химия өнеркәсібі саласындағы Қазақстанның ірі және жалғыз кәсіпорны болып табылатынын атап өту қажет. Ақтөбе облысының өңдеуші өнеркәсібінің жетекші салалары металлургия өнеркәсібі және металл өңдеу (2019 жылы 55,9%), химия және мұнай-газ химиясы өнеркәсібі (18,1%), тамақ өнеркәсібі болып табылады (11,4%) [22; 13].

Орынбор облысы Ақтөбе облысы сияқты өңдеуші өнеркәсіптің әртараптандырылған құрылымына ие. 2019 жылы өңдеу өнеркәсібінде 2133 кәсіпорын өз қызметін жүзеге асырды [26, б. 312], бұл Ақтөбе облысына қарағанда 79,9%-ға артық. Орынбор облысындағы негізгі ірі және қала құраушы кәсіпорындар «Орский нефтеперерабатывающий завод» ААҚ, «Новотроицкий завод хромовых соединений» АҚ, «Южно-Уральский завод магниевых соединений» АҚ (Южно-Уральский химзавод) (химия және мұнай-газ химия өнеркәсібі), «Производственное объединение «Стрела»» АҚ, «Завод «Инвертор», «Машиностроительный концерн ОРМЕТО-ЮУМЗ» АҚ, «Орский машиностроительный завод» АҚ, «Механический завод» АҚ (машина жасау), «Уральская Сталь» АҚ (металлургия өнеркәсібі және металл өңдеу), «Пивоваренный завод «Орский»» ЖШҚ (тамақ өнеркәсібі), «Новотроицкий цементный завод» АҚ (құрылыс материалдары өнеркәсібі) және басқалар. Ақтөбе облысындағы сияқты Орынбор облысындағы өңдеу өнеркәсібінің жетекші салалары металлургия өнеркәсібі және металл өңдеу (2019 жылы 39,2%), химия және мұнай-газ химиясы өнеркәсібі (33,3%), тамақ өнеркәсібі (13,6%) [28; 26, б. 329] болып табылады.

Қарастырылып отырған кезеңде Ақтөбе облысында электроэнергиясын, газ бен суды өндіру және тарату салалары тобының үлесі өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлемінде 0,3%-ға артып, 2019 жылы 5,9%-ды құрады. Орынбор облысында өнеркәсіптік өндіріс құрылымында электроэнергиясын, газ бен суды өндіру және тарату үлес салмағының төмендеу үрдісі байқалады (18,2%-дан 8,7%-ға дейін). Қарама-қарсы үрдістерге қарамастан, Ақтөбе облысы электроэнергиясын, газ бен суды өндіру және тарату көлемі бойынша Орынбор облысынан да артта қалып отыр. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Ақтөбе

облысының аумағына Орынбор облысының (520,4 млрд. теңге) электроэнергиясын, газды және суды өндіру мен тарату көлемінің 21,0% (109,4 млрд.теңге) келеді [13; 14, б. 688; 23].

Ақтөбе және Орынбор облыстарының өнеркәсіпті дамытудың жоғарыда аталған барлық трендтері Қазақстан мен Ресейдің көршілес екі облысының аумақтарын индустриялық дамыту деңгейінің ерекшеліктерін айқындады. 2010 ж.және 2019 ж. аумақтың индустриялық даму индексінің есебі екі облыста да өнеркәсіп дамуының оң үрдісі туралы куәландырады. Салыстырмалы талдау осы интегралдық көрсеткіш бойынша Орынбор облысы Ақтөбе облысынан едәуір алда екенін және өнеркәсіптің даму деңгейі арасындағы алшақтық ұлғайып келе жатқанын көрсетті. Егер 2010 ж. Ақтөбе облысы аумағының индустриялық даму индексі 1 990-ға тең болса, Орынбор облысында да дәл осындай көрсеткіш 4 338-ді құрады. 2019 жылы Ақтөбе облысы аумағының индустриялық даму индексі 3 607-ге дейін (2010 жылмен салыстырғанда 54,1%-ға), ал Орынбор облысында 12 073-ке дейін (64,1%-ға) өсті. Осылайша, 2010-2019 жылдары Орынбор облысы мен Ақтөбе облысының индустриялық даму деңгейіндегі алшақтық 2,2-ден 3,3 есеге дейін ұлғайды (3-сурет).

#### Қорытынды

Көршілес Қазақстан-Ресей өңірлерінің индустриялық даму трендтерін экономикалық-географиялық талдау Орынбор облысының өнеркәсіптің даму деңгейі бойынша Ақтөбе облысынан озық екенін көрсетті. Ақтөбе облысының едәуір артта қалуы бірінші кезекте үлкен аумаққа, халық санының аздығына, өнеркәсіптік өндірістердің технологиялық дамуының және аумақтың инфрақұрылымдық игерілуінің жеткіліксіздігіне байланысты. Ақтөбе облысы аумағының ресурстарын Орынбор облысының өнеркәсіптік өндірісіне «тарту» трендтерін болдырмау үшін минералдық-шикізат базасын, еңбек және инфрақұрылымдық ресурстарды тиімді аумақтық пайдалану негізінде өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамыту қажет. Ақтөбе облысының индустриялық дамуының маңызды құрамдас бөлігі өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін аумақтық өнеркәсіптік кластерлерді қалыптастыру және дамыту болуы тиіс. Ақтөбе облысының өнеркәсібін дамытудың осы бағытында Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі өзара тиімді ынтымақтастық негізінде көршілес Орынбор облысының кәсіпорындары маңызды рөл атқара алады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] На границе Актюбинской и Оренбургской областей начались работы по демаркации казахстано-российской границы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=30755350#:~:text=](https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=30755350#:~:text=)
- [2] Ниязбаева А.А. Кластерный подход к развитию горно-металлургического кластера в регионе (на примере Актюбинской области, Казахстан) / А.А.Ниязбаева // Материалы I Всероссийской научно-практической конференции с международным участием «Территории опережающего социально-экономического развития: вопросы теории и практики». – Набережные Челны, 2017. – С. 218–222.
- [3] Имашев Э.Ж. Региональная политика в сфере индустриально-инновационного развития Западно-Казахстанской и Актюбинской областей: достижения, проблемы и перспективы / Э.Ж.Имашев, Р.Г.Сафиуллин, М.А. Галимов // Материалы международной научно-практической конференции «География и регион» (23-25 сентября 2015 г.). В VI томах. Т. II Социально-экономическая география. – Пермь, Перм. гос. нац. исслед. ун-т, 2015. – 320 с. С. 186-191.
- [4] Перспективы формирования, развития и функционирования промышленных кластеров в Западно-Казахстанской и Актюбинской областях: монография / Под ред. Э.Ж. Имашева. – Уралск: РИЦ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2017. – 300 с.
- [5] Имашев Э.Ж. Пространственный анализ инновационной активности промышленности Актюбинской области / Э.Ж.Имашев // Вестник ЗКГУ. – 2019. – №2(74). – С. 483-491.
- [6] Имашев Э.Ж. Экономико-географическая оценка перспектив кластеризации промышленности Актюбинской области Республики Казахстан / Э.Ж.Имашев // Россия и Азия. – 2020. – №3(12). – С. 7-22.

- [7] Мухамеджанов А.М.. Сдвиги в пространственной организации обрабатывающей промышленности приграничных территорий России и Казахстана / А.М. Мухамеджанов, И.А. Родионова, Э.Ж. Имашев // Экономика и предпринимательство. – 2017. – №5-1 (82). – С. 949-955.
- [8] Богданов А.А. Современное состояние и основные проблемы нефтеперерабатывающей промышленности приграничного региона (на примере Оренбургской области) / А.А.Богданов, В.С. Богданова // Экономика в промышленности. – 2016. – №1. – С. 19-25. (<https://doi.org/10.17073/2072-1633-2016-1-19-25>)
- [9] Larionova N.I. Economic Development of Russian Regions on the Basis of Innovative Clusters / N.I. Larionova, T.V.Yalyalieva, D.L. Napolskikh // Academy of Strategic Management Journal. – 2018. – Vol. 17. – Issue 4 Retrieved from <https://www.abacademies.org/articles/economic-development-of-russian-regions-on-the-basis-of-innovative-clusters-7391.html>
- [10] Майборода Р.С. Состояние и перспективы развития промышленности Оренбургской области / Р.С. Майборода // Сборник статей II Всероссийской научно-практической конференции (с международным участием) «Промышленность: новые экономические реалии и перспективы развития». – Оренбург, 2019. – С. 59-63.
- [11] Lapaeva M. Industrial Complex of the Orenburg Region: Challenges and Growth Prospects / M. Lapaeva, S.Lapaev // Advances in Social Science, Education and Humanities Research. – 2020. – Volume 392– P. 213-216. (DOI:10.2991/assehr.k.200113.043)
- [12] Akhmedyanova G.F., Pishchukhin A.M., Semenov E.A. Development's Features of Industrial Production in the Region / G.F. Akhmedyanova, A.M. Pishchukhin, E.A. Semenov // International science and technology conference «EarthScience»: IOP Conf. Series: Earth and Environmental Science. – 2020. – Volume 459–<https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1755-1315/459/6/062065/pdf> (DOI:10.1088/1755-1315/459/6/062065)
- [13] Ақтөбе облысының аудандары бойынша негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің серпіні 2000-2019 [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі:[https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/reg\\_main/regDinamo?\\_afLoop=15296200921689759#%40%3F\\_afLoop%3D15296200921689759%26\\_adf.ctrl-state%3Dcimcfouy\\_63](https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/reg_main/regDinamo?_afLoop=15296200921689759#%40%3F_afLoop%3D15296200921689759%26_adf.ctrl-state%3Dcimcfouy_63)
- [14] Регионы России. Социально-экономические показатели. 2020: Стат. сб. - М.: Росстат., 2020. – 1242 с.
- [15] Всероссийский научно-исследовательский геологический институт им. А.П. Карпинского Федерального Агентства по недропользованию (Роснедра) Министерства природных ресурсов и экологии Российской Федерации. ГИС-Атлас «Недра России» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: – [http://vsegei.com/ru/info/gisatlas/pfo/orenburgskaya\\_obl/index.php](http://vsegei.com/ru/info/gisatlas/pfo/orenburgskaya_obl/index.php)
- [16] Ақтөбе облысы әкімдігінің рәсми сайты [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://aktobe.gov.kz/ru/>
- [17] 2010 жылғы Ақтөбе облысындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: [https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg\\_OperData/reg\\_Public018?\\_afLoop=16398681247997858#%40%3F\\_afLoop%3D16398681247997858%26\\_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk\\_59](https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg_OperData/reg_Public018?_afLoop=16398681247997858#%40%3F_afLoop%3D16398681247997858%26_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk_59)
- [18] Регионы России. Социально-экономические показатели. 2016: Стат. сб. – М.: Росстат., 2016. – 1326 с.
- [19] 2019 жылғы Ақтөбе облысындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: [https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg\\_OperData/reg\\_Public018?\\_afLoop=16398681247997858#%40%3F\\_afLoop%3D16398681247997858%26\\_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk\\_59](https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg_OperData/reg_Public018?_afLoop=16398681247997858#%40%3F_afLoop%3D16398681247997858%26_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk_59)
- [20] Ақтөбе және оның өңірлерінің өнеркәсібі: статистикалық жинақ / Бас ред. К.С. Жекеев. – Ақтөбе: Ақтөбе облысының Статистика департаменті, 2014. – 103 б.
- [21] Ақтөбе және оның өңірлерінің өнеркәсібі: статистикалық жинақ / Бас ред. Ж.Ж. Беисов. – Ақтөбе: Ақтөбе облысының Статистика департаменті, 2019. – 82 б.
- [22] 2019 жылғы Ақтөбе облысындағы еңбек бойынша негізгі көрсеткіштер [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: [https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg\\_OperData/reg\\_Public018?\\_afLoop=16398681247997858#%40%3F\\_afLoop%3D16398681247997858%26\\_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk\\_59](https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg_OperData/reg_Public018?_afLoop=16398681247997858#%40%3F_afLoop%3D16398681247997858%26_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk_59)

- [23] Қазақстан Ұлттық банкі: Валюталардың ресми бағамдары, кезеңде орташа. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://nationalbank.kz/ru/news/officialnye-kursy>
- [24] 2019 жылғы Ақтөбе облысы өнеркәсібі жұмысының негізгі көрсеткіштері [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: [https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublication/reg\\_OperData/reg\\_Public004?\\_afzLoop=16466803808308139#%40%3F\\_afzLoop%3D16466803808308139%26\\_adf.ctrl-state%3Dmsj1ufpjb\\_59](https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublication/reg_OperData/reg_Public004?_afzLoop=16466803808308139#%40%3F_afzLoop%3D16466803808308139%26_adf.ctrl-state%3Dmsj1ufpjb_59)
- [25] Промышленность на 2019-2023 годы: Прогноз социально-экономического развития Актыубинской области. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://spk-aktobe.kz/razvitie/ru-prognoz-socialno-ekonomicheskogo-razvitiya-na-2019-2023-gody-promyshlennost/>
- [26] Статистический ежегодник Оренбургской области. 2020: статистический сборник. – Оренбург: Оренбургстат, 2020. – 492 с.
- [27] Оренбургская область – промышленность и предприятия Оренбургской области [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://metaprom.ru/regions/orenburgskaya-obl.html>.
- [28] Промышленность Оренбургской области [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.wiki-prom.ru/region/orenburgskaya\\_oblast.html](https://www.wiki-prom.ru/region/orenburgskaya_oblast.html).

## REFERENCES

- [1] Na granice Aktyubinskoj i Orenburgskoj oblastej nachalis' raboty po demarkacii kazahstano-rossijskoj granicy [On the border of Aktobe and Orenburg regions the work on the demarcation of the Kazakh-Russian border began]. Retrieved from [https://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=30755350#:~:text=\[in Russian\]](https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=30755350#:~:text=[in Russian]).
- [2] Niyazbaeva, A.A. (2017). Klasternyj podhod k razvitiyu gorno-metallurgicheskogo klastera v regione (na primere Aktyubinskoj oblasti, Kazahstan) [Cluster approach to the development of mining and metallurgical cluster in the region (on the example of Aktobe region, Kazakhstan)] . Materialy I Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii s mezhdunarodnym uchastiem «Territorii operezhayushchego social'no-ekonomicheskogo razvitiya: voprosy teorii i praktiki» – Materials of the I All-Russian Scientific-Practical Conference with international participation «Territories of advanced socio-economic development: issues of theory and practice». – Naberezhnye Chelny, 218–222 [in Russian].
- [3] Imashev, E.Zh., Safiullin, R.G., Galimov, M.A. (2015). Regional'naya politika v sfere industrial'no-innovacionnogo razvitiya Zapadno-Kazahstanskoj i Aktyubinskoj oblastej: dostizheniya, problemy i perspektivy [Regional policy in the sphere of industrial-innovative development of West Kazakhstan and Aktobe oblasts: achievements, problems and prospects]. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Geografiya i region» (23-25 sentyabrya 2015 g.) – Proceedings of the International Scientific-Practical Conference «Geography and Region» (23-25 September 2015). V, VI, II, Social'no-ekonomicheskaya geografiya. – Perm', Perm. gos. nac. issled. un-t, 186-191[in Russian].
- [4] Perspektivy formirovaniya, razvitiya i funkcionirovaniya promyshlennykh klasterov v Zapadno-Kazahstanskoj i Aktyubinskoj oblastyah [Prospects of formation, development and functioning of industrial clusters in the West Kazakhstan and Aktobe oblasts] (2017). Pod red. E.Zh. Imasheva. – Ural'sk: RIC ZKGU im. M.Utemisova [in Russian].
- [5] Imashev, E.Zh. (2019). Prostranstvennyj analiz innovacionnoj aktivnosti promyshlennosti Aktyubinskoj oblasti [Spatial analysis of innovation activity of industry in Aktobe oblast]. Vestnik ZKGU - Bulletin of WKSU, 2(74), 483-491 [in Russian].
- [6] Imashev, E.Zh. (2020). Ekonomiko-geograficheskaya ocenka perspektiv klasterizacii promyshlennosti Aktyubinskoj oblasti Respubliki Kazahstan [Economic and geographical evaluation of the prospects of industry clustering in the Aktobe region of the Republic of Kazakhstan]. Rossiya i Aziya – Russia and Asia, 3(12), 7-22 [in Russian].
- [7] Muhamedzhanov, A.M., Rodionova, I.A., Imashev, E.Zh. (2017). Sdvigi v prostranstvennoj organizacii obrabatyvayushchej promyshlennosti prigranichnykh territorij Rossii i Kazahstana [Shifts in the spatial organization of the manufacturing industry of the border regions of Russia and Kazakhstan]. Ekonomika i predprinimatel'stvo - Economics and Entrepreneurship, 5-1 (82), 949-955 [in Russian].
- [8] Bogdanov, A.A., Bogdanova, V.S. (2016). Sovremennoe sostoyanie i osnovnye problemy neftepererabatyvayushchej promyshlennosti prigranichnogo regiona (na primere Orenburgskoj oblasti)



[Current state and main challenges of the refining industry in the cross-border region (on the example of Orenburg region)]. *Ekonomika v promyshlennosti - Russian Journal of Industrial Economics*, 1, 19-25. (<https://doi.org/10.17073/2072-1633-2016-1-19-25>) [in Russian].

[9] Larionova, N.I., Yalyalieva, T.V., Napolskikh, D.L. (2018). Economic Development of Russian Regions on the Basis of Innovative Clusters. *Academy of Strategic Management Journal*, 17, 4. Retrieved from <https://www.abacademies.org/articles/economic-development-of-russian-regions-on-the-basis-of-innovative-clusters-7391.html> [in English].

[10] Majboroda, R.S. (2019). Sostoyanie i perspektivy razvitiya promyshlennosti Orenburgskoy oblasti [Condition and prospects of development of industry of Orenburg Region]. *Sbornik statej II Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii (s mezhdunarodnym uchastiem) «Promyshlennost': novye ekonomicheskie realii i perspektivy razvitiya»* - Collection of articles of the II All-Russian scientific-practical conference (with international participation) «Industry: new economic realities and development prospects». – Orenburg, 59-63 [in Russian].

[11] Lapaeva, M., Lapaev, S. (2020). Industrial Complex of the Orenburg Region: Challenges and Growth Prospects // *Advances in Social Science, Education and Humanities Research*, 392, 213-216 (DOI: 10.2991/assehr.k.200113.043) [in English].

[12] Akhmedyanova, G.F., Pishchukhin, A.M., Semenov, E.A. (2020). Development's Features of Industrial Production in the Region. *International science and technology conference «EarthScience»: IOP Conf. Series: Earth and Environmental Science*, 459, Retrieved from <https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1755-1315/459/6/062065/pdf> (DOI: 10.1088/1755-1315/459/6/062065) [in English].

[13] Aqtöbe oblysynyń audandary boıynsha negızgı äleumettık-ekonomikalyq kórsetkışterdiń serpinı 2000-2019 [Dynamics of the main indicators of socio-economic development of Aktobe oblast 1991-2019 years]. Retrieved from [https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/reg\\_main/regDinamo?\\_afzLoop=15296200921689759#%40%3F\\_afzLoop%3D15296200921689759%26\\_adf.ctrl-state%3Dcimcftouy\\_63](https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/reg_main/regDinamo?_afzLoop=15296200921689759#%40%3F_afzLoop%3D15296200921689759%26_adf.ctrl-state%3Dcimcftouy_63) [in Kazakh].

[14] Regiony Rossii. Social'no-ekonomicheskie pokazateli [Regions of Russia. Socio-economic indicators] (2020), Stat. sb. – M.: Rosstat [in Russian].

[15] Vserossijskij nauchno-issledovatel'skij geologicheskij institut im. A.P. Karpinskogo Federal'nogo Agentstva po nedropol'zovaniyu (Rosnedra) Ministerstva prirodnih resursov i ekologii Rossijskoj Federacii [All-Russian Research Geological Institute named after A.P. Karpin. A.P. Karpinsky Federal Agency on Subsoil Use (Rosnedra) of the Ministry of Natural Resources and Environment of the Russian Federation]. GIS-Atlas «Nedra Rossii» – GIS-Atlas «Subsoil of Russia». Retrieved from [http://vsegei.com/ru/info/gisatlas/pfo/orenburgskaya\\_obl/index.php](http://vsegei.com/ru/info/gisatlas/pfo/orenburgskaya_obl/index.php) [in Russian].

[16] Aqtöbe oblysy äkimdiginıń räsmi saıty [Official website of the Akimat of Aktobe Oblast]. Retrieved from [https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg\\_OperData/reg\\_Public018?\\_afzLoop=1639681247997858#%40%3F\\_afzLoop%3D1639681247997858%26\\_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk\\_59](https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg_OperData/reg_Public018?_afzLoop=1639681247997858#%40%3F_afzLoop%3D1639681247997858%26_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk_59) [in Kazakh].

[17] 2010 jylǵy Aqtöbe oblysynndaǵy eńbek naryǵynıń negızgı indikatorlary [Main indicators of the labor market in Aktobe oblast for 2010]. Retrieved from [https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg\\_OperData/reg\\_Public018?\\_afzLoop=1639681247997858#%40%3F\\_afzLoop%3D1639681247997858%26\\_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk\\_59](https://old.stat.gov.kz/faces/aktobe/regPublications/reg_OperData/reg_Public018?_afzLoop=1639681247997858#%40%3F_afzLoop%3D1639681247997858%26_adf.ctrl-state%3Dmmzw0wekk_59) [in Kazakh].

[18] Regiony Rossii. Social'no-ekonomicheskie pokazateli. 2016 [Russian regions. Socio-economic indicators. 2016]: Stat. coll. – M.: Rosstat [in Russian].

| Less than a year old          | 48             | 0     | 56             | 0     | 51             | 0     |
| 1-3 years old                 | 63             | 34,0  | 78             | 26,8  | 61             | 22,6  |
| 4-5 years old                 | 72             | 42,1  | 79             | 32,0  | 71             | 28,7  |
| 6-9 years old                 | 65             | 50,0  | 75             | 49,4  | 72             | 34,0  |
| More than 10 years old        | 69             | 62,9  | 86             | 58,7  | 73             | 54,8  |
| Total                         | 317            |       | 374            |       | 328            |       |
| On average                    |                | 37,8  |                | 33,8  |                | 28,0  |
| Total heads investigated 1019 |                |       |                |       |                |       |
| Average EI 33.2%              |                |       |                |       |                |       |

The extensiveness of the invasion increased with the age of the animals. In cattle aged 1-3 years, parenchymal organs (liver, lungs) were affected by single petrified cysts, and in animals aged 4-10 years and older - by cephalocysts of echinococcus from 1 to 10 specimens. (Figure 5). Dogs are the main source of larval echinococcosis in cattle.



**Figure 5** - Age dynamics of echinococcosis invasion of cattle in West Kazakhstan region



### Discussion

According to G.I.Dikov and K.M. Erbolatov, moniesia were recorded in young cattle of the last year of birth and adult animals in all seasons of the year with the peak of invasion in the spring and summer period. The extent of invasion is 20-25%. Moniesiasis mainly affects young animals, and adult animals are more resistant to infection [8,12]. KM Erbolatov et al., GI Dikov et al., EE Karibekov noted that cattle and sheep are infected with trichostrongylidosis (genera *Trichostrongylus*, *Cooperia*, *Ostertagia*) from the first days of their stay in the pasture. The extent of invasion increases from the beginning of spring to autumn and is 25%, with an intensity of invasion of 110-120 specimens / head. By winter, the intensity of invasion decreases. Adult animals are less infected than young animals [8,12,38]. According to our research in the West Kazakhstan region, seasonal and age dynamics of the extensiveness and intensity of infestation of cattle by helminths is expressed. The maximum infection of animals with moniesia, strongylates of the digestive tract and telasia was noted in summer and autumn, and minimum - in winter and spring. The extent of invasion of moniesia and strongylates of the digestive tract decreases with age of animals, and that of larval echinococcosis increases. We determined that the greatest extensiveness of the invasion of cattle with moniesia and strongylates of the digestive tract is observed in the autumn period - 17.5 and 35.1%, and the lowest in spring and winter - 10.9% and 17.6%, respectively.

According to G.I.Dikov et al., M.Sh. Shalmenov and Abirova I.M. the extensiveness of the invasion of cattle by larvaceous echinococcosis in the West Kazakhstan region averaged 38.0 - 40.4%. With age, the intensity of the invasion increases. In fattening young animals aged 1.5–2 years, single petrified cysts were found in the organs, and in animals aged 5–10 years and older - from 1 to 12 larvocysts of *Echinococcus* [12, 27, 35]. According to our data, the extent of the invasion of larval echinococcosis increases with the age of animals. The least extensiveness of invasion was noted at the age of 0%, and the highest - 10 years and older, 58.8%.

As noted by K.I.Skriabin, R.S. Shultz and G.I.Dikov and others, thelaziosis is widespread throughout Kazakhstan. Infection with calves in cattle is recorded throughout the year. The peak of invasion is observed from June to October. The extensiveness of the invasion of cattle is 100%. By winter, the extensiveness of the invasion of animals decreases and amounts to 7-10%. Animals of all age groups are ill with Telyaziosis [7, 12]. According to our results, the greatest extensiveness of the invasion of cattle with calves was noted in the autumn period by 81.4%, and the lowest in winter - 2.4%.

### Conclusion

In the West Kazakhstan region, the extensiveness and intensity of the invasion of cattle by helminths was - *M. expansa* (EI-14.2%, II-164.5 ± 13.7 specimens / head), *E. granulosus* (larvae) (EI –35.8%), *Nematodirus* spp. (EI — 35.01%, II — 117.9 ± 9.8 specimens / head), *Ostertagia* spp. (EI - 60.5%, II - 85.1 ± 7.0 specimens / head), *Cooperia* spp. (EI-55.1%, II-80.4 ± 6.7 specimens / head), *Haemonchus* spp. (EI - 22.4%, II - 129.5 ± 10.7 specimens / head), *Trichostrongylus* spp. (EI - 22.6%, II - 120.1 ± 10.0 specimens / head), *Thelazia rhodesi* (EI - 35.8%, II - 13.3 ± 1.1 specimens / head)

In the West Kazakhstan region, the seasonal dynamics of the infestation of cattle by helminths is expressed. The maximum infection of animals was noted in summer and autumn, and the minimum in winter and spring.

The greatest extensiveness of the invasion of cattle by moniesia and strongylates of the digestive tract was noted in the autumn period - 17.5 and 35.1%, and the lowest in spring and winter - 10.9% and 17.6%, respectively.

The greatest extensiveness of the invasion of cattle with calves was noted in the autumn period by 81.4%, and the least in winter - 2.4%.

In the West Kazakhstan region, the age-related dynamics of infection with helminths in cattle is expressed. The extent of invasion by *M. expansa* and *Strongylata* spp. decreases with age of animals.

The greatest extensiveness of the invasion of the digestive tract by moniesia and strongylates of animals was noted at the age of up to one year and 1-3 years - 28.1 and 35.8%, and the smallest - 10 years and older 0 and 21.1%, respectively. The extent of the invasion of larval echinococcosis increases with the age of animals. The least extensiveness of invasion was noted at the age of 0%, and the highest - 10 years and older, 58.8%.

#### *Acknowledgments*

The work was carried out within the framework of the grant project AP05136002 on the topic "Development of measures to combat the main helminthiasis of cattle in the steppe, semi-desert and desert zones of the West Kazakhstan region, depending on meteorological conditions".

#### REFERENCES

- [1] Skryabin, K.I. (1916). K kharakteristike gel'mintofauny domashnikh zhivotnykh Turkestana (Dissertatsiya na stepen' magistra veterinarnykh nauk) [On the characterization of the helminth fauna of domestic animals in Turkestan (Dissertation for a Master's degree in veterinary sciences) Yur'yev: Tipolit. Bergman [in Russian].
- [2] Vol'f, Z.V. (1936). K kharakteristike gel'mintofauny krupnogo rogatogo skota v Kazakhstane [To the characteristics of the helminth fauna of cattle in Kazakhstan] Sb. Nauchn. st. Komiteta nauki pri Prezid. - Coll. scientific, art. Science Committee under the Presid. - TSIK Kazakh. SSR. 1, 73-76 [in Russian].
- [3] Bondareva, V.I. (1946). Fauna i sezonnaya dinamika tsestod kishechnika ovets na yugo-vostoke Kazakhstana [Fauna and seasonal dynamics of sheep intestine cestodes in the south-east of Kazakhstan]. Rukopis' diss....kand. nauk - Manuscript of thesis. ... Cand. Sciences, Library. Lenin [in Russian].
- [4] Bondareva, V.I. (1958). O vidovoy samostoyatel'nosti moniezia al'ba tsestody krupnogo rogatogo skota [On the species independence of cattle moniesia alba cestode] Tez. dokl. nauchn. konf. Vses. o-va gel'mintol. - Tez. report scientific. conf. Vses. islands helmintol., 23-24 [in Russian].
- [5] Bondareva, V.I. (1958). Dop. mat. k vopr. o vid. sam. razl. tsestod. V kn.: «Sb. po gel'mintologii. K 60-letiyu so dnya rozhdeniya prof. R.S.Shul'tsa» [Add. mat. to the questions oh kind. myself. decomp. prices. In the book: "Sat. on helminthology. On the occasion of the 60th anniversary of the birth of prof. R.S. Shultz]. - Alma-Ata: Izd. Kazakh. Fil. VASKHNIL, 100-107 [in Russian].
- [6] Shumilina, Z.V. (1950). Sezonnaya dinamika tsestodozov kishechnika ovets i krup. rog. skota Zap. - Kaz. obl. [Seasonal dynamics of cestodoses in the intestines of sheep and cereals. horn. livestock Zap. - Kaz. region.]. Tr. NIVI, kaz. fil. VASKHNIL - Tr. NIVI, kaz. Phil. VASKHNIL, 5, 306-318 [in Russian].
- [7] Skryabin, K.I., Shul'ts R.S. (1937). Gel'minty krupnogo rogatogo skota i yego molodnyaka [Helminths of cattle and their young animals]. M.: Sel'khozgiz [in Russian].
- [8] Yerbolatov, K.M., Shal'mnov, M.SH., Yesengaliyev, T.T. (1988). Rekomendatsii po profilaktike osnovnykh gel'mintozov sel'skokhozyaystvennykh zhivotnykh v Ural'skoy oblasti [Recommendations for the prevention of the main helminthiasis of farm animals in the Ural region]. Ural'sk: Zap. - Kaz. NIVS [in Russian].
- [9] Panova, L.G. (1927). Gel'mintologiya v Kazakhstane [Helminthology in Kazakhstan] Sb. rabot po gel'mintologii posvyashch. K.I. Skryabinu - Sat. works on helminthology dedicated. K.I. Scriabin. M. - 122-137 [in Russian].
- [10] Bondareva, V.I. (1940). K voprosu o rasprostraneni glavneyshikh gel'mintozov s.-kh. zhivotnykh v YUKO [To the question of the distribution of the main helminthiasis of the agricultural sector. animals in South Kazakhstan region]. Tr. Kaz. NIVI, 3, 143-159 [in Russian].
- [11] Bondareva, V.I. (1949). Rasprostraneniye pochvennykh kleshchey – oribatid na pastbishchakh yugo-vostoka Kazakhstana [Distribution of soil mites - oribatids on pastures in the southeast of Kazakhstan]. Izv. AN Kaz. SSR. Seriya parazitologiya - Izv. AN Kaz. SSR. Parasitology series, 74, 7, 95-98 [in Russian].



- [12] Dikov, G.I., Dement'yev, I.S. (1978). Spravochnik po gel'mintozam sel'skokhozyaystvennykh zhivotnykh (diagnostika i profilaktika) [Handbook on helminthiasis of farm animals (diagnostics and prevention)]. – Alma-Ata: Kaynar [in Russian].
- [13] Kuznetsov, M.I. (1958). K voprosu o rasprostraneniі ekhinokokkoza i finnoza u zhivotnykh, zabitykh na Armavirskom myasokombinate [To the question of the spread of echinococcosis and finnosis in animals slaughtered at the Armavir meat-packing plant]. Byul. n.- tekhn. inf. Vses. in-ta gel'mintol. - Byul. n.- tech. inf. Vses. in-that helmintol., 4, Gel'mintozy, 47-48 [in Russian].
- [14] Kuznetsov, M.I. Vyyavleniye promezhutochnykh khozyayev monieziy v usloviyakh stepey Nizhnego Povolzh'ya [Identification of intermediate hosts of moniesia in the steppes of the Lower Volga region]. Tr. Vses. in-ta gel'mintol. - Tr. Vses. in-that helmintol, VI, 42-46 [in Russian].
- [15] Palimpsestov, M.A. (1937). K kharakteristike gel'mintofauny domashnykh zhivotnykh v Mordovskoy avtonomnoy, Kuybyshevskoy i Orenburgskoy oblastiakh [On the characteristics of the helminth fauna of domestic animals in the Mordovian Autonomous, Kuibyshev and Orenburg regions]. Rab. po gel'mintol. - Rab. by helmintol., 454-458 [in Russian].
- [16] Potemkina, V.A. (1949). Monieziyoz telyat (biologiya vzbuditeley, epizootologiya i profilaktika zabolevaniya) [Moniesiosis of calves (biology of pathogens, epizootology and disease prevention)]. Avtoref. dis. ... dokt. vet. Nauk - Abstract of the thesis. dis. ... doct. vet. sciences [in Russian].
- [17] Butorin, F.S. (1950). Dinamika glavneyshikh gel'mintozov i analiz provodimykh meropriyatiy v bor'be s nimi u sel'skokhozyaystvennykh zhivotnykh v Yaroslavskoy oblasti [The dynamics of the main helminthiasis and the analysis of measures taken to combat them in farm animals in the Yaroslavl region]. Avtoref. dis. ... kand. vet. Nauk - Abstract of the thesis. dis. ... Cand. vet. Sciences [in Russian].
- [18] Ayupov, KH.V. (1954). Gel'mintozy sel'skokhozyaystvennykh zhivotnykh v Bashkirskoy ASSR i opyt ozdorovleniya zhivotnykh odnogo rayona ot osnovnykh gel'mintozov [Helminthiasis of farm animals in the Bashkir Autonomous Soviet Socialist Republic and the experience of improving animals in one region from the main helminthiasis]. Avtoref. dis. ... kand. vet. Nauk - Author's abstract. dis. ... Cand. vet. sciences. -M. [in Russian].
- [19] Yegorov, YU.G. (1995). Fauna gel'mintov kopytnykh Goskompleksa «Zavidovo» i puti regulirovaniya chislennosti naiboleye patogennykh parazitov [Fauna of ungulate helminths of the State Complex "Zavidovo" and ways of regulating the number of the most pathogenic parasites]. Avtoref. dis.... kand. biol. Nauk - Author's abstract. dis .... cand. biol. sciences.. - M. [in Russian].
- [20] Kuznetsov, M.I. (1972). Anoplotsefalyatozy zhvachnykh zhivotnykh [Anoplocephalatoses of ruminants]. M.: Kolos [in Russian].
- [21] Durdusov, S.D. (1994). Epizootologiya i profilaktika osnovnykh gel'mintozov myasnogo krupnogo rogatogo skota v Kalmykii Dis. ... kand. vet. nauk. [Epizootology and prevention of the main helminthiasis of beef cattle in Kalmykia Dis. ... Cand. vet. sciences] – Moskva [in Russian].
- [22] Durdusov, S.D. (1999). Ekologo-epizooticheskaya kharakteristika osnovnykh gel'mintozov i koktsidiozov krupnogo rogatogo skota i mery bor'by s nimi v aridnoy zone yuga Rossii. Dis. ... dok. vet. nauk [Ecological and epizootic characteristics of the main helminthiasis and coccidiosis of cattle and measures to combat them in the arid zone of southern Russia. Dis. ... doc. vet. sciences].- Moskva [in Russian].
- [23] Karmaliyev, R.S. (2010). Dinamika populyatsii monieziy v organizme krupnogo rogatogo skota v raznoye vremya goda [Dynamics of the moniesia population in the body of cattle at different times of the year]. Materialy nauchnoy konferentsii Vserossiyskogo obshchestva gel'mintologov RAN «Teoriya i praktika bor'by s parazitarnymi boleznyami» - Materials of the scientific conference of the All-Russian Society of Helminthologists of the Russian Academy of Sciences "Theory and practice of combating parasitic diseases", 11, 229-231 [in Russian].
- [24] Badanin, N.V. (1936). Opyt vyyavleniya gel'mintozoonozov sredi uboynykh zhivotnykh Alma-Atinskogo okruga [Experience of detecting helminthic zoonoses among slaughter animals of the Alma-Ata district] Tr. Za 10 let Kazakh. NIVI. - Tr. For 10 years, 1 , 287-288 [in Russian].
- [25] Zakharov, V.I. (1939). Gel'mintologicheskaya ekspeditsiya Kazakhskoy respub. tropicheskoy stantsii (na sev. poberezh'ye oz. Balkhash) [Helminthological expedition of the Kazakh Republic. tropical station (on the northern coast of Lake Balkhash)] Med par. i parazit. Bolezni - Honey steam. and a parasite. Diseases, 8, 1, 155-156 [in Russian].





- [26] Vibe, P.P. (1958). Ekonomicheskiy ushcherb ot ekhinokokkoza v Semipalatinskoy obl. [Economic damage from echinococcosis in Semipalatinsk region] Tez. Dokl. godich. sessii VOG AN SSSR 8-12 dekabrya Abstracts. Dokl. year sessions of the FOG of the Academy of Sciences of the USSR December 8-12, 28-30 [in Russian].
- [27] Shal'menov, M.SH. (1987). Biologiya Echinococcus granulosus (Batsch,1786), osobennosti epizootologii i profilaktiki ekhinokokkoza v Zapadnom Kazakhstane [Biology of Echinococcus granulosus (Batsch, 1786), features of epizootology and prevention of echinococcosis in Western Kazakhstan] Diss.... kand. vet. Nauk - Diss.... Cand. vet. Sciences, M. [in Russian].
- [28] Kereyev, YA.M. (1999). Khimioprofilaktika larval'nykh tsetodozov zhivotnykh: Avtoref. dis. ... dok. vet. nauk. [Chemoprophylaxis of larval cestodosis in animals: Author's abstract. dis. ... doc. vet. sciences]. – Almaty [in Russian].
- [29] Karmaliyev, R.S., Fedyanina, O.I, Karabalin, M.K. (2003). Gel'mintozy pishchevaritel'nogo trakta s.-kh. zhivotnykh v Zap.-Kaz. obl., epizootologiya i lecheniye [Helminthiasis of the digestive tract S.-x. animals in West-Kaz. region, epizootology and treatment] Inform. Listok Kazgos INTI DRGP Zap-Kaz TSNTI - Inform. Leaflet Kazgos INTI DRGP Zap-Kaz TsNTI , 14, 6 [in Russian].
- [30] Karmaliyev, R.S. (2003). Dinamika epizooticheskoy situatsii i effektivnost' antgel'mintnykh preparatov pri ekhinokokkoze sel'skokhozyaystvennykh zhivotnykh v usloviyakh Zapadnogo Kazakhstana [The dynamics of the epizootic situation and the effectiveness of anthelmintic drugs for echinococcosis of farm animals in the conditions of Western Kazakhstan]. Mat. dokl. nauchn. konf. Vseros. o-va gel'mintol. «Teoriya i praktika bor'by s parazitarnymi boleznyami» - Mat. report scientific. conf. Vseros. islands helmintol. "Theory and practice of combating parasitic diseases.", 4, 180-183 [in Russian].
- [31] Skryabin, K.I. (1950). K utochneniyu ponyatiya devastatsii [To clarify the concept of devastation]. Tr. Moskovskoy veterinarnoy akademii - Tr. Moscow Veterinary Academy, 7, 33-38 [in Russian].
- [32] Petrov, A.M., Skvortsova, A.A., Filosofov, V.N. (1929). Opyty po degel'mintizatsii ovets pri anoplotsefalidoze - lentочно-глистной болезни [Experiments on deworming sheep with anoplocephalidosis - tapeworm disease]. Vestn. sovr. vet. - Vestn. modern vet., 7-8, 187-191 [in Russian].
- [33] Ramazanov, V.T. (1995). Izyskaniye sposobov immunizatsii ovets protiv ekhinokokkoza [Finding ways to immunize sheep against echinococcosis]. Epizootologiya i profilaktika parazitov sel'skokhozyaystvennykh zhivotnykh. Sb. nauch.tr. Kaz.NIVI. – Epizootology and prevention of parasitosis of farm animals. - Sat. scientific tr. Kaz.NIVI. Almaty: NITS Bastau, 82-96 [in Russian].
- [34] Suleymenov, M.ZH., Kikbayev, M.K., Yerbolat, K.M. (2003). Fastsiolozы s.-kh. zhivotnykh i ikh profilaktika v Atyrauskoy oblasti [Fascioliasis s.-kh. animals and their prevention in the Atyrau region]. Vestn. s.-kh. nauki Kazakhstana - Vestn. s.-kh. science of Kazakhstan, 8, 61-63 [in Russian].
- [35] Abirova, I.M. (2008). K epizootologii ekhinokokkoza krupnogo rogatogo skota v Zapadno-Kazakhstanskoy oblasti [Epizootology of cattle echinococcosis in the West Kazakhstan region]. Vestn. Nauki Kaz. GATU - Vestn. Science Kaz. GATU, 1, 108-110 [in Russian].
- [36] Asetova, I.N. (2003). Sovremennyye mery bor'by s parzitozami verblyudov. Analiticheskiy obzor [Modern measures to combat camel parasitosis. Analytical review].-Ural'sk: Zapadno-Kazakhstanskiy TSNTI [in Russian].
- [37] Bessonov, A.S. (1958). Izucheniye razvitiya lichinok O.ostertagi i sokhraneniya imi zhiznesposobnosti v polevykh usloviyakh Zapadno-Kazakhstanskoy oblasti [Study of the development of O.ostertagi larvae and their preservation of viability in the field conditions of the West Kazakhstan region]. Byul. nauchn. - tekhn. inf. Vses. in-ta gel'mintol - Byul. scientific. - tech. inf. Vses. in-that helmintol., 4, 20-24 [in Russian].
- [38] Karibekov, Ye.Ye. (2002). K epizootologii zheludочно-kishechnykh strongilyatozov na yugo-vostoке Respubliki Kazakhstan [Epizootology of gastrointestinal strongylatosis in the south-east of the Republic of Kazakhstan]. Vestn. nauki Kaz. Agrar. un-ta im.S. Seyfullina. - Vestn. science Kaz. Agrar. University named after S. Seifullin, 5, 114-117 [in Russian].
- [39] Migacheva, L.D., Kotel'nikov, G.A. (1987). Metodicheskiye rekomendatsii po ispol'zovaniyu ustroystva dlya podscheta yaits gel'mintov [Guidelines for using a device for counting helminth eggs], 48, 81-83 [in Russian].

[40] Polyakov, P.A. (1953). Prizhiznennaya differentsial'naya diagnostika strongilyatozov pishchevaritel'nogo trakta zhvachnykh po invazionnym lichinkam [Intravital differential diagnosis of strongylatoses of the digestive tract of ruminants by invasive larvae] Avtoref. dis. ... kand. vet. Nauk - Abstract of the thesis. dis. ... Cand. vet. sciences. [in Russian].

[41] Kotel'nikov, G.A. (1984). Gel'mintologicheskiye issledovaniya zhivotnykh i okruzhayushchey sredy: Spravochnik [Helminthological studies of animals and the environment: A Handbook]. – М.: Kolos [in Russian].

**Кармалиев Р.С.**

## **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ ЗОНАЛАРЫНДАҒЫ МАЛДЫҢ НЕГІЗГІ ГЕЛМИНТОЗЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ - ЭПИЗООТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ**

**Андатпа.** Зерттеудің мақсаты - Батыс Қазақстан облысының дала, жартылай шөл және шөл зоналарында ірі қара малдарының негізгі гельминтозаларының жылдың әр мезгілінде әртүрлі жас топтары бойынша эпизоотологиясын анықтау.

Алғаш рет Батыс Қазақстан облысының дала, жартылай шөл және шөл зоналарында гельминттердің негізгі түрлері бойынша ірі қара малдың шапқыншылығына, сондай-ақ көрсетілген зоналарда жануарлардың гельминттерге шабуылының маусымдық және жастық динамикасына салыстырмалы талдау жасалды.

Ірі қара малдың гельминттермен зақымдануы Фюллеборн бойынша анықталды. Френфилаттарды тұқымға дейін анықтау П.Ф.Поляков бойынша және К.И.Скрябин бойынша гельминтологиялық аутопсия жүргізілді. Балтырларды конъюнктивалық қапшықтан бор қышқылының ерітіндісімен шайып шығарды. Дернасіл цестодозының кисталарын анықтау үшін паренхиматозды мүшелер зерттелді.

Батыс Қазақстан облысында гельминттердің негізгі түрлеріне шабуылдың экстенсивтілігі мыналар болды: *Moniezia expansa* - 14,2 пайыз, *Echinococcus granulosus* (личинкалар) - 35,8 пайыз, *Nematodirus* spp. - 35 пайыз, *Ostertagia* spp. - 60,5 пайыз, *Cooperia* spp. - 55,1 пайыз, *Haemonchus* spp. - 22,4 пайыз, *Trichostrongylus* spp. 22,6 пайыз, *Thelazia rhodesi* 35,8 пайыз. Өңірде ірі қара малдың гельминттермен зақымдануының маусымдық және жастық динамикасы көрсетілген. Маниезиямен, ас қорыту жолдарының стрентилаттарымен және телазиямен жануарлардың максималды инфекциясы жазда және күзде, ал минимум - қыста және көктемде байқалды. Жасы ұлғайған сайын ас қорыту жолының монезия және стронгиляттары арқылы жануарларға шабуылдың кеңеюі төмендейді, ал дернасіл эхинококкозымен - ол күшейеді.

Батыс Қазақстан облысында гельминттердің кең таралған түрлеріне ірі қара малының шабуылының кеңдігі *Moniezia expansa* 14,2%, *E. granulosus* (личинкалар) 35,8%, *Strongylata* spp. 25,3 пайыз, *Thelazia rhodesi* 35,8 пайыз. Батыс Қазақстан облысында ірі қара малға гельминттердің жұғуының маусымдық және жастық динамикасы көрсетілген. Жануарлардың инфекциясының максимумы жазда және күзде, ал минимум қыста және көктемде байқалды.

**Кілт сөздер:** Батыс Қазақстан облысы; дала; жартылай шөл және шөл зоналары; мал; гельминттер; басып кіру.

**Кармалиев Р. С.**

## **ЭКОЛОГО-ЭПИЗООТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ОСНОВНОГО ГЕЛМИНТОЗА ЖИВОТНЫХ В ПРИРОДНЫХ ЗОНАХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Аннотация.** Цель исследования-выявление эпизоотологии основных гельминтозов крупного рогатого скота в степной, полупустынной и пустынной зонах Западно-Казахстанской области по различным возрастным группам в разное время года.

Впервые проведен сравнительный анализ вторжения крупного рогатого скота по основным видам гельминтов в степной, полупустынной и пустынной зонах Западно-Казахстанской области, а также сезонной и возрастной динамики нападения животных на гельминтов в указанных зонах.

Поражение крупного рогатого скота гельминтами было выявлено по Фюллеборну. Определение френфилатов до породы проводили гельминтологическое вскрытие по П. Ф. Полякову и



по К. И. Скрябину. Голени промывали раствором борной кислоты из конъюнктивного мешка. Для выявления кист цестодоза личинок были исследованы паренхиматозные органы.

Экстенсивность атаки основных видов гельминтов в Западно-Казахстанской области составила: *Moniezia expansa* - 14,2 процента, *Echinococcus granulosus* (личинки) - 35,8 процента, *Nematodirus* spp. - 35 процентов, *Ostertagia* spp. - 60,5 процента, *Cooperia* spp. - 55,1 процента, *Haemonchus* spp. - 22,4 процента, *Trichostrongylus* spp. 22,6 процента, *Thelazia rhodesi* 35,8 процента. Показана сезонная и возрастная динамика поражения гельминтами крупного рогатого скота в регионе. Максимальное заражение животных маниезией, стрентилатами пищеварительного тракта и телазией наблюдалось летом и осенью, а минимальное - зимой и весной. С возрастом расширение инвазии животных монезией и стронгилятами пищеварительного тракта уменьшается, а при эхинококкозе личинок усиливается.

Широта атаки крупного рогатого скота на распространенные виды гельминтов в Западно-Казахстанской области *Moniezia expansa* 14,2%, *E. granulosus* (личинки) 35,8%, *Strongylata* spp. 25,3 процента, *Thelazia rhodesi* 35,8 процента. В Западно-Казахстанской области показана сезонная и возрастная динамика передачи гельминтов крупному рогатому скоту. Максимум заражения животных наблюдался летом и осенью, а минимум-зимой и весной.

**Ключевые слова:** Западно-Казахстанская область; степи; полупустынные и пустынные зоны; скот; гельминты; вторжение.

ӘОЖ 502.55

ГТАХР 34.35.51

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).48

**Альжанова Б.С., Джубатырова С.С., Беркалиева А.А.***М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан***E-mail:** aljanB@mail.ru, berkalieva\_aiman@list.ru.**ПИРОГЕНДІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛА АЙМАҒЫНЫҢ КҮҢГІРТ  
ҚАРА ҚОҢЫР ТОПЫРАҚТАРЫНЫҢ КЕЙБІР ҚАСИЕТТЕРІНЕ ӘСЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада пирогенді факторлардың құрғақ дала аймағының қара қоңыр топырақтарының кейбір қасиеттеріне әсері қарастырылады. Дала өрттері орман өрттеріне қарағанда жиі кездеседі, үлкен аумақты қамтиды және тез таралуымен сипатталады. Құрғақ дала аймағында жауын-шашынның төмен мөлшері, жазғы маусымдарда жоғары температура, қатты жел, аңызак, бірнеше жыл қатарынан құрғақшылық болуы дала өрттерінің пайда болуы мен таралуына қолайлы жағдай жасайды. Өрттен кейінгі алғашқы жылдары өсімдік жамылғысы біртіндеп қалпына келе бастайды, алдымен қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына бейімделген бір жылдықтар пайда болады, олар біртіндеп, көпжылдық түрлермен алмастырылады. Зерттеулер астықты-ақ жусанды және әр түрлі шөпті – астықты – ақ жусанды өсімдіктері бар қара қоңыр топырақтары бар ұзақ жылдар бойы игерілмеген тыңайған танаптарда жүргізілді. Өрттен 3 жыл өткен соң қайта зерттеу жүргізілді. 3 жыл өткеннен кейінгі өртенген топырақтың морфологиялық сипаттамасы топырақ қабатының жоғарғы бөлігіне және дала киізіне ғана өрт әсері байқалғанын көрсетті. Қара қоңыр топырақтардың физикалық және химиялық қасиеттерін талдау нәтижелері өрттің әсерінен топырақтың негізгі қасиеттері өзгеретінін көрсетеді. Өрттен кейінгі бірінші жылы топырақ ерітіндісінің реакциясының жоғарылауы және қара қоңыр топырақтың жоғарғы қабаттарының құрылымдық жағдайының нашарлауы байқалды. 3 жыл өткеннен кейін осы көрсеткіштердің жақсару үрдісі байқалады.

**Кілт сөздер:** пирогенді фактор; күңгірт қызыл топырақ; құрғақ дала аймағы; экологиялық жағдай; дала өрттері; постпирогенді сукцессия; топырақ қасиеттері; топырақ құнарлығы; органикалық зат; деградация.

*Kipicne*

Құрғақ дала аймағында қоршаған орта деградациясына алып келетін факторлардың бірі болып пирогенді факторлар (өрт) саналады. Жауын-шашынның аз түсуі, жоғары температура, күшті желдер, аңызак пен құрғақшылық қайталануының жоғары дәрежесі құрғақ дала аймағында өрттердің, әсіресе жылдың құрғақ маусымдарында жиі пайда болуына әкеледі. Өрттер табиғи және антропогендік факторлар әсерінен пайда болады, дегенмен өрттер көп жағдайда адамның өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау салдарынан туындайды.

2019 жылы Қазақстанда 13 мыңға жуық, ал 2020 жылы 12 мыңнан астам өрт оқиғалары тіркелді. Батыс Қазақстан облысында 2019 жылы – 517, ал 2020 жылы – 563 өрт оқиғасы байқалды, солардың ішінен басым көпшілігі ауыл шаруашылық және орман шаруашылығы алқаптарында болып тұрады. Көп жағдайда орман шаруашылығы жерлерінен басқа алқаптарда байқалатын өрттерге статистика жүргізілмейді. Дала өрттері орман өрттеріне қарағанда жиірек болады, көп ауданды қамтиды және үлкен аумақтарға таралуымен сипатталады [1].

Өрттің қоршаған ортаның абиотикалық және биотикалық бөлігіне тигізетін әсері мен әлеуметтік салдары ғылыми әдебиеттерде көп зерттелген. Ф.Р.Зайдельман зерттеулері (2002) топырақтың органикалық бөлігінің жанып кетуі салдарынан топырақтың биологиялық

белсенділігі төмендеуі, биологиялық айналымның бәсеңдеуі аймақтың экологиялық жағдайын нашарлататынын көрсетеді. Топырақ пен атмосфера арасындағы материалды-энергетикалық алмасу балансы бұзылады, микроклиматтық жағдайлары өзгереді [2, б. 15]. Өрт, пирогенді фактор ретінде өсімдік жамылғысына да негативті әсер етеді. Өрттен кейін өсімдіктің түрлік құрамы мен әр түрлі түрлердің өзара қатынасын өзгеріп, пиротолерантты түрлер басымдығы байқалады, бастапқы фитоценозға тән емес туынды экожүйелер пайда болады. Бұндай өзгерістер фитоценоз динамикасына әсер етеді [3, б. 234-242]. Т.А.Работнов (1983) өрттің өсімдіктер түріне әсері өсу нүктесі мен жаңару бүршіктерінің зақымдануы байланыстығын көрсетті осыған орай бұталар мен жартылай бұталар өрт салдарынан жиі зақымданады, ал жаңару бүршіктері топырақта орналасатын өсімдіктер үшін өрттен кейін қайтадан өсе бастайды. Әр түрлі шөптер қауымдастығының тек қана астықтан тұратын қауымдастыққа қарағанда өрт әсеріне төзімділігі аздап жоғары болады. Пирогенді фактордың жиі қайталануы түрлік алуантүрлілік жойылуына әкеледі [4, б. 111-117]. Н.О.Рябинина өрттің өсімдіктерге әсерін екі жақсы қарастыруға болатынын атап өтеді. Бір жағынан, дала өрттері тығыз матасып жатқан беткі дала төсенішінің (текеметінің) өртенуі салдарынан шөп жамылғысының жаңаруына әкелсе, екінші жағынан жаңару бүршіктерінің жанып кетуі салдарынан өсімдіктердің қайта қалпына келу процесін баяулатып, аймақтың түр алуандылығына төмендетеді [5, б. 72–78]. Тез таралатын дала өрттері аймақтың ұсақ жәндіктер, құстар мен сүт қоректілерге де елулі түрде әсер етеді. Өрт кезінде атмосфераға түрлі газ тәрізді және аэрозольдардың көп мөлшерде бөлінуі салдарынан ауаның ластануы адам денсаулығына да әсер етеді. Өрттің негативті әсері семиаридті және аридті аймақтарда анық байқалады. Өрттер физикалық және заңды тұлғалар қаржылық тұрғыдан да зиян келтіреді [6, б. 1375–1378].

Ауыл шаруашылық алқаптарында байқалатын (егістік танаптар, шабындық, жайылым т.б.) өрттер әсері аймақ ерекшеліктерге байланысты. Сапронов Д.В. (2012) өрт әсері оның пайда болу уақытына, ұзақтығына мен жану ерекшеліктеріне байланыстылығын атап өтеді. Дала өрттері көбінесе көктемде және жаз аяғы мен күз маусымдарында басым байқалады. Дала өрттерінің шөптесін экожүйелерге әсері вегетациялық маусымның бастапқы кезеңдерінде зиянды әсері топырақтың тыныс алу қабілеті 11%-ға дейін азаюы, топырақтағы су қоры төмендеп, және топырақ бетінің температурасы артуынан байқалады. Өрт салдарынан өсімдіктердің өсуі мен дамуы тежеліп, биомасса және топыраққа келіп түсетін органикалық қалдықтар мөлшері де төмендейді [7, б. 275–276].

Өрт жалынының биіктігі егістік танаптарда өсімдік түріне байланысты 1-1,5 метрден 3-5 метрге дейін жетуі мүмкін. Өрттің таралуы жел жылдамдығы мен күшіне, топырақ ылғалдылығы және жергілікті жер бедеріне байланысты. Егер күшті жел болса, өрт тез лаулап, үлкен аймақты шарпығанмен, кей жерлерде, әсіресе ылғалдылығы жоғары жерлерде жекелеген бөліктері жанбай қалады, ал жай баяу жанған өрттер керісінше құрғақ шөп жамылғысының түгелдей дерлік жанып кетуіне әкеледі [8, б. 19-20].

Жайық өңірін ұзақ жылдар зерттеген биология ғылымының докторы, профессор В.В.Иванов (1958) далалық аймақтарда жазғы өрттердің әсерін ұзақ уақыт бойы зерттей келе, шілде және тамыз айларында байқалған өрт салдарынан құрғақ далалық аймақта өсімдіктер өнімділігі: жауын-шашынды жылдары 50%-ға дейін, ал жауын-шашынсыз құрғақ жылдарда тіпті 75%-ға дейін төмендейтінін атап өткен [9].

Дала өрттерінің салдары өрт ұзақтығы мен қауырттылығына байланысты 7-8 жылдан 30 жылға дейін болады. Дала экожүйелерінде өрттен кейін болатын пирогенді сукцессия бағыты мен ұзақтығы аймақтың табиғи және жергілікті ерекшеліктеріне де байланысты. Антропогенді бұзылған аймақтардың байқалатын өрттен кейін өсімдіктердің қайта жаңарып қалпына келуі қиындайды. Өте қауыртты өрт кезінде топырақ бетіндегі органикалық

қалдықтар мен өсімдіктер түгелдей өртеніп кетеді, тіпті топырақтың жоғары қарашірінді қабатына да зиян келеді. Топыраққа өсімдік қалдықтарымен бірге келіп түсетін азот және басқа да күлді элементтер мөлшері де тиісінше азайады. Жоғары температура топырақтағы тұқым бүршіктері мен өсімдіктер тұқымында елеулі зиян келтіреді.

Өрт болғаннан кейін топырақ астындағы қалған жаңару бүршіктері мен тұқым қоры есебінен өсімдік биомассасы келесі жылы ақ қалпына келе бастайды. Ал жер асты бөлігі немесе қарашірінді қабаты түгелдей жанып кеткен жерлердің жаңару потенциалы өте төмен, өсімдіктердің қалпына келуі тек анемофорлар тұқымы түсуіне байланысты.

Өрттен кейін байқалатын сукцессиялық процесстердің бағыты мен стадиясын анықтау және олардың қалпына келу процесстері мен тиімді әдістерін негіздеу үшін пирогенді факторлардың топырақтың физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу қажет. Батыс Қазақстан облысы жағдайында дала өрттерінің аймақ экожүйесіне әсерін және қалпына келуін зерттеу мәселелері өте өзектілігі ескеріле отырып кешенді зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу жұмысының мақсаты пирогенді факторлардың құрғақ дала аймағының күңгірт кара қоңыр топырақтарының физикалық қасиеттері, структуралық-агрегаттық құрамы мен химиялық қасиеттеріне әсерін зерттеу.

#### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Зерттеу жұмыстары 2016-2020 жылдары Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ащысай ауылы маңындағы тыңайған күңгірт кара қоңыр топырақтарында жүргізілді. Өсімдік жамылғысы қуаңшылыққа төзімді шымды астықты мен жусанды далалық әртүрлі шөптерден құралған [10].

2016 жылдың мамыр айында өртенген жерден мониторинг алаңқайы белгіленіп, өсімдік жамылғысына сипаттама беріліп, топырақ сынамалары алынды. Зерттеу жұмыстары қолданыстағы далалық, зертханалық және камеральды тәсілдер мен әдістерінің кешені арқылы жүргізілді. 2019 жылдың шілде айында осы алаңқайдың өрттен кейін қайта қалпына келу процесі зерттелді. Өрттен кейінгі 3 жылда байқалған өзгерістерді анықтау үшін соңғы 20 жылда өртенбеген бақылау алаңқайы белгіленді.

Зерттеу учаскелеріне геоботаникалық сипаттама стандартты әдістеме бойынша (10x10 м) берілді [11]. Түрлерге атама С.К.Черепанов бойынша берілді [12].

Пирогенді факторлардың күңгірт кара қоңыр топырақтың экологиялық жағдайына әсері 2015 жылы өртенген учаскелер мен өртенбеген тыңайған учаскелер алынды. Әрбір учаскеден ГОСТ 17.4.3.01-83 и ГОСТ 17.4.4.02-84 талаптарына сәйкес топырақ шұңқырлары қазылып, оларға морфологиялық сипаттама беріліп, сынамалар алынды [13; 14]. Топырақтың физикалық қасиеттері (көлемдік салмағы, қатты фаза тығыздығы мен жалпы кеуектілік) қолданыстағы әдістермен анықталды [15]. Алынған топырақ үлгілерінде органикалық заттардың жалпы мөлшері ЦИНАО бойынша модификацияланған Тюрин әдісімен [16], топырақ ерітіндісінің реакциясы потенциометрлік әдіспен анықталды [17]. Зерттеу нәтижелеріне статистикалық талдау жүргізілді [18].

#### *Зерттеу нәтижелері*

Күңгірт кара қоңыр топырақтар құрғақ дала аймағының зональды топырағы болып саналады. Қарашірінді қабатының қалыңдығы бойынша орташа қуатты, ал мөлшері бойынша аз және орташа қарашірінділі түрлерге жатады. 2019 жылдың шілде-тамыз айларында өртенген алқаптарда зерттеу алаңқайлары белгіленді.

Тыңайған жерлерден 3 зерттеу алаңқайы белгіленді: 1) – 2016 жылдың мамыр айында өртенген жер (1 жыл); 2) – 2016 жылдың мамыр айында өртенген жер (3 жыл); 3) – тыңайған жер (бақылау). Зерттеу алаңқайларының жалпы көрінісі төмендегі суретте берілген.



**Сурет** – Зерттеу учаскелерінің жалпы көрінісі: 1) Өртенген алаңқай (2016, шілде);  
2) Өрттен кейін қалпына келе бастаған алаңқай (2019, шілде); 3) Бақылау (тыңайған жер).  
2019 жыл, шілде.

Шаруашылықтың топырақ картасы бойынша зерттеу алаңқайы күңгірт қара қоңыр топырақтар аймағында орналасқан. Механикалық құрамы бойынша ауыр саздақты. Негізгі топырақ түзуші жыныстары болып төрттік дәуірдің карбонатты шөгінділері саналады, олардың түсі ашық сарыдан жалын түстес реңге дейін өзгереді.

№1 топырақ шұңқыры өртенген танаптан қазылды. Бұрынғы тыңайған жер, тарақ боз арқылы түпкілікті жақсарту жұмыстары жүргізілген, бірақ шабындық ретінде пайдаланылмайды. Жер бедері тегіс, микрорельеф нашар дамыған. Топырақ беті құрғақ, жарықшақтар бар. Антропогенді әсер нашар, мал сирек жайылады. 2016 жылдың көктемінде осы учаске өртеніп, табиғи шөп жамылғысы түгелге жуық өртеніп кеткен. Аздап ірі дөрекі сабақты жалын шалған өсімдік қалдықтары ғана байқалады. Шілде айында зерттеу кезінде бір жылдық өсімдіктер өсіп өне бастаған. Далалық арпабас (*Bromus arvensis*), Ақ алабұта (*Chenopodium album*), кәдімгі цикорий (*Cichorium inthybus*), егістік шырмаяуық (*Convolvulus arvensis*) т.б.) және күлгін коровяктің (*Verbascum phoeniceum*) сирек жіңішке келген бір жылдық өскіндері байқалады. Еркекшөп (*Agropyron pectinatum*) және бетеге (*Festuca velesiaca*) өртеніп кеткен тығыз түптердің айналасында қайта өсе бастаған. Проективті жабыны 0-10% аралығында өзгереді. (Кест. 1).

**1-Кесте** – Орташа қуатты ауыр саздақты пирогенді өзгерген күңгірт қара қоңыр топырақтың морфологиялық сипаттамасы

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A <sub>0</sub> (0-0,5)<br>см | Күл және шала жанған өсімдіктер мен шым қабатының қалдықтары                                                                                                                                                                                                          |
| A (0,6-20)                   | Қоңырқай реңді қара сұрғылт түсті, ауыр саздақты, құрғақ, топырақ жарықтары бойында пирогенді қалдықтар байқалады, тамырлар аз кездеседі, үгітілгіш майда түйіртпекті-шаңды құрылымды, аздап тығыздалған, қайнау сипаты жай; келесі қабатқа өтуі – түсі бойынша анық. |
| B <sub>1</sub> (21-32)       | Қоңырқай, ауыр саздақты, құрғақ, тамырлар аз кездеседі, призма тәрізді-жаңғақты, тығыз, қайнайды; келесі қабатқа өтуі түсі бойынша анық.                                                                                                                              |
| B <sub>2</sub> (33-62)       | Ақшыл күрең реңді қара қоңыр қарашірінді тілдері байқалады, ауыр саздақты, дымқылдау, тамырлар аз кездеседі, жаңғақ тәрізді-призмалы, тығыз, қайнайды, аккөздер байқалады; келесі қабатқа ауысу тілдер бойынша.                                                       |
| B <sub>к</sub> (63-70)       | Қоңырқай күрең, ауыр саздақты, дымқыл, ірі призма тәрізді құрылым, өте тығыз, бұрқылдап қайнайды, аккөздер түрінде карбонаттар кездеседі.                                                                                                                             |



Өртенген топырақтың морфологиялық құрылысында пирогенді қалдықтардың тек қана жоғары қарашірінді қабатындағы жарықшалар бойында ғана байқалады.

№2 топырақ шұңқыры тыңайған алқапта өртенгеннен кейін 3-жылы қазылды. Өсімдік жамылғысы сирек, проективті жабыны 30-60% аралығында өзгереді. Өсімдік жамылғысының біртіндеп қалпына келу процесі байқалады (Кест. 2). Зерттеу алаңқайында тарақбоз (*Agropyron pectinatum*), түлкіқұйрық ақмия (*Vexibia alopecuroides*), София сармаласы (*Descurainia Sophia*), далалық сәлбен (*Salvia stepposa*), дала шырмауығы (*Convolvulus arvensis*), күлгін коровяк (*Verbascum phoeniceum*), кәдімгі сарысоюу (*Xanthium strumarium*), австрия жусаны (*A. austriaca*), ащы жусан (*A. absinthium*), кәдімгі мыңжапырақ (*Achillea millefolium*) т.б. өскен.

**2-Кесте** – Орташа қуатты ауыр саздақты пирогенді аздап өзгерген карбонатты күңгірт қара қоңыр топырақтың морфологиялық сипаттамасы

|                           |                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A <sub>0</sub> (0-1) см   | Шала ыдыраған шөптесін қалдықтар. Топырақ бетінде бұрын өртенген пирогенді өсімдік қалдықтары байқалады.                                                                                                         |
| A (2-22) см               | Қоңырқай реңді қара сұр, ауыр саздақты, құрғақ, пирогенді қалдықтарды байқауға болады, ұсақ тамырлар көп, үгілгіш майда түйіртпекті шаңды, тығыздалған, аздап қайнайды; келесі қабатқа өтуі – түсі бойынша анық. |
| B <sub>1</sub> (23-35) см | Күрең қара қоңыр, ауыр саздақты, құрғақ, тамырлар аз кездеседі, ұсақ кесекті-призмалы, тығыздау, қайнайды; келесі қабатқа өтуі түсі бойынша анық.                                                                |
| B <sub>2</sub> (36-61) см | Ақшыл күрең реңді қара қоңыр қарашірінді тілдері байқалады, ауыр саздақты, дымқылдау, тамырлар аз кездеседі, жаңғақты кесекті, тығыз, қайнайды, «аккөздер» байқалады, келесі қабатқа өту сипаты тілді.           |
| B <sub>к</sub> (62-84) см | Сарғыш күрең, ауыр саздақты, дымқыл, ірі-призма тәрізді құрылымы бар, өте тығыз, бұрқылдап қайнайды, ақ көздер түріндегі карбонат дақтары кездеседі.                                                             |

№3 топырақ шұңқыры ұзақ жылдар бойы игерілмеген тыңайған танапта қазылды. Тыңайған танаптың экологиялық жағдайы қанағаттанарлық. Өсімдік жамылғысы астықты-ақ жусанды және әр түрлі шөпті – астықты – ақ жусанды ассоциациядан түзілген. Проективті жабын 60-80% аралығында өзгереді (Кест. 3). Зерттеу алаңқайында тарақ боз (*Agropyron pectinatum*), бұтақты қияқ (*Leymus ramosus*) жылтыр мия (*Glycyrrhiza glabra*), бетеге (*Festuca valesiaca*), сары түйежоңышқа (*Melilotus officinalis*), далалық сәлбен (*Salvia stepposa*), ақ жусан (*Artemisia lerchiana*), австрия жусаны (*A. austriaca*), кәдімгі мыңжапырақ (*Achillea millefolium*), қандауыр тәрізді дала зығыры (*Galatella linostris*) т.б. кездеседі.

**3-Кесте** – Орташа қуатты ауыр саздақты күңгірт қара қоңыр топырақтың морфологиялық сипаттамасы

|                           |                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A <sub>0</sub> (0-1) см   | Шөптесін өсімдік қалдықтарынан құралған дала төсеніші.                                                                                                                                                                           |
| A (1-22) см               | Күңгірт қара қоңыр, бұрынғы жырту қабаты байқалады, ауыр саздақты, құрғақ, тамырлар көп, бір бірімен тығыз матасқан, үгілгіш майда түйіртпекті шаңды, аздап тығыздалған, қайнамайды; келесі қабатқа өтуі түсі бойынша біртіндеп. |
| B <sub>1</sub> (23-32) см | Ақшыл күрең реңді қара қоңыр, ауыр саздақты, дымқылдау, ірі тамырлар көп, ұсақ кесекті жаңғақты, тығыз, қайнайды; келесі қабатқа өтуі түсі және тығыздығы бойынша анық.                                                          |



|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| В <sub>2</sub> (33-56)<br>см | Түсі біркелкі емес, акшыл күрең реңді қара қоңыр қарашірінді тілдері мен сарғыш күрең түсті топырақ түзуші жыныстардың сынашалары кезектесуі байқалады; ауыр саздақты, дымқылдау, тамырлар аз кездеседі, призма тәрізді-жаңғақты, өте тығыз, қайнайды, аккөздер байқалады, келесі қабатқа ауысу тіл тәрізді. |
| В <sub>к</sub> (57-80)<br>см | Сарғыш күрең, ауыр саздақты, тамырлар аз кездеседі, дымқыл, призма тәрізді-жаңғақты, өте тығыз, бұрқылдап қайнайды, ақ көздер түріндегі карбонат дақтары байқалады.                                                                                                                                          |

Өрттер топырақтың морфологиялық құрылымына негізінен беткі дала төсенішіне ғана елеулі әсер етеді. Өрттен кейін құрғақ дала аймағының өсімдік жамылғысы біртіндеп қалпына келе бастайды. Өртенген жерлерде алдымен біржылдық өсімдіктер өсе бастайды. Бұлардың көпшілігі қоршаған ортаның қолайсыз факторларына бейімделген кең ауқымды эврибионттар, тіршілік энергиясы өте жоғары болады. 3 жыл бұрынғы өрттен кейін тыңайған жерлер осы аймақтық ерекшеліктерге сәйкес қалпына келе бастаған. Бір жылдықтар біртіндеп көпжылдық шөптермен алмасқан, қалпына келген алаңқайлардың өсімдік жамылғысы бақылау вариантына ұқсас.

Топырақтың физикалық қасиеттері оның құрамындағы физикалық саз бен қарашірінді мөлшеріне және структуралық құрылымына тығыз байланысты. Ауылшаруашылық өсімдіктерінің көпшілігі үшін саздақты және сазды топырақтардағы топырақ оңтайлы көлемдік салмағы 1,01-1,16 г/см<sup>3</sup> шегінде болады. Топырақтың тығыздығының артуы өсімдік жамылғысының өнімділігін төмендетеді және қолайсыз фактордан кейін қалпына келуін нашарлатады.

Топырақтың жоғарғы 0-20 см қабатындағы көлемдік салмағы (тығыздығы) зерттеу варианттары бойынша 1,08-1,29 г/см<sup>3</sup> шегінде өзгерді, тереңдеген сайын қатты тығыздалуы байқалады. Өрттен кейін топырақ тығыздығы жанып кеткен өсімдік қалдықтары әсерінен 1,08 г/см<sup>3</sup> дейін төмендеуі байқалады. Ал топырақтың 21-50 см қабатында топырақ көлемдік салмағы, қатты фаза тығыздығы және жалпы кеуектілік мөлшерінің өзгеруі елеулі емес (Кест. 4).

**4-Кесте** – Пирогенді факторлардың күңгірт қара қоңыр топырақтың физикалық қасиеттері мен структурасына әсері

| Топырақ қабаты, см                                | Топырақтың көлемдік салмағы, г/см <sup>3</sup> | Топырақтың қатты фаза тығыздығы, г/см <sup>3</sup> | Жалпы кеуектілігі, % | Агрономиялық құнды бөлшектер (10,0-0,25мм%), | Структура коэффициенті (Кстр),% |
|---------------------------------------------------|------------------------------------------------|----------------------------------------------------|----------------------|----------------------------------------------|---------------------------------|
| Өртенген алаңқай (2016)                           |                                                |                                                    |                      |                                              |                                 |
| 0-20                                              | 1,08                                           | 2,21                                               | 51,1                 | 34,6                                         | 0,53                            |
| 21-50                                             | 1,23                                           | 2,37                                               | 48,1                 | 51,0                                         | 1,04                            |
| Өрттен кейін қалпына келе бастаған алаңқай (2019) |                                                |                                                    |                      |                                              |                                 |
| 0-20                                              | 1,19                                           | 2,39                                               | 50,2                 | 49,37                                        | 0,97                            |
| 21-50                                             | 1,29                                           | 2,44                                               | 47,1                 | 49,41                                        | 0,98                            |
| Бақылау (тыңайған жер) (2019)                     |                                                |                                                    |                      |                                              |                                 |
| 0-20                                              | 1,21                                           | 2,43                                               | 50,2                 | 67,8                                         | 2,1                             |
| 21-50                                             | 1,27                                           | 2,45                                               | 48,2                 | 55,86                                        | 1,26                            |

Топырақтың қатты фаза тығыздығы оның минералдық құрамы мен органикалық компоненттер мөлшеріне байланысты. Топырақтың тығыздалуы жалпы кеуектілік пен

азрация дәрежесінің төмендеуіне әкеледі. Зерттеу варианттары бойынша топырақтың жоғары қабаттарының жалпы кеуектілігі Н.А.Качинский шкаласы бойынша қанағаттанарлық деп бағаланады, ал төменгі қабаттарда жалпы кеуектілік мөлшері азайған, қанағаттанарлық емес.

Топырақтың физикалық қасиеттерінің ішінде топырақ структурасының маңызы зор. Топырақ структурасы – оның су-ауа алмасуына, су, ауа және жылу режиміне т.б. көптеген қасиеттеріне әсер етіп, оның құнарлылығына өте үлкен септігін тигізеді. Агрономиялық тұрғыдан маңызды құрылымдық бөлшектерге түйіртпекті-дәнді құрылым жатады.

